Қазіргі қоғамда жастардың рухани-адамгершілік дамуы маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Бүгінгі таңда адам руханиятының даму мәселесі ерекше мәнге ие болуда. Тұлғаның рухани-адамгершілік дамуы тақырыбы әлемдегі ең маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Университеттегі заманауи оқу процесі болашақ мамандарды кәсіби даярлаудың құрамдас бөлігі болып табылады. Осы мақала аясында жастарды білімге тәрбиелеу процесінің қазіргі жағдайы, қалыптасқан адамгершілік идеяларын, өмірлік және тұлғалық құндылықтарды дамыту мәселелері қарастырылады. Авторлар заманауи университеттегі оқу процесінің мәселелерін, оларды шешудің мүмкін жолдарын көрсетеді.

Тірек сөздер: *рухани-адамгершілік даму, студенттер, жастар, қазіргі қоғам, білім.*

In modern society, the spiritual and moral development of youth is one of the most important problems. Today, the problem of the development of human spirituality is gaining special significance. The topic of the spiritual and moral development of a person is one of the most important problems in the world. The modern educational process at the university is an integral part of the professional training of future specialists. Within the framework of this article, the current state of the process of educating young people in education, the development of formed moral ideas, life and personal values are considered. The authors highlight the problems of the educational process in a modern university, possible ways to solve them.

Key words: *spiritual and moral development, students, youth, modern society, education.*

Республика Казахстан особое внимание придает проблемам воспитания подрастающего поколения, формирования гражданской активности, становления личностных, социальных качеств современной молодежи. Инициированная Первым Президентом Республики Казахстан Н.А. Назарбаевым «Стратегия Казахстан - 2050» определила путь развития казахстанского общества, каждого ее гражданина, как духовно-нравственных личностей, обладающих высокими моральными принципами [1]. Президент страны К.-Ж.Токаев в своей статье «Независимость прежде всего» отмечает: «Все начинается с воспитания. Если ребенок не сажал деревья вместе с родителями, не видел доброго отношения взрослых к животным, то он и не будет бережно относиться к родной земле, когда вырастет. Дело не столько в соблюдении экологических и законодательных норм, сколько в патриотическом воспитании и формировании гражданской сознательности» [2].

В профессиональной подготовке студентов педагогического направления ведущей идеей является ориентация на развитие духовно-нравственной личности, способной развиваться и реализоваться в условиях современного мира. Анализ воспитательной работы в высших учебных заведениях указывают на недостаточное педагогическое воздействие на формирование и развитие духовно-нравственного потенциала студентов.

В процессе профессионального самоопределения могут происходить такие негативные процессы, как деформация отдельных компонентов деятельности, потеря ценностно-смысловых ориентиров, имеющиеся стереотипы мышления, отсутствие критического взгляда на социально-педагогические проблемы в области образования и воспитания. Проявляющиеся сегодня такие явления, как отчуждения молодежи от гуманистических ценностей, общественной нравственности и морали говорят о необходимости проецирования теории духовно-нравственного воспитания в плоскость практической деятельности, реального воплощения идей гуманизма в сферу жизни и деятельности человека. Образовательная и воспитательная сфера должны владеть инструментарием, технологиями и разработками по эффективному формированию ценностно-смысловых ориентаций в нравственном воспитании студентов.

Прежде, чем начать разговор о важности духовно-нравственного воспитания в деле становления личности, необходимо разобраться с понятиями духовность и нравственность. Что же такое духовность? Однозначного ответа на этот вопрос не существует, хотя в силу своей значимости для развития современного общества духовность определяется как

предмет его пристального изучения, как одно из основных направлений развития современного образования.

В сфере образования духовность рассматривается в качестве способности индивида к различению и выбору истинных нравственных ценностей и подчинению им собственных поступков и поведения. Обращаясь к анализу термина «нравственность», можно отметить единство в определении его сущности, в отличие от понятия «духовности». Нравственность представляет собой способность индивида по принятию на себя ответственности за собственные действия и мысли в соответствии с существующие в сознании ценностей и внутренних установок человека, позволяющих принимать любые поступки, основываясь на понятии «голоса совести» и «чести» [3].

Нравственное воспитание представляет собой целенаправленную деятельность по формированию у объектов нравственного воспитания высокого сознания, нравственных чувств и поведения, основанных на идеалах и принципах принятых в обществе морали и ценностей. Изменение социально-экономических условий страны сказывается на сознании современных молодых людей, меняет ценностные ориентации подрастающего поколения в сторону прагматичности, стремления к получению материальных благ, но при любых условиях всегда было важно развитие духовно-нравственного воспитания личности человека. Выдающийся деятель и педагог Ы.Алтынсарин высказывал мысли о ценности человека, духовного и нравственного воспитания: «Идея гуманизма, где признаётся ценность человека, - вот основа деятельности педагога сегодня! Только учитель может научить ребёнка восхищаться и любоваться родным краем, только он научит чувствовать боль и радость родной природы, и именно он научит любить родной край, Родину, Казахстан так, чтобы эта любовь осталась в сердце на всю жизнь!» [4].

В современном обществе уровень духовно-нравственного развития не высок, особенно среди молодёжи. У молодых людей отмечается тенденция в завышении требований к материальной стороне жизни, материальным ценностям и благам. Размытость ценностных ориентиров ведет к снижению социальной активности, распространению инфантильности, росту депрессивных состояний среди подростков, потере смысла жизни, трудности в самореализации, раскрытии внутреннего потенциала. Поэтому перед нами, обществом в целом, стоит задача формирования духовно-нравственной личности. Конечно же, духовно-нравственное развитие личности начинается в семье. Ценности семейной жизни, усваиваемые ребёнком с первых лет жизни, имеют непреходящее значение для человека в любом возрасте.

Молодежь сегодня является важнейшим культурным, духовным, интеллектуальным, профессиональным, демографическим резервом общества. А потому именно от движения этого молодежного вектора будет зависеть судьба огромной страны. Сумеет ли современное поколение молодых людей взять на себя ответственность за судьбу и сохранить государство как социокультурную и государственную целостность - это всецело зависит от глубины социально-нравственных установок молодежи. Именно социально-нравственная позиция регулирует поведение человека, определяя его жизненные цели и средства их достижения [5].

Всем нам важно понимать, что духовно-нравственное воспитание является процессом формирования у молодежи нравственных отношений, и это становится стержнем воспитания. Ведь нравственные отношения в конечном итоге определяют социальную сущность человека, контролируют его потребности и мотивы, которые определяют интересы и развитие личности, его духовный облик и образ жизни.

В современном обществе принято считать, что главная цель, которую ставит перед собой учебное заведение – выпуск специалистов в разных отраслях человеческой жизнедеятельности. Такая трактовка главной обязанности образовательного учреждения не совсем верна, ведь формирование личности с твердыми нравственными принципами не менее значимо, нежели обретение знаний по специальности.

Одной из основных целей воспитания духовно-нравственной личности студентов является процесс формирования научного мировоззрения, адекватной самооценки, высокой гражданской и патриотической позиции, высших принципов нравственности, художественного и эстетического восприятия окружающего мира.

Обучение – значительная часть жизни любого человека. Во время этого процесса личность формируется до конца, а принципы становятся тверже. Именно поэтому важно на данном этапе оказывать позитивное влияние на студента. Иначе он, без хорошего примера, подвергнется негативному воздействию из сети Интернет. А это недопустимо. Необходимо, чтобы студенчество запомнилось как светлая пора, которая во многом способствовала выбору благоприятного жизненного пути.

Формирование нравственных принципов является ведущей ролью воспитательной работы. Это комплексный процесс, включающий в себя разнообразные элементы, систему организационных форм педагогических действий, продиктованных высокими нравственно-этическими целями.

Одной из важнейших задач духовно-нравственного воспитания студентов является формирование нравственного мышления, ощущения потребности в духовном развитии, применение знаний и умений только во благо, убеждение студентов в имеющихся жестких критериях зла и добра, достоинства и бесчестия, подвига и преступления. В условиях современной действительности молодежь, от которой зависит будущее страны, безусловно, испытывает трудности социально-нравственного характера. Социальные процессы стали усложняться, глобальные мировые политико-экономические потрясения и вызовы требуют более активных и решительных мер для воспитания молодежи [6]. Можно сказать, что вышеизложенные реалии диктуют необходимость обязательного включения в систему профессионального образования дисциплин, предметом изучения которых являются человек и общество. Для понимания уникальности отдельного человека необходима интеграция гуманитарной и естественнонаучной составляющих в культуре каждой личности. Духовно-нравственное воспитание осуществляется как через содержание образования, в особенности его гуманитарной составляющей, так и через внеклассные мероприятия, постоянно действующие органы студенческого самоуправления, через участие в подготовке и проведении Дней славянской письменности и культуры, фестивалях патриотической песни и др.

К сожалению, сейчас молодежь переживает «духовный кризис», который обусловлен рядом деструктивных явлений. Одна из причин – отсутствие роли учебного заведения в нравственном воспитании. Поэтому просветительская деятельность необходима. Однако без целого комплекса мер, который будет проводиться не только в учебном заведении, но и в семье, добиться прогресса будет сложно. Роль родителя не менее важна, чем роль педагога.

Нравственное воспитание необходимо для обеспечения сплоченности общества: когда придет время, каждый узнает, почему он придерживается принципов справедливости и как они проистекают из условий, характеризующих тот факт, что он является равным в обществе юридических лиц. Из этого следует, что, принимая эти принципы на такой основе, мы изначально не подвергаемся влиянию традиций и авторитета или мнения других.

Действительно, статус нравственного учения также заключается в объяснении исторических и теоретических попыток, для которых оно должно существовать как философская и педагогическая проблема. Естественно, этот рефлексивный взгляд на прошлое ориентирован на педагогов, а не на образованную молодежь, но любой выбор, сделанный учителем, был бы лучше решен, если бы он был проинформирован о возвращении к традиции, которая закрепила бы его на протяжении всей жизни.

ЛИТЕРАТУРА:

1. Электронный ресурс: https://www.akorda.kz/ru/official_documents/strategies_and_programs [Дата обращения 20.10.2021]
2. Электронный ресурс: https://forbes.kz//process/kasyim-jomart_tokaev_nezavisimost_prejde_vsego/? [Дата обращения 16.10.2021]
3. Анисимов С.Ф. Духовные ценности: производство и потребление. -М.: Мысль. - 2016. - С. 15
4. Электронный ресурс: <https://e-history.kz/ru/history-of-kazakhstan/show/33118/> [Дата обращения 26.10.2021]
5. Басин, Е. Я. Психология искусства. Личностный подход: учебник для бакалавриата и магистратуры / Е. Я. Басин, В. П. Крутоус. — 2-е изд., испр. и доп. — М.: Издательство Юрайт, 2016. — 251 с.
6. Жалагина Т.А. Технологические инновации в процессе развития социума: от плюсов и минусов к консенсусу/Т.А. Жалагина // Психологический журнал. – 2021. - №2. – С. 122-126.

УДК 223.243:932.322

<https://doi.org/10.53355/h7289-5582-9863-v>

ОБ ИСПОЛЬЗОВАНИИ СРЕДСТВ НАГЛЯДНОГО ОБУЧЕНИЯ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ

Бейсенбай А. А., студентка группы РЯЛД 232

Научный руководитель: **Сералиева Н.Ж.**, к.п.н., ассоциированный профессор (доцент)
ОП по подготовке филологов гуманитарного факультета
Жетысуской университет им. Ильяса Жансугурова

E-mail: Beysembay1999@mail.ru

В статье описываются основные средства наглядного обучения, их применение на уроках русского языка и литературы

Ключевые слова: *средства наглядности, принцип наглядности, дидактические принципы обучения, зрительная наглядность, слуховая наглядность, технические средства обучения.*

Мақалада көрнекі оқытудың негізгі құралдары, олардың орыс тілі мен әдебиеті сабақтарында қолданылуы сипатталған.

Тірек сөздер: *көрнекі құралдар, көрнекілік принципі, оқытудың дидактикалық принциптері, есту көрнекіліктері, техникалық оқыту құралдары.*

The article describes the main means of visual teaching, their application in the lessons of the Russian language and literature

Key words: *visual aids, the principle of visualization, didactic principles of teaching, visual visualization, auditory visualization, technical teaching aids.*

В современном мире, где каждый ребенок предпочитает виртуальное общение, нежели живое, игры в телефонах, компьютерах, разнообразных гаджетах, совсем не остается места книге, чтению, обогащению своего внутреннего мира через произведения литературы и искусства.

Но тем не менее, с каждым годом все выше становятся требования к повышению качества образования. И все тяжелее становится обычному учителю, преподавателю преподносить информацию, делать ее содержательнее и вместе с тем и доступнее.

Но задача преподавателя-словесника и заключается в том, чтобы заинтересовать своих учеников, расширить их кругозор, развить языковые и коммуникативные навыки, научить детей бережно и умело обращаться со словом, гордиться красотой и уникальностью русского языка, овладеть навыками работы с текстом, художественным словом, сформировать прочные орфографические и пунктуационные умения и навыки, обогатить словарный запас, научить владеть нормами литературного языка, дать обучающимся в короткое время максимум информации и сделать это с наиболее высокой успеваемостью.

Здесь на помощь учителю придёт использование традиционных технических средств обучения в сочетании с новыми информационными технологиями и различными видами наглядности.

Роль наглядности в преподавании языка общепризнанна. Однако один из главных принципов обучения за последние годы претерпел серьезные изменения. Что же нового современная дидактика вносит в понимание наглядности? Какова методическая целесообразность этого нового подхода?

Напомним сначала те положения классической дидактики, которые отражают традиционное понимание наглядности.

Еще Ян Амос Коменский выдвинул знаменитое «золотое правило», которое предусматривало непосредственное знакомство учащихся с предметами в натуре или изображением этих предметов. Это правило гласило: «...все, что только можно, предоставлять для восприятия чувствами» [1, 384].

Необходимость конкретно-чувственной опоры в обучении была убедительно обоснована К. Д. Ушинским. Ему принадлежит широко известное утверждение: «Что такое наглядное обучение? а это такое ученье, которое строится не на отвлеченных представлениях и словах, а на конкретных образах, непосредственно воспринятых ребенком...» [2, 265-266].

Можно ли эти положения считать устаревшими? Разумеется, нет, тем более что автор «Родного слова» понимал наглядность значительно шире, чем его предшественники, не связывал наглядность этимологически с возможностью «глядеть», т. е. не ограничивал рамки наглядности только зрительным восприятием.

Педагог, желающий что-нибудь прочно запечатлеть в детской памяти, должен позаботиться о том, чтобы как можно больше органов чувств — глаз, ухо, голос, чувство мускульных движений даже, если возможно, обоняние и вкус, приняли участие в акте запоминания» [2, 251].

По-прежнему актуальны и другие утверждения выдающегося педагога, связанные с ролью наглядности в развитии наблюдательности, внимания, дара слова, мышления учащихся.

Наглядность как один из важнейших дидактических принципов широко используется в практике преподавания русского языка. Но, вместе с тем, надо учитывать, что наглядные материалы могут принести пользу только в том случае, если они органически связаны с содержанием урока в целом, со всеми его компонентами и заданиями. Приступая к использованию средств наглядности, «учитель должен осознать, с какой целью он это делает, определить, на каком этапе урока провести с ними работу, как связать данный этап с другими частями урока» [3, 194].

Использование наглядности на уроках русского языка помогает мобилизовать психическую активность учащихся; введение новизны в учебный процесс; повышение интереса к уроку; увеличение возможности произвольного запоминания материала; расширение объема усваиваемого материала; выделение главного в материале и его систематизация. Таким образом, средства наглядности используются практически на всех этапах обучения: на этапе объяснения нового материала (представление информации), на этапе закрепления и формирования навыков (обучение учащихся тем или иным действиям), на этапе контроля за усвоением знаний и формирования умений и навыков.

Все средства наглядности делятся на: зрительную, звуковую, зрительно-слуховую. Средства «зрительной наглядности включают так называемые печатные средства (таблицы, демонстрационные карточки, репродукции картин, раздаточный материал) и экранные средства (видеофильмы, презентации)» [4].

Таблицы могут быть использованы на этапе осознания, осмысления правил, определений, понятий, на этапе закрепления изученного, при повторении и систематизации материала. Методика работы с картиной как источником высказывания учащихся варьируется в зависимости от уровня развития и возможностей разных классов, конкретных задач урока, характера высказывания. При этом картину (репродукцию) следует прежде всего анализировать как произведение искусства, не забывая о тех специфических способах отражения действительности, которые свойственны живописи или графике.

Презентации (слайды), которые используются на уроках русского языка, можно разделить на две группы: дающие разъяснение, описание языковых фактов и понятий, и предназначенные для развития и совершенствования речевых навыков учащихся.

Презентации позволяют учителю обеспечить урок более совершенным изобразительным материалом. Этим и определяются возможности применения презентаций прежде всего на уроках развития речи. Используя презентации с репродукциями картин, фоторепродукции памятников архитектуры, документальный материал (фотографии, запечатлевшие литературные места), учитель значительно расширяет сферу эмоционального воздействия на учащихся, помогает создать содержательную основу будущего речевого произведения.

Основными способами реализации слуховой наглядности являются аудиозапись. Звукозапись в данном случае выполняет особую дидактическую функцию. Она представляет собой образцы звучащей речи и служит средством формирования культуры устной речи учащихся. Звучащий образец помогает сформировать навыки правильного литературного произношения, ударения, интонирования, а также навыки построения устного связного высказывания. Следовательно, звучащие образцы - это эталонная речь, демонстрирующая нормы русского литературного языка, и устные высказывания различного характера (рассказ, доклад, описание, диалог, телефонный разговор и т.п.).

Применение звукового пособия на уроке потребует от учителя выполнения ряда специальных методических условий. Особое внимание следует уделить подготовительному этапу, предваряющему прослушивание аудиозаписи. Учитель должен организовать целенаправленное, осознанное прослушивание, предварить его специальными заданиями, настроить учащихся на необычную работу.

На заключительном этапе, после прослушивания, учащиеся отвечают на все вопросы, заранее поставленные учителем, выполняют новые задания, упражняются в выразительном чтении прослушанного текста, дают свои варианты прочтения тех или иных его частей. Если текст рассчитан на подготовку учащихся к самостоятельному составлению речевых произведений, то соответственно заключительным этапом работы будет задание подготовить устное высказывание на определенную тему.

Зрительно-слуховые средства обучения представлены видеофильмами и видеофрагментами.

С помощью видеофильмов можно работать и над развитием письменной речи, но в первую очередь необходимо использовать возможность работы по развитию устной речи детей, так как этой форме речевой деятельности не уделяется еще должного внимания. В связи с этим в поле зрения учителя и учащихся должны быть специфические приемы построения устных речевых произведений: композиция; интонация; речевой этикет; средства, позволяющие привлечь внимание слушателей, построить высказывание логично и доказательно. Однако в ряде случаев нужна длительная подготовка – чтение литературы, анализ научно-популярных произведений, просмотр кинофильмов.

Таким образом, технические средства обучения – это устройства, помогающие учителю обеспечивать учащихся учебной информацией, управлять процессами запоминания, применения и понимания знаний, контролировать результаты обучения.

Принцип наглядности - это основное исходное положение дидактики, определяющее направление работы с наглядным материалом, предусматривающее обязательность его использования в учебном процессе. Средства наглядности используются при изложении учебного материала учителем, в ходе самостоятельной деятельности учеников по приобретению знаний и формированию умений и навыков, при контроле за усвоением материала и при других видах деятельности и учителя, и учеников.

ЛИТЕРАТУРА:

1. Коменский Я.А. Великая дидактика. Избранные педагогические сочинения. В 2-х т. – М., 1982, т. 1.
2. Ушинский К.Д. Собр. соч. – М. – Л., 1950, т.6, т.8.
3. Денисевич Г.В. Урок русского языка и методика его проведения. - Курск, 2006.
4. Занков Л.В. Наглядность и активизация учащихся в обучении. - М., 2000.

ӘОЖ 821.512.122

<https://doi.org/10.53355/y7312-2014-2281-w>

I. ЖАНСУГІРОВТІҢ СЫРЛЫ ӘЛЕМІ

Бейсенбинова С.Т., магистрант

Джакыпбекова М.Т., ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор

I. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ.

E-mail: saule79_kz@mail.ru

Өз елі ескермесе өз ерлерін,
Ел тегі қайдан алсын кемеңгерді.
I. Жансүгіров

Мақалада I. Жансүгіровтің зерттелмеген қырлары, күнделіктері мен мақалаларындағы ағартушылық идеялары, көтерілген мәселелердің өзектілігі, XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамының дамуына қосқан үлесі сөз болды. Автордың ағартушылық тақырыбында жазған мақалалары талданды. Төл әдебиетімізді зерттеуші ғалымдардың I. Жансүгіров шығармашылығы туралы жасаған зерттеулері, сын мақалалары талданды.

Тірек сөздер: ағартушылық, мақала, мәселе, өміршеңдік, идеялар, қоғам

В статье были освещены неизведанные аспекты, идеи просвещения в дневниках и статьях И. Жансугурова, актуальность поднятых проблем, вклад в развитие казахского общества в начале XX века. Были проанализированы статьи, написанные автором на просветительскую тему, проанализированы исследования, критические статьи ученых-исследователей о творчестве И. Жансугурова.

Ключевые слова: просвещение, статья, проблема, жизнеспособность, идеи, общество

The article highlighted the unexplored aspects, the ideas of enlightenment in the diaries and articles of I. Zhansugurov, the relevance of the problems raised, the contribution to the development of Kazakh society in the early twentieth century. The articles written by the author on the educational topic were analyzed, studies and critical articles of research scientists about the work of I. Zhansugurov were analyzed.

Keywords: education, article, problem, viability, ideas, society

Қаламгер – табиғат перзенті. Өмірге келеді, өсіп-жетіледі, жылма-жыл жеміс беріп жайнайды. Қаламгердің екінші нәр алар ортасы өмір сүрген дәуірі екені бәріміз білеміз. Ең әуелі болашақ қаламгердің бойында дарын дәнегі болуы керек екендігіне дау жоқ. Ол болмаса, қаншама құнарлы топыраққа түсіп, күн нұры, ауа, ылғал аяламасын, құр қазудың қылтиып бас жарып, көктеп, жер бетінде бой түзеп, масақ байламасы белгілі. Дәл солай, талантсыз адамды қаншама оқытып, үлде мен бүлдеге орағанмен, бір жол да көркем сөз, зерттеу, өлең жаза алмайды. Осы тұрғыдан келгенде, Ілиястың табиғатынан керемет талант иесі екендігін байқаймыз.

Ілияс шығармашылығы бас-аяғы не бары жиырма-ақ жыл. Осы аз жылдың ішінде ақынның қалдырған әдеби мұрасы ондаған том болады. Ол енді ғана кемеліне келіп, топшысы бекіп, тұяғы қатқан қырандай дәл бабына келген шағында опат болды. Егер олай болмағанда, «Дала», «Күйші», «Құлагер», «Жолдастар» сияқты талай-талай күрделі шығармалар, сан алуан лирика, тыңнан түрен салынған, сыры кепсе, сыны кетпейтін зерттеулер дүниеге келетін еді.

Ақын ақталып, екінші рет өмірге келгеннен кейін жазылған тұңғыш тәуір мақалалардың бірі – Қалижан Бекхожиннің «Халық өмірінің өрен жыршысы» деп аталатын мақаласы. Мұнда автор:

«Біздің әдебиетшілеріміз Ілиястың ақындық өнер адамы 1919-1920 жылдардан басталды деп келді. Бұл қазір теріске шықты. Алматының Пушкин атындағы көпшілік кітапханасының архив қорынан жуықта ғана табылған І.Жансүгіровтің өз қолымен жазылған екі дәптері – ақынның өлеңді 1915-16 жылдардан бастап жазғанын дәлелдейді» [1, 4] – деп көрсеткен еді.

Ілияс шығармашылығы оның өз көзі тірісінде арнайы зерттелмеген. Ал жазылған сындар азды-көпті бар. Әсіресе, 1957 жылдан бастап республикалық, облыстық баспа бетінде Ілияс ақын туралы көптеген мақалалар жарияланды. Бұлардың ішінде М. Қаратаев, Қ.Бекхожин, Е. Ысмаилов, Қ. Жұмалиев, Б. Кенжебаев жолдастардың мақалалары бар. Бірақ олардың көпшілігі жеке адамға табынушылықтың салдарынан әдебиет әлемінде жиырма жыл бойына көрінбей, онан өзінің шын мәніндегі тиісті орнын ала алмай келген дарынды азаматты оқушы жұртшылыққа таныстыру мақсатын көздеген мақалалар. Олардың көбінде қаламгердің ақындық таланты мен өмірі қамтылады, ал ағартушылығы мен зерттеушілігі туралы бірлі жарым ғана сөз болады. Ал сексенінші жылдардың соңына қарай ғана ақынның балалар әдебиетіне қосқан үлесі жайлы айтыла бастады

І. Жансүгіров шығармашылығы туралы белгілі бір бағытты ұстаған, салмақты, тұжырымды пікір айтылған ғылыми еңбектер деп біз сыншы М. Қаратаевтың «І.Жансүгіров» дейтін мақаласын, ақын Ә. Тәжібаевтың «Өмір және поэзия» атты еңбегінің Ілиясқа арналған бөлімшесін, профессор Қ. Жұмалиевтің «Ілиястың әдебиеттегі орны мен өзіне тән ерекшелігі» деген көлемді ғылыми мақаласын атаймыз. Осы аталған еңбектермен таныса отырып, Ілиястың тек ақын ғана емес, сегіз қырлы бір сырлы дарын екеніне көзіміз жетті. Оның шығармашылығы әлі де толық зерттелген жоқ. Ақынның ағартушылық қызметі ұшан теңіз болғанымен, осы тақырыпта жазылған зерттеулері әлі күнге дейін бастан аяқ зерттелмеген болып отыр. Осы мақалада Ілиястың ағартушылық тақырыбында жазылған мақалаларына аз болса да талдау жасалынды.

Жетісуда оқыту мәселесі” (1923 ж.), “Ауылдағы оқытушылар міндеті” (1925 ж.), “Халық ағарту қызметкерлері ұйымының бесжылдығы һәм уездік оқытушылар конференциясы” (1925 ж.) деген мақалаларында ескі мектептер барын, білімі, мінез-құлқы нашар мұғалімдер істейтінін, оқу сапасының төмен екендігін көрсетіп, өз ұсыныстарын алға тартады.

«Ауылдағы оқытушылар міндеті» (1925) бас мақаласында «Мұғалім – ауылдағы мәдени қазық. Оның міндеті – мінезін түзеу, өзін-өзі ұстай білу, жаман әдет-ғұрыптан, сасық салт-санадан таза болу, елдің дау шатағынан, үй арасындағы ауылжақ, атқа мінерліктен аулақ жүру» деп ескертті. Түтін шыққан ауылдан тамақ, өсек-аян, қыдырма сөз іздейтін, қызық қуып, балаларға тәрбие мен білім бере алмайтын, өз оқушысының алдында

үлгі-өнеге эталоны бола алмайтын, айналсын бұлдіріп, үркітіп, жексұрын болған мұғалімге мектепте орын жоқ. Мұндайларды оқу жұмысының маңайынан күреп тастауымыз керек деп мәселені дөп басып айтты, оны ауыл мектебін көтерудің міндеті ретінде көтерді. Бұл халқымыздың ұлы ағартушысы Ыбырай Алтынсариннің «Мұғалім – мектептің жүрегі» деген қанатты сөзімен мазмұны, идеясы тақырыбы бір сөз екені айқын. Себебі ұстаз жас баланың ғана емес, жалпы ұлттың тәрбиешісі, тіршілік, шаруа, саяси, мәдени көсемі болып саналады. Автор мұғалімнің өзіндік дамуының көзі ретінде әлеумет жұмысына араласу, ысылу, газет, журнал оқу, терең білім алуды ұсынады. Өйтпеген мұғалім салдыр-салак, ынжық болады. Жұрт сауатсыз, шаруа шабан, қоныс шашқын. Елде неше түрлі дегіштер саудагерлер жұрты тонып жатыр. Осының бәріне мұғалімдер араласып, бас-көз болуы тиіс, Мұны істемеген мұғалім мұғалім емес.

1922 жыл. Бұл жылы мектептің оқушысы жүзге тартады. Оқу жағы дұрысырақ жолға қойылды. Қазақ мұғалімдерінен Ақшалұлы Біләл, Демешұлы Ғали жолдастар келіп, оқу тәрбие жағынан ілгерілеуіне ат салысты. Мектептің арнаулы қаражаты жоқ болып, жұрттан жәрдем жинауға кіріседі. Бұл жылы Жаркент, Нарын, Қарақұм, Талдықорған, Алматының күншығыс елдерінен берілді. Облыстық төңкеріс комитеті қамқорлығына алып, қаражат жағынан үлкен демеу болады. Сөйтіп, қалт-құлт етіп, ол жылғы оқу науқанын өткізеді [2, 290].

Жоғарыда келтірілген мысал, қаламгердің күнделігінен алынған. Ол оқу ортасында болып жатқан барлық жайттарды осылай қағаз бетіне түсіріп отырған. Жиырмасыншы ғасырдың басында оқу-ағартудағы қиындықтарды өз күнделігіне түсіріп, кейін оларды шешумен тікелей айналысуды қолға алғаны айқын көрінеді. Қазақ зиялыларының мектеп мәселесін шешуге жан-жақты ат салысқаны, қамқорлық танытқаны оның өз халқына адалдығын тағы бір дәлелдейді.

Оқу ағарту ісіндегі мәселелерге мән бере отырып тәрбие бағытына да көңіл бөлген. Адамзаттың екінші ұстазы әл-Фараби айтқандай: «Тәрбиесіз берілген білім адамзаттың хас жауы» екенін І.Жансүгіров өз мақаласында дөп басып көрсеткен.

Оның «Тәлім – тәрбие жағы» деп жалғасатын мақаласында былай дейді:

Мектептің жалпы тағдыры кеңестің қолында. Оқушылар өзін-өзі басқарады. Басқару реті, жалпы жиналыс атқару комитеттері, сот сияқты тиісті бөлімдерге бөлінген. Класс бас сайын, жалпы оқушылар атынан комсомолдар ұйымынан жапсырма газеттер шығарады.

Оқытушы – оқушылармен араласа жасалған түрлі айырымдар бар [2, 292].

Ілияс Жансүгіров, сонымен қатар, 1923 жылы 7 желтоқсанда «Тілшіде» шыққан мақаласында аударма мәселесі жайында сөз қозғайды. Ел тілін жаңалау, жаңғыртудың қиын іс екенін айта отырып, тіл негізін салуда мамандардың асқан сақтық танытуы керек екенін айтады. Мамандарға тіл атамаларын таңдауда ескерілуі тиіс сегіз қағидатты санамалап шығады. Оның ішінде, ғылым мен әдебиет байланысы, Ғылым мен әдебиеттің дамуына аударма жанрының қосатын үлесін айта отырып, төл сөздерімізді термин ретінде ұсынады. Бұндағы мақсаты қазақ тілінің көркем аударма жанрын жаңа сатыға көтерумен қатар, тіл тазалығын сақтау екендігі мақаладан бірден сезіледі.

Ал енді журналдағы ғылым-әдебиет кеңесінің пән сөздерінің біразының орнына былай десек қайтеді.

Журналда былай орысша

Термин

Аудан-алаңқы – площадь

...Алаң сцена

Нәрсе-дене Тело

Байлау-байланыс связь

Бақылау-байқау Наблюдение

...Бақы Контроль

Жоспар – план

Президиум – басалқа
Тыныштық – маза Покой
Табан-негіз – Основание
Түйін-жүйе – теория
Құлық-қылық – нрав
Дағдарыс – кризис
Зеректік – ұқыптылық – способность
Қоғам – қауым – общество
Уәде қағаз-серттеме – Договор
Қоршау-жақша – скобка т.б. [2, 296-297]

Терминдерді қазақ тіліндегі бар балама сөздермен алмастыру мәселесі бүгінгі күнде де өзекті болып отыр. Халқымыздың құлағына сіңген байырғы сөздерімізді термин ретінде енгізсек, тіліміздің тазалығы ғана емес, тіл байлығының құдіреті де нақтылы көрінеді. Осы тұрғыдан алғанда Ілиястың аударма саласына қалам тартып, ол туралы мақала жазуы – заңды құбылыс.

Жан-жақты дарын иесінің қаламынан, назарынан алғашқы кәсіби, жоғары білімді мұғалімдерде тыс қалмағанын 1925 жылы 5 мамырда шыққан «Тілші» газетіне мынандай құттықтауынан айқын көруге болады:

Губерниялық халық ағарту бөлімі атынан

Губерниялық халық ағарту бөлімі, Алматы қазақ институтының тұңғыш ұшырғалы тұрған жас балапандарын құттықтайды.

Қазақ институтының берген білімін, еңбекшіл елінің күткен үмітін, екеуін табыстырып шыққан төңкерісшіл, Ленинишіл жастар елге қызмет қылар деп үміт етемін.

Жасасын қазақтың жас жеткіншектері.

Губерниялық халық ағарту бөлімі атынан

Жансүгірұлы. [2, 306]

Ілияс туралы Ә. Тәжібаевтың: «Ол қазақ әдебиетінің көгіндегі аз ғана жұлдыздардың бірі боп көрінетін, әне Сәкеніміз, әне Бейімбетіміз, әне Ілиясымыз», деген сөзін, болмаса академик Қ. Жұмалиевтің «... қазіргі әдебиетіміздің даму, ілгерілеуіне белсене ат салысып, іргесін қаласқан, әр жанр, әр салада үлкен істер істеп кейінгілерге құнды мұралар қалдырған зор талантты сөз шебері Ілияс Жансүгіров... еңбектері де дүние жүзі әдебиетінің алтын қазынасына елеуле үлес болып қалатындағы сөзсіз» деген пікірлер қалдырған.

Ілиястың шығармашылығы көп қырлы, алуан сырлы. Ол поэзия, проза, драма саласында өнімді еңбектеніп, өзіндік қолтаңбасы айқын көркем шығармалардың маржан шоғырын дүниеге келтірген құнарлы да тегеурінді қаламгер.

Ілиястың өмірі мен шығармашылығын сол кездегі саяси-әлеуметтік жағдайлармен байланыстыра қарастыруға болады. Сондықтан да бүгінгі таңда Ілиясты зерттеу барысында мына мақсатты алға тартамыз. Ілиястың өмір жолын эстетикалық көзқарасыны қалыптасу заңдылықтарымен тығыз байланыстыру арқылы ақынның рухани, азаматтық бейнесін, шығармашылық портретін жасап, әдебиетіміз тарихындағы орнын айқындауды біз өзіміздің ұстанымызға айналдырып, оның ағартушылық қырын зерттеуді жалғастырамыз.

Қорыта айтсақ, сырлы сөзі, жалынды жырымен жастарды білімге құштарландырып, бесік жырын ерекше жазып, әнді бөбекше бөлеген ақын. Ілияс Жансүгіровтің әдеби туындылары арқылы сан ұрпақ парасаттылық, еңбекқорлыққа тәрбиеленіп, өсіп-жетілді. Оның шығармалары талғамды қалыптастыруға және танымдық, тәрбиелік, дамытушылық қызмет атқарып келеді. Ақынның бала тәрбиесіне арналған шығармаларын мектеп бағдарламасына жан-жақты енгізіп, педагогикалық ұстанымын ұрпақ тәрбиесінде қолдану қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. І. Жансүгіров. Шығармалар, өлеңдер, поэмалар. – Алматы: Қазақстан мемлекеттік көркем әдебиеті, 1958, -216 б.
2. І. Жансүгіров. Мақалалар, күнделіктер. – Алматы: Абзал-ай, 2019. – 320 б.

3. Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы 16 т. 1985. Қазақ балаларына арналған оқулық. -400 б.
4. Имангазинов М. Ілияс Жансүгіров: монография/әл-Фараби атын. ҚазҰУ. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. -218 б.
5. Әбдірахманова Т. Ақын сыры: І.Жансүгіров лирикасы туралы: – Алматы: Жазушы, 1965.-159 б.
6. Дүйсенов М. Ілияс Жансүгіров: өмір творчествосы. – Алматы: Ғылым, 1965.-301 б.
7. Дайырова Ә. Орта мектепте Ілияс Жансүгіров творчествосын оқыту. – Алматы: Мектеп, 1969. – 123 б.
8. Дүйсенов М. Ілияс Жансүгіровтің прозасы. Сөзстан: - Алматы: Жалын, 8-кітап, (Құраст. Б.Сарбалаев), 1986. – 216 б.
9. <https://go.mail.ru/redir>.
10. Бейісқұлов Т. Құлагер ақынның қазасы. – Алматы: Айан, 2002. 216 б.
11. Сұлтанова Б., Бейсеева Н., Тойғанбекова М. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті. Оқу құралы. – Алматы: 2017. – 123-б.

ӘОЖ 541.124

<https://doi.org/10.53355/k5242-5255-3580-a>

БОЛАШАҚ АРНАЙЫ ПЕДАГОГТЫҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ОТАНДЫҚ ЖӘНЕ ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕСІ

Болат А.Б.

І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ.

E-mail: Ernar_kapa.92@mail.ru

Болашақ арнайы педагог маманның зият бұзылысы бар балалармен жұмыс жасаудағы кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудағы шетелдік және отандық тәжірибесі зият бұзылысы бар баламен жұмыс жүргізудегі белгілі бір түйінді шешудегі өзара байланысты білімділік, біліктілік, дағдыларының жиынтығы, оларды әлеуметтік ортаға бейімдеу үшін арнайы педагог маманның жұмыс жүргізу кезінде балалармен жұмыс жасау тәсілін, балалармен және ата-аналармен жұмыс жүргізу жолдарын білу және қолдана алуын көрсетеді. Қазіргі таңда арнайы педагогты дайындау жүйесінде орын алып жатқан өзгерістер білім беру мазмұнын және іргетасын сақтап қалу арқылы тек білім беру жүйесінің формалды белгілерін өзгерту түрінде жүргізіліп отыр.

Тірек сөздер: кәсіби құзыреттілік, арнайы педагог, зиятында бұзылысы бар балалар

Зарубежный и отечественный опыт формирования профессиональной компетентности будущего специалиста по работе с детьми с ограниченными интеллектуальными возможностями, демонстрирует знания и умение работать с детьми и родителями. В настоящее время изменения в системе специальной подготовки специального педагога осуществляются только в форме изменения формальных особенностей системы образования при сохранении содержания и основы образования.

Ключевые слова: профессиональная компетентность, специальный педагог, дети с ограниченными интеллектуальными возможностями

Foreign and domestic experience in the formation of professional competence of a future specialist in working with children with intellectual disabilities demonstrates knowledge and ability to work with children and parents. Currently, changes in the system of special training of a special teacher are carried out only in the form of changes in the formal characteristics of the education system while maintaining the content and basis of education.

Key words: *professional competence, special educator, children with intellectual disabilities*

Тұңғыш Президентіміз Н.Ә. Назарбаев: «Мүмкіндігі шектеулі азаматтарымызға көбірек көңіл бөлу керек. Олар үшін Қазақстан кедергісіз аймаққа айналуға тиіс. Бізде аз емес ондай адамдарға қамқорлық көрсетілуі қажет. Бұл өзіміздің және қоғам алдындағы парызымыз. Білім беру мекемесінің ортасы мүмкіндігі шектеулі балалардың қажеттілігіне бейімделуі тиіс, «кедергісіз» болуы керек, өйткені мүмкіндігі шектеулі балалардың толыққанды кірігуін қамтамасыз етуі қажет», – деп атап өткен болатын [1]. Сондай-ақ ерекше білімді қажет ететін балалардың сапалы білім алуы туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген. Барлық білім беру мекемелерінде инклюзивті орта құру (ресурстық орталықтар, сыныптар, арнайы кабинеттер т.б.) қарастырылған. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында, Қазақстан Республикасы азаматтарының жаңа әлеуметтік мәдени этикалық білім беру тұжырымдамаларында білім беру ісінде жаңа рухани құндылықтарды игеруге, ұлттық сананың қалыптасып өсуіне жағдай жасау, үздіксіз білім берудегі сабақтастыққа кең жол ашу талап етіледі [2].

Мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды қоршаған ортаға бейімдеу, оларға кедергісіз аймақ құру үшін бірқатар кедергілерге тап боламыз. Ол кедергілердің себептеріне мыналарды:

- арнайы ерекше материалдық-техникалық жабдықтардың түгел болмауын;
- оқу-әдістемелік құралдардың толық еместігін;
- арнайы педагогтың мүмкіндігі шектеулі баламен жұмыс жасау қабілетінің төмендігін;

- кәсіби құзыреттілігінің қалыптаспағандығын;
- кәсіби шеберлігінің аздығын және т.б. жатқызуға болады.

Неліктен біз бұл тақырыпты өзекті тақырыптардың бірі деп санаймыз, себебі арнайы педагог маманы білім алуда ерекше қажеттілігі бар балалармен жұмыс жүргізу кезінде балалармен жұмыс жасау тәсілін, балалармен және олардың ата-аналармен жұмыс жүргізу жолдарын білу және қолдана алуы тиіс. Сонымен қатар өз мамандығын жетік меңгерген кәсіби құзыретті маман болуы қажет. Кәсіби құзыретті маманды қалыптастыру үшін біз шетелдік және отандық зерттеушілердің тәжірибелеріне сүйенеміз.

Неміс педогог-дефектологы П. Шуман: «Бала кемістігінің даму деңгейі неғұрлым төмен болса, соғырлым мұғалімнің білім деңгейі жоғары болу керек», – деген екен. Олай болса, педагог көмекке мұқтаж адамға жәрдемдесу даярлығы, өзгелерге қарағанда өзіне талапшыл болу, айналасындағыларға жауапкершілікті өз мойнына алу, жиі күлімсіреу және жақсы көңіл-күйде болу қасиеттерін меңгеруі қажет. Арнайы білім берудің сапасы айтарлықтай шамада арнайы педагог маманның кәсіби деңгейіне тәуелді. Қазіргі таңда арнайы педагогты дайындау жүйесінде орын алып жатқан өзгерістер білім беру мазмұнын және іргетасын сақтап қалу арқылы тек білім беру жүйесінің формалды белгілерін өзгерту түрінде жүргізіліп отыр. О.В.Царькованың пікірі бойынша, дайындық дегеніміз - тұлға дамуының белгілі бір деңгейімен сипатталатын және кез-келген процеске қатысуға қабілеттілігін анықтайтын тұлғаның интегралды сапасы [3].

Арнайы білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс жүргізуде арнайы педагог кадрларды даярлаудың жалпы және әдістемелік мәселелері шетелдік (В.М.Аллен, Р.Ласей, М.Велч, Д.И.Азбукин, Г.С.Акиева, И.М.Бобла, Е.Л.Гончорова, А.И.Живина, Н.М.Назарова) және отандық ғалымдармен (В.В.Боброва, Р.К.Луцкина, З.А.Мовкебаева, Ж.Ы.Намазбаева, К.К.Өмірбекова, А.К.Реалдинова, Р.А.Сулейменова, А.К.Сатова) және т.б зерттелінді.

Арнайы педагог маманның кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудағы бірнеше шетелдік тәжірибені атап өтуге болады. Көңіл аударатын елдер қатарына Еуропа елдерін, Жапонияны, Польшаны, Германия мен Ресейді жатқыза аламыз.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істеу үшін мамандарды дайындаудың заманауи модельдерін талдау барысында белорус зерттеушісі Т.В.Варенованың пікірімен келіскен жөн. Оның пікірінше,: «Көп мемлекеттердің мәселелері ұқсас

болғанымен, оларды шешу тәсілдері әртүрлі. Осыған байланысты халықаралық тәсіл ретінде, тәжірибе алмасу өте маңызды болып табылады» [4].

Германияда ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін педагогтерді дайындау (дене және зиятында бұзылысы бар балалар білім алатын түзету мектептері үшін –арнайы педагогика мұғалімдері) жоғары білім беру жүйесіне кірістірілген [5].

Жапонияның арнайы білім беру жүйесі әдістемелік және техникалық жабдықталуының жоғары деңгейімен, оқыту процесіне заманауи білім беру және ақпараттық технологияларды кеңінен енгізуімен, мүмкіндігі шектеулі жандарды қозғалыс, коммуникация және білім және кәсіби дағды игеру шектеулерін жоюға (жеңілдетуге) мүмкіндік беретін заманауи техника құралдарымен, ауыртпалықты жеңілдетуге бағытталған құрылғылармен және құралдармен жаппай қамтамасыз етумен ерекшелінеді. Осы елге барушы шетелдік мамандар, үнемі жапондық арнайы педагогтардың кәсіби тәртібінің жоғарғы деңгейін және адалдығын атап өтті [6].

Еуропа елдерінде арнайы педагогты кәсіби дайындауды реформалау бірыңғай еуропалық білім беру кеңістігі елдеріндегі кәсіби білім беру саласындағы бірыңғай саясаттың көрінісі болып табылатын келесі қағидалар негізделеді:

1. Әртүрлі санаттағы азаматтарға арнайы педагогтерді кәсіби дайындау жүйесінің қолжетімді болуы үшін мемлекет жауапкершілігі;

2. Барлық азаматтар үшін өмір сүру бойында кәсіби оқытуға қолжетімділігін қамтамасыз етуге бағытталған арнайы педагог маманға кәсіби білім беру бағдарламаларының міндетті компоненті ретінде тәжірибелік дайындықтың болуы;

3. Арнайы педагогтарды кәсіби оқытудың ұлттық стандарттары арқылы сапаны орталықтандырылған бақылау;

4. Арнайы педагог мамандарды кәсіби дайындау кезінде кәсіби оқыту мен жалпы білім берудің өзара кірігуі;

5. Арнайы педагог мамандарды кәсіби дайындау жүзеге асырылатын интеграцияланған, көпфункционалды, жартылай функционалды оқу орындарының бәсекеге қабілеттілігін арттыру [7].

Зерттеуші – ғалымдар А.Зарин және Э.М.Кулешаның айтуынша, Мария Гжегожевская атындағы арнайы педагогика академиясында (The Maria Grzegorzewka University) жүзеге асырылып жатқан әрбір білім беру бағдарламасының сипаттамасында мамандықты игерген түлек қандай да бір лауазымға ие бола алатындығы көрсетілген. Мәселен, «Арнайы педагогика» бағыты шеңберіндегі «Қосарлас бұзылыстары бар тұлғаларды оңалту» магистрлік бағдарламасы түлектердің келесі лауазымдарға орналасуын қамтамасыз етеді: орташа немесе ауыр зият бұзылысы бар білім алушыларға, қосарлас бұзылысы бар білім алушыларға арналған еңбекке бейімдеу арнайы мектептерінде, терең зият бұзылысы бар балаларға және жастарға мектепке дейінгі бір жылдық міндетті дайындықтан және міндетті мектеп бағдарламасынан өту мүмкіндігін беретін орталықтарда – мұғалім (педагог) болуды, сондай-ақ терең зият бұзылысы бар балаларға және жастарға ревалидациялық –тәрбие беру сабақтарын жүргізу біліктілігін береді, ерте араласу орталықтарында, оңалту орталықтарында, психологиялық-педагогикалық кеңес беру орталықтарында, еңбек терапия орталықтарында, әлеуметтік көмек көрсету үйлерінде-терапевт-арнайы педагог болу [8].

В.А.Бородинаның диссертациялық зерттеулерінде зиятында бұзылысы бар балаларды әлеуметтендіру бойынша арнайы педагогтың кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру мәселелері көтерілді [9].

Ресейдегі жоғарғы дефектологиялық білім беру жүйесі білім беру мазмұнының көп деңгейлі стандарттануымен, дефектологтарды дайындау мамандығын нығайтумен, жеке бағытталған және құзыреттілік тәсілдермен сипатталады. Дефектолог мамандарды көп деңгейлі дайындау екі деңгейлі жүйе түрінде ұсынылған: бірінші деңгей-төрт жыл оқыту («бакалавр» дәрежесі), екінші деңгей-екі жыл оқыту («магистр» деңгейі).

Жоғарыда айтылып өткендей бұл арнайы білім берудің шетелдік жүйесі. Енді арнайы білім берудің отандық тәжірибесіне тоқталсақ.

Отандық ғалымдардың ішінде арнайы педагог мамандардың құзыреттілік мәселесіне келесі ғалымдар өз зерттеулерінде тоқталған болатын З.А.Мовкебаева, Г.А.Абаева, А.К.Реалдинова. Қазақстан Республикасында дефектологиялық кадрларды дайындау 1976-77 жж. Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтында бастау алған. 1992 жылға дейін студенттер 5 жыл оқытылып, белгілі: олигофренопедагог, сурдопедагог, логопед профильдерінің арнайы педагогтарын дайындауға бағытталған еді. 1996 жылы арнайы педагогтарды дайындау жүйесіне кредиттік форма бойынша оқыту енгізілді [10]. «Арнайы педагогика» мамандығы бойынша арнайы педагог мамандарды дайындау келесі жоғарғы оқу орындарында жүзеге асырылады: І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті, К.Жұбанов атындағы Ақтөбе университеті, Е.А.Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті. Арнайы педагог мамандарын даярлауда бакалавр және магистратура деңгейінде жүзеге асырылып отыр. Қазіргі уақытта «Арнайы педагогика» мамандығы бойынша жоғары және жоғарғы оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға бірдей білім беру стандарттары әзірленген және соған сәйкес педагогикалық тәжірибе іске асырылған, Үлгілік оқу бағдарламалары жасалынған. Сонымен қатар, Қазақстанда ЖОО-да академиялық ұтқырлығы жүзеге асырылуда, бұл болашақ маманның басқа елдермен тәжірибе алмасуына мол септігін тигізеді.

Біз неліктен шетелдік және отандық тәжірибені салыстырамыз, себебі басқа елдердің тәжірибесіне қарай отырып, өзімізге қажетті ақпаратты алып, балалармен жұмыс жасау кезінде қолдана аламыз. Енді шетелдік және отандық тәжірибені салыстырсақ:

- Германия және өзіміздің елдің арнайы педагогтарын дайындау ЖОО мекемелерінде оқытылады;

- Еуропа мемлекетімен салыстыратын болсақ; арнайы педагогтерді дайындауда екі елде де қолжетімді, кәсіби білім беру бағдарламаларының міндетті компоненті ретінде тәжірибелік дайындықтың болуы; сапаны орталықтандырылған бақылау;

- Ресейде және Қазақстанда бакалавр және магистратура деңгейі бойынша оқытылуда;

- Польша мемлекетімен салыстыратын болсақ, Польшада қосарланған бұзылысы бар балаларды оқыту арнайы мекемелерінде реваидациялық –тәрбие беру сабақтарын жүргізу біліктілігін береді;

- Жапония мемлекетінде арнайы педагог мамандары өте адал және өз мамандығына үлкен талаппен қарайды, еліміздегі арнайы педагог мамандары басқа елден асып түспесе кем түспейді.

Қортындылай келе, арнайы педагогтың кәсіби қызметтің гуманистік құндылықтарын түсінуімен, кәсіби шеберлікке қол жеткізуге ұмтылысымен, арнайы тәрбие беру және оқытудың гуманистік мақсаттарына және міндеттеріне қол жеткізуге әрекетшілдігімен және белсенділігімен сипатталатын жеке тұлғаның кәсіби-гуманистік бағыттылығы зерттеудің нәтижесі болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. «Қазақстандық жол 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауы (17.01.2014 ж.)

2. Білім туралы Қазақстан Республикасының заңы 2007 ж

3. Царькова О.В, Формирование готовности будущего техника к решению инновационных производственных задач: автореф...канд.пед.наук:13.00.08.-Оренбург, 2009.-36с.

4. Варенова Т.В. Подготовка учителей-дефектологов в контексте европейских тенденций развития специального образования//Мат.7 Межд. Научно-практ.Конф «Ключовые вопросы в современного науки».-София: Бял ГРАД-БГ ООД.2011.-Т-28.-С.70-74.

5. Standards fur die Lehrerbildung. https://www.kmk.org/fileadmin/veroeffentlichungen_beschluesse/2004/2004_12_16-Standards-Lehrerbildung.pdf
6. Ministry of Education Science and Culture: Special education of Japan.-Tokyo.1998
7. Масалимова А.Р. Интеграция высших учебных заведений и предприятий как условия конкурентоспособности профессионального образования за рубежом // Материалы Всероссийского научно-практического семинара.-Казань:РИЦ «Школа», 2009.-340с.
8. Зарин А., Кулешова Э.М. Опыт взаимодействия вуза и работодателей в процессе профессионального образования будущих педагогов в Польше//Специальное образование.-2016.-№2.-С.143-145.
9. Бородина В.А. Формирование профессиональных компетенции будущих педагогов-дефектологов в работе по социализации детей с нарушением интеллекта:дис..канд.пед.наук:13.00.03-Челябинск,2011.-197с
10. Мовкебаева З.А. Современная модель подготовки специального педагога// Вестник казНПУ им. Абая (Сер. «Специальная педагогика»).-2016.-№1 (44).-С.6-9

УДК 81

<https://doi.org/10.53355/g2043-8771-5884-h>

ҚАЗІРГІ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР МӘН-МӘТІНІНДЕ ШЕТ ТІЛДЕРІН ОҚЫТУДЫҢ ЖОБАЛЫҚ ӘДІСТЕМЕСІ

Бостанбай Г. Ғ.

«Шетел тілдері және аударма ісі» мамандығының ШТҚ231 топ студенті

І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті

E-mail: bostanbay@mail.ru

В том числе, ученые в своих работах выделяют, что модели развивают умственные способности детей младше-школьного возраста. Самая отличная идея в этом направлении – поиск ключевого средства развития детей младше-школьного возраста, которая предложена одним из авторов. В своей работе он описывает данное средство, а также разрабатывает целостную программу развития младше-школьников. Модели выступили в качестве данного средства, основной линией являлось становление способности к методу наглядного моделирования. Данная идея позволила выявить специфические особенности детей младше-школьного возраста, создать систему диагностики детского развития, что позволило решить многие проблемы в области коррекционного развития. На обоснованность данного метода и его эффективность указывали многие педагоги [2], к примеру, В.П. Глухов [4].

В общеобразовательном процессе перед педагогами стоит задача, заключающаяся в применении новых качественных подходов в воспитании детей с ОНР. Также задача стоит в подготовке новых специалистов к работе с детьми с ОНР, а также к применению новыми специалистами новых подходов и методов образования.

В процессе непрерывной профессиональной подготовке у будущего учителя-логопеда происходит формирование профессиональных компетенций. Данная подготовка реализуется в учреждениях дополнительного профессионального образования. Программы, разработанные в учреждениях дополнительного профессионального образования, направлены на подготовку учителей-логопедов к работе с детьми младше-школьного возраста с ОНР. Данные программы содержат методику, связанную с образованием и проведением коррекционно-логопедической работы детей с ОНР.

Основным важным моментом в процессе коррекционно-логопедического обучения является подготовка будущих учителей-логопедов к работе с методом наглядного моделирования, применяемого к младше-школьникам с ОНР.

Учителя различного профиля высоко оценивают навыки в логопедии. Если педагоги и логопеды будут постоянно проходить повышения квалификации, обучаться новым методикам, получать новые знания и иметь возможность профессионально применить их на практике, при этом устраняя существующую проблему, то образование будет эффективнее. Новые разработки в этом направлении позволяют исправлять серьезные нарушения речи, которые возникают у детей младше-школьного возраста.

Потребность в получении новых знаний учителей-логопедов обуславливается тем, что с развитием новых методик обучения, развиваются и новые виды нарушений у детей с ОНР, работа с которыми должна быть грамотно построена, для чего следует знать самые глубины данной сферы обучения. В следствие повышения квалификации, учителя-логопеды смогут справляться даже с самыми сложными задачами, тем самым помогая семьям с детьми с ОНР.

Подготовка учителя-логопеда включает в себя определенные задачи:

- во-первых, формируется предметная компетенция, а именно знания о системе обучения детей с ОНР, о причинах появления их особенности, изучаются главные методики коррекционного воздействия с целью устранения нарушений развития;
- во-вторых, формируются социальные компетенции, а именно приобретаются способности грамотной организации социальных отношений в рамках изучаемой профессии;
- в-третьих, формируются личностные компетенции, а именно те качества, которые необходимы учителю-логопеду в процессе работы с детьми с ОНР.

Формирование данных компетенций связано с формированием мотивационного, эмоционально-волевого, личностно-деятельностного и когнитивного компонентов готовности к профессиональной деятельности [1]. При формировании мотивационного компонента готовности у будущего учителя-логопеда повышается интерес к данной профессии, к более глубокому изучению ее нюансов, а также усиливается желание работать с детьми с ОНР.

Мотивационный компонент формируется с помощью практических занятий в обучении будущих учителей-логопедов, где проигрываются возможные ситуации, вследствие чего появляются новые навыки, знания. Когда будущий логопед включается в профессиональную среду с помощью таких практических занятий, он получает новые и совершенствует уже существующие навыки в работе с младше-школьниками с ОНР.

Практические занятия с будущими учителями-логопедами имеют определённое содержание:

- во-первых, формируются логопедические навыки по работе с детьми;
- во-вторых, формируются личностные качества, обязательные в работе учителя-логопеда, такие как терпимость, понимание, спокойствие и т.д.;
- в-третьих, формируется навык взаимодействия как с детьми, так и с их родителями и с коллегами по работе.

Особое внимание в обучении будущих учителей-логопедов стоит уделить формированию эмоционально-волевого компонента. В работе с детьми логопед испытывает трудности, он должен относиться с пониманием и спокойствием к ним.

Также важен личностно-деятельностный компонент, который предполагает знание психологические и методические, примеряемые в процессе обучения, а также умение быстро адаптироваться к реальным профессиональным условиям.

Когнитивный компонент предполагает формирование профессиональных умений и способностей для применения их на практике.

Для того, чтобы достичь наиболее эффективных результатов в профессиональной подготовке будущих учителей-логопедов, обучение делится на три блока:

- блок анатомофизиологических и клинических основ обучения;
- психолого-педагогический блок;
- блок специальных методик.

Первый блок предполагает изучение основ развития детей, развития речи у детей, специфики ее развития, а также возможных недостатков в развитии и факторов, влияющих на эти недостатки.

Второй блок предполагает изучение психологических особенностей детей, их индивидуальных качеств, индивидуально-личностной ориентированность воздействия на ребёнка, а также изучение возможных проблем его семьи, повлиявших на возникновение его особенностей.

Третий блок предполагает изучение целей и задач коррекционной работы с детьми с ОНР, изучение технологий обучения, а также новых процессов коррекции. Каждый блок имеет модули:

- вводный;
- базовый;

- дополнительный или повышенный.

Вводный модуль предполагает проверку уже существующих знаний обучающихся и готовность их к получению новых знаний.

Базовый модуль предполагает возможность изучения, усвоения, а также включает в себя практические задания для проверки усвоенных знаний.

Дополнительный повышенный модуль предполагает выполнение самостоятельных и творческих заданий.

Рассмотрев задачи обучения учителей-логопедов, можно выделить особенности отбора содержания элективного курса, направленного на профессиональную подготовку будущих логопедов к работе с детьми с ОНР:

- в содержание курса должно входить формирование предметных, методических, социальных, а также личностных компетенций, которые связываются с мотивационным, эмоционально-волевым, личностно-деятельностным и когнитивным компонентами готовности к профессиональной деятельности;

- содержание курса должно учитывать базовое образование и те знания, которые уже имеются к будущего логопеда по определённым дисциплинам, а также выделить в каждом блоке обучения модулей: вводного, базового, дополнительного;

- содержание курса должно реализовать междисциплинарные связи в педагогическом процессе с целью подготовки будущих логопедов к осуществлению комплексного подхода к коррекционной работе с детьми с ОНР и ко взаимодействию различных специалистов в их воспитании и обучении;

- содержание курса должно учитывать необходимые условия для обучения детей с ОНР младше-школьного возраста.

В условиях повышения квалификации, усвоение учителями-логопедами различных приемов наглядного моделирования происходит прежде всего на практических занятиях, которые направлены на обучение учителей - логопедов применению в работе разнообразных форм, методов логопедического сопровождения детей с речевыми нарушениями; использованию нетрадиционных методик по коррекции нарушений речи.

ЛИТЕРАТУРА:

1. Баранова Г.А. Подготовка учителя-логопеда в условиях повышения квалификации к применению метода наглядного моделирования в коррекционно-развивающем обучении детей дошкольного возраста с общим недоразвитием речи / Г.А. Баранова, А.В. Маркова // Символ науки, 2016. – №9. – С. 1-3.

2. Баранова Г.А. Повышение профессионального уровня педагога в работе с детьми с ограниченными возможностями здоровья в условиях инклюзивного образования / Г.А. Баранова // Актуальные проблемы гуманитарных и естественных наук, 2017. – № 10-3. – С. 65.

3. Баранова Г.А. Подготовка учителя-логопеда к обучению детей с ограниченными возможностями здоровья в условиях повышения квалификации / Г.А. Баранова // Актуальные проблемы гуманитарных и естественных наук, 2016. – № 4-8. – С. 77.

4. Глухов В.П. Комплексный подход к формированию связной речи у детей школьного возраста с нарушениями речевого и познавательного развития: монография / В.П. Глухов. – М., 2014. – 538 с.

5. Чухачева Е.В. Эффективные средства обучения будущих учителей-логопедов в условиях компетентностного подхода / Е.В. Чухачева // Педагогические науки, 2017. – № 1. – С. 3-7.

КӨРКЕМСУРЕТ - ТІЛСІЗ ПОЭЗИЯ, АЛ ПОЭЗИЯ - КӨРІНБЕЙТІН КӨРКЕМСУРЕТ

Ералина Г., 1-курс магистранты

Жетекшісі: Джакыпбекова М. Т., ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор

І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ.

E-mail: umbrella_sun_777@mail.ru

Мақалада поэзияның әдебиетте алатын орны, мұғалім шеберлігі мен кәсіпқойлылығының алғышарттары мен поэзиялық шығармаларды оқытуда қолданылатын стандартты емес формалар мен әдістер қарастырылды.

Тірек сөздер: *поэзиялық шығармаларды оқыту, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, сыныптан тыс жұмыстар, оқу мотивациясы.*

В статье рассмотрено место поэзии в литературе, предпосылки мастерства и профессионализма учителя и нестандартные формы и методы, используемые при обучении поэтическим произведениям.

Ключевые слова: *преподавание поэтических произведений, информационно-коммуникационные технологии, внеклассная работа, учебная мотивация.*

The article examines the place of poetry in literature, the prerequisites for the mastery and professionalism of the teacher and non-standard forms and methods used in teaching poetic works.

Keywords: *teaching poetry, information and communication technologies, extracurricular activities, educational motivation.*

Қайта өрлеу дәуіріндегі итальяндық суретші, ғалым, жазушы, музыкант Леонардо Да Винчи «Көркемсурет - тілсіз поэзия, ал поэзия - көрінбейтін көркемсурет» деп заман күйі, жанның мұңы мен зары, күйініші мен қуанышы, арманы, ойы мен сезімі, эмоциясы ұштасқан сөз өнерінің алтын тәжі - поэзияға көркем сөз арқылы болмысты әсерлеп, өрнектеп бейнелеудің құралы ретінде ерекше сипаттама береді. Шынымен де, поэзия – бұл тек ырғақ пен ұйқасқа, мән-мағынаға тәуелді бейнелі сөз емес, оның әдебиетте алатын орны адам баласына көрінбейтін бейнелерді, образдарды елестету, заман ағымы «күйреткен» адамзат жанын емдеу, рухтандыру, шабыттандыру, өткен өмірмен, көрікті ойдың шеберлерімен байланыс орнату «қабілетімен» ерекше.

«Туғанда дүние есігін ашады өлең,

Өлеңмен жер қойнына кірер денең.

Өмірдегі қызығың бәрі өлеңмен,

Ойласаңшы бос қақпай елең-селең», -

деп «Біреудің кісісі өлсе, қаралы ол» атты өлеңінде сөз өнерін әсер етуші, қозғаушы қоғамдық күш, рухани қазына ретінде таныған Абай Құнанбайұлы өмірге келіп, дүниеден өткенге дейін адам баласының ғұмырындағы поэзияның қызметі мен орны жайлы сөз қозғайды, яғни поэзия адам өмірінің дүниеге келуден бастап табиғатты сипаттау, махаббат, қайғы-қасірет, қорқыныш, өкініш, шаттық, уайым, достық, саясат, өмірдің мәні, ел, жер және т.б. әртүрлі аспектілерін қамтиды, сондықтан өмірді поэзиясыз елестету қиын. Поэзия арқылы жаңа әлеммен танысып, алған әсерлерімізбен бөлісе аламыз, себебі ол сөз зергерлерінің жаны мен жүрегіне қол тигізіп, жанашырлық танытуға, алаңдауға, қуанышқа бөленуге, жалпы автор эмоциясын сезінуге мүмкіндік береді. Бірақ қазіргі ұрпақ бойында осы бір сезімталдылық жеткіліксіз сияқты. Поэзияны жеке тұлғаны қалыптастырудың маңызды жолдарының бірі деп қарастырсақ, өскелең ұрпақтың мәдени және рухани дамуы

үшін білім беру ордасында поэзияны оқытуға баса назар аудару қажет. Әдебиеттанушы В.И.Лейбсон «Чему учат стихи? Детская поэзия и эстетическое воспитание» еңбегінде «Иә, өнер, оның ішінде поэзия – тәрбиенің ең күшті құралы» [1, 13] деп, поэзияға жас буынның рухани баюына ықпал ету, ақыл-ой белсенділігіне әсер ету, белгілі бір сезімдер мен идеяларға ынталандыру, тәрбиелеу, кеңес және нұсқау беру тәсілі түрінде баға береді, олай болса, көркем сөз өнерінің басты міндеті - жас ұрпақты арман мен қиял үстемдік ететін басқа әлемге тасымалдай отырып, ішкі әлемді жақсарту, ал қазіргі таңда – ұлттың рухани құндылықтарын жаңғырту.

Бүгінгі білім беру бағдарламасында поэзиялық шығармаларды қабылдауды әуелі сезім тудыратын, одан әрі ой қызметіне негізделетін эмоционалды дүниетаным ретінде қарастыруымыз керек. Ресей Ғылым академиясының академигі И.Т.Фролов дүниетанымға мынадай сипаттама береді: «Общие представления о мире и человеке, на основе которых люди живут и действуют, называют мировоззрением. Мировоззрение – совокупность взглядов, оценок, принципов, определяющих самое общее видение, понимание мира, места в нем человека, а также – жизненные позиции, программы поведения, действий людей. Мировоззрение – необходимая составляющая человеческого сознания» [2, 19]. Қоршаған дүниеге, ондағы адамның алар орнына деген көзқарастар, қоғамда қалыптасқан негізгі өмірлік ұстанымдар, мақсат-мұраттар, құндылықтар, наным-сенімдер бірлігін дүниетаным деп түсінеміз. Ал дүниетанымның эмоционалдылығын әр адам баласына тән өзіндік ерекшелігі бар сезімдік толғаныстар мен реакциялардан көре аламыз. Осылайша поэзия эмоционалды дүниетаным контекстінде ерекше мән-мағынаға ие болады.

Мұғалім поэзияны оқыту арқылы оқушының өзін-өзі тануына жағдай жасай отырып, жан-жақты ойлайтын, поэтикалық талғамы бар еркін тұлғаны тәрбиелеу керек. Осы мақсатқа қол жеткізудің алғышарттары: оқушылардың поэзиялық шығармаларға деген жеке көзқарасының көрінісі - оқырмандық өзіндік санасының ерекшеліктерін, оның дамуына ықпал ететін жағдайларды анықтау; поэзиялық шығармаларды оқушылардың рухани қажеттіліктері мен сұраныстарына сәйкестендіру; театрландырылған ойын технологияларын, проблемалық оқытуды кеңінен және икемді қолдану. Мұғалім автордың өмірбаяны мен шығармашылығын зерттеуді ұйымдастырған кезде оқушыларды толғандыратын сұрақтар мен мәселелерді, олардың қажеттіліктерін, өзіндік санасының даму деңгейін, мектеп оқушыларының өмірі мен әлеуметтік-қоғамдық шындық арасындағы байланыстың болуын ескеру қажет. Себебі оқушылардың өзін-өзі тануының дамуы әдебиеттің жеке табиғатын түсіне білу, поэзиялық шығармаларға деген жеке көзқарасының қалыптасу үрдісімен қатар жүреді. Поэзиялық шығармаларға деген қызығушылықты арттыруда ақындармен кездесу кештерінің, ақындық жинақтар тұсаукесерлерінің, өлең сүйер клуб мүшелері отырыстарының, әдеби өлкетанудың, сұрақ-жауап кештерінің, мәнерлеп оқу, поэзиялық шығармалар бойынша суреттер байқауларының, әдеби марафонның, викторинаның, мұражайларға, театрларға экскурсиялардың, фотокөрмелердің, әдеби-сазды кештердің, оқырман күнделігінің, пікірсайыстардың, дөңгелек үстелдердің рөлі айтарлықтай маңызды. Аталған іс-шаралар мектепте поэзиялық шығармаларды оқытудың маңызды міндеттерінің бірі - оқушылардың эстетикалық дамуына ықпалын тигізеді. Сондықтан поэзиялық шығармаларды оқытуға қатысты ұйымдастырылатын сыныптан тыс жұмыстар мұғалімге жан-жақты үйлесімді дамыған тұлғаны қалыптастыру сияқты негізгі мақсатты жүзеге асыруға көмектеседі. Поэзиялық шығармаларды оқыту бағдарламаларының жетілдірілуіне қарамастан жоғарыда аталған сыныптан тыс жұмыстар оқушылардың пәнге деген қызығушылығын қалыптастырудың қосымша құралы, поэзияны игеруінің маңызды арнасы, оқу процесінің ажырамас бөлігі болып қала бермек. Сыныптан тыс жұмыстар оқушының әдеби және көркемдік бейімділігін көрсетуге және дамытуға, сабақта алған білімдерін кеңейтіп, тереңдетуге, бағдарламалық материалды игеруге, поэзиялық шығармаларды талдау дағдыларын жетілдіруге, сөздік қорын арттыруға, шығармашылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндіктер жасайды. Поэзиялық шығармаларды оқыту бойынша сынып жұмысының да,

сыныптан тыс жұмыстың да табысты нәтижесі оқушылардың қызығушылығын тудыра білуге байланысты, себебі қызығушылық оқу іс-әрекетін сәтті етеді, білімді игерудің тереңдігі мен беріктігіне, білімді практикада қолданудың сәттілігіне ықпал етеді, оқушыларды өз бетінше білім алуға итермелейді. Біріншіден, сыныптан тыс жұмыс барысында оқушылар мәтінді, деректі материалдарды, әдеби еңбектерді оқиды, сол кездегі тарихи жағдаймен толығырақ танысады. Екіншіден, жеке мәселелер бойынша жұмыс жасай отырып, олар дәл және нақты, дәлелді, көркем мәтінге және басқа жазбаларға сілтеме жасай отырып, өз ұстанымын құруды, өзге көзқарасты, пікірді тыңдай білуге, ұжымда жұмыс істеуге үйренеді. Үшіншіден, түрлі ақпарат көздерімен жұмыс істеу қабілеті қалыптасады. Төртіншіден, сыни тұрғыдан ойлау дамиды. Поэзиялық шығармалармен жұмыс жасау кезінде келесі практикалық мақсаттар да шешіледі: айтылым пысықталады, лексика игеріліп бекітіледі, мәнерлеп оқу дағдысы дамиды, грамматикалық дағдылар, сондай-ақ тыңдау, сөйлеу дағдылары қалыптасады.

Сыныптан тыс жұмыстар үшін таңдалған материал белгіленген бағдарлама талаптарынан сәл асып кетуі мүмкін екенін әрдайым есте ұстаған жөн, бірақ ол ешбір жағдайда оқушылардың жас ерекшеліктерінен аспауы керек. Сондай-ақ, оқушылардың сыныптан тыс жұмыстарға ерікті қатысуы және жайлылық, яғни оқушыларға ыңғайлы уақытта және ыңғайлы түрде өткізілу сияқты қағидаларды ескерген жөн. Сыныптан тыс кез келген жұмысты өткізер алдында оқушылардың психологиялық және оқу мүмкіндіктерін, тақырыпқа байланысты қызығушылығын алдын ала диагностикалау қажет.

Оқу процесінде мұғалімнің дұрыс ұйымдастырылған қызметі, сабақтан тыс жұмыс мүмкіндіктерін қалай қолданатыны өте маңызды рөл атқарады. Осы ретте мұғалім кәсіпқойлығының бірнеше деңгейлерін ажыратуға болады: сауаттылық деңгейі, яғни әдістемелік білімді меңгеру деңгейі; сынып және сыныптан тыс жұмысты ұйымдастыра білу деңгейі; интерактивті технологияларды қолдана алу деңгейі. Поэзияға байланысты сыныптан тыс оқу сабақтарының сәттілігі, оқушылардың оқу мотивациясы мұғалімнің шеберлігіне, яғни ұйымдастырушылық, коммуникативтік, инновациялық, зерттеу дағдыларына, ал әдістемелік шеберліктің барлық элементтерін, сондай-ақ кәсібилік деңгейін игеру мұғалімнің жеке қасиеттеріне, іс-әрекетінің стиліне, қабілеттері мен мінез-құлқына байланысты. Оқушыларды ең алдымен олардың қызметі сәтті өтетін пән қызықтырады. Ал пәнге деген қызығушылық, оқу мотивациясы өздігінен пайда болмайды. Бұл білім беруші мұғалімнің еншісінде. Оқуға деген қызығушылықты, оқу мотивациясын қалыптастыру - бүгінгі күні өзектілігін жоғалтпаған мәселе. Бір мұғалімнен білім алушы оқушылардың білімі мен дағдыларының деңгейі әртүрлі болады. Бұған материалды, мұғалімнің түсіндіруін әртүрлі қабылдаулары мен игерулері себеп болады. Оқу іс-әрекетінің жақсы нәтижелері қызығушылыққа, оқу мотивациясына байланысты. Егер оқушылардың қызығушылығы мен оқу мотивациясы төмен болса, онда мектептегі үлгерімнің төмендеуі байқалады. Мұғалім сабақта оқушылар арасында қызығушылықты, оқу мотивациясын қалыптастырудың келесі әдістерін қолдана алады: жалпы жағымды атмосфераны құру; өздігінен білім алуға ынталандыру; топтық және ұжымдық қызмет түрлерін ұйымдастыру; өмірлік жағдайларды талдау, білімнің қоғамдық және жеке маңыздылығын түсіндіру; оқушыларды бағалау қызметіне тарту және өзін-өзі бағалауды қалыптастыру; ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану.

Қазіргі таңда мектеп оқушылары заманауи технологияларды сенімді пайдалана алады. Олар үшін қарапайым суреттер мен сызбалар қызықты емес. Осыған байланысты поэзиялық шығармаларды оқытудың стандартты емес әдістері мен ақпараттық-коммуникациялық технологияларын білімге деген құштарлықты оятуды мақсат еткен құрал ретінде енгізудің және қолданудың педагогикалық идеясын жүзеге асыру міндеті ерекше өзекті болып тұр. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар кеңінен қолданылады, бірде-бір мектеп іс-шарасы мультимедиялық презентацияларсыз, ал сабақ инновациялық білім беру ресурстарын пайдаланбай өткізілмейді. Мектепте ақпараттық технологияларды қолдану мақсаттары әртүрлі, бірақ олардың негізгілері мұғалімнің жұмысын жан-жақты

жеңілдету және сонымен бірге оған қазіргі заман талап ететін оқыту сапасының жаңа деңгейіне жетуге көмектесу болып табылады. Теледидар, кино, радио және бейне ғасырында поэзиялық шығармаларды оқыту оңай емес: оқушылар көп уақыт жұмсамай-ақ әдеби шығарма туралы түсінік алуды жөн көреді. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар көмегімен мұғалім оқушыларға жаңа тақырыпты тиімді ұсына алады, қызықты мультимедиялық презентация мұғалімнің жаңа сабақты түсіндіруімен бірге жүруі мүмкін, сондай-ақ оны бейне және аудио материалдармен, суреттермен, сызбалармен толықтыруға болады. Ақпараттық технологиялар жеке және топтық жұмысты ұйымдастыруға, бақылау және интерактивті онлайн-тесттер, викториналар сияқты өздік жұмыстарды жүргізуге, тез тексеруді жүзеге асыруға және алынған нәтижелерді дерекқорға енгізуге мүмкіндік береді. Сабақта оқушылар ақпаратты іздеумен және іріктеумен, шығармашылық тапсырмаларды дайындаумен және мультимедиа өнімдерін жасаумен айналыса алады. Сабақ кезінде иллюстрациялық материалдары бар авторлардың өмірбаяндары бойынша презентацияларды, деректі фильмдерді, фонохрестоматияларды немесе өткен материалды қорытындылайтын тесттер мен ойындарды пайдалануға болады. Оқушылар ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы сырттай экскурсиялар, жазушылар туралы әңгімелер, медиа шығармалар, мектептегі көрнекі құралдар кітапханасын, анықтамалықтар, тірек конспектілер, челлендж, флешмоб жасай алады.

Барлық сынып оқушыларын поэзиялық шығармаларды оқу үрдісіне тарту мақсатында оларды «суретшілер», «оқырмандар», «музыканттар» деп топтастыруға болады. «Суретшілер» тобы суреттер түрінде поэзиялық шығарманы жолдар немесе шумақ бойынша бейнелеп, анимациялық слайд жасайды. «Оқырмандар» тобы берілген поэзиялық шығарманы мәнерлеп оқиды, ал «музыканттар» сәйкесінше әуенді таңдайды. Соңында әр топтың жұмысы бір жобаға, яғни біріктірілген презентацияға ұласады. Мұндай өзара іс-әрекет ынтымақтастықты, бірлесіп құру тәжірибесін қалыптастырады. Ең бастысы, сабақтың мұндай түрі қалыптасқан стереотиптерді жеңуге, таныс қарым-қатынас тәсілдерін өзгертуге, берілген материалды қызықтырақ беруге мүмкіндік береді.

Поэзиялық шығармаларды оқыту бойынша сабақ өткізудің қандай да бір түрін, әдісін қолдансақ та, оқушылардың дикциясына, пунктуацияға назар аударуына көңіл бөліп, «интонация, темп, ритм» ұғымдарын түсініп ұтымды қолдануды үйрете отырып, автордың өмірбаяны, шығармашылығы, идеясы сынды ақпаратпен шектелмей, жас ұрпақ бойында белгілі бір сезім, одан кейін оқыған поэзиялық шығармаға қатысты ой туғызып, өзіндік қорытынды жасау білуге жетелеуі қажет.

Сонымен, поэзиялық шығармаларды оқытудың түрлі формалары мен әдістері - үлкен жұмыс. Нәтижесі бірден көрінбеуі мүмкін, бірақ егер мұғалім сыныпта және сыныптан тыс уақытта түрлі формалар мен әдістерді жүйелі түрде қолданса, оқушылар сабақта өздерін белсенді көрсетеді. Өмірде қажет болатын білім беру, адамның шынайы құндылықтарын бағалай білуге, басқаларды құрметтеуге, өз елін сүйуге, оның тарихын білуге және есте сақтауға үйрету - өскелең ұрпақты оқыту мен тәрбиелеудің міндеті. Ал мұғалім оқытудың жаңа нысандары мен әдістерін қолдану арқылы оқушылардың өзін-өзі дамытуына түрткі болуы тиіс.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Лейбсон В.И. «Чему учат стихи? Детская поэзия и эстетическое воспитание» - Мәскеу: Просвещение, 1964 – 104 б.
2. Фролов И.Т. «Введение в философию: Учеб. пособие для вузов» - Мәскеу: Республика, 2003 - 623 б.
3. Грибанова К.И. «Развитие коммуникативной компетенции учащихся на материале поэтических произведений» - Пятигорск мемлекеттік лингвистикалық университеті, Пятигорск қ., № 1, 2011 – 70-73 бб.
4. Саткенова Ж.Б., Бисегалиева Н.Қ. «Балаларға арналған поэзиялық шығармалар тілі» - Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, № 3 (63), 2016 – 212-218 бб.

5. Махмудова Н.А., Ильясов И.О., Абдурахманова П.Д. «Повышение качества образовательного процесса через внедрение новых педагогических и информационно-коммуникационных технологий (ИКТ)» ғылыми-әдістемелік мақалалар жинағы - Дағыстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Махачкала қ., 2018 – 238 б.

ӘОЖ 1751

<https://doi.org/10.53355/w0050-9043-4679-n>

ТҮРКІ ТІЛІНІҢ ТАРИХИ ДАМУЫ ЖӘНЕ 1850-1940 ЖЫЛДАР АРАЛЫҒЫНДАҒЫ ТҮРКІ ӘДЕБИ (ЖАЗБА) ТІЛДЕРІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Ердинч Д., PhD

Нийде Өмер Халисдемир Университеті, Нийде қаласы, Түркия Республикасы

Тлегенова Г. А., білім магистрі

І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қаласы

E-mail: edemiray1@gmail.com, gunya_85@mail.ru

1300 жылдық тарихы бар түркі тілі әлем тілдерінің ішінде ең көне тілдердің бірі болып табылады. 8 ғасырда жазылған Орхон жазбаларынан бастау алған түркі жазба тілінің бүгінде 21 түрлі жазба тілі бар.

20 ғасырдың басына дейін жазба тіл ретінде де, әдеби тіл ретінде де көп айырмашылығы болмаған шығыс және батыс түркі жазба тілдерінің 21 түрлі жазба тілге айналуында Ресейдің саяси әсері басым. Патшалық дәуірден басталып, кеңестік кезеңде де жалғасқан мәдениет пен тіл саясатының мақсаты - ең болмағанда зиялылар арасындағы ортақ дін, тіл, тарих, мәдениет санасын бұзып, түркі қауымдарын жазу және әдеби тіл жағынан бір-бірінен ажыратып, алыстату болды.

Тірек сөздер: түрік жазба тілі, қазіргі түрік жазба тілдері, патшалық Ресейдің тіл саясаты, Кеңес Одағының тіл саясаты

Тюркский язык с 1300-летней историей является одним из древнейших языков мира. Тюркский письменный язык, основанный на Орхонских письменах, написанных в 8 веке, сегодня имеет 21 вид письменности. До начала 20 века политическое влияние России преобладало в превращении восточных и Западно-тюркских письменных языков в 21 разнообразный письменный язык, который не сильно отличался ни как письменный язык, ни как литературный язык. Цель культуры и языковой политики, которая началась в царские времена и продолжалась в советский период, состояла в том, чтобы хотя бы разрушить общее у интеллигенции сознание религии, языка, истории, культуры, отделить и отдалить тюркские общины друг от друга в плане письменности и литературного языка.

Ключевые слова: Турецкая письменность, современные турецкие письменные языки, языковая политика царской России, языковая политика Советского Союза

The Turkic language with a 1300-year history is one of the oldest languages in the world. The Turkic written language, based on the Orkhon scripts written in the 8th century, today has 21 types of writing. Until the beginning of the 20th century, Russia's political influence prevailed in the transformation of Eastern and Western Turkic written languages into 21 diverse written languages, which did not differ much either as a written language or as a literary language. The goal of culture and language policy, which began in tsarist times and continued during the Soviet period, was to at least destroy the common consciousness of religion, language, history, culture among the intelligentsia, to separate and distance the Turkic communities from each other in terms of writing and literary language.

Keywords: Turkish written language, modern Turkish written languages, language policy of Tsarist Russia, language policy of the Soviet Union

Түркі тілі - әлем тілдерінің ішінде ең көне тілдердің бірі. Шамамен 1300 жыл бұрынғы Орхон жазбалары түріктердің тұрақты және ресми түрде қолданған алғашқы жазу жүйесі болып табылады. Есік қорғанынан табылған тостағандағы жазуларға қатысты зерттеулер, қытай және византия деректеріндегі түріктер туралы деректер түркілердің ерте заманнан бері үлкен жағрафияда жазу қолданғанын көрсетеді (Ширин Ұсер, 2006: 30). Орхон жазбалары көлемділігімен, жазу жүйесінің айқындығымен жалпы түркі жазба дәстүрінің бастауы ретінде қабылданады. 8 ғасырда басталып, 1300 жыл үзіліссіз жалғасатын түркі жазбасы бүгінде 21 түрлі жазба тілге бөлінген. (Ержіласұн, 1993).

II. Көктүрік қағанаты кезеңінен кейін әртүрлі түрік тайпалары манихейизм, буддизм, христиан, иудаизм және ислам сияқты әртүрлі діни ағымдармен сенім жүйелерін қабылдады. Жазу дәстүрін көктүрік әліпбиімен бастаған түркілер, кейін діни және әртүрлі саяси себептерге байланысты арғы кезеңдерде мани, сөгут, ұйғыр, брахми, тибет, сирия, иврит; бергі кезеңдерде грек, араб, латын және кириллица әліпбилерін пайдаланды (Ширин Ұсер, 2006: 26-27).

Махмұд Қашқари 1074 жылы жазған «Диуани-лұғат ат түрік» атты еңбегінде түркі тайпалары арасындағы диалектілік айырмашылықтарды атап өткен (Қарахан, 2013). Дегенмен, түркі тілі тарихи кезеңдерде орын алған фонетикалық, дін өзгертуге және көршілес қауымдармен қарым-қатынасына байланысты өзгерістерге ұшырап, кейбір сөздік айырмашылықтарды қоспағанда, өзіндік дамуын жалғастырды. Диалектілер арасындағы айырмашылықтар онша көп емес. Әліпбидегі өзгерістер мен түрлі әліпбилердің қолданылғанымен түрік жазба тілі 8-13 ғасырлар аралығында бір-бірінің жалғасы ретінде дамыды.

Кең жағрафияға таралу, сол жерлерде дербес әрекет ете алатын мемлекеттер құру, жаңа мәдени, сауда орталықтарын құру немесе басып алу сияқты факторлар түркілердің 13 ғасырда жаңа жазба тілдерін қолдануына жол ашады. Осы ғасырда батыс оғыз түркі тілі - Анадолы аймағында оғыз ауыз екі тілі негізінде жаңа жазба тіл ретінде пайда болды. Шығыс (шағатай) түркі тілі - 13-15 ғасырлар аралығында Хорезм және Алтын орда аймағында дәстүрлі жазба тілдің қайта құрылуымен пайда болды. (Акар, 2017: 192). Бұл екі әдеби жазба тілі түркі тілінің екі негізгі жазба тілін қалыптастырып, 20 ғасырдың басына дейін қолданыста болды.

Тарихи қыпшақ тілі - 13-15 ғасырда Дешті Қыпшақ жерінде Алтын Орда мен Мысыр-Сирия аймағындағы мәмлүктердің төңірегінде пайда болған әдеби тіл. Хорезм-Алтын Орда аймағындағы қыпшақ тілі 15 ғасырдан кейін шағатай тіліне, ал Мысыр-Сирия аймағында пайда болған қыпшақ тілі османлышаға айналған.

15-19 ғасырларда түркі әлемінде екі негізгі жазба тіл (әдеби тіл) болды: османлы тілі (батыс түркі тілі), шағатай (шығыс түркі тілі). Бұл екі түркі тілінің түсінісу деңгейі өте жоғары болған, яғни бір-бірімен оңай түсініскен. Солтүстік және Шығыс түркілердің ортақ жазба тілі Шағатайша болса, Батыс түркі тілі Османлыша болды.

Патшалық Ресейдің тіл және мәдениет саясаты

Ұлы Түркістан жағрафиясында 16 ғасырдың ортасында Қазан және Астрахан хандықтары, ал 18 ғасырдың аяғында Қырым хандығы орыстардың қол астына толығымен алынды. 19 ғасырдың басынан бастап орыстар оңтүстік Кавказ мен Орта Азияға қарай бет алды. 19 ғасырдың аяғында Орта Азиядағы түрік қағанаттарының барлығы Ресейдің қол астына өтті.

Орыстардың қол астындағы халықтар мен топтарға қарсы үстемдігін тұрақты түрде сақтау жоспарларының бірі- ұлтты христиандандыру және орыстандыру саясаты болатын.

Қазан мен Астраханьды басып алғаннан кейін, бұл саясат 16 ғасырдың ортасында түркі қауымына да жасалды. Бірақ, дәстүрдің беріктігіне, қалаға көшу, мектептердегі оқу-тәрбие жұмыстарының шектеулігіне байланысты көздеген мақсатына жете алмай, зардап шекті. (Камалиева 2009: 80-82).

19 ғасырдың ортасынан бастап Батыс түркілері үшін де, Солтүстік және Шығыс түркілері үшін де болмыс, мәдениет, тіл, әдебиет, өнер, білім, ғылым салаларында ағартушылық кезеңнің

басталғанын көруге болады. Ежелгі басқару, мемлекет түсінігінің өзгертілуі, жаңа дәуірге сай ғылым, мәдениет, білім салаларында жаңғырудың қажеттілігі туды. Халықты ағарту арқылы тіл, тарих, мәдениет санасын қайта қалыптастыру мүмкіндігі туды.

Әсіресе 19 ғасырдың ортасынан кейін бүкіл түркі жерінде болмыс, мәдениет, тіл және өркениет тоғысында интеллектуалдық пікірталастар басталды. Бұндай пікір таластар Османлы жерінде де, одан өзге түркі жағрафиясында да түркішілдік санасын оята бастады (Ақсұра 2015). Түркішілдік сана - ұлы Түркістан жағрафиясында лексика, морфология, синтаксис және орфография тұрғысынан ортақ келетін түркі жұртының бірлесуіне, ортақ әдеби тілді қалыптасуына күш салды. (Гаспыралы 2017: 77-83, 84-86). «Тілде, пікірде, тірлікте бірлік» ұранына да негіз болатын «ортақ әдеби тіл» қалыптастыру талпыныстары осы кезеңде өрбіді. Алайда, Османлы жерінде тілдің жеңілдетілуіне, түрікшілдікке қарсы болғандар да, Өзбекстанда шағатай тілін сақтап қалу идеясын немесе әртүрлі түркі географияларында жергілікті ұлтшылдық пен аймақтық диалектіге негізделген жазба тіл идеясын жақтаушылар да болды. Жергілікті ұлтшылдыққа байланысты бірегейлік пен аймақтық диалектілерге/қолданыс тіліне негізделген әдеби тілді қалыптастыру идеясын жүзеге асыруда орыстардың ықпалы орасан зор.

Жерін кеңейтіп, ықпал ету аясын ұлғайтқан патша үкіметі өз мақсатарына жетуде ең бірінші кезекте «тіл» мәселесіне көңіл бөлді.

Патша үкіметі дәуірінен бастап Украина, Польша және Литва сияқты елдерде орыс тілінің ортақ және жалғыз қолданыс тілі болу саясатын түркі халықтарына да жүргізді. (Өзтүрк, 2020: 52-58) Бұл саясатты 19 ғасырдың жартысынан бастап, Қазан университетінің теология факультетінің түлегі Н.И. Илминскийдің жоспары аясында жүйелі әдістерімен жүзеге асырылды. Осы кезеңнен бастап Н.И. Илминский кириллицамен әрбір түркі қауымына жергілікті ауызекі тілін білім беру үдерісі аясында әдеби тілге айналдырып, осының негізінде орыс тілінің мәртебесін көтеріп, түркі халықтарын қайта қалыптастырып, бағыттап орыстандыру саясатын жүргізуді жөн көрді.

Патша үкіметінің егемендік аймақтарын орнату мен бекітуде «дін», «әліпби» және «тіл» идеяларымен саясаткер Ильминский және оның шәкірті Н.П.Остраумов айналысты. Десекте, жүзеге асыра бастаған бұл саясаты айтарлықтай сәтті болмады. (Өзтүрк 2020: 55). Бірақ Түркістан жерінде азды-көпті жазба тілді қолданатын түркі халықтары арасында жергілікті ауызекі тілге негізделген жазбаша тілді қолдану, орыс тілін үйрену, орыс мектептерінде оқу үдерісі кең етек алды. Н.И. Илминскийдің әзірлеуімен, патшалық Ресейдің қолдауымен жүзеге асырылған жоспарлар түркі қауымдары арасында этникалық, аймақтық диалектілерге негізделген жазба тілдердің негізі қаланды. Осылайша түбі бір түркі қауымдары арасындағы диалект/тіл пен мәдени айырмашылықтарды арттыру арқылы ұлттық сананың қалыптасуына тосқауыл қойылып, патша үкіметіне қауіп төндіретін күштердің ықпалы бұзылды (Үстүн, Қарақұрт 2019: 184).

Кеңес дәуіріндегі тіл және мәдениет саясаты

Патшалық Ресейдің экономикалық және әскери саясатына, мәдениет пен тіл саясатына қарсы шыққан кейбір түркістандық зиялылар кеңестік революция қозғалысына қатысып, революцияның сәтті аяқталуында маңызды рөл атқарды. Бірақ Кеңес Одағы орнағаннан кейін кеңестік әкімшілік түркі қауымдарына үстемдігін нығайтқандықтан, зиялылар мен қауым жетекшілері жүйеден шеттетілді. Ал жаңа басшылық өзінің «тіл» және «мәдениет» саясатын кеңестік идеологияға бейімдесе де, іс жүзінде патшалық дәуірде қалыптасып, қолданысқа енгізілген «тіл» мен «мәдениет» саясатының түпкі мақсатына сәйкес келетіндей етіп қайта құрылды. Бұл түсінік екі негізгі қағидаға негізделген: 1. Кеңес Одағы құрамындағы әрбір түркі мемлекеті мен қауымдастығы үшін бір-бірінен өзгеше тарих, жазу (әліпби), тіл және мәдениетін дамытып, әрбір ұлтты/болмысты қарастырып, осылайша бір-бірінен ажырату арқылы ұжымдық қарсылықтарды жою;

2 Қарым-қатынас тіл ретінде орыс тілінің мәртебесін көтеріп, түркі халықтарын мәдениетімен тілінен алшақтатып, орыстандыру болды.

Бұл жағдайды ерте байқаған Тоған 1923 жылы ақпанда Ленинге жазған хатында *«революцияға дейін халықтарға барлық мәселеде еркін әрекет етуге уәде етілгенін»* еске салып, кеңес әкімшілігі революцияны барлық салада орыстандыру саясаты түрінде жүзеге асырғанына қатты қынжылыс білдіріп:

«Енді түсінікті болды, бір ұлттың тілі мен емлесімен айналысқанда сол ұлтты орыс қылмайынша ол ұлттан қол үзбей, жағасына жабысыды екенсіз. «Ағынға қарсы» деген еңбегіңізде сондай-ақ, басқа да шығармаларыңыздағы ұлттардың құқықтары жайлы айтқан сөздеріңіз бен қазіргі жасап отырған саясатыңыздың арасындағы айырмашылықты көргенде танданбау мүмкін емес».

Тоған, Кеңес әкімшілігінің орыс емес ұлттардың әліпбиіне, тілі мен әдебиетіне араласуын социалистік революцияның мақсатынан ауытқып, империалистік елдік түсінікке айналу деп есептейді: *«Егер Ресейдегі социализм өзінің империалистік дәстүрлерінің деңгейіне түспесе, қол астындағы халықтардың әліпбилері мен ауыз екі тілдерінен қайта құрылатын жаңа әдеби тілдер мәселесіне не қатысы бар еді?»*

З.В.Тоғанның (1970:29) пікірінше, орыстардың Кеңес Одағындағы түркі қауымдастықтарында жүзеге асырған ұлттық тіл мәселесінің шын мәні *«уақытша үгіт-насихат, сонымен қатар жергілікті тайпаларды орыстандыру саясаты үшін қолданылатын құрал»* бұдан басқа ештеңе емес.

Ұлттық бірегейлік төңірегінде бірігуді мақсат еткен Патшалық Ресейдің қол астындағы қазақ, татар, өзбек, башқұрт, қырғыз, өзбек зиялыларының көпшілігі алғашқы кезде патшалық Ресей әкімшілігіне қарсы күресіп, Кеңес төңкерісіне үлес қосты. Біраз уақыт өткеннен кейін кеңес әкімшілігі өзінің шынайы бет-бейнесін көрсетті. Өзінің үстемдігі мен билігін күшейткеннен кейін Ахмет Байтұрсынұлы, Мағжан Жұмабаев, Тұрар Рысқұлов, Ілияс Жансүгіров, Сәкен Сейфулин, Әлихан Бөкейханұлы сияқты көптеген зиялылар «пантүрікшіл, тергеуші, мемлекет жауы, халық жауы» деген айыппен ату жазасына кесілді. (Kılınçkaуа, Omarbekov 2019). Осылайша халықты басқаратын, жөн сілтейтін зиялылардың көзін жойды.

Кеңестік революцияның күрес кезеңінде революцияға қолдау көрсетулері үшін бостандық, саяси және мәдени құқықтар туралы көптеген уәделер берілген болатын. Алайда патшалық заман да әдіс-тәсілі де бөлек болғанымен, кеңестік кезеңде мәдениет, тіл, болмыс пен тарихи сананы жойып, орыстандыру саясаты өте маңызды болды. Бұл саясаттардың ең маңызды тіректерінің бірі «тіл» саясаты болды (Mirzahmetuli, 2020). Кеңестік кезеңде бұл саясатты жаңа ұлттық идеология *«халықтар бауырластығы, теңдік және социализм»* секілді саясатпен бүркемеледі. Жаңа жазба тілдердің төңірегінде жасалған ұлттық бірегейлік шеңберінде үлкен немесе кіші әкімшілік және саяси автономия беру, түркі қауымдарындағы кейбір адамдарға билік беру ретінде қарастырылды. Бірақ бәрі де Ресейдің саясатына сай жүргізіліп жатты. Кеңес өкіметі орнағанға дейінгі және кейінгі кезеңде бұл жағдайды аңғарып, қоғамға ескерту жасаған зиялылар аз болған жоқ. Біраз уақыттан кейін түркі халықтарына қолайлы ортада идеяларымен жол көрсетуге тырысқан бұл зиялылардың аузы жаптырылып, көздері жойылды.

Төңкерістен кейінгі жүйенің орнап, билік орнығуымен 1930-жылдардан бастап күшейіп, 1937-1938 жылдары шарықтау шегіне жетіп, 1950 жылдарға дейін жалғасқан қуғын-сүргін кезеңі Түркі әлеміндегі ұлт зиялыларының жер аударылып, ату жазасына кесіліп, жаппай жойылған кезі еді. (Буран 2010:303-541). Ұлтқа қатысты болмысын, тілін, мәдениетін және дәстүрін білетін ұлт зиялылары мен қоғам қайраткерлерінің жойылуы түркі халқын бағыт-бағдарсыз қалдырды. Орыс тілі, тарихы және мәдениеті негізінде «Кеңес азаматы» түсінігін қалыптастырып, білім беру жүйесін жаңадан құрастыруды жөн көрген. Кеңестендіру-орыстандыру түсінігіне негізделген осы басқару және білім беру процестерінде өсіп-өнген және кеңестік идеологияның саясатын сезінген ұлттық рухты зиялы қауым үшін, әсіресе 1950 жылдардан кейін ғылым, мәдениет, өнер, мемлекеттік қызметтен шеттетуге, елеусіз қалдырып беделін түсіру секілді саясаттың жүзеге асырылғандығы айқын көрініс табады.

20 ғасырдың басына дейін жазба тіл ретінде де, әдеби тіл ретінде де аса ерекшеленбеген шығыс және батыс түркі жазба тілдерінің 21 түрлі жазба тілге айналуында Ресейдің саяси әсері басым. Патшалық дәуірден басталып, кеңестік кезеңде де жалғасқан мәдениет пен тіл саясатының мақсаты - ең болмағанда зиялылар арасындағы ортақ дін, тіл, тарих, мәдениет санасын бұзып, түркі қауымдарын жазу және әдеби тіл жағынан бір-бірінен ажыратып, алыстату болды. Түрік қауымдарын шағын және әлсіз топтарға бөлу арқылы алдымен патшалық Ресейге, одан кейін Кеңестік Ресейге ұжымдық қарсылықтың алдын алу көзделді. 19 ғасырдың ортасында Н.Ильминский мен оның шәкірті Оустратовтың жетекшілігімен басталған зерттеулер кеңестік кезеңде де жалғасын тауып, соңында үлкенді-кішілі 21 жазба/әдеби тіл пайда болды.

Қорытынды: 20 ғасырдың басына дейін ортақ жазба тілін қолданып келген Түркістандағы түркі халықтары 1940 жылдан бастап әр халық үшін жеке-жеке дайындалған үшінші әліпбиін қолдана бастады. Әліпбимен бірге тіл мен әдебиетке жүргізілген кедергілер Кеңес Одағындағы түркі халықтарының мектеп қабырғасында білім алған балаларының бұрынғы ұрпақтан және басқа да түркі халықтарынан ажырап, бөлініп шығуына әкелді.

Кеңес өкіметі тұсында жүргізілген тіл саясатының, соның ішінде тілдің әліпбиіне, лексикасы мен синтаксисіне араласуының нәтижесінде әрбір жазба тіл тіпті өз тобының бір бөлігіне ғана қатысты болып қала берді. Ұзақ уақыттан бері әрі мемлекеттік әрі қолданыс тілі болып келе жатқан орыс тілінің қасында түркі тілдері мәртебесінен айрылды.

Тәуелсіздікке қол жеткізген Түркі мемлекеттерінде түркі тілдері мемлекеттік және білім беру тілі ретінде мәртебесін арттырғанымен, орыс тілінің түрлі салаларда әлі де болса кең қолданыста екендігі байқалады.

Қазақстанда да басқа да түркі мемлекеттерінде ұлттық тілдің күнделікті өмірде, бұқаралық ақпарат құралдарында, әдебиет, мәдениет, өнер және ғылым салаларында қолданылуын күшейтіп, халықты ана тілін қолдануға ынталандыру және жігерлендіру қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Akar, A. (2017). Türk Dili Tarihi, 12. Basım, Ötüken Neşriyat, Ankara.
2. Akçura, Y. (2015). Türkçülüğün Tarihi, (hazırlayan: Erol Kılınç), Ankara: Ötüken Neşriyat.
3. Buran, A. (2010). Kurşunlanan Türkoloji, Ankara: Akçağ Yayınları.
4. Ercilasun, A. B. (1993). Örneklerle Bugünkü Türk Alfabeleri, Kültür Bakanlığı yayınları: Ankara.
5. Gaspıralı, İ. (2017). Dil- Edebiyat- Seyahat Yazıları, (neşre hazırlayan: Yavuz Akpınar), Ankara: Ötüken Neşriyat.
6. Kamaliev, A. (2009). *Ayaz İshakî'nin Eserlerinde Ruslaştırma ve Hristiyanlaştırma*, Erdem, Sayı: 55, s. 79-92.
7. Karahan, A. (2013). Divanü Lugati t Türk e Göre XI. Yüzyıl Türk Lehçe Bilgisi, Türk Dil Kurumu Yayınları: Ankara.
8. Kılınçkaya, D. M., Omarbekov, T., Egamberdiyev M. (2019): *Sovyetler Birliği Döneminde Yıldırma Politikasının Bir Unsuru Olarak "Türkçülük" Suçlaması*, Cumhuriyet Tarihi Araştırmaları Dergisi, Yıl 15, Sayı 30, s. 1-27.
9. Mirzahmetuli, M. (2020). Kazakları Ruslaştırma Siyasetinin Bilinmeyen Yönleri, Bengü yayınları: Ankara.
10. Mamırbekova, G. M. (2012), Eski Qazaq Tiliniñ Jazba Nusqaları, Almatı: Şapağat-Nur.
11. Öztürk, Z. (2010). Özbekistan'da Dil Politikası: Standartlaşma ve Modernizasyon, Hacettepe Üniversitesi Türkiyat Araştırmaları Enstitüsü (yayınlanmamış doktora tezi): Ankara.
12. Togan, Z.V. (1970). Türklüğün Mukadderatı Üzerine, Hareket Yayınları: Ankara.
13. User Şirin, H. (2006). Başlangıçtan Günümüze Türk Yazı Sistemleri, Akçağ Yayınları: Ankara.
14. Üstün, K. - Karakurt, M. (2019). *İlminski'y'nin Eğitim Sistemi Üzerinden Rus Milliyetçiliğinin Kısa Bir Okuması*, Karadeniz Uluslararası Bilimsel Dergi, sayı: 42, s. 177-187.

І. ЖАНСУГІРОВ ШЫҒАРМАЛАРЫН ТАЛДАТА ОТЫРЫП, ОҚУШЫЛАРДЫҢ ПРАГМАТИКАЛЫҚ ҚАБІЛЕТТІЛІКТЕРІН ДАМУ

Жанысбекова Ш. Т., докторант

І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ.

E-mail: sh_zhanysbekova@mail.ru

Мақалада І. Жансүгіров шығармаларын талдата отырып, оқушылардың прагматикалық қабілеттерін дамыту мәселесі қарастырылады. Прагматика, прагматикалық қабілет ұғымдарының теориялық негіздеріне шолу жасалып, оның прагматикалық тілдік қабілет және коммуникативті прагматикалық қабілет негізінде дамитындығы туралы пікірлер келтіріледі. І.Жансүгіров шығармаларын талдау арқылы прагматикалық қабілеттерді дамыту коммуникативті және прагматикалық, интерактивті тапсырмалары келтіріледі.

Тірек сөздер: прагматика, прагматикалық қабілет, шығарманы талдау, тапсырма, шығармашылық.

В статье рассматривается развитие развитие прагматических способностей учащихся на основе анализа произведений И.Жансугурова. Рассмотрены обзор теоретических основ концепций прагматики, прагматической способности, а также ее развитие на основе прагматической языковой способности и коммуникативной прагматической способности. Даны коммуникативно-прагматические, интерактивные задания на развитие прагматических способностей на основе анализа произведений И. Жансугурова.

Ключевые слова: прагматика, художественный текст, анализ, школа, метод, творчество.

The article discusses the development of the pragmatic abilities of students based on the analysis of the works of I.Zhansugurov. The review of the theoretical foundations of the concepts of pragmatics, pragmatic ability, as well as its development on the basis of pragmatic language ability and communicative pragmatic ability are considered. Communicative-pragmatic, interactive tasks for the development of pragmatic abilities based on the analysis of the works of I. Zhansugurov are given.

Keywords: pragmatics, artistic text, analysis, school, method, creativity.

Қазақстан Республикасының Президенті - Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына жолдауында [1], «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасында «Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс. Абайдың даналығы, Әуезовтің ғұламалығы, Жамбылдың жырлары мен Құрманғазының күйлері, ғасырлар қойнауынан жеткен бабалар үні – бұлар біздің рухани мәдениетіміздің бір парасы ғана» деп ұлттық кодымызды сақтауға үлкен мән береді [2]. Сондықтан, ұлттық кодты сақтау мәселесі орта мектептен бастауы алуы тиіс. Сол үлкен жауапкершіліктің бірі ел тәуелсіздігімен бір қайта оралған халық мұраларын қазақ тілі мен әдебиетінде тың әдістермен терең танытуға басымдылық берілуі арқылы жүзеге асырылады. Мұндай талаптарға қол жеткізуде оқушылардың қазақ әдебиетінің бай мұрасы арқылы коммуникативтік қабілеттерін, соның ішінде сөйлемді дұрыс құрылымдау, дискурс теориясына негізделген прагматикалық қабілеттерін дамыту кезек күттірмейтін мәселе екендігі анық.

«Прагматика» ұғымының өзі мен жеке тұлғаның прагматикалық құзыреттілігі туралы әртүрлі түсіндірмелер бар. Прагматикалық құзыреттілік прагматикалық тілдік құзыреттілік және коммуникативті прагматикалық құзыреттілік болып екіге бөлінеді [3]. Прагматикалық тілдік құзыреттілік грамматикалық құзыреттілікке негізделген, прагматикалық құзыреттілік коммуникативтік құзыреттілік құрамдас бөлігі ретінде тілді оқытудың маңызды аспектісі болып табылады. Ол айтылымның ситуациялық өзектілігін, әлеуметтік-мәдени контекстін, менталитетін, сөйлеушілердің жасын, білімі мен әлеуметтік жағдайын, сөйлеу конвенцияларының орындылығын ескере отырып, сөйлеу әрекеттерін барабар түсіндіруді қамтамасыз етеді. Коммуникативтік прагматикалық құзыреттілік – тілдік, пәндік, лингвистикалық, прагматикалық құзыреттіліктерді қамтитын бірнеше компоненттерден тұратын табиғи қарым-қатынас немесе арнайы ұйымдастырылған оқыту процесінде алынған тұлғаның ерекше сапасы. Прагматикалық құзыреттілік кәсіби өзара әрекеттесу схемаларына сәйкесінше белгілі бір функционалдық мақсаттарға арналған тілдік құралдарды (іске асыру коммуникативтік қызметтері, сөйлеу әрекеттерінің генерациясы) қолдану қабілетін болжайды. Ол мыналарды қамтиды: 1) дискурсивті құзыреттілік (мәлімдемелер құрастыру, оларды мәтінде біріктіру ережелері туралы білімі); 2) функционалдық құзыреттілік (әртүрлі коммуникативті функцияларды орындауға арналған мәлімдемелер қолдану іскерлігі); 3) сөйлеуді схемалық тұрғыда құрастыру құзыреттілігі. Сонымен қатар тақырыпты, белгілі жаңа ақпаратты, қарым-қатынас стилі мен регистрін, әңгімелесушіге әсер етуді және т.б. ескере отырып, сөйлемдерді біртұтас мәтінге біріктіру қабілеті кіреді. Сондай ақ, сөйлеу жағдаяттарына бейімделу дәрежесі, диалогты жүргізе білу, мәлімдеме тақырыбының дамуы, мәлімдеменің тұтастығы мен үйлесімділігі аспектілерін де қамтиды [4].

Оқушылардың аталған прагматикалық құзыреттілік деңгейін дамытуға шығармаларды талдау арқылы қол жеткізуге болады. А.Байтұрсынұлы, М.Жолдыбайұлы, Ж.Аймауытұлы, М.Әуезов, Ә.Үсенов, М.Қаратаев, Ш.Кәрібаев, А.Көшімбаев, Ә.Қоңыратбаев, Т.Ақшолоқов, Қ.Тасболатов, Ә.Дайырова, С.Тілешева, С.Қалиев, Т.Жұмажанова, Б.Әрінова, Г.Құрманбаева сынды т.б. әдіскер ғалымдардың жазған еңбектерінде шығарма талдау жайы жөнінде пікірлер айтылады [5]. Ғалымдардың еңбектерінде шығармаларды талдаудың нысанына жататын құрамдас элементтер - шығарманың жазылу, шығу тарихы, балама нұсқалары, тақырыбы, идеялық мазмұны, композициясы, сюжеті, кейіпкерлер әлемі, олардың өзара қарым-қатынасы, суреттеу құралдары, жанрлық, стильдік, тілдік ерекшеліктері, казіргі және бұрынғы өткен көркем әдебиетпен байланысы, қандай әдеби бағытқа жататыны, ақын, жазушы шығармашылығының халықтық сипатының көрінісі, қоғамдық және тарихи-әдебиеттік маңызына назар аударылады.

Соның ішінде І.Жансүгіров шығармаларын талдасақ, негізгі тақырыптары өмір шындығы, тарихи оқиғалар, ұлт тағдыры баяндалады. Ақын «Арман», «Көңілдің жүгірісі», «Өзіме», «Сәлемдеме», «Замандасқа», «Талғамалар», «Жаңылғаным» өлеңдерінде қоғамдық, саяси теңсіздікті көрсетіп, оқу-ағарту, білімге шақыру, өнерге, еңбекке үндеу мәселелерін көтерген, әр шығармасында тілінің көркемдігі, сөз образдарының байлығы арқылы сөзбен сурет салған десек те болады.

І.Жансүгіров шығармаларын талдау арқылы прагматикалық құзыреттілікті дамытудың мақсаты - оқушыларды лингвистикалық құралдарды тіл нормалары тұрғысынан ғана емес, І.Жансүгіров шығармаларындағы тілдің көркемділігін және сөз образдарының байлығын ескере отырып, коммуникативтік құзыреттілікке сәйкес дұрыс пайдалануға үйретуге деген ниет болып табылады. Осы мақсатқа жету үшін мұғалімдер социопрагматикалық тапсырмалардың екі түрін қолдануы керек: коммуникативті-прагматикалық және интерактивті. Коммуникативті-прагматикалық тапсырмалар белгіленген коммуникативті мақсаттарға, контексттің мазмұны мен ерекшеліктеріне сәйкес сөйлеу мінез-құлқындағы әлеуметтік-мәдени стратегияларды таңдау және қолдану бойынша жаттығуды қамтиды.

Коммуникативті және прагматикалық тапсырмаларға мыналар жатады:

- сөйлеушінің сөйлеу әрекетінің прагматикалық мақсатын тану және жүзеге асыру;
- адекватты әлеуметтік-мәдени жағдайда сөйлеу мінез-құлқының этикет формулаларын қолдану;
- тандап алынған тілдің және сөйлеу құралдарының коммуникативті қолайлылығын болжау және тұжырым жасау;
- сөйлеу мінез-құлқының адекватты емес нұсқасын мәдениетке сай нұсқамен ауыстыру;
- сөйлеу әрекетінің вербалды емес құралдарын қолдану;
- әлеуметтік және мәдени қолайлы сөйлеу тәртібін таңдау және жүзеге асыру [6, б. 5].

Интерактивті тапсырмалар мәдениетаралық қарым-қатынас жағдайында шынайы сөйлеу әрекетін модельдеу үшін барабар әлеуметтік-мәдени стратегияларды қолдануға және өзгертуге бағытталған. Бұл типтегі тапсырмалар еркін сипатта болады және тілдік қарым-қатынастың өзгермелі әлеуметтік-мәдени жағдайында сөйлеу әрекетінің коммуникативтік икемділігін қалыптастыруға ықпал етеді. Оқушыларды әңгімелесушінің мәлімдемеге реакциясын талдауға және осы ақпарат негізінде қарым-қатынастың одан әрі бағытын анықтауға үйрету қажет. Бұл жағдайда сәйкес дағдыларды қалыптастыру процесінде келесі лингводидактикалық жоспарлауды жүзеге асыруға болады:

1. Коммуникативті актінің прагматикалық қызметтеріне сәйкес клише тіркестерін оқып-үйрету. Оқушылардың негізгі міндеттеріне зерттелген клишелерді пайдалана отырып, мәлімдемеге кері байланыс жасау кіреді. Ұйымдастыру формасы бойынша, бұл жұптық жұмыс болуы мүмкін: бір оқушы тізімде көрсетілген функциялардың біріне сәйкес келетін белгілі бір сөз тіркесі жазылған картаны шығарады. Мысалы, І.Жансүгіровтың Құлагер поэмасындағы «Туған жер» тарауында жазушының өзін, лирикалық кейіпкер ретіндегі тебіренісін, өз сырын, өз монологын берсек: *«Көк орман, көркем тоғай, маужыраған, Сұлудың көзіндей көл жаудыраған. Малта тас, маржан ақық, меруерт тас, Төгіліп көл жиекке саудыраған. Көк кілем балаусасы балбырағын, Ақ жібек жапырағы жалбырағын. Ақ қанат аспандағы сонда жауып, Бал бұлақ таудан, тастан орғылаған.»*

Осы монологты оқушы серіктесіне оқиды, ол мүмкін болатын коммуникативті әрекет функцияларының біріне сәйкес жауап беруі керек. Бастапқыда бұл функция бір картада көрсетілуі мүмкін (мысалы, «таңдану», «сұраныс құрастыру» және т.б.), кейінірек оқушыдан жауаптың қай түрі айтылған сөз тіркесінің мағынасына көбірек сәйкес келетінін өз бетінше анықтауды сұрауға болады. Бірінші фразаны сөзбе-сөз емес, прагматикалық функцияны сипаттау түрінде («сұрау», «рахмет айту» және т.б.) беруге болады [1, б. 24].

2. Екінші кезеңде жауапты талдау қабілетінің қалыптасуы басталады. Бастапқыда барлық мүмкін болатын шарттарды алдын ала оқушыларға белгілеп, білуге болады. Сонымен, әңгімелесуші айтылған сөзге таңғалумен немесе түсінбеушілікпен, қарсылықпен жауап беруі керек. Бірінші оқушы әңгімелесушісіне нақты ненің түсініксіз екенін, таңғалуға, қарсылыққа не себеп болатынын және т.б. анықтауы керек. Осындай тренингтен кейін екі әңгімелесушіге кездейсоқ карталарды таңдауға ойын ұйымдастыруға болады, яғни оның ішінде бірінші картаға сөз тіркесінің функционалдық сипаттамасы, екіншісіне - әңгімелесушінің жауабы беріледі. Мәселен, қазақ қиялындағы ең жақсы ат боп суреттелген Құлагер белгілі ат сыншысы Күреңбайдың көзімен беріледі. «Мақтаған жануарың осы ма?» - деп, Ақанды күлкі қылады. Құлагердің алдынан аң құтылмас, артынан жылқы жетпес өрен жүйріктігін бірден танып, *«Тәует бас, қамыс құлақ, құраған жақ, Құлан жал, бұлан мойын, қой жұтқыншақ. Қоян жон, жазық жая, жауырынды, Құс топшы, қос шынтағы қалыңқырақ...»* - деп, эпитет, теңеу жасағанда құлан, бұлан, қой, қоян, құс, түлкі, тазы, ит тәрізді табиғат төсіндегі еркін тіршілік иелерінің қасиеттерін, солардың мүше бітімін алады. Ілияс халық фольклоры, классик ақын дәстүріне сүйене отырып, ұшқан құстың қанаты талып, жүгірген аңның тұяғы күйетін ұзақ жерге шабатын өрен жүйрікті сипаттап берді.

Өңгімелесушілер серіктесінің картасында не жазылғанын білмеуі мүмкін. Сонымен қатар, комбинацияның мүмкін болатын қиялына қарамастан, реципиент өз реакциясын мүмкіндігінше дәлелді және нанымды көрсетуі керек, ал коммуникант оны талдай отырып, бір немесе екі сөз тіркесімен өзара әрекетті логикалық түрде жалғастырады. Сондай-ақ тіректерге негізделген диалогтар құруға болады, бірақ тірек ретінде дайын фразалар емес, өзара әрекеттесу құрылымының функционалдық сипаттамалары ұсынылады [5].

3. Үшінші кезеңде қарым-қатынастың әлеуметтік-мәдени контекстен кері байланыс түрі мен әдісінің тәуелділігін белгілеген жөн. Белгілі бір коммуникативтік жағдаятқа лексикалық-грамматикалық құралдарды таңдау кері байланыстың вербалды және вербалды емес сипатының ерекшеліктерін анықтайды [4]. Оқу-тәрбие процесінде бір-бірімен әртүрлі қарым-қатынаста болатын қатысушылар арасындағы диалогтармен жұмыс жасау өте тиімді. Біріншіден, сөйлеу этикетінің әртүрлі бірліктері қарым-қатынасқа қатысушылар қабылдайтын әлеуметтік рөлдерге байланысты қолданылады. Мұнда әлеуметтік рөлдердің өзі де, олардың әлеуметтік иерархиядағы салыстырмалы орны да маңызды. Әр жеке жағдайда әртүрлі әлеуметтік топтардың өкілдері арасындағы сөйлеу этикеті бірліктерін қолданудағы айырмашылықтар жинақталады. Мәселен, *Құлагер поэмасындағы сол заманғы жауыздықтың өкілі Батыраш рөлі мен жалғыздықпен дос болған Арқаның еркесі Ақан рөліндегі сөйлеу этикеттерін келтіруге* болады.

І.Жансүгіров шығармаларын талдау мен оқытудың кейінгі кезеңі жұмысты ұйымдастырудың әртүрлі формаларының үлкен таңдауын қамтамасыз етеді, олар да өзара әрекеттестіктің стихиялылығын, сәйкесінше кері байланысты орнату және жүзеге асыру мүмкіндігін дамытуға ықпал етеді. Біріншіден, пікірталас (мысалы, ток-шоу, іскерлік әңгіме) болады. Ол өзара әрекеттесуді табиғи қарым-қатынас жағдайларына жақындатады. Екіншіден, пікірталас бар жұмыстың бұл түрі кері байланысты орнату және кері байланысты талдау қабілетін мақсатты түрде қалыптастырады және дамытады.

Бұл жағдайда полемика мәдениетінің өзі осы дағдыларды дамытуға көмектеседі, бұл кезде қарсыластар айтылған дәлелдерге адекватты түрде жауап беруі, оларды сенімді түрде теріске шығаруы және қарсылас команда өз кезегінде әрекет етуі керек қарсы дәлелдер келтіруі керек. Сонымен қатар, ойын барысында спикерлерге командалар мен көрермендер тарапынан сұрақтар қойылады. Соңында жобалық іс-шаралардың тұсаукесері болады. Оқушылар, өз қызметінің нәтижелерін көрсете отырып, ол туралы аудиторияға негізді және анық айтып, туындаған сұрақтарға жауап беруі, олардың хабарламасының дұрыс түсінілгеніне көз жеткізуі керек.

Қорыта келе, І.Жансүгіров шығармаларын талдау арқылы прагматикалық қабілеттің тиімді қалыптасуына мұғалімнің оқытудың белсенді әдістерін қолдануы, сабақта кәсіби қарым-қатынастың шынайы жағдайларына барынша жақын жағдай жасауы ықпал етеді деп тұжырымдаймын.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақстан Республикасының Президенті - Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы
2. Мемлекет басшысының «Болашаққа бетбұрыс: рухани жаңғыру» атты мақаласы. - Астана, 2017 // <http://www.akorda.kz> 2018.12.04.
3. Алкебаева Дина Ақбергенқызы. Қазақ тілі стилистикасының прагматикасы. Алматы, 2006, 270 б.
4. Арутюнова Н.Д., Падучева Е.В. Истоки, проблемы и категории прагматики. // НЗЛ. Вып. XVI. Лингвистическая прагматика. – М.: Прогресс, 1985. – 501 с, С.3 – 42.
5. Телия В.Н. Коннотативный аспект семантики номинативных единиц. – М.: Наука, 1986. – 141 с.
6. Азнаурова Э.С. Прагматика художественного слова. – Ташкент: Фан, 1988. – 121 с.

УДК 372.881.116.11

<https://doi.org/10.53355/w8591-5705-5107-x>

ОБУЧЕНИЕ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ УЧАЩИХСЯ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА В ШКОЛЕ

Жуманова Г. А.

Жетысуская СШ, Ескельдинский район

E-mail: ms.Zhumanova1969@mail.ru

Статья посвящена вопросам формирования функциональной грамотности на уроках русского языка в школах с нерусским языком обучения

Ключевые слова: функциональная грамотность, коммуникативность, комплексность. функционально-коммуникативный подход, диалог, монолог, текст, структура текста, абзац.

Мақала орыс тілінде оқытпайтын мектептердегі орыс тілі сабақтарында функционалдық сауаттылықты қалыптастыруға арналған.

Тірек сөздер: функционалдық сауаттылық, коммуникация, функционалдық-коммуникативтік тәсіл, диалог, монолог, мәтін, мәтін құрылымы, абзац.

The article is devoted to the formation of functional literacy in the lessons of the Russian language in schools with a non-Russian language of instruction

Key words: functional literacy, communication, complexity. functional and communicative approach, dialogue, monologue, text, text structure, paragraph.

Предмет «Русский язык и литература» в школах с нерусским языком обучения закладывает фундамент общего филологического образования учащихся как целостной системы, изучающей духовную культуру народа, выраженную в языке и литературном творчестве. Наряду с этим, обучение русскому языку определяется национальной спецификой образовательного пространства Республики Казахстан. При этом ведущая идея обучения русскому языку в современных условиях – усиление коммуникативной направленности курса. Изучение русского языка осуществляется на материале текстов, отражающих историю, культуру, экономику, политику, что помогает учащимся осмыслить и понять окружающую действительность, происходящие события и явления. В этой связи необходимо соблюдать комплексный подход к образованию, развитию и воспитанию учащихся, результате которого помимо усвоения грамматики, развиваются и совершенствуются умения и навыки обучающихся в различных сферах коммуникации. Ведущими лингводидактическими принципами при обучении русскому языку как неродному являются коммуникативность и комплексность.

При функционально-коммуникативном подходе к обучению русскому языку в школах с нерусским языком обучения особое место в учебном процессе занимает текст. Он помогает выполнять не только образовательные, но и воспитательные задачи. При формировании духовно-нравственных качеств личности художественный текст служит основой для упражнения в развитии связной речи. Основным методом в совершенствовании умения воспринимать текст является анализ текста. К лингвистическому анализу текста мы обращаемся уже в 5 классе. Для успешной работы по развитию речи важно, чтобы не только учитель, но и учащиеся понимали сущность понятий «язык» и «речь».

Развитие связной речи учащихся — важнейший аспект обучения русскому языку. В последнее время коммуникативному воспитанию школьников придается особое значение, так как в нем совершенно справедливо видят залог успешного формирования социально активной личности.

Чтобы повысить эффективность работы по развитию связной речи учащихся путем усиления лингвистической основы обучения, необходимо ознакомление школьников системой речеведческих понятий, что позволит формировать речевые умения и навыки сознательно, с опорой на систему ориентиров, а не методом проб и ошибок. Реализация такого подхода — это то новое, что отличает современную методику развития связной речи от других методических материалов по данной проблеме. Необходимо вооружить учителя необходимыми знаниями из области теории речевой деятельности и лингвистики речи, а также методикой развития связной речи учащихся, отражающей данные современных научных исследований.

Данный подход к развитию речи сохраняет преемственную связь с той системой работы над связной речью, которая отражена в действующей программе, принята в современной школе и основу которой, как известно, составляют коммуникативные умения — понимать и раскрывать тему, определять основную мысль, собирать и систематизировать материал, строить сочинения в определенной композиционной форме, правильно и хорошо выражать свои мысли, совершенствовать написанное.

Считаем, что учитель располагает достаточным материалом для введения и дальнейшего формирования понятий «тема», «основная мысль», для организации работы над умением последовательно излагать сведения, составлять план высказывания.

Вопросы, которые являются сравнительно новыми для школы и освещены еще недостаточно. Это касается прежде всего системы работы над понятиями: «стиль речи», «текст и его части», «описание», «повествование», «рассуждение» как типы речи.

Приступая к знакомству с основными типами речи, важно раскрыть мысль о том, что наши высказывания связаны с окружающей действительностью, отражают ее.

Вокруг нас бесчисленное множество различных предметов и явлений, они имеют свои признаки, свойства, они совершают действия. Все это составляет содержание наших высказываний. Непосредственное знакомство с повествованием, описанием, рассуждением целесообразно начать с сопоставления трех текстов, предложив ученикам сравнить их и решить: 1) об одном ли предмете в них идет речь, о каком именно; 2) в каком из текстов говорится о признаках этого предмета, в каком — о действиях, в каком — о причинах; какой из вопросов (какой предмет? что делает предмет? Почему предмет что-то делает так, а не иначе?) можно поставить к каждому тексту. Вопросы целесообразно записать на доске, указав рядом, что обозначает текст: признаки и действия предмета, причины свойства или явлений.

Одной из составляющих работы по обучению функциональной грамотности является обучение чтению: способность выбирать стратегию и тактику чтения в зависимости от цели чтения (гибкое чтение). Развитие механизмов речи: умение делать эквивалентные замены, сжимать текст, предвидеть, предугадывать содержание текста. В 5-м и 6-м классах важно научить детей гибкому чтению. Задания к упражнениям по степени сложности могут быть разными: определить количество частей в тексте; поставить вопрос к каждой части, составить план; прочесть, определить основную мысль текста, соотнести с темой; вычленив из текста новую информацию и сформулировать его главную мысль.

Сочинения-повествования, сочинения-рассуждения, письменный ответ на вопрос по изученной теме использую с целью развития письменной учебно-научной речи, сочинения-описания (миниатюры) по опорным словам, редактирование художественного текста — для развития письменной разговорной речи с элементами художественной и современной художественной речи [2, 147]. В 7-м классе работа по овладению функциональной грамотностью продолжается: изучаются тексты разных типов и стилей, особое внимание уделяется текстам публицистического стиля. Задания к упражнениям усложняются: по ходу чтения подчеркни слова, указывающие на принадлежность текста к определенному стилю; подготовь устный рассказ о текстах какого-либо стиля по плану. в каком стиле будет твой рассказ?; из фрагмента газетной статьи выпиши слова и предложения, указывающие на принадлежность к публицистическому стилю; подробно изложи текст публицистического

стиля; определи тип и стиль текстов. Таким образом, в течение нескольких лет ведётся целенаправленная работа по формированию у учащихся лингвистической, языковой и коммуникативной компетенции.

В качестве дополнений к урокам были разработаны программы курсов по выбору «Культура речи» - 10кл., направленные на изучение ресурсов языка и стилей речи. На занятиях курсов использовались упражнения, задания которых были направлены на формирование умения определять основную мысль текста, логически развернуть её, определять языковые средства, обеспечивающие связь предложений в тексте, выстраивать логические схемы для понимания содержания текста и его композиции. Важной частью работы над текстом является определение языковых средств, обеспечивающих связность текста. Каждый предложенный текст содержал тестовые задания по определению стиля и типа речи, вида связи (цепной, параллельной, смешанной) между предложениями, средств выражения межфразовых связей в тексте.

На развитие устной речи направлены следующие виды заданий: задать вопросы к тексту, устно составить план рассказа на грамматическую тему, устно пересказать учебно-научный текст; подготовить устный развернутый ответ, устное сообщение на лингвистическую тему; дать формулировки. Особо выделены в учебнике упражнения (обозначенные условным значком) для специального наблюдения с системой вопросов.

Развитие устной художественной речи осуществляется в ходе выполнения заданий к изложениям художественного текста, составления текста по опорным словосочетаниям.

На развитие письменной учебно-научной речи направлены такие виды упражнений и заданий, как изложение учебно-научного текста и письменный ответ по изучаемой теме, сочинения-повествования «Что я знаю...»; сочинения-рассуждения о красоте русского языка. Кроме того, предлагается множество заданий по созданию собственных текстов: «Моё любимое время года» - сочинение с использованием имён прилагательных; «Мое любимое животное» - сочинение-повествование. Одним из важнейших условий формирования функциональной грамотности является развитие всех видов речевой деятельности: говорения, слушания, чтения, письма. В учебнике даны задания по обучению чтению художественных и учебно-научных текстов: предварительное или выборочное чтение текста, анализ выразительной роли различных частей речи в художественном тексте.

Изучающее чтение учебно-научного текста сопровождается следующими заданиями: прочитать, определить количество частей, поставить вопрос к каждой части, составить план, вычленив из текста новую информацию, сформулировать главную мысль текста. При чтении текста включаются механизмы речи: механизм эквивалентных замен, механизм памяти, сжатия текста, механизм предугадывания. Примером может служить упражнение с таким заданием: «Тебе предстоит прочитать учебно-научный текст о морфологических признаках глагола. Как ты думаешь, какая информация будет в нем? Прочитай текст про себя. Сопоставь свои предположения с содержанием текста». Отдельно необходимо сказать о том, что в 5-м классе много внимания уделяется стилевым разновидностям речи. Учащиеся узнали разговорный, научный и художественный стили речи. В связи с этим они познакомились со стилистически нейтральными и разговорными словами. Сами составляли и подбирали синонимические ряды из стилистически нейтральных и разговорных синонимов, словарь стилистических синонимов. Работая над письменной речью, я стараюсь добиться точности словоупотребления, выразительности и грамотности.

Одним из основных понятий, на которые мы опираемся, ведя работу по развитию речи, является понятие «текст». Знакома с ним учащихся, необходимо исходить из таких признаков:

- наличие группы предложений;
- смысловая связность;
- единство темы, предмета речи;
- наличие основной мысли и ее развитие;
- структурная связность.

Закрепить понимание этих признаков как основных отличительных черт текста можно на любом «прозрачном» отрывке, предложив задание: доказать, что данный отрывок является текстом. На этом же этапе целесообразно ввести понятия «тема» и «основная мысль». Тогда признаки текста можно будет формулировать более определенно, точно, оперируя соответствующими терминами.

На каждом из уроков мы стараемся работать над функциональной грамотностью.

К концу 7-го класса дети владеют такими понятиями, как диалог, монолог, текст, структура текста, абзац, функции абзаца, окраску слова (слова нейтральные и стилистически окрашенные, книжные и разговорные), стили речи (разговорный, художественный, научный); умеют читать учебно-научный и художественный тексты изучающим чтением, владеют отдельными приемами ознакомительного чтения, учебно-научного текста, выделяют в учебно-научном тексте ключевые слова, составляют план.

ЛИТЕРАТУРА:

1. Литвинко, Ф. М. Методика преподавания русского языка в школе: учеб.пособие/ Ф. М. Литвинко. – Минск: Вышэйшая школа, 2015.
2. Хуторской А. Воителева Т.М. Теория и методика обучения русскому языку. - М.: Дрофа. – 2006.

ӘОЖ 37

<https://doi.org/10.53355/r2524-6624-6027-o>

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫ ДАҒДЫСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ

Зайтбекова Р., 2-курс магистранты

І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті.Талдықорған қ.

E-mail: raushan0601@mail.ru

Мақалада оқушылардың оқу сауаттылығын қалыптастыру дағдылары жайлы, мәтінге терең назар аударту арқылы оқушылардың берілген тест тапсырмаларын қиналмай шеше алу жолдары ұсынылған.

Тірек сөздер: оқу сауаттылығы, мәтін, мәтін түрлері, оқу сауаттылығы дағдылары.

В статье рассказывается о навыках грамотности чтения учащихся, о том, как учащиеся могут легко решать тестовые задания, уделяя пристальное внимание тексту.

Ключевые слова: грамотность чтения, текст, виды текста, навыки грамотности чтения.

The article deals with the skills of students' reading literacy, ways to easily solve the given test tasks of paid students with in-depth attention to the text.

Key words: reading literacy, text, text types, reading literacy skills.

«Оқу сауаттылығы» термині кең мағынада қарапайым оқу біліктілігін емес, мәліметтерді айқындай білу қабілеттімен анықталады. Мектеп жасындағы балалардың тек оқу техникасын меңгеруі қазіргі таңда қабілеттілік болып есептелмейді. Оқу сауаттылығы туралы түсінік білім алушылардың әртүрлі форматтарда берілген мәтіндерді түсіне білуі, олардың мәні мен мазмұнын түсініп тұжырымдауы және білім алушылардың мектептен тыс уақыттарда, әртүрлі өмірлік жағдаяттарды шешуде оқығанын қолдана білу іс-әрекеттеріндегі қызметтерін бағалауға негізделген. Сөзімізді нақтылай түссек, оқу

сауаттылығы – жазба мәтіндерді түсіну, өз мақсатына жету үшін оның мазмұнын қолдану, қоғам өміріне белсенді қатысу үшін білімі мен мүмкіншіліктерін дамыту қабілеті [1,4 б.].

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын білу мақсатында жүргізілетін халықаралық PISA, PIRLS сынды зерттеулер бар. Бұл зерттеулердің мақсаты – оқушының мәтінді түсінуі, қабылдауы қаншалықты деңгейде екенін білу. Айталық, «PIRLS (Progress in International Reading Literacy Study) зерттеуінің мақсаты – әлемнің әртүрлі елдерінің бастауыш сыныптарының мәтінді түсіну деңгейлерін сәйкестендіру және ұлттық білім жүйесінің оқу сауаттылығын ашудағы ерекшеліктерін анықтау болып табылады. Аталмыш зерттеу ісі халықаралық сарапшылар ойымен келісе отырып, «Оқырман сауаттылығы» – бұл адамның өмірде толыққанды қалыптасуына және жеке мақсаттарына жетуіне қажетті әртүрлі жазба сөйлеу формасын түсіну және терең ойлау қабілеті» деген [2].

PIRLS зерттеуінің нысаны төменгі сынып оқушылары болса, PISA зерттеуі 15 жастағы оқушылардың білім деңгейін анықтауға бағытталған. «PISA мәтіндерінің ерекшеліктері оларды баяндаудың шынайылығы (өмірден алынған мысалдар). Бұл орайда, зерттеудің осы бағыты бойынша тест сұрақтары ретінде көркем мәтіндер де қолданылады. Көптеген ақпараттық мәтіндер бүгінгі таңда көбіне ұсынымдық форматта болып келеді (веб-парақшалар, журналдар және т.б.). Құрамдас мәтіндер мазмұны жағынан ғана емес, сондай-ақ форматы жағынан да әртүрлі бірнеше мәтіндерді біріктіреді. Бұл орайда, олар мәтіннің диагностикалық мақсатын анықтайтындай, мағыналық мазмұны тұрғысынан байланысты және аяқталған болып келеді.

PISA зерттеуіндегі оқу сауаттылығы – оқушылардың жазбаша мәтіндерді ұғына оқу қабілеттілігі және оларға рефлексия, олардың мазмұнын өз мақсаттарына қол жеткізу үшін қолдануы, білімдері мен дағдыларын қоғамның белсенді өміріне араласуы үшін дамытуы. Оқу сауаттылығын тексеру оқу техникасы немесе мәтіннің мазмұнын нақты түсінуін бағалау емес, оқу барысында меңгерген білімдері мен дағдыларын өмірлік жағдайларда қолдана білу ептіліктерін бағалауға, оқушыларды әлеуметтенуге таңдауына дайындау» [2].

Әртүрлі зерттеулердің нәтижесіне сүйенсек, оқу сауаттылығы мәтінді толық талдап, ұғына білуге негізделетінін байқаймыз. Осыған сәйкес оқушылар төменгі сыныптардан бастап, әртүрлі мәтіндерді оқып, талдай бастағаны жөн. Әсіресе көркем мәтіндерді талдау, мәтіндердегі негізгі ақпаратты анықтау, әрбір сөзіне мән беру, синонимдерін табу сынды тапсырмаларды орындау баланың оқу сауаттылығы дағдыларын қалыптастырып, мәтінді толық сезініп, дұрыс талдауға көмектеседі. Формасы жағынан да, көлемі жағынан да түрлі мәтіндерді талдау арқылы бала әбден дағдыланады. Көркем мәтіндерді талдау барысында мәтіндегі ақпаратқа мән бере оқу арқылы негізгі ойын түсінеді, қосымша ақпаратты анықтайды, мәтіннің идеясын таба алады, әр абзацта не айтылғаны туралы жүйелі түрде талдай алады, сөйлемдердің мағыналық байланысын анықтай алады.

Зерттеулерде айтылғандай, оқу сауаттылығының, жалпы жаңартылған білім мазмұнының негізгі мақсаты – баланың сауатын ашу, алған білімі жаттанды емес, ұзақ уақыт қолдануға болатындай болу және өз білімін өмірде қолдана алу болып табылады. Сондықтан да баланы оқуға қызықтырып, мәтіндерді түрлі формада ұсыну, мазмұны жағынан да қызғылықты мәтіндерді таңдап ұсыну, жетелеп талдата алу, түрлі әдіс-тәсілдер арқылы меңгерту – ұстаздардың басты міндеті. Бастауыш сыныптарда балалар тек оқумен, танумен, түсінумен шектелсе, 7-8 сыныптарда балада сыни ойлау қалыптаса бастайды.

«Сауат ашу, сауаттылықты арттыру» ерте кезден-ақ барлық елдің өзекті мәселесіне айналып келген. Бүгінде оқушылардың оқу сауаттылығын қалыптастыруда әрбір ұстаз өз білімін салып, барынша үйретуде, түрлі әдіс-тәсілдерді ұсынуда.

Жоғарыда оқу сауаттылығы мәтінмен тығыз байланысты екенін айттық. Мәтіндерді талдау әсіресе әдеби мәтіндерді талдау балаға өте қызғылықты болмақ. Г.А.Мамырбекова оқу сауаттылығын қалыптастыру жайлы былай дейді: «Оқырман сауаттылығының негізі – мәтінмен жұмысты толық қалыптастыру болып табылады. Бұл оқушылар шығармадан қажетті ақпарат алуына, нақты мәтіннен қорытынды шығаруына, негізгі кейіпкерлердің

әрекеттерін интерпретациялауға, мәтін үлгісімен бекітуге және мәтін құрылымының бастапқы сараптамасын алуға көмектеседі. Әдеби оқу тәжірибиесін меңгеру мақсатында нақты мәтін бөліктерін таңдау, оларды қарапайым қорытындыларды қалыптастыруда қолдану, оқиғалар арасында өзара байланыс орнату; мәтіннің ортақ идеясын анықтау, мәтін құрылымынан элементтерді анықтап көрсету, кейіпкерлер әрекетіне қарапайым интерпретация беру, кейіпкерлердің әрекеттерін және сезімдерін салыстыру және бір-біріне қарсы қою, олардың өзара байланысын түсіндіру, мәтінде қолданылған тілдік ортаның ерекшеліктеріне алғашқы сараптама жасау, мәтіннен үзінді келтіре отырып, негізгі кейіпкерлер мінездемесіне, олардың ниеті мен сезіміне интерпретация жасау, мәтіннен ақпаратты ала отырып мәтіннің мағынасын немесе негізгі идеясын түсіндіру сияқты бағыттар көзделген. Ал ақпаратты түсіну және қолдану мақсатында мәтінде берілген деректерді анықтап, қайта қосу, қажетті ақпаратты көрсететін сөйлемді сызып белгілеу, оны қорытындыларды қалыптастыруда қолдану, мәтіндегі берілген ақпараттың үйлесімділігі туралы қорытынды жасау, мәтіннің әр бөлімдерін саралау және керекті ақпаратты көрсету, мәтінге жалпы қатынасты анықтау, мәтіндегі анық емес түрде берілген арнайы ақпаратты белгілеу, мәтіндегі сөйлемдердің өзара байланысы негізінде қорытындыларды қалыптастыру, әртүрлі мәтіннің жеке сипаттамасын және қолданыс мақсатын анықтау, мәтіннің әр бөлімдерінен күрделі ақпаратты танып дәлелдеу, мәтіннің айтпақ ойын түсіну үшін визуалды және вербалды элементтердің мағынасын түсініп бағалау, мәтіндер, карталар, иллюстрация, диаграммалар, фотосуреттер негізіндегі әртүрлі мәтіндерден ақпаратты жалпылау керек» [3].

Осы айтылған қажеттіліктерді зерделей отырып, оқушыларға оқу сауаттылығынан түрлі тапсырмалар беріп, оны сауатты талдауға үйреткеніміз жөн. Жыл сайынғы оқу сауаттылығынан келетін тесттерге сүйенсек, әрбірінде жиырма сұрақтан беріліп отырады. Мәтіндер форматы әртүрлі болып келеді және осыған сай сұрақтары да жеңілден ауырға қарай күрделене отырып беріледі. «Абай жолы» роман-эпопеясынан мәтіндер келтіре отырып, оқушылардың оқу сауаттылығы дағдыларын дамыту әдістемесін ұсынамыз.

Әдеби мәтіндер оқырманның қиялын шарықтатады, оны білімділікке баулиды, ой-өрісін, дүниетанымын кеңейтеді. Ж.Қ.Ақмолдаева мектеп оқушыларының оқу сауаттылығын мына дағдылар дамытады деп санайды: «Оқу сауаттылығын қалай қалыптастыруға болады?

Мектеп оқушыларының оқу сауаттылығын дамытуға әсер етеді:

- әдебиет сабақтары;
- сыныптан тыс сабақтар;
- кітапханамен біріккен жұмыс;
- қосымша білім беру;
- ата-аналармен біріккен жұмыс.

Осы жүргізілген жұмыстардың маңызды қорытындысы – оқушылардың әдеби дамуы, тұрақты қажеттілік және саналы таңдауы бойынша кітап оқу қабілеті, өз білімін жетілдіруге және өзін-өзі дамытуға ұмтылысы» [4].

Әдебиет сабағында әсіресе оқу сауаттылығына үнемі дайындық жасалып отырған абзал. Оқушы әр мәтінді оқып-үйренген сайын логикасы артады, нәтижесінде оқу сауаттылығын қиналмай орындай алатын болады. Оқу сауаттылығы дағдысын қалыптастыру үшін «Абай жолы» романынан мынадай тапсырмалар әзірледік.

1-мәтін.

«Шәкірт бала ауылға асыққан, лепірген күйіне қайта келіп, тағы да тебіне жөнелді.

– Уә, қой деймін, бала! Ат зорықтырасың!

– Жапа-жалғыз ұзап кетіп, жауға жем боласың!– деп, екі жолдасы тағы тежей бергісі келді.

Бірақ қаладан, жабырқау медреседен жаңа құтылып, енді үйіне, ауылға жетуге асыққан шәкірт бала ол сөздерді тыңдайын деп ойысқан жоқ.

Үлкендер қорыққан Есембай да, тіпті ұрылар да Абайға сондайлық жат, суық боп көріне алмады. Ұры десе, осы елдің өздеріндей қазақтары. Көп болса: киімдері, ер-тұрманы ғана жаман; қолдарында сойылдары ғана бар. Ондай ұрылар жайында Абайдың естіген әңгімелері соншалық көп. Кейде. Тіпті, сары тоқым ұры. Болған – ел ішіндегі үлкендердің өз аузынан естіген әңгімелері де ұмытылмайтын. Қайта бір кездесіп, дәл жауға шапқан пішіндерін көрсем деген, іште жүрген ынтықтығы да болатын» [5].

Оқу сауаттылығына арналған тапсырмаларда, бірінші мәтін әдетте қысқа болады, ондағы сұрақтар да жеңіл болып келеді. Сол себепті осындай мәтін алдық және мынадай сұрақтар әзірледік:

1. Абай қайдан келе жатыр?

- A) ауылдан
- B) қырдан
- C) медреседен
- D) базардан

Бұл жерде мәтінде көбінде «бала шәкірт» аталып келген адамның Абай екенін оқушылар мәтінді толық оқу арқылы түсіне алады.

Оқу сауаттылығы көбінесе логикаға негізделеді. Дайын жауапты ауыстыру арқылы нақтылықты, дәлдікті, терең ойды қажет етеді. Оқушыны көбірек ойланту үшін бір-біріне ұқсас жауаптар әдейі беріліп отырады.

1. Абай ұрылардан неге қорықпады?

- A) батылдығынан
- B) қырсықтығынан
- C) елге деген сағыныштан
- D) қорыққанын жасырды
- E) танитындықтан

2-мәтін.

«Майбасар Абайдың жауабын ұнатып тұрып:

– Өзі, тіпті, көшелі кісі боп қапты!– дей беріп еді, Құнанбай оның сөзін аяқтатпастан Абайға:

– Бар, ана шешелерің жаққа бар, амандас, балам!– деді.

Абайдың күткені де сол еді. Әлі тосып, бар қозғалысын алыстан қарап, әңгіме етіп тұрған шешелерге қарай бұрылғанда, Абай қайтадан өзінің жасына лайық қуанышты бала қалпына келе қалды. Арт жағында жорға Жұмабай Абайдың бүгін оны қорқытқанын әңгіме қып жатты. Бала енді асығып, өз шешесіне қарай жақындай беріп еді, Жұманның қатыны, Қалиқа деген бір жеңгесі:

– Телғара! Айналайын Телғара! Соқталдай азамат боп кетіпсің-ау!– деп, мойынынан құшақтай алып, бетінен сүйді. Тағы бір жеңгесі - Ызғұттының қатыны Тобжан да сүйді.

Содан кейін үлкен қатындар және осы топтағы үлкен еркектің, ағалардың да бір-екеуі сүйіп жатыр. Абайды шын балаға айналдырып жіберген осы сүйістер еді. Ол қысылып, қызарғанмен қашып та құтыла алатын емес. Наразы боларын да, құптарын да білмеді.

Бірнеше үлкен қатындардың көзінен жас та көрінді. Барлық үлкеннің құшағына амалсыз кезек-кезек кіріп болып, енді сытылып, шешесіне қарай баса берді. Абайдың өз шешесі Ұлжан мен екінші шешесі, сұлу жүзді –Айғыз қатар тұр екен.

Бала топтан шыға бергенде, Айғыз күліп:

– Пай, жаман қатындар сілекейлеп, баламыздың бетінен сүйер жер де қалдырмады-ау, – деп паңдана күлді де, Абайды көзінен сүйді. Кезек өз шешесіне келгенде, ол сүйген жоқ. Қатты бір қысып, бауырына басып тұрды да, маңдайынан иіскеді. Абайдың әкесіндегі тартымды салқындық шешесіне де көптен бері мінез болған. Бала осыдан арғыны күтпеуші еді. Бірақ, бауырына басқанның өзінде де Абайдың жүрегін қатты-қатты соқтырған аса бір өзгеше жақындық білінді. Ана құшағы!» [5].

Екінші мәтін көбіне бірінші мәтіннен көлемі жағынан ұзақтау болып келеді. Сұрақтары да күрделірек, логикаға негізделеді. Екінші мәтінде төрт сұрақ беріледі. Тек мәтінге қатысты сұрақтар ғана емес, бұл жерде танымдық сұрақтар да кездесіп отырады.

1. Абай әкесінің қасында неге сабырлы күйге түседі?

- A) әкесінің мінезі нашар
- B) әкесінен қорыққандықтан
- C) әке қабағынан жасқанатын
- D) әкесін жақсы көргендіктен
- E) әкесін ұнатпағандықтан

Абай шешелері жаққа бұрылғанда, бала қалпына келе қалғанын астарлап, әкелерінің жанындағы жай-күйімен беруге болады.

2. Абайды анасының сүймеуінің себебі:

- A) Әкенің салқындығы мінез болды
- B) Баласын үлкен адам санатына қосқандықтан
- C) Баласына өкпелі
- D) Басқалар сүйгендіктен
- E) Енесінен ұялғандықтан

3. Жеңгелері Абайды «Телғара» деп атауы тілде қандай терминмен аталады?

- A) эвфемизм
- B) дисфемизм
- C) табу
- D) диалект
- E) варваризм

Бұл жерге тіл білімінен сұрақ қосылды.

4. Мәтінде айтылмаған ақпарат

- A) Үлкендердің балаға деген сағынышы
- B) Абайдың бойындағы жан толқынысы
- C) Айғыздың паңдығы
- D) Майбасардың қолпаш сөзі
- E) Құнанбайдың тапқырлығы

Үшінші мәтінде алты сұрақ, төртінші мәтінде сегіз сұрақ қамтылып, жиырма сұрақтан тұратын төрт мәтін даярланады. Бұл мәтіндерді оқу арқылы баланың бойындағы сыни ойлау дағдысы да қалыптасады.

Оқушы бойында оқу сауаттылығын қалыптастыру үлкен, қажырлы еңбекті талап етеді. Сондықтан әр педагог барынша еңбектеніп, бала бойындағы тапқырлықты, білімді жетілдіруге күш салуы қажет. Заманға сай біліммен қаруланған, жан-жақты, білімді тұлғаны тәрбиелеу – барлық ұстаздың абыройлы міндеті екені анық.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Даулетова Н.А. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың тиімді әдістері: әдістемелік құрал. – Атырау: «Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы Атырау облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты, 2019. – 80 б.

2. Байгулова А. Қазақстандық оқушылардың оқу сауаттылығын қалыптастыру // <https://iac.kz/kk/publishing/kazakstandyk-okushylardyn-okusauattylygyn-kalyptastyru>

3. Мамырбекова. Г.А. Оқушылардың оқу сауаттылығын дамыту мәселелері // <https://www.kaznu.kz/content/files/pages/folder21017/%D1%81%D1%82%D0%B0%D1%82%D1%8C%D1%8F%20%D0%9C.%D0%93.%D0%90.%20%D0%BC%D0%B0%D0%B9.pdf>

4. Ж.Қ. Ақмолдаева. Оқушылардың оқу сауаттылығын дамыту – заман талабы // https://ust.kz/word/oqysylardyng_oqy_sayattylygyn_damyty_zaman_talaby-19570.html

5. Өуезов М. Абай жолы. Роман-эпопея. Бірінші кітап. – Алматы, 2020. – 376 б.

АБАЙ ТАҒЫЛЫМЫНЫҢ МАҒЫНАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қайыпбаева А., ф.ғ.к., гуманитарлық – әлеуметтік пәндер кафедрасының
қауымдастырылған профессоры

А. Байтұрсынов атындағы Қостанай Өңірлік Университеті, Қостанай қаласы

Төлеуова А. Қ., филология кафедрасының доценті

З. Алдамжар атындағы Қостанай Әлеуметтік-техникалық университеті, Қостанай қ.

E-mail: Toleuova1975@mail.ru

Мақалада Абай шығармаларындағы қазақ халқының тұрмыс тіршілігінде кездесетін әдет-ғұрыпы мен мәдениеті тәрбиелік тұрғыдан көрсетілген. Қазақтың рухани байлығын салт-санасын өз өлеңдерінде келтіріп, көркем етіп суреттеген. Абай өз еңбектерінде өркениетті қоғамның толыққанды мүшесі болуда тәрбие көзінің де әсер ететінін айта кетіп, дұрыс жолды таңдауға шақыратынын шығармаларын талдау арқылы ұсынылып отыр. Қоғамдық қатынаста бірінші орынға жеке тұлғаны қояды. Адамға өзін қоршаған ортаның үлкен ықпал етіп, дұрыс тәрбие алуына әсерін тигізетінін Абай шығармаларынан аңғаратынымызды сөз еттік.

Тірек сөздер: қоғамдық қатынас, әдет-ғұрып, қазақ тұрмысы, тәрбие, өркениет.

В статье воспитательно отражены обычаи и культура казахского народа в произведениях Абая. В своих стихах он описал духовное богатство казахов. В своих работах Абай отметил, что в становлении полноправного члена цивилизованного общества влияет и источник воспитания, призывающий к выбору правильного пути. В общественных отношениях на первое место ставит личность. Мы видим, что на человека оказывает огромное влияние окружающая его среда, способствует правильному воспитанию.

Ключевые слова: общественные отношения, обычаи, казахский быт, воспитание, цивилизация.

The article reflects the traditions and culture of the Kazakh people found in the works of Abai from an educational point of view. In his poems, he reflected the spiritual wealth of the Kazakh people and depicted them artistically. In his works, Abai noted that the source of Education also affects the formation of a full-fledged member of a civilized society and encourages you to choose the right path. In public relations, the first place is given to the individual. In the works of Abai, we can say that the environment has a great influence on a person, on proper upbringing.

Keywords: social relations, customs, Kazakh life, education, civilization.

Қоғам адамдардың жиынтығынан тұрады десек, сол қоғамды алға жетелейтін ұлы тұлғалардың ролі туралы көп айтылып та, жазылып та жүр. Бірақ сол ұлы тұлғалардың қоғамдағы орны, маңызды істері, болашақ ұрпаққа әсері туралы пікірлердің әр алуан болатыны заңды құбылыс. Әр қоғам өз адамын туғызады, себебі адам өзі өмір сүріп отырған ортаның перзенті. Жеке тұлғалардың арасында ұлы тұлға дәрежесіне жеткендердің барлығына өзін қоршаған әлеуметтік ортаның әсер ететіндігін дәлелдейтін факторларды тарихтан көптеп келтіруге болады. Араптар үшін Мұхаммед ұлы тұлға болса, қырғыз халқы Шыңғыс Айтматовты дүние жүзілік дәрежеге жеткізді. Сол сияқты қазақ ұлты үшін ұлы Абайдан асқан дана адам жоқ.

Абайды, оның әдеби-көркем шығармашылығы мен қара сөздерінің мәнін терең түсіну үшін, өзі шыққан қоғамдық ортаның қыр-сырын анықтау қажет.

Он тоғызыншы ғасырдың екінші жартысында Қазақстанға капиталистік қарым-қатынас тездете кіріп, жаңа қоғамның алғашқы элементтері қалыптаса бастаған болатын.

Мұндай жаңалықтарға үрке қарап, артын күтіп, тосырқай қарағандар да, заманның лебін тез түсініп, икемделгендер де болды. Бұл барлық қоғамға тән заңды құбылыс, процесс.

Бірақ қазақ қоғамының өзіне тән ерекше бір сипаты болды. Ол—жеке адамның өз руының шеңберінен шыға алмаушылығы. Рулық құрылыста әрбір адамның жақсы, жаман болуы өзіне байланысты. Басқа ру адамдары үшін ол жат, бөтен. Сондықтан ол қандай жағдайда болсын, өз руымен өмір сүруге мүдделі және мәжбүр. Рудың қуанышы, қайғысы бәріне ортақ. Сондықтан мұндай қоғамда ұжымдық ұғым басты орын алады. Қазақ халқының қоғамдық өмірдің жаңа жағдайына бірден бейімделіп, көне салмағанын осымен түсіндіруге болады.

Ал жаңа қоғамдық қатынаста бірінші орынға жеке тұлға шыға бастайды. Белсенді адам өзін қоршаған әлемге ықпалын тигізеді, ал бұл өз кезегінде адамның сезімталдық қабілетінің дамуына әсер етеді. Заман лебін заманынан озық туған жеке тұлғалар бұрын болжап, үгіт-насихат жүргізеді. Абай да сол заманның мұрагер рубасы ретінде қазақ халқы қоғамдық өмірінің жаңа жағдайына бірден бейімделіп, көне салмағанына шүбә болмауға тиіс.

Абай дәуіріндегі қазақ тұрмысы негізінен ақынның күллі туындыларында толық бейнеленген. Оның қоғамдық-публицистикалық өлеңдерінің тұтас бір дәуірдің дерегі ретінде тарихи мән-маңызын мойындауға тиіспіз.

Тұтас бір ғасыр өтсе де, қазіргі өз қоғамымыздың көптеген әлеуметтік-саяси, мәдени, тәрбие мәселелері әлі күнге дейін күн тәртібінен түспей тұр.

«...Сол естілерден естіп білген жақсы нәрселерін ескерсе, жаман дегеннен сақтанса, сонда іске жарайды, соны адам десе болады.» (1, 19-сөз.155) Абай айтып отырған адамның адам деген құрметті атақты алып жүруі екі үлкен мәселеге байланысты: оның бірі- білім болса, екіншісі-тәрбие.

Есті адам білімді «қалай» болса да алады, бірақ « қалмысы жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болатын» (2,38-сөз 185) тәрбие барлығымызды ойлантады. Қазіргі қоғамымыздың ең ауыр жарасы осы болса керек.

Бала- қоғамның болашағы дейтін болсақ, онда болашақтың бүкіл бет-бейнесі әрбір шаңырақтың тірегі болатын ұрпақтың тәрбиесінде жатыр. Осыған байланысты Абай былай дейді: « Ғылым-білімді әуелі бастан бала өзі ізденіп таппайды. Басында зорлықпенен, яки алдауменен үйір қылу керек, үйрене келе өзі іздегендей болғанша. Қашан бір бала ғылым, білімді махаббатпенен көксерлік болса, сонда ғана оның аты адам болады.»(3,38-сөз. 185-186) Бұл әрбір ата-ананың әрдайым есінде болатын нәрсесі болуы керек. Себебі, қолынан ештеме келмейтін баланың болуы мүмкін емес, бүкіл баланың бойында таланттың ұшығы, шырағы бар. Бар мәселе соны уақытында ескеріп, еңбекпен ұштастыра білуде. « Қулық саумақ, көз сүзіп, тіленіп, адам саумақ- өнерсіз иттің ісі. Әуел құдайға сыйынып, екінші өз қайратыңа сүйеніп, еңбегінді сау, еңбек қылсаң, қара жер де береді, құр тастамайды.» (4,4-сөз.135) деп ұлы Абай тағы бір ескертіп, шегелеп айтады.

Қазіргі қазақ қоғамындағы келеңсіз көріністердің түп-тамыры - жұмыссыздықта жатыр. Нашәқорлық, маскүнемдік, жезөкшелік, ұрлық, зорлық, адам өлтіру, әр түрлі дәрежедегі қылмыстардың жастар немесе егде адамдар тарапынан болсын кең етек алуының негізгі себебі осында болса керек. Еңбек- адамының бүкіл талантын қозғайтын, шығармашылығын ұштайтын процесс. Абайдың «Қазақтың жаманшылыққа үйір бола беретұғынының бір себебі- жұмысының жоқтығы»(5,42-сөз.217) деп бекерден бекер айтпағаны осыған байланысты.

Жас мемлекеттің тәжірибесінің жоқтығын, халықтың саяси сауаттылығының төмендігін пайдаланған, өз мүддесін жоғары қойған «алаған қолым береген» емес деген принциппен өмір сүретін топтың болуы өтпелі кезеңнің ең бір ауыр келеңсіз жағы. Осыған ұқсас көріністі Абай өмір сүрген дәуірден де көруге болады. «... Ашулансам, ызалана алмаймын, күлсем, қуана алмаймын, сөйлегенім өз сөзім емес, күлгенім өз күлкім емес, бәрі де әлдекімдікі» (6, 9-сөз.142) дейтін сырты бүтін, іші түтін ұлы ақын:

«Жамандар қыла алмай жүр адал еңбек,
Ұрлық, қулық қылдым деп қағар көлбек.
Арамдықтан жамандық көрмей қалмас,
Мың күн сынбас, бір күні сынар шөлмек.»
(7, 15) деп оларға ескерту жасаған болады.

Заман ағымы солай ма «... Ақсақалдың, әкенің, білімдінің сөзінен сырдаң тартып, тез жиренбек » (8,16) болуы заңды болып көрінсе, онда осыдан бір ғасырдан астам уақыт бұрын қалыптасқан

«Бір сөз үшін жау болып,
Бір күн үшін дос болып,
Жүз құбылған салттың»

(9,42) әлі күнге дейін қоғамымызды жайлап, бойымыздан арылмай келе жатқаны ауыр кесел болғаны.

Абай мұның барлығын көрді, білді, заман ағымын сезді, бірақ «жартасқа барып, күнде айғай салғанымен, одан жаңғырықтан басқа ештеме шықпай, баяғы жартас- бір жартас» (10,74) қалпында қала берді. Заманынан озық туған деп халқына жаны ашыған, өрге сүйреген, жол көрсеткен әрекетіне байланысты айтқан шығар. Бірақ Абайдың «ақынның ақыны ғана емес, ақылдың ақыны » екеніне ешкімнің ешқандай дауы болмауы керек.

Оның өлеңдерінің әрбір жолы, қара сөздері тәрбиеге толы, неден сақтану, қайда ұмтылудың бағдарламасы десе де болады.

«Жалға жүр, жат жерге кет, мал тауып кел,
Малың болса, сыйламай тұра алмас ел.
Қаруыңның барында қайрат қылмай,
Қаңғып өткен өмірдің бәрі де-жел»

(11, 143) деп ескерте айтса, ақын енді бір өлең шумақтарында былай дейді:

«Осыны оқып, ойлай бер, болсаң зерек,
Еңбекті сат ар сатып неге керек?
Үш-ақ нәрсе- адамның қасиеті:
Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек»
(6,151)

«Сенбе жұртқа, тұрса да қанша мақтап,
Әуре етеді ішіне қулық сақтап,
Өзіңе сен, өзіңді алып шығар,
Еңбегің мен ақылың екі жақтап»
(6,161)

Бұл-Абай көрсеткен өркениетті қоғамның толыққанды мүшесі болу жолындағы тәрбие көзі, әрі жолы. Ағылшын саясаткері У.Черчиллдің «Тарих жоқ, тарихта тек ұлы адамдар бар» дейтін сөзі, міне, осындай ұлы тұлғаларға байланысты айтылса керек.

Бірақ «Адам баласын замана өстіреді, кімде-кім жаман болса, замандасының бәрі виноват» дейтін Абайдың тағдырын жастарды басқаша тәрбиелеуге ұмтылғаны үшін өлтірілген ертедегі грек ойшылы Сократтың, «басқа елде дос тауып, өз елімде жау таптым» дейтін сақ тайпасының ойшылы да кемеңкері болған Анахарсистің өлімдерімен салыстыруға болады. Театр майталманы, Абай образын сомдағаны үшін жоғары жүлдеге ие болған Болат Әбділманов ұлы ақынның құсалықтан өлгенін айтқан болатын.

« ... Керекті уақытында ойламай, керекті уақытында қылмай, керекті уақытында айтпай, дәйім уақытынан кеш қалып, « Әй, әттеген-ай! Ұйтуім екен, бүйтуім екен» деп, өмір бойы ғафил болып-ақ отырмас» (14,43-221) үшін Абай нақылы, Абай ескертуі әрбір қазақтың жүрек түкпірінде жатуы керек-ақ.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Абай. Энциклопедия. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, «Атамұра» баспасы, ISBN 5-7667-2949-9
2. Әлем әдебиеті. Абай Құнанбаев шығармалары – Алматы, «Жалын» 1995ж.
3. Әуезов М. Абай мұрасы жайында,- Қазақ ССР ҒА-ның хабаршысы. 1957, № 3, 21 б.
4. Сыздықова Р. Абай шығармалары мен 19 ғ-дағы жазу нұсқаларының тілін зерттеудің маңызы. «Қазақ тілі мен әдебиеті» (журн.), 1959, № 2
5. Төкебаева Ж.Ә. «Абай шығармалары тілінің статоллингвистикалық аспектілері» - Қ.Р., Алматы, 2001, филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін жазылған диссертацияның авторефераты.
6. Абай. Таңдамалы өлеңдері. Ташкент. 1922 – III-Ү және 276,287б.
7. Абай Құнанбаев. Аудармалар мен қара сөздер. Алматы. 1977.
8. Абай. Өлеңдер. Алматы. 1976.
9. Абай Құнанбаев. Аудармалар мен қара сөздер. Алматы. 1977.

ӘОЖ 930 (574)

<https://doi.org/10.53355/m6508-1400-7702-a>

ТАРИХИ БІЛІМ БЕРУ БАРЫСЫНДАҒЫ «ТАРИХИ ЖАДЫНЫҢ» ОРЫНЫ

Калиева Б.Т.

Академик Т.С. Садықов атындағы Қазақстан тарихы кафедрасының «6D011400-Тарих» мамандығының докторанты

Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

E-mail: tynysbekovna@mail.ru

Баяндамада «тарихи жадының» қоғамдағы рөлі, оның тарихи білім беру барысындағы қалыптасу негізіне тоқталды. Тарихи білім беру барысындағы «тарихи жадының» қалыптасуы, орыны бүгінгі жас буынға өз тарихын жетік меңгеруіне, оны қызығушылықпен оқуына деген ықыласын қалыптастыру барысы аталған. Мектепте тарихы білім беру негізінде «тарихи жадыны» қалыптастыруға болатындығы көрсетілген.

Тірек сөздер: тарих, тарихи жады, білім беру, мектеп, жад.

В докладе рассматривается вопрос о роли «исторической памяти» в обществе, основе ее формирования в процессе исторического образования. Стремления нынешнего подрастающего поколения осваивать свою историю, с интересом изучать ее, это и показывает формирование и место «исторической памяти» в процессе исторического образования. В работе делается акцент на то что «историческая память» может формироваться на основе исторического образования в школе.

Ключевые слова: история, историческая память, образование, школа, память.

The report examines the issue of the role of "historical memory" in society, the basis of its formation in the process of historical education. The aspirations of the current younger generation to master their history, to study it with interest, this is shown by the formation and place of "historical memory" in the process of historical education. The work focuses on the fact that "historical memory" can be formed on the basis of history education at school.

Key words: history, historical memory, education, school, memory.

Мектепте тарихи білім беру барысы қазіргі таңда маңызды жұмыстардың бірі деуге болады. Тарих пәні мұғалімі мен оқушының арасындағы байланыс, сабақ беру әдісі, сабақ барысында аталған тарихи мәселені дамыту үрдісі ол екі жақты қарым-қатынасты талап

етеді. Егер мұғалім өз пәні негізінде оқушыдан жауап талап ететін болса, онда сол пән мұғалімі әр тақырыпты жетік меңгеруге тиіс. Себебі бүгінгі таңда тек мәселені атап қана өтіп, оны талқыламай ешбір нәтижеге қол жеткізе алмайды. Ендігі мәселе, тарихи білім беру барысындағы «тарихи жадының» орыны, ал оған тоқталмас бұрын алдымен ұғымдарына анықтама берілсе.

Тарихи білім беру – тарих пәні аясында немесе сыныптан тыс тарихи іс-шаралар кезінде балаға дұрыс бағдар беріп, оны меңгеру жолдарын үйрету. Жалпы тарихи білім беру ол қазірден басталған ұғым емес, ол бұрыннан келе жатқан термин болып табылады. Алайда оны қолдану аясы өте кең деуге болады.

«Тарихи жад» - (сонымен қатар ұжымдық немесе әлеуметтік жады) - бұл қазіргі кезде маңызды «жаңа жинақталған әлеуметтік тәжірибені» жаңа ұрпаққа беру үшін өткен туралы ақпаратқа айналдыратын әлеуметтік білімді басқаратын және өзгертетін әлеуметтік-мәдени әдістер мен институттар жүйесі. Ғылыми қолданыста баламалы ұғымдар бар, олардың кейбіреулері ертеректе қолданылған: тарихи жад, ұжымдық жады, әлеуметтік жады, ұжымдық ми, адам жады, әлем жады [1].

Тарихи білім беру барысындағы «тарихи жадының» орынын көрсетпес бұрын, бүгінгі таңда Қазақстан Республикасында қалай жүзеге асырылып жатқанын атап өтілсе. Ол Елбасының: «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы [2, 3-4 бб], «Ұлы даланың жеті қыры» [3], президентіміз Қ. Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» [4] атты мақалалары аясында жүзеге асырылуда.

Аталып отырған мәселе барлық мемлекеттерде өз деңгейінде зерттеліп, кең қарастырып жатқан жұмыстардың бірі болып табылады.

Жалпы «жад» аясында М. Хальбвакс: белгілі бір уақыт кезеңінде қоғамда болып жатқан оқиғаларға байланысты әлеуметтік жады өзгереді және құрылады деген. Кейін көптеген зерттеушілер Я. Ассман, А. Ассман, П. Нора, П. Хаттон, Т. Адорно және т.б. қоғамда және оның қажеттіліктерінде орын алатын саяси және әлеуметтік процестерден туындаған қоғамдық құрылымдар ретінде еске алу және әлеуметтік жады деп санайды. Бұл дәстүрді заманауи ғалымдар жалғастырады. Жалпы «тарихи жад» аясында бүгінгі таңда Ресей мемлекетінде Ю.А. Сафронованың «Историческая память» атты оқу құралы жарық көрді [5].

Қазақстанда қоғамның тарихи жадысын қалыптастырумен М.Қ. Қойгелдиев [6], Л.И. Зуева [7], К. Медеуованың еңбектерін атап өтсек болады [8].

«Тарихи жады» орынының білім беру барысында маңызы өте зор. Себебі оқушы сабақ барысында өтіліп жатқан тақырыптар аясында өзіндік ойларын қосып, еске алулар арқылы оларды қайта жаңғырта алса, міне осының барлығы тарихи білім беру үрдісі негізінде жүзеге асырылады. Тарихи білім беру жоғарыда атап өткеніміздей тарих сабақтарында: Қазақстан тарихы және сыныптан тыс сабақтар, іс-шаралар, коммеморациялар арқылы, сонымен қатар қосымша курстар: мысалы үшін «Өлкетану» курстары негізінде «тарихи жадының» орынын көрсете алады.

Тарихи жадының қызмет ету тетіктері идеология, тәрбие, қоғамдық пікір, мерейтойлар мен мерекелер және т.б. Білім беру – ең қуатты тетік, егер мектеп бағдарламасы мен оқулықтарды өзгертілсе, бұл тарихи жадқа айтарлықтай әсер ететінін көрсетуге болады.

10. Пузикова, В.С. Философские и психолого-педагогические аспекты формирования компетентностей учащихся в профильном обучении: монография / В.С. Пузикова. Л.А. Омельяненко. – БГТИ (филиал) ОГУ, Самара: СИПКРО, 2013. – 263 с. ISBN 978–5–7174–0555–3.
11. Ушинский, К.Д. Человек как предмет воспитания. Опыт педагогической антропологии. К.Д. Ушинский. – М.: ФАИР–ПРЕСС, 2004 г. – 239 с. – ISBN 5–8183–0811–1.

ӘОЖ 378

<https://doi.org/10.53355/g2748-8743-2277-i>

БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІ АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ПАЙДАЛАНУҒА ДАЙЫНДАУ МӘСЕЛЕСІ

Ниязшина А.Ж., 2-курс магистранты, Фейзулдаева С.А., PhD
I. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қаласы

E-mail: niyazshina73@mail.ru, salta7172@mail.ru

Мақалада оқу үдерісінде болашақ мұғалімнің ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалануға даярлау мәселесінің теориялық және практикалық негізі қарастырылады. Оқу үдерісінде АКТ-ны жүйелі және мақсатты пайдалану білім беру процесінің сапасын арттырудың тиімді құралы ретінде әрекет етеді.

Тірек сөздер: болашақ мұғалім, ақпараттық-коммуникациялық технология, кәсіби қызмет.

В статье рассматривается теоретическая и практическая основа проблемы подготовки будущего учителя к использованию информационно-коммуникационных технологий в учебном процессе. Системное и целенаправленное использование ИКТ в учебном процессе выступает эффективным средством повышения качества образовательного процесса.

Ключевые слова: будущий учитель, информационно-коммуникационные технологии, профессиональная деятельность.

The article discusses the theoretical and practical basis of the problem of preparing a future teacher for the use of information and communication technologies in the educational process. Systematic and purposeful use of ICT in the educational process is an effective means of improving the quality of the educational process.

Keywords: future teacher, information and communication technologies, professional activity.

Кіріспе. Соңғы жылдардағы білім беру реформалары еліміздегі білім беру жүйесіндегі айтарлықтай өзгерістерге ықпал етті. Мамандарды, атап айтқанда, мұғалімдерді даярлау олардың негізгі құзыреттіліктерін қалыптастыруға бағытталған. Бұл мәселенің өзектілігі, әсіресе, бүкіл әлемді дүр сілкіндірген пандемия жағдайында еліміздің білім беру жүйесінде ақпараттық коммуникациялық технологиялар мен күрделі

технологиялардың белсенді енгізілуінде, сондықтан бұл-болашақ мұғалімдерді даярлауда жалпы кәсіби күзінеттіліктің құрамдас бөлігі ретінде олардың ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану мәселесі ерекше мәнге ие болуында. Ақпараттандыру білім беру сапасын, қолжетімділігін және тиімділігін арттыруға бағытталған білім беру жүйесін реформалаудың маңызды тетігі болып табылады. Демек, білім беру жүйесінде АКТ-ны қолдану ақпараттық қоғамды дамытудың маңызды бағыттарының бірі болып табылады. Болашақ мұғалім жас ұрпақты ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдануда ақпараттық мәдениетпен қамтамасыз ету жағынан түйінді фигура болып табылады.

Зерттеу материалдары және әдістері. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ) - бұл «ақпаратпен жедел және тиімді жұмыс істеу мақсатында ақпаратты жинау, сақтау, өңдеу және беру үшін есептеу техникасы мен телекоммуникациялық құралдарды пайдаланатын технологиялар». Демек, ақпаратты пайдалану үрдісін жеңілдетуге арналған әдістер мен бағдарламалық-техникалық құралдар жиынтығы, ақпаратты алу, түрлендіру, жіберу, сақтау және пайдалану әдістері мен құралдары бұлар ақпараттық технологиялар болып саналады.

Ақпараттық қоғамды құру және дамыту білім беруде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) кеңінен қолдануды көздейді, бұл бірқатар факторлармен анықталады.

Біріншіден, АКТ-ны білімге енгізу адамзаттың білімі мен жинақталған технологиялық және әлеуметтік тәжірибесін ұрпақтан-ұрпаққа ғана емес, сонымен бірге бір адамнан екінші адамға беруді едәуір жылдамдатады.

Екіншіден, заманауи АКТ-ны оқыту мен білім беру сапасын арттыра отырып, адамға қоршаған ортаға және болып жатқан әлеуметтік өзгерістерге табысты, жылдам бейімделуге мүмкіндік береді.

Үшіншіден, осы технологияларды білім беруге белсенді әрі тиімді енгізу, ИСО талаптарына және қазіргі заманғы индустриялық қоғамның талаптары аясында дәстүрлі білім беру жүйесін реформалау үдерісіне жауап беретін білім беру жүйесін құрудың маңызды факторы болып табылады.

Болашақ мамандарды ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалануға дайындаудың мақсатын, мазмұнын, психологиялық-педагогикалық негіздерін қазақстандық ғалымдар Ж.А. Қараев, Г.Қ. Нұрғалиева, Т.О. Балықбаев, С.М. Кеңесбаев, Б.Б.Баймұханов, А.Б.Медешова және т.б. қарастырған.

А.В. Могилев, О.Г. Смолянинова, А.Ю. Кравцова, С.Р. Удалов, Т.А. Лавина, М.Б.Лебедева және т.б. ресейлік ғалымдардың диссертациялық зерттеулері ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласындағы болашақ мұғалімдерді (барлық педагогикалық мамандықтарға қатысты) даярлауды жетілдіруге арналған.

Қазіргі уақыттағы ақпараттық-коммуникациялық технология саласында болашақ педагог мамандарға қойылатын талаптар:

Жалпы мәдени: қоғамды ақпараттандыру үрдісін мәнін, оның әлеуметтік алғышартын және салдарын түсінуі; ақпараттандырудың түрлі аспектілерінің жеке тұлғаға әсерін талдай білуі; ақпараттық технологиялардың түрлі ұғымдарын негіздеп, ажырата білуі мен білімді ізгілендіру және бұл бағыттағы АКТ-ның рөлі туралы түсініктерінің болуы.

Жалпы біліми дайындық: қазіргі ақпараттық-коммуникациялық технологиялармен жұмыс істеудің негізгі қағидаларын, түрлі құрылғылардың қызметін және әрекет ету тәсілдерін, программалық жүйелерді топтау қағидалары мен тәсілдерін білуі, қазіргі операциялық жүйелер туралы нақты мағлұматы болуы, қазіргі мектептерде қолданыста жүрген ақпараттық технологиялар туралы түсінігі және оны қолдана білуі.

Әдістемелік-педагогикалық дайындық: АКТ-ны білім жүйесінде қолданылуының жалпы қағидаларын және өз жұмысында АКТ-ны қолдану мүмкіндігін жетік білуі, ақпараттық технологиялардың түрлерін, ерекшелігін білуі, қазіргі ақпараттық технологияларды қолдану

негізінде пәндер бойынша оқу жұмысын жоспарлай және түрлендіре алуы, пәндерді кіріктірудің дидактикалық қағидалары мен формаларын білуі, әдебиеттерді талдау және мұғалімдер тәжірибелерін жалпылау негізінде информатика мазмұнын іріктей алуы және оқушылардың интеллектуалдық дамыту бағытында пайдалана білуі, информатиканың дамытушы курсы негізінде қазіргі ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, түзету жұмыстарын ұйымдастыру мүмкіндігін біліп, жүзеге асыра алуы болып табылады.

Сонымен бірге, педагог-мамандарды даярлау үрдісін зерттеушілер кешенді амалды жүзеге асыруда оны бірнеше кезеңдерге бөліп көрсетеді [1]:

Бірінші кезең - бастапқы студенттердің жалпы білімі дайындығымен, ойлауының дамуымен, саналы қалыптасуымен, өзбетіндік танымдық іс-әрекетті қалыптастырумен байланысты болып келеді.

Екінші кезең - кәсіби болып табылады, ол үйлестіру бағдарланған пәндерді оқытумен байланысты жалпы білімі және кәсіби дайындық арасында жүргізіледі. Бұл кезеңде кең кәсіби бағдарға тән сипатта әдістерге қатыстыру жүзеге асады.

Үшінші кезең - арнайы болып табылады, бұл кезеңде арнайы, бағдарланған пәндерді оқытуда бірлескен және ынтымақтасқан оқытушылардың, сондай-ақ студенттердің де бірлескен әрекетінің қажеттілігін айтуға болады.

Зерттеу нәтижелері және оларды талқылау. Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі, педагогика және психология, физика және информатика мамандықтары бойынша элективті курс бағдарламаларын ұсынған, онда электрондық оқу құралдарын жасақтауға және оны тиімді қолдану әдістемесін ақпараттық технология негізінде оқып-үйретуге көңіл бөлу қажеттігін өз еңбегінде атап өткен зерттеуші ғалым А.Б.Медешова болды. [2].

М.М. Пшукова: «Мұғалімнің ақпараттық құзырлылығы – бұл қазіргі ақпараттық технологиялар саласынан білімді, білікті, дағдыны орынды қолдана білу». Ғалым мұғалімдердің ақпараттық құзырлылығын қалыптастырудың құрамын құралдар мен әдістер саласында қолданылатын білім, білік, және дағды құрайтын келесі элементтерді анықтаған: ақпаратты іздеу және жинау; ақпаратты сақтау; ақпаратты өңдеу; ақпаратты тарату [3].

Т.А.Зубкованың пікірінше, мұғалімнің ақпараттық құзырлылығы біртіндеп қалыптасады. Жоғары оқу орнында мұғалімдерді дайындаудың бірінші кезеңі - базалық ақпараттық құзырлылық негіздері қалыптасады. Бұл кезеңде жалпы кәсіби пәндер мен пәндік дайындық шеңберінде информатикаға және ақпараттық технологияларға оқыту мен өздігінен оқу үдерісінде қалыптасатын білім, біліктілік және дағды меңгеріледі. Екінші кезеңде ақпараттық құзырлылықтың қалыптасуы жүргізіледі, бұнда ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы кәсіби әрекетті орындауға деген қабілеті қалыптасады [4].

Г. Гуревич «Заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды, оларды оқу-тәрбие процесінде пайдалану әдістемесін игеру білім беруді жаңғыртуға - болашақ маманның кәсіби даярлығының сапасын арттыруға, қоғамның бәсекеге қабілетті мамандарға деген қажеттілігін қамтамасыз етуге ықпал етеді» - деп дұрыс айтады [5]. Әмбебап білімнің, дағдылардың тұтас жүйесін, сондай-ақ білім алушылардың өзіндік қызметі мен жеке жауапкершілігі тәжірибесін қалыптастыру, яғни білім беру мазмұнының қазіргі заманғы сапасын айқындайтын түйінді құзыреттер болашақ мұғалімдердің АКТ-ны қаншалықты қолданғанына байланысты.

Жоғарыда келтірілген зерттеулердегі ой-тұжырымдарды жинақтайтын болсақ, ақпараттық технологияны жан-жақты пайдалану, оқыту мен тәрбиелеудің психологиялық-педагогикалық мақсаттарын жүзеге асыратындай жағдайда оның мүмкіндіктерін қолдану үрдісі болып табылады деген қорытынды жасауға болады.

Жоғары білім беруде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану дәстүрлі оқыту жүйесімен салыстырғанда бірқатар маңызды артықшылықтарға ие. Білім алушылардың осы технологияларды қолдануы білім алудың қолжетімділік деңгейін айтарлықтай арттырады.

Зерттеу тақырыбымызға сәйкес Илияс Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің «Бастауышта оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының студенттерінен ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану дәрежесін анықтау үшін қашықтықтан оқытуға байланысты сауалнама алынды. Сауалнамаға барлығы 38 студент қатысты.

Сауалнама сұрақтары: 1. Қашықтықтан оқытудың жаңа жағдайларына қалай бейімделдіңіз? Студенттердің бірінші сұрақ бойынша берген жауаптарын талдау нәтижесі 38 студенттің 12-сі (32%) өте жақсы, 16-і (42%) жақсы, 8-уі (21%) қанғаттанарлық, тек 2 (5%) жауап беруге қиналамын деген жауапты берген. Екінші сұрақ бойынша. 2. Сізге қашықтықтан оқу ыңғайлы болды ма? Студенттердің 20-сы (52,6%) ия, ыңғайлы, 8-і (21,1%)-ия, бірақ қиын, 10-ы (26,3%)-жоқ деп жауап берген. 3. Қашықтықтан оқыту процесінде қандай қиындықтарға тап болдыңыз? 18 студент (47,4%) – компьютерлік технологияларды жеткіліксіз меңгеру, қашықтағы материалдың жеткіліксіз мөлшері 10-і (26,3%), 6-ы (15,8%) практикалық тапсырмаларды орындаудың күрделілігі, 4-і (10,5%) басқа деп жауап берді. 4. Қашықтықтан оқыту процесінде қандай техникалық проблемаларға тап болдыңыз? Қойылған сұраққа жауапты уақтылы алмаған 7 студент (18,4%), 11 студент (29%)-материалды жаңғырту үдерісіндегі техникалық іркілістер, 10 студент (26,3%) – нашар кері байланыс, 4 студент (10,5%)-дыбыс мәселелері, 3 студент (7,8%)-оқытушымен презентацияны жүктеу мәселелері, 4 студент (10,5%)- кадрдың кідірісі (нашар жылдамдық), 2 студент (5%) -басқа деген жауапты берді. 5. Қашықтан оқыту кезінде сізге не ұнады? 10 студент (26,4%)- инфекцияның төмен қаупі. 5 студент (13%)-өз бетінше оқып-үйрену. 2 студент (5%)-үйде тамақтану. 3 студент (7,8%)-пән бойынша қосымша материал көлемі. 4 студент (10,5%)-жеке оқыту қарқыны. 5 студент (13%)-оқытудың заманауи технологияларын қолдану. 3 студент (7,8%)-оқыту сапасын арттыру. 5 студент (13%)-дәрістің бейнежазбасын қайта қарау мүмкіндігі, 1 студент (2,7%)-басқа. 6. Оқу барысында қандай қашықтықтан оқыту құралдарын қолдандыңыздар? 15 студент (39,4%)-онлайн дәрістер, 20 студент (52,6%)-университеттің білім беру порталындағы бағдарламаларды, 3 студент (8%)-басқа деген жауаптарын берді.

Студенттердің сұрақтарға берген жауаптарын талдау нәтижесі көрсеткендей, электрондық және қашықтықтан оқыту элементтерін пайдалануға көшу процесінде білім алушылардың ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдануы бойынша негізгі қиындықтардың бар екені анықталды және оларды шешу жолдарын көрсетудегі орнын белгілеудің маңыздылығы орасан зор жұмыстарды қамтитындығын көрсетеді.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану заманауи мұғалімге қазіргі қоғамның қажеттіліктеріне жауап бере отырып, жаңа мүмкіндіктер береді.

Болашақ маманның АКТ-құзыреттілігін қалыптастыру университетте оқудың алғашқы күндерінен бастап жүйелі, үздіксіз жүзеге асырылуы тиіс.

Болашақ педагогтарды кәсіби қызметте АКТ-ны пайдалануға дайындау үдерісі:

1) болашақ мұғалім тұлғасының кәсіби қызметте АКТ-ны пайдалануға дайындау үдерісінде субъективті ұстанымын өзектендіру арқылы іске асырылады;

2) осындай дайындық үдерісін басқару мен өзін-өзі басқарудың икемділігі;

3) мұғалімнің болашақ кәсіби қызметінде АКТ қолданудың теориялық және практикалық аспектілерін зерделеу бойынша оқу материалын құрылымдаудың модульдік технологиясы.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану кезінде:

- студенттер компьютермен қатысқан сабақтарға деген қызығушылықтары артады, олармен жұмыс істегенде өздерін ыңғайлы сезінеді;

- студенттер арасындағы, студенттер мен компьютер арасындағы қатынастың сипаты өзгереді;

- компьютердің мүмкіндіктерін дұрыс бағалай алу қабілеті артады;

- компьютерлік желіде (мысалы, ғаламторда) жұмыс істегенде, аса маңызды әлеуметтік дағдылар қалыптасады: жауапкершілік, басқа адамдардың ұстанымын ескере отырып, өз мінез-құлқына ие болу және т.б.

Теория мен практикадағы проблеманы талдауға сүйене отырып, болашақ мұғалімдерді кәсіби қызметте АКТ-ны қолдануға дайындау жеке тұлғаның тұтас білімі ретінде қарастырылуы керек және қарастырылуы мүмкін деген пікірге келдік:

- білім берудегі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар рөлінің маңыздылығын түсіну;

- ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану жөніндегі қызметті жүзеге асыруға қызығушылық және қажеттілік;

- оң нәтижелерге қол жеткізуге көмектесетін белгілі бір қабілеттер, жалпы және арнайы білімнің қажетті көлемінің болуы мен талап етілетін деңгейде қалыптасқан кәсіби-педагогикалық дағдылар.

Қорытынды. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдануда студенттердің ақпараттық мәдениетін, өз бетінше білім алу дағдыларын қалыптастыру, оқытудың мазмұндық және технологиялық жағынан қолдау жасауға, білімдерін қалыптастырудың көрнекілік негізін күшейтуге және студенттердің танымдық қызығушылықтарын дамыту, мамандыққа баулитын пәндерді оқуға деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында жүргізуді көздейді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Роберт И.В. Информатика, информационные и коммуникационные технологии : учеб.-метод. пособие / И.В. Роберт. - М.: УРАО, 2001. - 205 с.

2. Медешова А.Б. Бастауыш сынып оқушыларының оқу икемділігін ақпараттық технология арқылы дамытудың педагогикалық шарттары: пед. ғыл. канд. ... дис.: 13.00.01. – Атырау, 2006. – 161 б.

3. Дедюхина А.А. Педагогические условия формирования информационной компетентности будущих учителей начальных классов [Текст] / А.А. Дедюхина // Теория и практика образования в современном мире: материалы междунар. науч. конф. (г. СанктПетербург, февраль 2012 г.). — СПб.: Реноме, 2012. — С. 280-284.

4. <http://rudocs.exdat.com/docs/index-205222.html>.

5. Гуревич Г.С. Информационные технологии обучения: инновационный подход : учебное пособие / Г.С. Гуревич, М. Ю. Кадемия, Л.С. Шевченко : за ред. Гуревича Г. С. - Наука : ООО фирма «Планер», 2012. - 348 с.

ӘОЖ 04.51.31

<https://doi.org/10.53355/i2112-2469-2662-o>

ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ КӘСІБИ БЕЙІМДЕЛУІНДЕ ЭМОЦИОНАЛДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ДЕҢГЕЙІ МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Нуркатова М. М., PhD, координатор

*Колумбия Университеті жанындағы Орталық Азиядағы Жаһандық денсаулықты
зерттеу орталығы*

Аубәкір А. С., 8D11401-Әлеуметтік жұмыс мамандығының 2 курс докторанты
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

E-mail: aisulu95@bk.ru

Мақалада эмоционалды интеллекттің кәсіби қызмет процесінде алатын орны туралы зерттеу нәтижелерін қарастыра келе, бұл бағыт эмоционалды интеллект тұжырымдамасының пайда болуымен бір уақытта дерлік көрсетілген болатын және осы күнге дейін практикаға сәйкес сұраныстардың арқасында өзектілігін жоғалтпайды. Зерттеу жұмысымыздың мақсатына сәйкес әлеуметтік қызметкерлердің кәсіби

қызметке кәсіби бейімделу тиімділігін қамтамасыз етудегі эмоционалды интеллект рөлін зерттеу, сонымен қатар, жұмыста көбінесе әлеуметтік қызметкердің білімі, білігі мен дағдылары басты рөлді емес, оның жеке ерекшеліктері, өзін дұрыс көрсете білу, өзгелермен ортақ тіл таба білу қабілеттеріне ие болады. Сондықтан, жалпы интеллект деңгейімен қатар, басқа да сипаттамаларды алып қарайтын болсақ, әлеуметтік қызметкерлердің кәсіби қызметінің сәттілігімен байланысты болуы керек, оны басқаша айтқанда коммуникация саласындағы құзыреттілікке, айналасындағылармен эмоционалды байланыс қабілетіне жатқызуға болады.

Эмоционалды интеллекттің жоғары деңгейі әлеуметтік қызметкерлердің өз жұмысына, жетістіктеріне қанағаттану дәрежесімен де байланысты, бұл іс-әрекет табысының субъективті көрсеткіші болып табылады. Эмоционалды құзыретті әлеуметтік қызметкер өз жұмысынан ләззат алу үшін өзін-өзі баптай алатындығымен түсіндіріледі, сол арқылы өзін одан да тиімді болуға итермелейді. Сонымен қатар, кейбір зерттеулердің нәтижелері эмоционалды интеллекттің эмоционалды компоненттерінің ауырлығы (эмпатия және эмоционалды хабардарлық), керісінше, эмоционалды жайлылық деңгейінің төмендеуімен байланысты екендігін көрсетеуіне байланысты, мақалада әлеуметтік қызметкерлердің кәсіби бейімделу ерекшеліктерімен эмоционалды интеллекттің кәсіби қызмет процесінде алатын орны туралы зерттеу жұмысына шолу жасалынған.

Тірек сөздер: Эмоционалды интеллект, кәсіби бейімделу, әлеуметтік қызметкер, кәсіби құлдырау, тұлғааралық эмоционалды интеллект, кәсіби іс-әрекет.

В статье рассматриваются результаты исследования роли эмоционального интеллекта в процессе профессиональной деятельности, это направление было выражено практически одновременно с возникновением концепции эмоционального интеллекта и по сей день не теряет актуальности в связи с практическими потребностями. В соответствии с целью нашей работы, изучение роли эмоционального интеллекта в обеспечении эффективности профессиональной адаптации социальных работников, а также знания, навыки и умения социальных работников часто играют ключевую роль в их личностных характеристиках, умении выражать себя, находить точки соприкосновения. будет. Поэтому, помимо общего уровня интеллекта, с успешностью профессиональной деятельности социальных работников должны быть связаны другие характеристики, другими словами, это может быть отнесено к коммуникативной компетентности, умению эмоционально общаться с окружающими.

Высокий уровень эмоционального интеллекта также связан со степенью удовлетворенности социальных работников своей работой и достижениями, что является субъективным показателем успешности. Это объясняется тем, что эмоционально компетентный социальный работник может приспособиться к своей работе, тем самым мотивируя себя действовать более эффективно. Кроме того, результаты некоторых исследований показывают, что выраженность эмоциональных компонентов эмоционального интеллекта (эмпатия и эмоциональная осведомленность) связана со снижением эмоционального комфорта.

Ключевые слова: эмоциональный интеллект, профессиональная адаптация, социальный работник, профессиональный упадок, межличностный эмоциональный интеллект, профессиональная деятельность.

The article considers the results of research on the role of emotional intelligence in the process of professional activity, this direction was expressed almost simultaneously with the emergence of the concept of emotional intelligence and to this day does not lose relevance due to practical needs. In accordance with the purpose of our work, the study of the role of emotional intelligence in ensuring the effectiveness of professional adaptation of social workers, as well as the knowledge, skills and abilities of social workers often play a key role in their personal

characteristics, ability to express themselves, find common ground. will be. Therefore, in addition to the general level of intelligence, other characteristics should be associated with the success of the professional activity of social workers, in other words, it can be attributed to the competence in communication, the ability to communicate emotionally with others.

The high level of emotional intelligence is also associated with the degree of satisfaction of social workers with their work and achievements, which is a subjective indicator of success. It is explained by the fact that an emotionally competent social worker can adjust himself to enjoy his work, thereby motivating himself to be more effective. In addition, the results of some studies show that the severity of the emotional components of emotional intelligence (empathy and emotional awareness) is associated with a decrease in emotional comfort.

Keywords: emotional intelligence, professional adaptation, social worker, professional decline, interpersonal emotional intelligence, professional activity.

Кіріспе. Қазіргі заманғы әлеуметтік ұйымдардың көпшілігі өздерінің күш-жігері мен ресурстарының едәуір бөлігін қызметкерлерді дамытуға және сақтауға жұмсайды, өйткені білікті және адал қызметкерлер - бұл компанияның нарықтағы жетістігінің негізгі себептерінің бірі. Осыған байланысты, кадрларды іріктеу тиімділігін арттыруға, жаңа қызметкерлердің ұжымға тез енуіне және оларды жұмыстан шығару ықтималдығын төмендетуге бағытталған жаңа қызметкерлерді бейімдеу жүйесін әзірлеу және енгізу маңызды. Жаңа қызметкерлерді бейімдеу жұмыстарының ерекше бағыты – жоғары оқу орнын жаңадан бітірген және кәсіби қызметін енді бастаған жас мамандарды бейімдеу. Соңғы жылдары әлеуметтік қызметкерлердің кәсіптік қызметіне сұраныстың өсуіне байланысты олардың бейімделуін зерттеу маңызды бола бастады. Алайда, мәселенің өзектілігіне қарамастан, әлеуметтік қызметкерлердің кәсіби бейімделуінің әлеуметтік-психологиялық жағына қатысты заманауи отандық зерттеулер жеткіліксіз.

Кәсіби бейімделудің сәттілігіне тікелей немесе жанама әсер ететін көптеген факторлар бар. Бүгінгі күні адам бейімделетін әлеуметтік жағдайдың параметрлері, яғни сыртқы факторлар кеңінен зерттелген. Алайда, жеке тұлғаның әлеуметтік-психологиялық бейімделуінің сәттілігі мен оның ішкі ерекшеліктері мен қабілеттерінің арасындағы байланыс туралы мәліметтер жетіспейді.

Эмоционалды интеллект дегеніміз - адамның өзінің және өзгенің эмоциясын түсіну және басқару, айналасындағы адамдардың эмоцияларын қабылдау және оларға әсер ету, сондай-ақ өзінің эмоционалдық жағдайлары туралы ойлау және олардың көріністерін бақылау арқылы тиімді қарым-қатынас жасау қабілеті [1]. Осы анықтамада эмоционалды интеллекттің адаптивті қасиеттері айқын көрінеді, бірақ қазіргі кезде бұл болжамға жеткілікті эмпирикалық дәлелдер жоқ. Таңдалған мәселенің өзектілігі эмоционалды интеллекттің салыстырмалы түрде жаңа, аз зерттелген құбылыс екендігіне байланысты. Қазіргі уақытта эмоционалды интеллект құрылымы мен мәнін түсіндіруде әртүрлі көзқарастар бар (Р.Бар-Он; Д. Големан; Дж. Майер, П. Саловей, Д.Р. Карузо; И.Н. Андреева; Д. В. Люсин; Е. Л.Сергиенко, И.И.Ветрова және басқалар). Алайда эмоционалды интеллекттің бірыңғай теориясы жасалмаған. Осыған қарамастан, эмоционалды интеллектті зерттеу қажеттілігі кәсіби қызметтің тиімділігі мен жеке тұлғаның кәсіби бейімделуіне әсер ететін факторларды анықтаудан тұратын практиканың сұраныстарынан туындайды. Әлеуметтік қызметкерлерінің басқа адамдардың сезімдерін тану және ұғына алу, ортақтаса алу, эмоционалды хабардарлық, эмпатия сияқты кәсіби іс-әрекетінің ерекшеліктері маманның бойындағы эмоционалды интеллектінің даму деңгейіне тікелей байланысты.

Зерттеудің практикалық құндылығы әлеуметтік қызметкерлерде эмоционалды интеллектті дамытудың мақсаттылығы негізделгендігінде, зерттеу нәтижелері, атап айтқанда, анықталған топтар мен EQ профилдері, конструктивті психологиялық әсер ету құралдарын анықтау үшін әлеуметтік қызметкерлердің жеке ресурстарын болжау мүмкіндігін кеңейтеді.

Негізгі бөлім. Эмоционалды интеллекттің кәсіби қызмет процесінде алатын орны туралы зерттеу нәтижелерін қарастыра келе, бұл бағыт эмоционалды интеллект тұжырымдамасының пайда болуымен бір уақытта дерлік көрсетілген болатын және осы күнге дейін практикаға сәйкес сұраныстардың арқасында өзектілігін жоғалтпайды. Зерттеу жұмысымыздың мақсатына сәйкес әлеуметтік қызметкерлердің кәсіби қызметке бейімделу тиімділігін қамтамасыз етудегі эмоционалды интеллект рөлін зерттеу. Жұмыста көбінесе әлеуметтік қызметкердің білімі, білігі мен дағдылары басты рөлде емес, оның жеке ерекшеліктері, өзін дұрыс көрсете білуі, өзгелермен ортақ тіл таба білу қабілеттерін маңызды болады. Сондықтан, кәсіби қызметтің табыстылығы жалпы интеллект деңгейімен қатар, басқа да сипаттамаларға байланысты болуы керек, оларға коммуникация саласындағы құзыреттілік, айналасындағылармен эмоционалды байланыс орната алу қабілетін жатқызуға болады. Эмоционалды интеллект деңгейі мен жалпы кәсіби қызметтің жетістігі арасындағы байланысқа келетін болсақ, бұл мәселеге арналған зерттеулер айтарлықтай аз. Отандық және шетелдік әдебиеттерде мұндай байланыстардың әртүрлі эмпирикалық зерттеулерін табуға болады. Мысалы, эмоционалды интеллектісі жоғары қызметкерлердің жұмыста кәсіби құлдырау ықтималдығы аз екендігі туралы мәліметтер бар. Атап айтқанда, айналасындағы адамдардың эмоционалды күйін түсіріп, осы эмоцияларды дұрыс бағытқа бағыттай алатын қабілеті бар әлеуметтік қызметкерлер клиенттерге деген пайдасыздық сезімі, өз ісінің нәтижесіздігі сияқты эмоционалдық құлдыраудың белгілерін аз мөлшерде сезінеді [2].

Эмоционалды интеллекттің жоғары деңгейі әлеуметтік қызметкерлердің өз жұмысына, жетістіктеріне қанағаттану дәрежесімен де байланысты, бұл іс-әрекет табыстылығының субъективті көрсеткіші болып табылады. Эмоционалды құзыретті қызметкер өз жұмысынан ләззат алу үшін өзін-өзі бағыттай алатындығымен түсіндіреді, сол арқылы өзін одан да тиімді болуға итермелейді. Кейбір зерттеулердің нәтижелері эмоционалды интеллекттің эмоционалды компоненттерінің ауырлығы (эмпатия және эмоционалды хабардарлық), керісінше, эмоционалды жайлылық деңгейінің төмендеуімен байланысты екендігін көрсетеді [3]. Зерттеудің авторы алынған нәтижелерді интерпретациялау ретінде мұндай қарым-қатынас индивидтің әртүрлі эмоционалды тәжірибелерге назар аударуының күшеюі және соның салдарынан теріс боялған эмоционалдық тәжірибеге жинақталу және ұзақ мерзімді бекіту есебінен көрінуі мүмкін деп санайды. Эмоционалды интеллект деңгейі мен кәсіби іс-әрекет табыстылығының объективті көрсеткіштері арасында айтарлықтай байланыстың болуы туралы деректер іс жүзінде жоқ. Бір жағынан, қазіргі уақытта осы мәселеге арналған зерттеулердің жеткіліксіздігін байқауға болады. Екінші жағынан, қолданыстағы зерттеулерде эмоциялар мен белсенділіктің нақты көрсеткіштерін түсіну және бақылау қабілетінің даму деңгейі арасындағы жеткілікті тұрақты байланыс анықталмаған. Іс-әрекеттің тиімділігі диссертациялық зерттеуінде А.С. Петровская «Эмоционалды интеллект деңгейі мен басқару қызметінің тиімді параметрлері арасындағы байланысты зерттеу нәтижелерін талдау негізінде эмоционалды интеллекттің жоғары деңгейі, басқару қызметінің тиімділігінің жоғары деңгейіне сәйкес келеді деген қорытынды жасайды [4]. Алайда, осы зерттеуде таңдалған менеджердің қызметін бағалау критерийлері олардың шынымен объективті екендігіне күмән тудырады. Сонымен қатар, кейбір зерттеулер эмоционалды интеллектті дамытуға бағытталған мамандандырылған оқу бағдарламаларынан кейін әлеуметтік қызметкерлердің жұмыс көрсеткіштерінің жақсарғанын көрсетеді [5]. Мысалы, эмоцияларды түсіну және басқару дағдыларын дамытуға бағытталған корпоративті сабақтар, сабаққа келмеу санының төмендеуіне алып келгені туралы дәлелдер бар. Оның үстіне бұл әсер ұзақ уақыт сақталады. Сонымен қатар, мұндай оқыту бағдарламалары қызметкерлерге әріптестерімен және клиенттерімен тиімді өзара әрекеттестік орнатуға мүмкіндік береді және бұл корпоративті рухты сақтауға тиімді әсер етеді. Осыған байланысты қазіргі уақытта эмоционалды құзыреттілік пен эмоционалды интеллектті дамытуға бағытталған көптеген тренингтер бар. Мұндай бағдарламалар эмоционалды

интеллекті құрайтын жеке қабілеттерді дамытуға бағытталған және оқытудың әр түрлі әдістеріне негізделуі мүмкін: ойын, арт-терапия, психо-гимнастика, мінез-құлық терапиясы, пікірталас әдістері және т.б. [6]. Негізгі эмоциялық зерттеудің негізгі теориялық тәсілдерін, сондай-ақ «эмоционалды интеллект» құрылымын талдай отырып, бұл тұжырымдаманың ғылым мен практикада айтарлықтай өзекті екендігін атап өтуге болады. Қазіргі кезде конструкцияны түсінудің екі түрлі тәсілі бар: аралас модельдер мен қабілеттер модельдері, олардың әрқайсысы эмоционалды интеллектті зерттеудің әр түрлі әдістері мен бағыттарын ұсынады. Кең мағынада эмоционалды интеллект - бұл эмоционалды ақпаратты өңдеумен байланысты психикалық қабілеттердің жиынтығы. Біздің жұмысымыздың шеңберінде, эмоционалды интеллект кезінде, Д.В.Люсиннен кейін, біз адамның өзінің және өзгенің эмоциясын түсіну және басқару қабілетін түсінеміз. Бұл тәсіл тұжырымдамалық және практикалық тұрғыдан ең қызықты болып көрінеді. Сонымен, тұжырымдамалық тұрғыдан Д.В. Люсин эмоционалды интеллекттің тұлғааралық және жеке жағын негіздеді. Тұлғааралық эмоционалды интеллект қоршаған адамдардың эмоциясын түсіну және басқару, интраперальды - өзіндік эмоцияларды түсіну және басқару қабілеттерін біріктіреді. Сонымен қатар, аралас модельдерден айырмашылығы, бұл жағдайда танымдық қабілеттермен тікелей байланысты емес жеке сипаттамалар эмоционалды интеллект құрылымынан шығарылады. Осылайша, бұл модель таза когнитивті болып табылады, ол біздің түсінігімізде қисынды және ақылға қонымды. Сонымен қатар, бұл тәсілдің артықшылығы - автор шығарған эмоционалды интеллектті өлшеу әдісі, ол орыс үлгісі үшін қосымша бейімделуді және валидацияны қажет етпейді.

Қорытынды. Көптеген зерттеушілер Эмоционалды интеллекттің негізгі функциялары ретінде байланыс тиімділігінің артуын, тұлғааралық қатынастарды оңтайландыруды, депрессия мен стресстің төмендеуін және әлеуметтік-психологиялық бейімделуді атайды. Біздің зерттеу шеңберінде эмоционалды интеллекттің адаптивті қасиеттері басты қызығушылық тудырады. Атап айтқанда, эмоционалды интеллект деңгейі мен кәсіби қызметке әлеуметтік-психологиялық бейімделу дәрежесі арасындағы байланыс. Кәсіби іс-әрекеттің сәттілігін қамтамасыз етудегі эмоционалды интеллекттің рөлін зерттейтін зерттеулердің көпшілігі адамдар арасындағы тұрақты қарым-қатынасқа байланысты бірқатар мамандықтарды қамтиды. Соның ішінде қазіргі уақытта әлеуметтік қызметкерлердің кәсіби дамуына бағытталған зерттеулер өте аз екендігін көруімізге болады. Әлеуметтік қызметкерлердің кәсіби бейімделу процесінің мәнін түсінудің негізгі тәсілдерін талдап, қорыта келе, белсенді өзара әрекеттесу процесі - жеке тұлғаның, ұйымның және еңбек ұжымының талаптарына оңтайлы сәйкестікті орнатудан, сондай-ақ, жеке тұлғаның әр түрлі еңбек көрсеткіштерімен қанағаттану жағдайын сақтаудан тұратын қоршаған ұйымдық ортамен қарым-қатынасы. Кәсіби бейімделудің ең өткір проблемасы кез-келген әлеуметтік өзгерістер жағдайында туындайды. Егер біз кәсіби қызметке бейімделу туралы айтатын болсақ, онда осындай сәттердің бірі - жеке тұлғаның кәсіби дамудың жаңа кезеңіне өтеді. Сондықтан біздің зерттеу объектіміз – әлеуметтік қызметкерлердің кәсіби бейімделуі. Сонымен, біздің эмпирикалық зерттеулеріміз әлеуметтік қызметкер тұлғасының әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз етудегі эмоционалды интеллекттің рөлін зерттеуге бағытталған. Бұл зерттеу желісі теориялық тұрғыдан да, практикалық тұрғыдан да қызықты әрі маңызды болып көрінеді. Атап айтқанда, бұл мәселеге қызығушылық әлеуметтік қызметкерлердің ұйымдағы кәсіби іс-әрекетке бейімделуінің сәттілігін қамтамасыз етудегі эмоционалды интеллекттің рөлі туралы эмпирикалық деректердің жеткілікті мөлшерінің болмауына байланысты. Біздің зерттеулер эмоционалды интеллекттің тек кәсіби іс-әрекет тиімділігінің субъективті көрсеткіштерімен байланысын ашып қана қоймай, осы олқылықтың орнын толтыру үшін осы жұмыс аясында жүргізілген зерттеулер субъективті де, объективті критерийлерге сәйкес эмоционалды интеллект деңгейі мен әлеуметтік қызметкерлердің кәсіби бейімделу ерекшеліктері арасындағы байланысты табуға бағытталған.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Гоулман, Д. Эмоциональное лидерство: Искусство управления людьми на основе эмоционального интеллекта / Д. Гоулман, Р. Бояцис, Э. Макки // Пер. с англ. - М.: Альпина Бизнес Букс, 2005.-301 с.
2. Панкова, Т. А. Роль эмоционального интеллекта в эффективности деятельности руководителя / Т. А. Панкова // Психологические исследования: электрон, науч. журн. [Электронный ресурс]. - 2010.
3. Деревянко, С. П. Роль эмоционального интеллекта в процессе социально-психологической адаптации студентов / С. П. Деревянко // Инновационные образовательные технологии. - 2007. -№1 (9).-С. 92-95.
4. Петровская, А. С. Эмоциональный интеллект как детерминанта результативных параметров и процессуальных характеристик управленческой деятельности: дис. канд. психол. наук: 19.00.03 / Петровская Анастасия Сергеевна. - Ярославль, 2007. - 225 с.
5. Cherniss, C., Goleman, D. Training for emotional intelligence // C. Cherniss, D. Goleman (eds.). The emotionally intelligent workplace. San Francisco: Josse-Bass. 2001. P. 209-232.]
6. Деревянко, С. П. Развитие эмоционального интеллекта в тренинговых группах / С. П. Деревянко // Психологический журнал. - 2008. - №2. - С.79-84.

ӘОЖ 51

<https://doi.org/10.53355/e7579-5132-4922-a>

СТАНДАРТТЫ ЕМЕС ЕСЕПТЕР ШЫҒАРУ АРҚЫЛЫ МАТЕМАТИКАДА 11 СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ СЫНИ ТҰРҒЫДА ОЙЛАУ ДАҒДЫСЫН ДАМУ

Нүсіпханұлы Б., педагогика (математика) ғылымдарының магистрі
*Талдықорған қаласындағы физика – математика бағытындағы
Назарбаев Зияткерлік мектебі, Талдықорған қаласы*

E-mail: baki-maths@mail.ru

Қазіргі білім жүйесінде стандартты емес есептер шығару арқылы математика сабағында оқушылардың сыни тұрғыда ойлау дағдысын дамыту. Стандартты емес тапсырмалар арқылы оқушылардың шығармашылық деңгейін көтеру және математикаға деген қызығушылықтарын арттырып, ғылымға жол ашу.

Тірек сөздер: нүкте, функция, өлшем, кеңістік, теңдеу, бөлік, қозғалыс.

Развитие навыков критического мышления учащихся на уроках математики путем решения нестандартных задач в современной системе знаний. Повышение творческого уровня учащихся через нестандартные задания, повышение интереса к математике, открытие пути к науке.

Ключевые слова: точка, функция, измерение, пространство, уравнение, дробь, движение.

Development of students' critical thinking skills in mathematics lessons by solving non-standard problems in the modern knowledge system. Increasing the creative level of students through non-standard tasks, increasing interest in mathematics, opening the way to science.

Key words: point, function, dimension, space, equation, fraction, motion.

Зерттеу өзектілігі. Осы мақалада ұсынылған түсініктер мен тәсілдер еңбек жолын жаңа бастаған мұғалімдердің, сондай – ақ тәжірибелі ұстаздардың сабақтарына қатысу арқылы, сол кісілердің көп жылғы тәжірибесіне негіздей отырып және өзімнің оқыған

біліктілігімді арттыруға арналған «Тиімді оқыту мен оқу» курсынан алған білімімді практикада қалай қолданғаным туралы бөлісетін боламын.

Көптеген мұғалімдердің іс – тәжірибесінен тұрақты орын алған оқыту жұмысын ұйымдастыру мен жоспарлаудың негізгі қағидаттарын қолдану орынды екендігін дәлелдейтін фактілер бүгінгі таңда ғылыми – педагогикалық әдебиетте жеткілікті деңгейде кездеседі. Соның ішінде оқушылардың математикалық сыни тұрғыдан ойлауын дамыту, ол мұғалімдердің сыни тұрғыдан ойлауын дамыту деп түсінгеніміз дұрыс қағида. Оқушыларға қатысты сыни тұрғыдан ойлау ақпарат пен идеяларды синтездеу қабілеті, ақпарат пен идеяның шынайылығы мен салыстырмалы түрде маңыздылығы туралы ойлана білу қабілеті, өзінің сабақ мақсатын қалай түсінгендігіне байланысты және басқалардың идеяларына күмәнмен қарау қабілеті ретінде түсіндіріледі. Оқушылардың сыни тұрғыда оқу дағдысын дамыта отырып мұғалім де сыни тұрғыдан ойлауы өзінің жұмыс тәжірибесін, жаңа тәсілдерді қолдану және бағалау әрекеттерін сыни тұрғыдан қарауға, кәсіби біліктілігінің артуына оң нәтиже береді.

Зерттеу мақсаты: математика сабағында оқушыларға стандартты емес есептерді көрсету арқылы сыни тұрғыда ойлау дағдысын дамыту және шығармашылық қабілетінің маңызы мен оны дамыту ерекшеліктерін анықтау.

«Тиімді оқыту мен оқу» біліктілігін арттыру бағдарламасы бойынша 11 сынып оқушыларының математикадан білімдерін жалпылауға, тереңдетуге, математикалық объектілердің бірегейлігін, жоғары абстрактілігін көруге мүмкіндік береді (математикалық профильге дайындау), екінші жағынан математиканы техникада, өнерде, практикалық қызметте, тұрмыста қолданудың зор мүмкіндіктерін көрсетеді, дұрыс шешімді табуда, әртүрлі есептерді соның ішінде тұрмыстағы есептерді шешудегі логиканы қолдануға үйретеді (профильдердің техникалық, гуманитарлық және басқа түрлерінің таңдауына дайындау). Осы бастан – ақ оқушылардың математика пәнінде сыни ойлау дағдысын қалыптастырсақ, математиканың өмірмен тығыз байланысты, яғни қолданбалы есептердің өмірден алынғандығын осы бастан атап өтетін болсақ, математика ғылымда ғана емес тұрмыста да маңызы зор екендігіне оқушылардың көз жеткізуіне жол ашады. Бұл бағдарлама оқушылардың математикадан алған білім, білік дағдыларын, танымдық қабілеттерін және пәнге деген қызығушылығын арттырады. Бағдарламада дидактикалық ойындар мен жатығулардың мазмұны ойынды ұйымдастыру әдіс тәсілдері қарастырылған. Математикалық фокус, викториналар, ребустар, логикалық есептер, қызықты шаршы құрастыру, сөзжұмақтар шешу оқушының ойын ұштай түсіп, еңбектене білуге, қиялын дамытып, өз бетімен жұмыс істеуге икемдейді. Сабақ барысында жоғарыда аталып өткен ресурстардың кем дегенде біреуін әр сабақта пайдаланатын болсақ, оқушының пәнге деген қызығушылығы ғана артып қоймай, сабақ мақсатына жету шапшаңдығы байқалады.

Мұғалім оқушыларға білім беруде барынша жоғары жетістіктерге қол жеткізу үшін қолайлы орта жасауға тырысады. Оқушыларға стандартты емес(деңгейлік тапсырмалар) есептерді шығарту «Тиімді оқыту мен оқу» біліктілігін арттыру бағдарламасы бойынша «Талантты және дарынды балаларды оқыту» модуліне сәйкес келетіндігі байқалады. Дарынды және талантты оқушыларға қатысты бұл – ойлау мен талқылауды және мұқият жоспарлауды талап ететін едәуір күрделі мәселе. Әртүрлі теориялар мен стратегиялар оқушыны оқытудың мазмұнын анықтау үшін, сонымен қатар оқушының есте сақтау қабілеттіліктерінің жақсаруына, ойлау қабілеттіліктерінің жоғары деңгейде ұйымдастырылуына және есеп шығаруда балама шешімдерді көре алуға жол ашады.

Зерттеу міндеттері: Стандартты емес(деңгейлік тапсырмалар) есептерді шешу кезінде математика сабағында мынадай міндеттерге көңіл аударуға кеңес беремін:

- ❖ Алған білімдерін іс жүзінде пайдалана білуге үйрету;
- ❖ Ізденімпаздық, шығармашылық қабілеттерін дамыту;
- ❖ Математикалық білім, білік дағдыларының белгілі жүйелерін меңгерту;
- ❖ Ізденушілік, зерттеушілік жұмыстарын ұйымдастыру;

- ❖ Әртүрлі әдістермен логикалық есептерді шешуге үйрету;
- ❖ Есептердегі олардың практикалық маңыздылығын көрсету

Білімге бағдарланған оқу ортасында оқушыларға үстірт оқуға емес, терең білім алуға ынталандыруға бағыттай отырып, жаңа идеялар мен сыныптастарының идеяларын талдап, есепті шешу жолдарын жан – жақты қарастырулары оң нәтижеге жетуге болатындығын баяндайды. Сабақ барысында оқушылардың қалай білім алатындығын ескеру өте маңызды қағида. Оқушыларға сабақ мақсатының нәтижелі болуы білім алу үдерісінде оқушы өздігінен меңгеріп, таныта білген есеп шығару дағдылары мен амал, көзқарастарын зейін қойып, зерделей білген білім модельдері аясында ғана жүзеге асатындығына көз жеткіземіз. Оқушылар стандартты емес есептерді шешу жолында өздерінің болжамдары мен сұрақтарын еркін тұжырымдайды, бір – біріне кеңес береді, өз алдына мақсат қояды, алынған нәтижелерді қадағалайды, өз идеяларымен бөліседі және қателер – оқудың ажырамас бөлігі екенін түсіне отырып, өздігінен қатемен жұмыс жасауға үйренеді. Сонымен қатар, сабақтың тақырыбын толыққанды түсінуі оқушылардың алған ақпаратты сақтауының орташа пайызы, яғни «Оқу пирамидасы» арқылы анықтауға болады. Стандартты емес есептерді талқылауда өзгелерді оқыту әдіс – тәсілі жоғары пайыздық көрсеткішті көрсетті. Деңгейлік тапсырмаларды орындау кезінде қиындық туындаған сәтте, нәтижеге дұрыс жеткен оқушы өз сыныптастарына есептің шешу жолдарын өзгелерді оқыту әдіс – тәсілін пайдалану арқылы түсіндіріп береді. Осыдан кейін барлық оқушы өздеріне ұсынылған деңгейлік тапсырмаларды толық орындауға тырысады. Өзгені оқыту арқылы оқушы өзінің сабақ мақсатына жету деңгейінің бастапқыдай емес екендігін аңғарады, яғни математикалық біліктілігін көтереді. Өзгелерді оқыту әдіс – тәсілі 11 сынып оқушылары арасында достық қарым – қатынасты нығайтып, өзін жеке дара емес, командамен бірге болуға, жұпта немесе топта жұмыс жасауға бағыттайды және оң нәтижесін берді.

Жалпы сабақ кезінде қолданылған әдіс тәсілдер мақсатқа сай болу керек. Мысалы, сабақта тапсырмаларды орындау кезінде CLIL әдістемесі бойынша «LOTS», «HOTS» әдісін қолданылды. Мұнда оқушылар жұптарға бөлініп, тапсырмалар үлестірілді. Бір мықты мен орта деңгейдегі оқушыны жұптастырып, оқушылар бір – біріне есепті талдай отырып, мықты оқушы орта деңгейдегі оқушыға түсіндіру барысында, тек түсіндіріп қана қоймай өзінің сабақ тақырыбына деген біліктілігінің артқандығын айтып жеткізді. «LOTS» тапсырмаларына, яғни жеңіл деңгей болғандықтан аз уақыт жұмсап, оқушыларды жалықтырып алмау мақсатында «HOTS» тапсырмаларына көптеп уақыт бөлінді.

Зерттеу кезінде, оқушылардың талдау дағдыларын дамыту үшін мынандай нәтижеге келдік:

1. Әр түрлі белсенді әдіс тәсілдер зерттелінді. Өз әріптестерімнің сабақтарына қатысып тәжірибие алмасу кезінде әдіс тәсілдерге көп көңіл бөліп, «Тиімді оқыту мен оқу» педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру бағдарламасындағы оқыған тәжірибием бойынша «Пиаже теориясына жүгіну», «Маслоудың қажеттіліктер иерархиясы», «Оқу пирамидасы» атты әдіс – тәсілдерді сабағымда жиі пайдалансам жақсы нәтижеге қол жеткізуге болатындығына көз жеткіздім. «CLIL» әдістемесі бойынша мектепшілік курсқа қатысып, көбірек мәліметтер жинадым. Әр сабағымда осы әдіс тәсілдерді қолданып отырдым.

2. 11 сынып оқушыларымен сабақ барысында графикалық әдіс – тәсілдерді пайдалану, мәтіндік есептерді талдауда белгілі бір қадамдар, яғни есеп шешу алгоритмін құрастыруды үйрену арқылы оң нәтижеге жете алды. Оқушылармен топтық жұмыс жүргізуде топ құрамын өзгерту арқылы мүмкіндіктеріне қарай басқалармен жұмыс істеуінен пікірталас арқылы шешуді талап ететін күрделендірілген есепті шығаруға дейін барлық оқушының мүмкіндіктері бар екендіктеріне көз жеткіздік. Оқушының өзіндік білім алуына және сол білімін практикада қолдану кезінде ауызша талдатып, талдау нәтижесін жүйелеп жазып отыруға дағды қалыптастырылды. 11 сынып оқушыларымен жұмыс жасау барысында таратылған әрбір дидактикалық материалдағы тапсырмалардың оқушының деңгейі бойынша құрастырылғанына аса назар аударған жөн. Себебі, оқушылар үшін кез –

келген күрделі тапсырмалар олардың пәнге деген қызығушылықтарын төмендетуі әбден мүмкін. Оқушылармен есеп шығарғанда әрбір оқушының қандай жетістікке (таңбаларды дұрыс қоя алды немесе жақшаларды жылдам ашты) жеткендігін айтып отыру, оқушы үшін мотивация болатындығын ескергеніміз жөн. Мәтіндік есептер оқушылар үшін үлкен қорқыныш деп айтсақ қателеспейміз. Себебі, есептің мағынасын түсінбеген оқушы моделін, яғни теңдеуін құра алмайды. Жоғарыда атап өткенімдей мәтіндік есептер шығаруда шешу алгоритмін оқушыларға нақты, күрделендірмей қарапайым тілде түсіндіргеніміз абзал. Түсіндіру барысында графикалық әдіс – тәсілді пайдалануымызға болады.

Зерттеу құрылымы: кіріспеден, теориялық және практикалық бөлімнен, қорытынды мен пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

Стандартты емес есептер шығару арқылы математика сабағында оқушылардың сыни тұрғыда ойлау дағдысын дамыта алсақ, оқушының математикалық біліктілігінде ешқандай ақау болмайтындығын байқаймыз. Оқушыға ұсынылған әрбір тапсырманың бірыңғай, яғни бірізді болып кетпеуін қадағалағанымыз жөн. Оңайдан қиынға қарай жүрсек алынбайтын камал, нақтырақ айтсақ оқушылар үшін шығарылмайтын есеп болмай қалатындығы анық. Өз сабақтарымда сабақ мақсатына сай есептерді қолдана отырып, оқушылардың логикасының дамуына стандартты емес есептерді шығаруға дағды қалыптастырып келемін. Және де оқушының өзіне жұмыс жасауға көп мүмкіндік беремін. Сонда ғана оқушы сабақ мақсатына жете алады және түсінбеген сұрақтарына жауап табады. Ең бастысы оқушыға ойлануға және жұмыс жасауға мүмкіндік беру. Ешқашан оқушыға есепті шығарып бере салуға болмайды. Түсінбеген оқушы міндетті түрде сұрақпен келеді. Оқушы толық есептің барлығын түсінбедім деп келген жағдайларда болады. Сол кезде оқушы үшін проблемалық жағдай туындата білуіміз керек. Яғни, қадам – қадаммен жүре отырып, бағыт көрсету арқылы оқушыға есепті өзі шығаруына көмек көрсеткеніміз жөн. Осылай стандартты ғана емес басқа да деңгейі жоғарылау есептерді шығарта отырып оқушының сабақ мақсатын жүз пайыз түсінуіне жол ашамыз. Өз практикамада осы кәсіби даму мақсатын ұстана отырып оқушылардың математикалық біліктілігінің артқандығын байқадым. Ең бастысы мұғалім оқушыға дұрыс жұмыс жасауына мүмкіндік беруді дұрыс деп санаймын. Сонда ғана оқушы үшін жұмыс жасау қызық әрі мағыналы болады деп есептеймін. Оқушы өзі есеп шығару арқылы ұзақ уақыт бойы сол мақсатты ұмытпайды және де ұмытқанның өзінде сол мақсатқа сай тапсырманы көрген кезде есіне түсетіндігі ақиқат.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. <http://www.maths.com/algebra/equations/linear/one-operation/x+a=b/index.htm>
2. Жумабаев Р.Н./ Бқтималдықтар үлестірімдерін практикалық есептерді шығаруда қолдану
3. Досанбай П.Т. / Математикалық логика: Оқулық. –Алматы: ЖШС РПБК “Дәуір”, 2011. -280 бет.
4. Ғылым тарихы мен философиясы: оқу құралы. / Әлікенова К.Н. –Талдықорған: ЖМУ. 2012. -256 б.
5. Ғылыми-педагогикалық зерттеулерді ұйымдастыру: оқу-әдістемелік құрал. / А. Нұғысова. –Талдықорған. І. Жансүгіров атындағы ЖМУ. 2013. -119 б.
6. http://www.mathnet.ru/php/conference.phtml?option_lang=rus
7. <http://matematika88888.blogspot.com/2009/07/7.html>
8. https://xn--j1ahfl.xn--p1ai/library/prepodavanie_matematiki_v_shkole_174315.html

ТІЛ ҮЙРЕТУДЕ ЖОБАЛАП ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Ожарова А. М., 2-курс магистранты

І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қаласы

E-mail: aika_k2@mail.ru

Мақалада оқытудың нәтижелілігін арттыру мақсатында қазақ тілін оқытудың инновациялық түрлерін қолдану тәжірибесі ұсынылған. Оқытудың инновациялық нысандары тіл үйренушінің оқу қызметін ұйымдастыруға және қызығушылығын арттыруына ықпал етеді, оқытудың нәтижелілігін арттырады, тіл үйрету үшін қолайлы жағдай тудырады.

Кілт сөздер: инновация, технология, жобалау технологиясы, интерактивті әдістер.

В статье представлен опыт применения инновационных форм обучения казахскому языку с целью повышения результативности обучения. Инновационные формы обучения способствуют организации учебной деятельности и повышению заинтересованности изучающего язык, повышают результативность обучения, создают благоприятные условия для обучения языку.

Ключевые слова: инновации, технология, технология проектирования, интерактивные методы.

Abstract. The article presents the experience of using innovative forms of teaching the Kazakh language in order to improve the effectiveness of teaching. Innovative forms of learning contribute to the organization and interest of the language learner in learning activities, increase the effectiveness of learning, and create favorable conditions for language learning.

Key words: innovation, technology, design technology, interactive methods.

Еліміз егемендік алғаннан бері қазақ тілін оқыту, әдістемені жаңаландыру, өзге тілді аудиторияда мемлекеттік тілді меңгерту мәселесі үздіксіз қарастырылып келеді. Осыған орай «Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» қабылданды. Бағдарламаның басты мақсаты – Қазақстан көп ұлтты мемлекет болғандықтан, елімізде тұратын барлық этностардың тілін сақтай отырып, маңызды деп табылған мемлекеттік мекемелерде, атап айтсақ балабақша, мектеп, жоғары оқу орындарында, мемлекеттік қызмет пен қоғамдық-саяси, әлеуметтік кәсіпкерлік салада қолдана отырып, ел азаматтарының өмірлік қажеттілігіне айналдыру.

Қазақ тілін шет тілі ретінде оқытуда білім сапасын жақсарту үшін үнемі тиімді әдіс-тәсілдерді қолдану, жаңа технологияларды енгізу маңызды мәселе болып табылады. Сондай-ақ оқытудың дұрыс тандалған түрі айтылым және тыңдалым дағдыларының дұрыс қалыптасуына ықпал етеді.

Қазіргі оқу жүйесі оқыту технологиясына білім алушының белсене араласуын талап етеді. Яғни, нақты технологияларды қолдана отырып, тапсырманың шешімін таба білуі керек. Мұндай инновациялық оқу түріне: рөлдік ойындар, жобалау әдісі, сыни тұрғыдан ойлау технологиясы, көпөлшемді дидактикалық технологияны жатқызуға болады.

Соңғы жылдары тіл оқытуда ең тиімді әдістердің бірі ретінде жобалап оқыту технологиясы тіл үйретушілердің арасында кеңінен қолданылуда. Жобалап оқыту тіл үйренушінің әртүрлі формада (жеке, топпен) жұмыс істеуіне мүмкіндік тудырады. Бұл технологияның қалыптасуына педагог-ғалымдар Г.Н. Килпатрих, Р. Штайнер, Е.С. Полат, М.Ю. Бухаркина, С.Т. Шацкий, Т. Блур, Р. Джордан, М. Дж. Сент-Джон және психологтар Л.С. Выготский, Д.Б. Эльконин, В.В. Давыдовтардың зор үлес қосқан.

Жобалап оқыту технологиясы Дьюи, Торндайка, Лай сынды американдық ғалымдардың идеяларынан алынған. XIX ғасырдың екінші жартысында АҚШ-тың ауылшаруашылық мектептерінде қалыптаса бастаған. Идеяның басты авторы Джон Дьюи. Кейін педагогты қолдаушы, ілімін жалғастырушылар табылып, жобаның дамуына зор үлестерін қосады. Солардың бірі профессор Уилья Херд Килпатрик. Профессордың айтуынша балаларды өз еңбектерінің жемісін көрсету арқылы ынталандыру технологияның басты міндеті. У.Килпатрик өзіне көйлек тігіп киген бойжеткенді мысалға ала отырып, былай дейді: «Өзіне көйлек тігіп тігіп киген бөйжеткенді мысалға алайық. Егер ол кейін өзі киетін көйлегі үшін жанын аямай, ерінбей, аса қызығушылықпен көйлек үлгісін өзі ойлап тауып, өз бетімен өлшеп, пішіп, тігіп кесе – бұл мысал жобалау технологиясының нағыз типтік үлгісі» [1,50 б.].

Бұдан кейін де ғалымдар жобалық жұмыстар жайында бірқатар пікір білдіріп, түрліше түсіндіруге тырысты. Мысалы, Девей жобаны ғылым және саяси концепциялық тұрғыдан қарастырса, Рейхвейн теория мен тәжірибемен байланыстырады.

Жобалап оқыту халықаралық ғылыми аренада 1965 жылдан бері қолданыла бастады. Біраз уақыт араға салып, қайта қолданыла бастауына себеп, «ғалымдардың мәселені зерттей отырып, ғылыми еңбектермен танысып, өз пікірлерін білдіріп, бір жобаның жолында еткен еңбегі білім алушыға сенімділік, қызығушылық, ғылымға деген құштарлық сыйлайды» деген ортақ тұжырымға келулерінде. Жобалап оқыту дәстүрлі оқытудан ерекшеленеді. Оның басты себебі, білім алушының мұғалімнің араласуынсыз өз бетінше ғылыми тұжырымдар жасап, зерттеу жүргізе білуінде. Жобалау технологиясы Еуропа елдерінде ерте оқытыла бастаса да, Қазақстанда енгізілгеніне көп бола қойған жоқ.

Жобалап оқыту технологиясы- бүгінгі таңда қолданылып жүрген, нәтижелі білім беруге бағытталған, танымдық-практикалық қабілеттерін жүзеге асыруына жағдай тудырып отырған ең тиімді әдістердің бірі. Елімізде аталмыш технологияны жан-жақты қарастырып, анықтама берген ғалымдар да аз емес. Әдіскер-ғалым Ш.Д.Әбдиева: «жобалау әдісі- студент пен оқытушының бірігіп, белгілі бір мәселені шешуге және қорытынды жасауға негізделген оқу немесе басқа да әрекеттерін айтуға болады», -дейді [2,43 б.]. Ал, ғалым А.Сатбекова: «Жобалай оқыту технологиясы – өнімді (продуктивті) оқыту идеясын практикалық тұрғыдан жүзеге асыратын оқытудың бір бағыты, нұсқасы, әдісі, тәсілі. Оның басты ерекшелігі маманның біліктілік құзыреттілігі өзінің өнімді әрекетінің, тәжірибесінің, ізденуінің негізінде қалыптасуы», -деген анықтама береді [3, 44б.].

А.Б.Ботамқұлова жобалау технологиясының негізгі идеялары деп мыналарды атап көрсетеді:

- Бала өзі таңдаған іс-әрекетті жоғары қызығушылықпен орындайды;
- іс-әрекет тек оқу пәнінің саласында ғана құрылмайды;
- балада қызығушылықтың пайда болған сәтін қалт жібермеу, соған сүйену;
- шынайы оқыту біржақты болмайды, қосымша берілетін мәліметтер де өте маңызды [4, 20б.]. Яғни, жобалау технологиясының басты ұстанымы баланың қызығушылығын бақылай отырып, өзі таңдаған іске баулу.

Жобалау технологиясын типологиялық белгілері бойынша Е.С.Полат былайша жіктейді:

- Басымдық қызметі бойынша (зерттеу, іздену, шығармашылық, рөлдік, қолданбалы, танымдық-бағыттық, т.б.)
- пәндік-мазмұндық саласы бойынша (моно жоба, пәнаралық жоба);
- үйлесім сипаты бойынша (тікелей, жасырын);
- байланыс сипаты бойынша (бір оқу орнының, сыныптың, қаланың қатысушылары, аймақ, аудан, әлем халықтары);
- жоба қатысушыларының саны бойынша;
- жобаның орындалу мерзімі бойынша [5, 71-78 бб.].

Жобалау технологиясында бірнеше әдістер қолданылады. Соның ішінде сапалы деп танылып қолданылып жүрген әдістердің басым – бағыты В.П.Сергеевтің жобаны жасау мен оқытуға байланысты маңызды үш түрлі әдісін қарастырсақ:

1. Жаңаша шешім қабылдауға ықпал етуші әдіс: «инверсия», «миға шабуыл», «миға бекіту», «карикатура»;

2. міндеттерді қоюды қайта қарастыру: «жетекші міндет», «тапсырмаларды қайта қарастыру», «кемшіліктер тізімі», «еркін көрініс қызметі»;

3. жобалаудың шығармашылық әдісі: «ұқсастықтар», «ассоциациялар», «жаңашылдық», «эвристикалық комбинация», «антропотехника» [6,76-78 бб.]. Бұл әдістердің негізінде көптеген қызықты әрі жаңаша жобалар жасап шығуға болады. Аталмыш әдістер негізінде барлық сала бойынша жобалар жасалуда. Ал қазақ тілінде жобалап оқыту технологиясын қолданудың артықшылықтары туралы Ә.Қисымова мен Т.Увалиева былай дейді:

1. Кредиттік оқу жүйесін жүзеге асыруға мүмкіндігі мол технология;

2. жобалай оқыту технологиясының философиялық, гуманистік, психологиялық мүмкіндіктері студенттің жеке тұлғасын дамытуға бағытталған;

3. жоба жұмысын орындау арқылы өздігінен шешім жасауға үйренеді, жобаның орындау логикасын анықтайды;

4. білім деңгейін дамытуға көмектеседі;

5. тақырып таңдау мүмкіндігі;

6. «эгофакторлық» сенім ұялатады [7, 63-65 бб.].

Сондай-ақ, жобалап оқыту технологиясын қазақ тілін меңгертуде қолданылатын бірқатар ережелер бар:

- Жоба тақырыбы оқу бағдарламасына сәйкес болуы керек;
- оқытушы тек ұйымдастырушы, кеңесші болуы тиіс;
- жобалап оқытуда іздену, зерттеу, талдау, жинақтау әрекеттері ұйымдастырылуы керек;
- жоба нәтижесін дәлелдеу керек;
- тақырып кең ауқымды болуы керек;
- жобаны қорғау диада, триада, топтық шеңберде орындалуы керек [8, 22 б.].

Аталмыш ережелер қазақ тілін өзге тілді аудиторияда оқыту барысында кеңінен қолданылуда. Жобалай оқыту технологияларын оқыту тәжірибелеріне сүйене отырып, өзге тілді аудиторияда 20-30 жылдарда қолданыла бастағанын байқауға болады. Бүгінгі таңда оқытушылардың шеберлігіне қарай, жобалау технологиясының түрлі үлгісі ұсынылып жүр. Тіл үйрету барысында қысқа мерзімді жобалар (1-сабаққа арналған) не ұзақ мерзімді жобаларды қолдануға болады. Сонымен қатар жобаны топпен де жеке орындауға болады.

Кез келген ғылыми төмендегідей құрамда іске асырылады:

- тақырып таңдау;
- проблеманы анықтау;
- тақырыпқа сай нақты ұстаным;
- жеке пікірін білдір (пікір);
- жоба қорытындысы.

Физиологтардың зерттеуінше 14-15 жастағы балалардың өз бетінше ойлау, салыстыру, зерттеу, қорытынды шығару қабілеті дамиды. Теорияны практикамен ұштастырып, өз пікірін білдіріп, талдау жасай алады. Сол себепті де бұл жастағы тіл үйренушілер арасында жобалау технологиясын қолдану тіл үйрету сапасын арттыратыны сөзсіз.

Біз өз кезегімізде жобамыздың тәжірибеде қолданылып жүрген бірнеше бөлігімен бөлісуді жөн көрдік. Бұл жобалық тапсырмалар 14-15 жас мөлшеріндегі тіл үйренушілердің топпен және жекеше орындауына бағытталған.

1. «Адам сипаты» бөлімінде тіл үйренушілерге ауызша отбасы мүшелерін, достарын немесе өзін сипаттау тапсырылды (мысалы, «Өзім жайлы» жобасын алар болсақ, тіл үйренуші презентация арқылы өзінің отбасын, достарын, тұратын қаласын, қызығушылығын, т.б. қамтып айтылым дағдысын қалыптастыруға жаттықты).

2. «Туған жерге сипаттама» бөлімінде тіл үйренушілер туған қаласы туралы (атауы; орналасқан жері; ескерткіштері; ерекшеліктері; өзі жиі баратын жерлері қамтылады) ашық хат жасап, достарымен бөліседі. Бұл бөлімнің мақсаты тіл үйренушінің өз туған жері жайлы

тың деректермен таныстыру, патриоттық сезімін ояту, ауызекі тілде сөйлеуге машықтандыру, ашық хат жасату арқылы қызығушылығын оята отырып, еңбекке баулу.

3. «Мәдени және ұлттық салт-дәстүрлер, қазақтың төл мерекелері» бөлімі. Сабақта «Алматыға саяхат» тақырыбы бойынша жағдаяттық тапсырма берілді. Бұл тақырып ұзақ мерзімді және топпен орындалады. Жоба аралас түрде жүргізіледі: зерттеу, шығармашылық және рөлдік ойындар. Сабақ ұзақ мерзімге жоспарланғандықтан, алдымен тіл үйренушінің Алматыға билет ұтып алып, сол қаланың көрнекті орындары жайлы көбірек ақпарат жинауынан басталады. Алғашқы сабақта тіл үйренушілер топқа бөлініп, жобаның негізін жасады. Олар талқылау барысында проблемалық жағдайларды, жұмыс бағытын анықтап, жоба жоспарын жасады. Жұмысқа керекті Алматы қаласының картасы, суреттері, қаланың көрнекі жерлерінің слайды, ірі сауда орындарының, мәдени жерлердің, саябақтардың, т.б. макеттері жасалды. Тақырып аясында қолданылатын сөздер қайталанып, сөйлем құруға ынталандырылды.

Тілдік материалдармен жұмыс жасалған соң, әр топ жоспар бойынша жобаларын қорғауға кірісті. Бірінші топтағы тіл үйренушілер әуежайдағы оқиғаны сахналаса, екінші топ Алматыдағы алғашқы қазақ отбасымен өткен кешкі асты сахналап, нақты сұрақтар қоя отырып, жауап алу арқылы білімдерін көрсете білді. Екі топ та жобаға өте жауапкершілікпен қарап, тапсырмалардың толық орындалуы үшін еңбектенді.

Жобаның келесі кезеңінде екі топ қатысушылары бірігіп Алматыға саяхат жасап, тұрғындардан көрнекі жерлер туралы сұрап, тілдерін жаттықтырды. Қаланың кейбір мәдени ошақтарын аралап, тың дүниелермен танысты. Жобаның соңғы кезеңінде қайта топқа бөлініп, алған ақпараттарымен презентация жасап, өз әсерлерімен бөлісті. Тыңдалым мен айтылымға бағытталған жобаның бұл бөлімінде мақсатымызға жеттік. Жоба барысында бақылау жасай отырып, сабақтың соңында мынадай қорытынды шығарды:

1. Жобаға белсене атсалысқан тіл үйренушілер тілдік қатынас бойынша дүкеннен керегін, жолда бағыт-бағдар сұрап үйренді;
2. Қарым-қатынас бағыты бойынша бір-бірімен жақын араласып, достасты, ұжымдық жұмысқа дағдыланды, сыпайылыққа үйренді;
3. Жоба арқылы тіл үйренуші рөлдік ойындар ойнауға, тіл арқылы эмоциялық көңіл-күйін білдіруге машықтанды;
4. Ең бастысы қажетті ақпаратты саралап, өз бетінше жұмыс жасауға үйренді.

Сонымен қатар салт –дәстүрге қатысты «Дәстүр мен ғұрып», ұлттық ойындарға қатысты «Ұлттық ойындар аялдамасы» атты ұзақ мерзімді жобалар мен «Ұлттық киімдер», «Бауырсақ» (ұлттық тағамға қатысты) қысқа мерзімді жобалары тіл үйренушілердің арасында аса қызығушылықпен қолданылады. Жобаларды үнемі жаңартып, тапсырмаларын тартымды етіп беру де тілді меңгертуде көп көмегін тигізеді. Жоғарыда аталған жобалар тек тіл үйреніп қоймай, ұлттық болмысты танытып, өзге ұлт арасында қазақи құндылықтарымызды танытуда үлкен септігін тигізеді.

Бұдан бөлек 7-8 жастағы тіл үйренушілер арасында жануарларды оқытқанда «Орманда» жобасы іске асырылды. «Табиғат» мұражайында жабайы жануарлар жайлы жинаған ақпараттарын сурет көрмесін ұштастырып, өзіне ұнаған аңдар жайлы ақпарат жинап, топ мүшелерімен бөлісуі сенімділіктерін, тіл үйренуге құштарлығын оятты. Ал, «Жайлауда» жобасын іске асыруда тіл үйренушілердің өздігімен суреттер жинастырып, топ болып жайлаудың макетін жасады. Тіл үйрену барысында жинаған сөздік қорларын пайдаланып, жобаларын қорғап шығуға деген құштарлықтары зор болды. Жоба нәтижесі бойынша кішкентай тілмаштардың топпен жұмыс жасауға дағдыланғанын, тақырыпты меңгеруге жауапкершілікпен қарағанын, сенімділіктері артып, қателесуден қорықпайтын тұлға болып қалыптаса бастағанын байқадық.

Бұл біздің практикада қолданған жобалардың бір бөлігі ғана. Тіл үйренушіге тақырыпты жан-жақты және ұмтылмастай етіп меңгертуді көздеген оқытушылар үшін жаңа технологиялардың көмегі ұшан-теңіз. Сондай-ақ, тіл үйретуде оқушының ұлттық болмысын, жас ерекшелігін ескере отырып жобалау техникасымен үйретудің маңызы зор.

Қорытындылай келе, жобалап оқыту технологиясының дәстүрлі оқытуға қайшы тұстары көп болғанмен теорияны практикамен ұштастыруда берер нәтижесі мол. Жоба әдісі-бұл оқытудың жаңа технологиясы. Қазіргі білім беруде жоба әдісін қолдану қажеттілігі білім беру жүйесіндегі оқушының жеке басының неғұрлым толық дамуына, оның нақты іс-әрекетке дайындығымен байланысты.

Жобалау әдісін тіл үйретуде қолданудың ерекшеліктерін атап көрсеткіміз келеді:

- мұғалім бағыт беруші, тіл үйренуші барлық тіл үйренуге қатысты идеяларын өз бетінше жүзеге асыра алады;

- айтылым дағдысының үнемі жүзеге асуына жағдай тудырады;
- тіл үйренушінің қорқынышын жойып, сенімділігін арттырады;
- кез-келген жастағы тіл үйренушілер арасында топпен, жекеше жұмыс жасау мүмкіндігі;
- ұлттық құндылықтарды меңгертуде қызығушылықты оятатын әдіс;
- теория мен практиканың өзара байланысы.

Жобалау технологиясы тек сапалы тіл үйрету емес, сонымен қатар болашақта ғылыми жұмыстармен айналысудың алғашқы қадамы. Ғылым салаларын бір-бірімен ұштастыратын ең тиімді әдіс. Тілші мамандар үшін маңызды технология деп есептейміз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Пахомава Н.Ю. Проектное обучение – что это? //Методист № 1, 2004, -50-54 сс.
2. Абдиева Ш.Д. Жобалау әдісін қолдану арқылы студенттердің тіл үйренуге деген белсенділігі мен қызығушылығын арттыру//Қазақ тілі мен әдебиеті. №3, 2010. -39-43 бб.
3. Сатбекова А.А.Қазақ тілін оқыту әдістемесі және жобалау технологиясы: Оқу құралы./ – Алматы: «Қыздар университеті» баспасы, 2013. - 210 б.
4. Ботамқұлова А. Б. Қазіргі кездегі оқытудың педагогикалық технологиялары: оқу-әдістемелік құрал; ҚР Білім және ғылым министрлігі, Тараз мемлекеттік педагогикалық институты. – Тараз, 2015 . - 90 б.
5. Полат Е.С. Новые педагогические и информационные технологии в системе образования. –Москва: АСАДЕМА, 2005.
6. Сергеева В.П. Проектно-организаторская деятельность учителя: учебно-методическое пособие. –Москва: 2008.
7. Әбдікәрім Т.М. Магистранттарға қазақ тілін жобалай оқыту технологиясының әдістемелік негізі//ЕҰУ Хабаршысы. Гуманитарлық ғылымдар сериясы. № 3(88). 2012, 63-66 бб.
8. Қисымова Ә.,Увалиева Т. Оқыту технологиялары. – Алматы, 2007. -204 б.

ӘОЖ 541.124

<https://doi.org/10.53355/z4275-0665-5052-o>

МУЗЫКА МҰҒАЛІМДЕРІН ӨНЕР АРҚЫЛЫ КӘСІБИ ІСКЕРЛІККЕ БАУЛУ

Оспанкулова А. Ш.

Қ. Байсейітов атындағы саз колледжі, Талдықорған қаласы

E-mail: asemosh@mail.ru

Бұл мақалада жастарды өнер арқылы тәрбиелеудің мүмкіндіктері қарастырылды. Жастарды өнерге тәрбиелеп, жалпы музыка, бейнелеу өнерінің мәдени - рухани құндылықтарын меңгерту арқылы әлемдік мәдениетке деген құрметін сезімін қалыптастырып, өнер пәнін білімгерлерге оқытуға дайындап жетілдіру мәселесіне көп көңіл бөлінді. Жастардың эстетикалық мәдениетін өркениет деңгейіне көтеру үшін, халқымыздың өнер саласындағы мәдени-рухани мұралары арқылы көркемдік білім беруді тереңдете зерттеу туралы сөз болды.

Тірек сөздер: өнер, мәдениет, рухани, өркениет, мұра және т.б.

В этой статье обсуждаются возможности обучения молодежи через искусство. Большое внимание уделялось воспитанию молодежи, формированию чувства уважения к мировой культуре через изучение культурных и духовных ценностей музыки и изобразительного искусства в целом, а также подготовке и совершенствованию искусства для обучения студентов. Для того, чтобы поднять эстетическую культуру молодежи до цивилизованного уровня, речь шла о глубоком изучении художественного образования через культурное и духовное наследие нашего народа в области искусства.

Ключевые слова: искусство, культура, духовность, цивилизация, наследие и др.

This article discusses the possibilities of teaching youth through the arts. Much attention was paid to the education of young people, the formation of a sense of respect for world culture through the study of cultural and spiritual values of music and fine arts in general, as well as the preparation and improvement of art for teaching students. In order to raise the aesthetic culture of youth to a civilized level, it was about a deep study of art education through the cultural and spiritual heritage of our people in the field of art.

Key words: art, culture, spirituality, civilization, heritage, etc.

Қазақстан Республикасында соңғы он жылда орын алған өзгерістер мен жаңалықтар халыққа білім беру ісіне де қатысты болып келеді. Білім саласындағы қарқынды өзгерістер айырықша сипат алды, нәтижеде мұнда көркемдік - эстетикалық білімді жан-жақты насихаттай білетін, жалпы мәдени және көркемдік ой-өрісі кең, көркемдік талғамы, эстетикалық мәдениеті биік өнер пәні мұғалімдерін даярлауда жоғары мектеп алдында өте жоғары талаптар қойылып отыр

Болашақ музыка мұғалімінің эстетикалық мәдениетін қалыптастыру негізінен шығармашылық жұмыстар барысында туындайды. Шығармашылық дегеніміз – іс-әрекет болып табылады, оған адам өзінің барлық ілімін салады, нәтижесінде одан қанағат табады. Шығармашылықтың мүмкіндігі шексіз.

Музыка – ой-сана мен сезімдердің, толғаныстардың шамшырағы десек те болады. Өйткені қуаныш та, шаттық та, уайым-қайғы да – бәрі музыка мазмұнынан табылады. Сондықтан адамның музыкасыз өмір сүріп, өсіп-жетілуі мүмкін емес. Өнер шындықтың мәнін шоғырландырып, мазмұнды, толық, көлемді бейнелеп және білдіре алатындықтан ол адамның өмірге эстетикалық қатынасын қалыптастырудың өткір және әсерлі қаруы болып табылады.

Өнер - әдебиет, бейнелеу өнері, мүсінші, музыка, театр, сәулет өнерлері болып бөлінеді. Ал, өнерлі дегеніміз – адамның әсемдік қабілеті. Ал әсемдік қабілет дегеніміз – сұлулықты түсіну бағалау деген мағына береді. Сұлулық пен шындық арқашанда бір-бірімен тығыз байланыста. Саханадағы ғашық биші балерина, өліп бара жатқан аққуды, өмірдегі көңілді және көңілсіз уақиғаны көрсете алады.

Өнер - әр халықтың өзіндік ұлттық өнері болады. Халықта мынандай мәтелдер бар, мәселен «Өнерді үйрен де жирен», «Өнерліге өр жоқ», «Өнерлі қор болмас», «Өнерлінің өрісі кең», «Өнерліге өлім жоқ», «Өнерлі өрге жүзеді» т.б. Адамның көпшіл, қоғамшыл болып өсуі үшін де өнерлі болудың маңызы зор. Өнер адамның дүниетанымына, сеніміне, адамгершілік моральдық қасиеттердің қалыптасуына, эстетикалық сезімдерінің тұрақтай, алдына қойған мақсатының айқындала түсуіне игілікті әсер етеді.

Сол себептен де халық өз ұрпағының өнердің сан саласына толық мағұлматы болуын аңсап, бұған қатты көңіл бөлген. Осыған орай мақал-мәтелдер «Жігітке жетпіс өнер де аз», «Өнер-таусылмас азық, жұтамас байлық», «Өнердің ырысы жарқырап жатыр жолында», - деп өнердің қолында құдіретті күш бұл адамның жан серігі, ертеңгі күні жейтін тамағы, ішетін сусыны, рухани байлығы деп бағалаған. Сол себептен де балаларды өте кішкентай кезінен – ақ, өнерге деген құмарлығын дамыту керек.

Өнер - қоғамдық сапа мен адам іс-әрекетінің өзгеше формасы, көркем тұлға арқылы берілетін шындықтың бейнесі, дүниені эстетикалық игерудің аса маңызды тәсілі, көркем іс-

әрекеттің пайда болуының көзі, сондай-ақ адамның эстетикалық сезімі мен қажетін қалыптастыру процесі. Өнердің өзіндік пәні – адамның шындыққа эстетикалық қатынасы, ал оның міндеті дүниені көркемдік тұрғыдан меңгеру. Сондықтан адам, адамдардың қоғамдық байланысы мен өзара қарым-қатынасы, белгілі бір нақты-тарихи жағдайлардағы олардың өмірі мен іс-әрекеті өнер шығармаларының кіндік тұсы болып табылады. Өнердің танытын нәрсесі (сан-қилы көріністегі өмір) игеріліп, қайта өңделеді және суреткердің қатысуымен өзгеше форма – көркем бейнеде беріледі. Өнер ол өмір шындығын көркем образдар жүйесі арқылы бейнелейтін қоғамдық сана мен адам іс-әрекеттерінің өзіне тән ерекшеліктерімен дараланатын формасы. Көркемдік образдар құрылымының ерекшеліктеріне қарай өнер туындылары бірнеше түрге бөлінеді. Кескіндеме, мүсін, графика, көркем әдебиет, театр, кино өнері өмір құбылыстарын тікелей бейнелесе, музыка, би, сәулет өнері оларды суреткердің ішкі идеялық-сезімдік толғаныстары арқылы береді. Сөздің кең мағынасындағы өнер ұғымына, технология және эстетикалық жағынан асқан, шеберлікпен орындалатын адамның практикалық қызметінің барлық түрлері жатады [2]. Философия, мәдениеттану әдебиеттерінде «өнер - мәдениеттің алтын қазынасы» деп сипатталады. Адамның ұлылығын білдіретін ғажап көріністерінің бірі - оның әсемдікке, сұлулыққа ұмтылуы. Сондықтан студенттердің өз мәдениетін тереңінен танып, сондай-ақ басқа да мәдениеттерді қабылдай алуы үшін, өзін мәдени шығармашылық субъектісі ретінде түйсінуі үшін, олардың санасына өнердің адам өміріндегі ерекше орны туралы түсінікті қалыптастыру қажет. Шындықты бейнелеу тәсілдерінің және көркемдік міндеттердің, сондай-ақ көркем бейнені жасаудың материалдық құралдарының өзгешеліктері өнер түрлерінің ерекшеліктерін айқындайды. Мысалы, әдебиетте – дүниенің эстетикалық бейнесі сөз арқылы; көркемсуретте дүниенің түрлі-түсті нәрін көрумен қабылданатын бейнелер арқылы; мүсін өнерінде – пластикалық бейнелер, көлемдік-кеңістіктік формалар арқылы; графикада – сурет сызықтар, штрих, жарық, көлеңке арқылы; музыкада – дыбыстық ырғақтар арқылы; театр мен кинода – кейіпкерлерді және оның негізінде жатқан драмалық қақтығыс әрекеттерді жанды адамдар – актерлармен бейнелеу арқылы жүзеге асырылады; архитектура мен сәндік - қолданбалы өнер шығармаларында – пайдалылық және эстетикалық принциптерінің бірлігі оның ерекшелігі болып табылады [2].

Өнерде шындықтың бейнелеу пәні мен формасы оның өзіне тән қызметін атқаруға, яғни адамдардың эстетикалық талаптарын қанағаттандыру үшін оларға шаттық, ләззат беретін, рухани байытатын, сонымен бірге өзінің нақты қызметі саласында сұлулық заңы бойынша оның бойында суреткерлік сезімді оятуға мүмкіндік тудырады. Өнердің осы тұтас эстетикалық функциясы арқылы оның танымдық мәні айқындалады және адамдарға идеялық-тәрбиелік әсері жүзеге асырылады.

Өнердің халықтылығы – халық бұқарасының шығармашылық өмірі, оның көркемдік талғамы мен сезім тәжірибесі көрініс табатын өнердің ерекше қасиетін сипаттайтын эстетикалық категория.

Алдыңғы қатарлы орыс педагогтары барлық уақытта музыкалық өнердің тәрбиелік маңызы туралы аса жоғары пікірде болды, педагогикалық жұмыста оларды кеңінен пайдалану қажеттігін көрсетті. К.Д.Ушинский музыканың балаларға ұнау себебі халық шығармашылығының қарапайымдылығында, оның балалар психологиясына сәйкес келуінде дейді. Оның пікірінше, ақыл-ой, адамгершілік, эстетикалық дамудың үйлесімді болуы қажет. Музыканың арқасында балалардың жүрегінде керемет тамаша поэтикалық бейне орын алады, ақылдың дамуы фантазия мен сезімнің дамуымен қатарласа жүреді. К.Д.Ушинский музыканың психологиялық маңыздылығы және олардың балаға психологиялық ықпалы туралы зерттеді [3].

Н.Г.Чернышевский музыканың халықтылығын, олардың ұлттық сипатын жоғары бағалады. Оның пайымдауынша, музыкадағы фантазия мен сезімдер нағыз әлеуметтік көзқарасты танытады [3].

Музыканың танымдық мәнін К.Д.Ушинский өте жоғары бағалады, ол «шығармасыз, қиялсыз тәрбие толқынды жүзеге аспайды» дейді .

Жапон елінде эстетика саласынан тәрбие алмаған адам, тіпті, экономикалық тұрғыдан да тиімсіз деген пікір қалыптасқан екен. Украйына халқының атақты педагогі В.А.Сухомлинский де «балаға тек әдемілікті жасау қажеттігін ояту ғана жеткіліксіз, сонымен бірге адам баласына ізгілік жасау, жақсы еңбек ете білу іскерлігін де тәрбиелеу» туралы ойын бірнеше мәрте айтқаны мәлім [2]. Олай болса, бүгінгі студент-ертеңгі маман, еліміздің болашағы, зиялы қауым өкілдерінің бүгінгі таңдағы эстетикалық мәдениетінің қалыптасуы қандай дәрежеде, болашақ маман ретінде эстетикалық тәрбие беру ісіне дайындығы болу керек.

Жапон суретшісі Какусика Хокусайдың (1760-1849) сарқылмас жаратылыс байлығы терең бейнеленген тамаша өнер жолында: «Табиғатқа менсінбей қарайтын түк жоқ», «Дүниеде еш нәрсе еленбей қалмауға тиіс». Отыз мың сурет пен бес жүз безендірілген кітаптың иегері, өмірбақи үзбей өнімді еңбек етіп, өнері жанған ғажайып суреткер өзі ұстаған бағытын осылай айқындаған [4].

Әлем әдебиетінің тамаша, үздік туындысы Мұхтар Әуезовтың «Абай жолы» эпопеясында (IV кітаптың «Шайқаста» тарауында) әртүрлі өмір елесінен өткен Абай орта жастан асқан шағында, ерекше бір ықыласымен ен қойып, кең байтақ туған дала жазығына, тау жоталары мен қырат қырқаларға көз жіберген. Жазушы күннің батуын, жүзін мұнар тартқан мезгіл құбылысын кейіпкер өмірінің де бағытын, тайып бара жатқан шағымен сабақтастырып салыстыра алған.

Көз алдындағы кеңістік көрнісін бар болмысымен сезіну арқылы ақын іштей бір терең тебіреніп, төңірегіндегі бүкіл рең өзгеріске ойлана қарады, Көсілген кең жазық ұлан-қайыр дала, қалың-қаптар адырлар мен қырат жол, жартасына дейін мәңгі өшпес өмірдің әр сүлемі өңірі жан - сезімімен жалғасып жатқандай.

«...салқындап, қарауыта түсіп, өтіп кеткен ауыр дәурендей сол өткен қазалы ауыр күндер ізін сақтағандай. Тек қана суық түсті өгейлік, нәрсіздік, өлімге бейім күйлер танытады».

Күннің батуы мен адам өмірінің тайып бара жатқан мұңлы бір шағын салыстыра жырлау ең алдымен ұлы Абайдың өз өлеңдеріне тән («Көлеңке басын ұзартып»). Романда да туған жері ақынды терең толғандырады.

«Сол қатпарлы таулар, ақ далалар ұзын аққан түйе өркеш әсем салалар, қарауыл. Балапандай өзендер, бұның өмірінде талай - талай шақтарының беті ашылып тұрған өзгеше кітабы тәрізді».

Бұл - тек бір ғана Абайдың қара басына тән өмір кітабы емес, бұл өткен өмірімен бүгінгі талай ұрпақтың тағдыр шежіресі еді.

Туған жерінің ұлан - ғайыр уақыт пен кеңістік әлемінде жалпы дүние болмысымен барынша бауырластығын сезіну көркемдік таным игілігінің маңызды бір шарты болып табылады. Кешегі мен бүгінгінің бәрін алалап, адамзат ұрпағына бір - бірін сабақтастырып жатқан жаратылыс тізбегі ақын Абайды ғұмыр бойы ойландырған; отыз жетінші сөзінде: «Дүние - үлкен көл, заман - соққан жел, алдыңғы толқын ағалар, кейінгі толқын-інілер» - дейді.

Туған жердің топырағын, күйкі - тіршілік - тынысын сезіну ғана, жаратылыс әлемінің тылсым сырын жете танып - түйсіну ғана Абайды ақындық шеберліктің шырқау шыңына көтерген. («Дүниетаным» Зейнолла Серікқалиев. Алматы. 1997 ж.3-4 б.) өнердің ішіндегі музыканың адамның, рухани дүниесіне зор әсер ететінін қалай айтыш жеткізуге болады?

Ықылым заманнан-ақ Ана жана туған нәрестесіне бесік жырын орындаса, қыс қыстауда жаз жайлауда жүрген әке табиғат аясында ән айтып, тасқа сурет салып-ақ малын баққан.

...Халық шаттық, құшағында - көктем мерекесі наурыз айында әнін айтып, биін билеп, ойын - сауығын құрса, Ана қаза тапқан баласын жоқтап аза тұтса - ондағы мұңды дыбыстар қайғыны білдіріп, жұбаныш беріп отырған. Сондықтанда адамдар музыканы өмірлік жан рахаты, рухани серігі ете білген.

Сол себептенде оқушыларды өте кішкентай кезінен - ақ, яғни бастауыш сыныптан бастап өнерге деген құмарлығын оятып дамыту керек. Дәл осы 6 -10 жастан - ақ балаларда әр нәрсеге қызығу мен құмарлық пайда болады. Осы қасиетті үнемі дамытып, жетілдіріп отырғанда ғана жас жеткіншекті өнердің кәусәр бұлағынан сусындатып оның заңғар

шыңына жеткізе аласың. Олай болса «Домбыраны үйренуге де зауқылық керек», «Өнер ұялайтын кісісін өзі біледі», ' «Ерінбеген емер, қажымаған жеңер» деген түйінді сөздердің мағнасы осыған меңзейді. Өнер саласы бала тәрбиелеудің дәйекті құралы. Сондықтан өнер саласына жататын музыка, бейнелеу өнері, хореография, әдебиет, сәндік - қолтанбалы өнер т.б, сабақтан тыс шараларды көптеп пайдаланып, оның әдіс - тәсілдерін, халықтық педагогика үлгілерін білімпаздық түрде өрбітіп отыру қажет.

Сонымен қатар, өнер шығармалары арқылы туған халқымыздың жарасымды әдет - ғұрыптарымен, мерекелеуімен, халық өнерінің туындыларымен танысу керек. Әрбір сабақта көрнекті ақындардың, суретшілердің, әнші- күйшілердің шығармалармен, аты жөнін, шығу тарихымен таныса отырып, балалардың ой - өрісін дамытып, шығармашылыққа жол ашады.

Өскелен ұрпаққа эстетикалық тәрбие беруде мектеп орасан зор роль атқаратыны белгілі. Өсіп келе жатқан жастардың эстетикалық мәдениетінің негізі тек мектепте қаланса, сол себептен де ол біздің елімізге әрдайым үлкенді - кішілі проблемалармен байланыстырып қарастырып келеді.

Әрбір адамның шығармашылық қабілетінің қанат жаюы оның еңбек сапасының артуына әсер етеді, мәдениетін дамытады. Сөйтіп адамның жалпы, мәдениетінің маңызды бөлігі өміріміздің барлық саласында ықпалын тигізетін эстетикалық мәдениет болып есептеледі. Эстетикалық тәрбие -жаңа адамды тәрбиелеудің құралы.

Мәдениеттің дамуы қоғамның белгілі бір тарихи дәуірімен, белгілі бір уақиғамен, халықпен байланыста туады.

Тарихи дамудың алуан түрлі кезеңдерінде, эстетикалық мәдениет әсемдік көзқарастарың түсініктерін дұрыс қалыптастырып отырады. Н.Г. Гоголь халықтық музыкалық творчестосын бейнелі сөзбен «Әуенді тарих», «Сыңғырлаған жанды шежіре» деп атаған.

Жоңғар шапқыншылығы кезінде, қазақ жерінде, ана-баладан, бала-анадан, ел - жұрт қырылып, малынан айырылған заманда «Елім – ай» әнінің еріксіз шығуы үлкен мәселе болды. «Қара таудың басынан, көш келеді - ау. Көшкен сайын бір тайлақ, бос келеді-ау Елім-ай. Елім-ай». Деп аңыраған ана даусы - адам жүрегін тілім - тілім қылады. Халық зары, осындай әнмен шыққан еді.

Ал - Ұлы Отан соғысы күндерінде сол дәуірдің ең таңдаулы әндерінің бірі А.Александровтың «Қасиетті соғыс» әні дүниеге келген еді. Ол жауды толық жеңіп шыққанға дейін шайқасуға бел байлаған совет адамдарының қайтпас қайсар, қаһарлы күреске біріктірді. Төлеген Тоқтаровқа арналған «Жас қазақ» әні т.б. сол сияқты шығармалар шығып жатты.

Жау қыспағында қалған Ленинградқа Д.Шостакович әйгілі жетінші симфониясын жазды. Сол музыкада фашизмнің бойындағы қатігез зұлымдық айтылады. Д. Шостакович былай деген екен: «Қайғы мен қуанышта да еңбек пен демалыста да - әрқашанда музыка адаммен бірге.»Музыканың өмірге толықта етене енгені соншалық, ол солай болуға тиісті нәрсе сияқты, өзіміз ойланып, жатпай ақ елеп - сезінбей - ақ тыныстайтын ауа сияқты қабылдаймыз. Адамдардың бір - бірін жақсы түсінуіне көмектесетін осы бір тамаша өзіндік тілден айырылса дүние қандай жұтаң тартар еді - деген.

Атақты орыс композиторы П.Н. Чайковский. «Мен өз музыкамның тарауын, оны сүйетін, одан көңілі көншіп, сүйенішін табатын адамдар санының көбеюін бар жан - тәнімен тілер едім» - деген. Осыған орай атақты совет хирургі Юдин өзінің ең қиын операциясының алдында ылғи 6 -симфониясының партитурасын қарап немесе оны тыңдап - қыйын операцияларды жасауға кіреді екен. Неліктен? (6 симфония үзінді тыңдау).

Д. Шостаковичтың айтуынша, музыка - «Өзіндік тамаша тілмен, бейнелі жарқын әуенімен, жан - жақты үйлесімді гармониясымен, ырғағымен адамның дүние сезімін, айналасына көз қарасын бейнелейді».

Мұндай шығармаларды тыңдап, түсіне алғандардың бәрі солар арқылы рухани байи түседі. Ал музыка, тыңдаушылардың бәріне бірдей әсер етеме? Әрине әлбетте, бірдей әсер

етпейді. Бұл оның тағы бір ерекшелігі. Тыңдаушы музыканы терең ұғыну үшін оның бүкіл даму барасында ілесе отырып қабылдауы тиіс. Осы «өзіндік тамаша тілді» - балалар жіті ұғып түсіне білуге үйрену қажет.

Біздер болашақ музыка мұғалімдерін өнер арқылы тәрбиелеудің педагогикалық шарттары пәнін оқытуға дайындау әдістемесі бойынша бейнелеу өнерінің мәдени - рухани құндылықтарын меңгерту арқылы әлемдік мәдениетке деген құрметін сезімін қалыптастыру, болашақ музыка мұғалімдерді өнер пәнін білімгерлерге оқытуға дайындау үдерісін жетілдіру мәселесіне біршама үлес қосуға талпындық. Біздің ойымызша, жас ұрпақтың эстетикалық мәдениетін өркениет деңгейіне көтеру үшін, халқымыздың өнер саласындағы мәдени-рухани мұралары арқылы көркемдік білім беруді тереңдете зерттеу болашақтың еншісінде.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Кармин А.С., Искусство в его кн.: Культурология, СПб, 2001, с. 390-467
2. Марғұлан Э.Х. Ежелгі мәдениет куәлары. Жин., ред.басқ. Алматы, 1966.-63б.
3. Қасиманов С. Қазақ халқының қолөнері. Алматы, 1994.-56б. Қазақ әдебиеті мен хрестоматиялары (5-11 сынып)2009.
4. Жұбанов А.Қ. Замана бұлбұлдары. – Алматы. Ғалым, 1975 – 46 б.
5. Жұбанов А.Қ. Музыкадағы алғашқы қадам – Алматы: Қазақстанның мемлекеттік көркем әдебиет баспасы. 1962. 84

ӘОЖ 82.015:39

<https://doi.org/10.53355/q7692-6831-9330-v>

ИЛІЯС ЖАНСҮГІРОВТІҢ «КҮЙШІ» ПОЭМАСЫНДАҒЫ КЕНЕСАРЫ БЕЙНЕСІ

Сабекова Ұ.

І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ-сы

Бұл мақалада Илияс Жансүгіров поэзиясының көркемдік-стильдік ерекшеліктері, соның ішінде ұлттық сипаты талданады.

Тірек сөздер: *ұлттық көркемдік таным, тарихи кейіпкер, кеңестік идеология, суреткерлік шеберлік.*

В этой статье были рассмотрены художественно-стильные особенности и национальные характеры поэзии Ильяса Жансугурова.

Ключевые слова: *национальное художественное познание, исторический герой, советская идеология, художественное мастерство.*

This article reviewed hudozhestkenno-stylish features and characters of national poetry Ilyas Zhansugurov.

Keywords: *national artistic cognition, historical hero, Soviet ideology, artistic mastery.*

«Күйші» поэмасында характері айқын ашылған кейіпкерлердің бірі – хан Кенесары образын жасауға ақын оның ой-пікірін, мінез-құлқын суреттеу жағынан келеді, сол арқылы ішкі сырын ашып, іс-әрекетін, мақсатын әшкерелейді.

Жұртпен бірге бар ынтасын салып, Күйшінің тамаша күйін тыңдаған Кенесары әр күйдің үнінен соғыс дабылын естиді. Көз алдына келешек армандары, жорық жойқындары елестейді. Ойға шомған хан өз жағдайына да көңіл аударады:

Келелі кеңестер не? Ақ найза не?

Не тоқтау толқып жатқан айдын көлге?

Көтерген Абылайлап ала жалау,

Шақыртқы ту бола ма тозған елге?... [1,91].

Кенесары үлкен толқуда, ойда. Өйткені толқып, ыдырай бастаған төлеңгіттерін, соңына ерген аз топты нендей шарамен, айламен тоқтату керек? Бұл халден шығуға қандай жол бар? Ол енді өзінің «Абылайлап көтерген ала жалауының шақыртқы ту» бола қоймайтынын да сезеді. Өлең шумағының осы үш жолына ақын үлкен саяси-әлеуметтік мәселені сыйдыра алған және оның шындық мәнін де аша білген.

Кенесарының негізгі мақсаты – тарихи шындықта да, Ілияс Жансүгіров поэмасында да – қазақты бір тудың астына жинау.

Абылай аруағым, ала туын

Көтерсем... көтерілер өшкен ұран... [1,91].

Кенесарының мінез-құлқын сипаттауда Қарашаш екеуінің арасындағы диалогтың үлкен мәні бар. Қарашаш күтпеген жерден ағасына қолқа салып: «Бер маған осы адамды басы бүтін...» - десе, хан:

Осы ма сұрағаның, Қарашашым?

Қаласа, қалағаның алсын, алсын!

Үйсіннің ерулігі болар бізге!

Бергенім басы бүтін байлап басын,- [1,91].

деп, жауап қайтарады. Бұл сөздерден ханның Ұлы жүзді бағындыруға келген негізгі беті аңғарылады.

Кенесары образының ең бір айқындалатын жері Сапақ пен Қарашаш оқиғаларына байланысты. Жас жігіт Сапақтың қызға сөз салуын Қарашаш хан ауылын қорлау, хандық биліктен аттау деп қарайды да, үйсін, дулат елін бидайықтай қуырады. Дулат еліндегі датқа Әлімқұлдың баласы Сапақтың басын өз қолымнан аламын, болмайды екен аулын шабамын деген шарт қояды. Сол шартты іс жүзінде орындап шығатындығының берік белгісі ретінде қарулы жасақты дереу сапқа тұрғызып, зеңбіректерінің бетін Әлімқұл аулына бұрады. Міне, бұл сонау заманнан бергі хан атаулының халық басына бейнет, әлек боп тигеніне, іргедегі жау, іштегі бүлік боп келгеніне мегзейді.

Жанжалды үй арасы ұсақсынып,

Арыстан отыр төрде тісі ақсиып, - [1,91].

Үлкен мемлекет басшысының арманы да биік, ірі, ол ауыл ішінің жанжалына араласпайды. Бұл жолдар Кенесары бейнесін айқын ашып тұр. Суреткерлік пен шеберлік осындай-ақ болар.

«Ойшыл, мейірбан, қайырымды, данышпан Кенесары - кісілік, имандылық, ұлттық намыс, жігер, қуаттың туы бола білген, туды құлатудан бұрын басын шаптырған теңдесі жоқ ұлттық батыр», - деп түйіндейді ойын сыншы ғалым [2,101].

Ол еш нәрседен сескенбеген, қобалжымаған. Оны ойландырып, жанын жейтін соңынан ергендер тағдыры ғана емес, соңында қалған, отаршылардың аяр саясатына алданып, көсемінің соңынан топырақ шашқан көр бала жұртының құлдық қамытына мойынсұнған ащы тағдыры. Аласұруы, жолбарыстай ыңырануы – барлаушыға тән батырлығы, қолбасшыға тән байыптылығы, жаны жайсаң, жүрегі жомарт, құшағы ыстық, кемеңгерге тән кеңдігі, дарқандығы. Ілияс поэмада соны жеріне жеткізе, Кенеге тән қасиеттерді алтын тінінен бір талдап суыртпақтап талдай, тарата отырып монологімен ішкі жан сарайындағы имандай сырын өзіне аштырады:

Қиялы домбырамен сыбырласып,

Жатқандай шабуыл не? Жортуыл не?

Келелі кеңестер не? Ақ найза не?

Не тоқтау толқып жатқан айдын көлге?

Көтерген Абылайлап ала жалау,

Шақыртқы ту бола ма тозған елге? [1,96].

Иә, тозған елді қайтсе топтастырады, тозған қазды қайтсе топтанған қарғаға жем қылмайды?

*Бөрі отыр бөлтірікке беріп ырық,
Алар деп өз абыройын өзі-ақ жсығып.
Балқаштың тұңғиығы толқын бермей,
Тымырсып терең жсатыр іштен тұнып. ... [1,108].
Бұнда бөрі — Кене, бөлтірік — Қарашаш.*

Ілияс Жансүгіров шығармаларының ерекшеліктерінің бірі деп – оқырманға ой тасып, қорытындысын өзіне шығартып, түйінін өзіне шешкізіп, ақын идеясын түсінуге жетелеуінде дер едім.

*Әлімқұл састы қатты сабыр қылмай,
Оңай ма құлайтын құз Кене хандай?
Егер де тез отын тарқатпаса,
Үйтіліп датқа алуының кетуі оңай. [1,115].*

Өлең жолдарындағы «құлайтын құз» – астарлы сөз, ол – Кененің қаһары.

Кенесарыға берілген бұрынғы бағаларға көз салар болсақ, өзегінді өкініш өртейді. Оқып көрелік: «Қанқұйлы, қорқау бөрі Кенесары ханның қолына түскен күйші жігіт озық өнер күшімен озбырдың шеңгелінен аман құтылады. Дастанды оқып отырғанда, ақынның өзі сияқты, бүкіл жан пейіліңмен күйшінің жағында, халықтың жағында боласың, хан мен оның аю қарындасы Қарашашқа зығырданың қайнап, лағынет айтып отырасың» [2,21]. Ал Әбділхамит Нарымбетов былай дейді: «Поэмада хан Кененің портреті жоқ. Бірақ онсыз да ақын ханның қатыгез, қатал, жексұрын бейнесін жеткізіп бере алған». [3,9].

Поэмадағы жаңалықтардың бірі – қаһармандар психологиясын өмір ағысына, жағдайға тығыз бірлестіріп, тұтас бейнелер жасауында. Күйдің сұлу сазын ғана емес, тыңдаушыға әсері, көңілінің толқынын астастыра көрсету, сүйтіп мінез даралығын айқындау І. Жансүгіров поэмасында жанды тұлғалар жасауға мүмкіндік береді.

Ақынның асқан шеберлігі өмірдегі кереғар құбылыстарды, қатал шындықтарды жұмсартпай, қаз қалпында бере білуінен байқалады. Кенесарының қарындасы Қарашашты мінездеген жолдарында ақсүйек қауымның тәкәппарлығы көрініп тұрады. Кенесарының халыққа жат қылығын, астамшылығы Қарашаш күйшіні өзіне тарту етуін сұрағанда:

*...Үйсіннің ерулігі болар бізге,
Бергенім басы бүтін байлап басын, -
деген өктем сөздерінен байқаймыз.
Ақыл мен аруағымен елді билеп,
Кей – кейде Кенеге де өктем сөйлеп.
Биі де, батыры да, қарасы да,
Қарашаш айтты десе «мақұл», жөн – [1,116].*

деп, ханы қадірлеп, қарасы қорыққан Қарашаштағы өр мінезділік оның «аруағына» байланысты. Қарашаштың Абылай ұрпағы екендігін «аруағымен» сөзінен-ақ ұққандаймыз.

Ақынның суреттеуінде Кенесары осыған дейін қалыптасқан жоғарыдағыдай сіреу пікірдей озбыр, қатігез емес. Адамгершілігі жоғары адам. Адамгершілік ана сүтімен бойына дарығандар өмірде көшпелі алтындай өте сирек кездеседі, өйткені оны басқа біреуден үйреніп, еліктеп, оқып-тоқып қол жеткізу мүмкін емес. Ол – табиғаттың пендесіне тартқан өлшеусіз сыйы. Бәлкім ол оған ұлы атасы қасиетті Абылайдан... Жошыдан...Шыңғыс ханнан үзілмей келе жатқан асыл қаннан дарыған шығар...

Кезінде Ілиястанушылар осы поэмаға талдау жасағанда, ақын «қанаушылар ортасының өнерге жау екенін әшкерелеп көрсетті» деп, оны мақтаған боп, маңдай терімен тапқан алтынын қара бақырға саудалады. Бұл - шындыққа жанаспайды. Мәтінге үңілейік:

*Хан орда, хан тағында, жайнап көркі,
Күй болып, ұйып отыр есі-дерті.
Отырған құлагын сап, құлай тыңдап,
Кенеге үн бір сарын, күй біркелкі... [1,96].*

Кенесары – Ілиястың жырлауында күй, ән, жыр десе ішкен асын жерге қоятын, оның жан-жүрегіне бойлайтын парасат, интеллект иесі. Атасы Абылай күй мен жырдан ләззат алу былай тұрсын, өзі де отыздан астам күй шығарған кәсіби күйші, дәулескер домбырашы болса, тартып туған, жолын қуған немересі күйді қасиет тұтпаса, ата аруағы кешіре ме?.. «Қиялы домбырамен сыбырласып», «Өзінің Ордасында батыр Кене, тарттырып домбыраны отыр Кене» десе таңғалмайсыз, арысы жетпіс жеті атадан жалғасып көшіп келе жатқан құт, қонған кие ретінде мойындап, «өнерге жаулықты» бұл тұқымға құдай қоспағанын поэманы оқыған сыншыларымыздың салқын сабырмен сезінбегеніне таңқаласың. Ақынның поэмасын таным сүзгісінен өткізіп, парасат безбеніне тартқанда аңғарарымыз. Кенесары – ақылды, парасатты, кемеңгер, жайсаң, алғыр, табанды, абыздығымен қоса арқасы бар, кісілікті кісі.

*Тасытып көкірегін кек ашқандай,
Тынбасқа жауды жеңбей, жер жастанбай;
Нажсағай ашуында жарқ-жұрқ ойнап
Бұлтты бұрқытарып от шашқандай... [1,96].*

Ілияс ел аузынан Кенесары туралы аңыздар жиыстырған екен. Соның бірін толығымен ұсынайық: «Кенесары Ұлы жүз ішінде жүргенде бір сайынды жігіті ділмәр болған. Төріндегі жігіттер мұны күндеп Кенеге шығыстырады. Кенеге дереу шапқыншы жіберіп еді... Көшпек ауыл Кененің тегін шақырмағанын біліп, қатын-баласына қоштасып кетеді. Онда хан Кене ұрыс уағы, дереу сотсыз шауып жібереді екен.

Айтқандай келсе: ханның көзі қанталап, сақалы тарамданып, қаны ішіне тартылып қалған екен.

Есіктен кіре: «Дат» депті.

- Айт!

Жігіт:
*Жаратқан бағымызды құдайым-ай,
Көп бөлмен ашулансаң уайымдай
Үш жүздің баласына болдың патша,
Кешегі өтіп кеткен Ыбырайымдай.
Қаһарың қатты келсе қара түндей,
Арағың желді күнгі жауған күндей
Үш жүздің баласына болдың патша,
Кешегі Дәуітұлы Сүлеймендей.
Ылау етіп он бармағын жақ ұстадың,
Ақырап таз тырнадай дабыстадың
Үш жүздің баласына болдың патша,
Кешегі Әзірет Әли Арыстандай
Арғы атаң хан Абылай, әкең Қасым,
Ерлігің ер Саржаннан болды басым
Баласы арғымақтың жабы тумас,
Қасымның бес баласы тудың лашын
Даусың азынайды құла айғырдай,
Құлпырдың ал жауһардың құлағындай
Басыңнан соқпақ салып жан асқан жоқ,
Алдыңда асуы жоқ қу бақырдай
Кешегі, аз айтайын, шапқанымды,
Жар жолда жау сағалап жатқаныңды,
Жанымнан жаман шошып келіп едім,
Райдан, аруақ сүйер, қайтқаныңды
Кенеке, жаз да болман, күз де болман,
Құс салдың тұйғын ұстап жез дабылмен
Әуеде айнала ұшқан ақ сұңқарың,*

*Алдында қызыл түлкі тоятын мен.
Болады не десең де айтсаң, ханым,
Өтеді атсаң тастан өз жарағың
Бір қасық тілегенім қаным-дағы,
Алдыңнан тірі кетсін шыбын жаным.*

Кенесары оның күнәсін кешіпті». [1,96].

Байқап қарар болсақ, Ілиястың танымында Кенесары хан жауыз емес, дана, кең, ел камын ойлаған әділ шешім қабылдайтын тарихи тұлға.

Ұлт қаһарманы, адал, ізгі, гуманист, патриот, қайталанбас тұлға, халқымен мәңгі жасайтын ірі мемлекет қайраткері.

І.Жансүгіров поэзиясы тіліндегі сөзбен салынған сурет-теңеулер ақын шеберлігін, тіл ұсталығын танытып қана қоймай, көркем өрілген қазақтың өлең өрімін жетілдіруде, дамытуда ерекше орын алады. «... Мен көркемдік жағынан «Күйші» поэмасын суреткер ретінде Жансүгіров творчествосының шыңы деп білемін», - дейді О. Сүлейменов [4,71].

Оқырман қауымның жылы лебізіне бөленген, сыншылардан келісті бата алған, ақынның ақындығын айқындай түскен шығармасы — «Күйші» поэмасы. Ғалым, әдебиетші Е.Исмайылов: «Ілиястың бұл поэмасындағы түйдекті образдар, тамаша бай теңеулер бәрі де орынды, күйдің сарынынан әр кезеңдегі толқындарынан өмірдегі, айнала табиғаттағы көріністің, құбылыстың бәрін тауып теңеген (боран, дауыл, айдаһар, жылан...), орынды салыстырған», - деп жазады. Тілдің бай лексикасын орынды қолдану арқылы ақын қазақ халқының басынан кешкен тарихын, тікелей мүддесін, барлық кәсібі мен шаруашылығын, күллі мәдениетін, қазақ халқына тән сезім мен эмоциялы күйін ұқтырғандай.

Шындығында, поэмадан ақынның бейнелеу тілінің ұлттық үлгілерін барынша мол пайдаланғандығын байқаймыз. Екіншіден, күнделікті өмірде жиі қолданылатын сөздің өзі ақын қолданысында түрленіп, жаңа мағынаға ие болып, көркемдегіш құралға айналады. «Алыстан арбаламай...» халықтың төл сөзіне әрі әр, әрі нәр бере қолданатының куәсі боламыз.

Академик М.Әуезов: «І. Жансүгіровтің ірі поэмалары - («Дала», «Күйші», «Құлагер») лирикалық, философиялық оқиғалы, сюжетті поэма үлгісі. Осы үш поэма тұсында қазақтың Абайдан кейінгі поэмасы аса биік, ірі сапа табады. Бұлардағы дүниені көрер көз, сезіну сыры, жалпы дүние тану қалпы, ақындық сыр, өмірге қараған көз қарас барлығы да бұрынғы қазақ поэзиясы тудырмаған тың жаңалықты аңғартады...», - дейді.

Аталған шығармалар ұлттық мәдениетіміздің озық дәстүрін бойына сіңірген, философиялық ойлары кемел тарихи болмысы кең қамтылған, халық өмірін дәл суреттеген әрі заты қазақ поэзиясын жаңа тарихи белеске көтерген, қайталанбайтын классикалық туындылар.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Жансүгіров І. Шығармалары. 2том.-Алматы.- Қазығұрт .-2008ж.
2. Қаратаев М.Шығармалар жинағы. Алматы.-Ғылым.-1994ж.
3. Нарымбетов Ә. «Жансүгіровтің «Күйші» поэмасының көркемдік және стильдік сыр-сипаты». // Кітапта: «Стиль сыры».- Алматы, 2004. -26-50 б.
4. Нұрғали Р. «Соғайын сөзімнен бір сұлу сарай» («Күй», «Күйші», «Құлагер» дастандары туралы трагедиялық триптих)// Кітапта: «Стиль сыры».- Алматы, 2004. -26-50 б.
5. Сыдықов Т. «Хан сарайынан күйшінің қараша қосына дейін немесе І.Жансүгіровтің «Күйші» поэмасына жаңаша көзқарас» // Жетісу. – 2010.

О ПРОЕКТИРОВАНИИ УРОКОВ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ СОВРЕМЕННЫХ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ ТЕХНОЛОГИЙ

Сагаева М. В., студентка группы РЯЛ 411

Научный руководитель: **Сералиева Н. Ж.**, к.п.н., ассоциированный профессор (доцент)
ОП по подготовке филологов гуманитарного факультета
Жетысуский университет им. Ильяса Жансугурова, г. Талдыкорган

E-mail: mariam2000saga@gmail.com

В данной статье рассматриваются современные педагогические технологии и их активное применение молодыми специалистами на своих уроках. В работе коротко проанализирована каждая актуальная на сегодня образовательная технология, отмечены ее сильные стороны.

Ключевые слова: педагогические технологии, образовательный процесс, проектирование уроков, цели урока, структура урока, методы обучения. проблемное обучение, информационные технологии, личностно-ориентированное обучение.

Бұл мақалада заманауи педагогикалық технологиялар мен оларды жас мамандардың өз сабақтарында белсенді қолдануы қарастырылған. Жұмыста бүгінгі таңда өзекті болып отырған әрбір білім беру технологиясы қысқаша талданады, оның тиімді жақтары атап көрсетіледі.

Тірек сөздер: педагогикалық технологиялар, оқу үрдісі, сабақты жобалау, сабақ мақсаты, сабақ құрылымы, оқыту әдістері. проблемалық оқыту, ақпараттық технология, оқушыға бағытталған оқыту.

This article examines modern pedagogical technologies and their active use by young specialists in their lessons. The work briefly analyzes each educational technology that is relevant today, notes its strengths.

Key words: pedagogical technologies, educational process, lesson design, lesson objectives, lesson structure, teaching methods. problem learning, information technology, student-centered learning.

В настоящее время в Казахстане, который продолжает интеграцию в мировое образовательное пространство, происходит становление и внедрение новой системы образования. Данный процесс сопровождается глобальными изменениями в педагогической теории и практике. Происходит перемена образовательных парадигм: начинает внедряться инновационное содержание обучения, применяются новые методы, подходы, взгляды, технологии, совершенствуется педагогическое мастерство. Содержание образования наполняется новыми процессами, умениями, формируются способности оперирования необходимой информацией, меняются цели и структура образования, появляются новые возможности, но урок остается главной формой обучения. Учитель на протяжении всей своей педагогической деятельности дает более 20 тысяч уроков, а ученик посещает более 10 тысяч уроков. Все самое важное, определяющее для учеников совершается именно на уроках.

Урок – это зеркало педагогической культуры учителя, мерило его интеллектуального богатства, показатель его кругозора, эрудиции. Современный урок — как отдельный вид искусства. Создают это искусство главные участники образовательного процесса: учитель и ученик. Между ними всегда – неизведанный мир знаний, противоречия между познанным и еще не освоенным, между чувством удовлетворения от успеха и нелегким трудом освоения

нового, познания окружающего мира. Современный урок - это урок, на котором учитель делает все для развития личности своего ученика, ее активного умственного роста, глубокого и осмысленного усвоения знаний, для формирования ее нравственных основ.

Любой урок: современный или традиционный, имеет огромный потенциал для решения поставленных задач, стоящих перед образованием. Задача будущих педагогов сегодня заключается не в том, чтобы расставить оценки и указать: этот урок хороший или плохой, этот современный или устаревший, а важно понять другое:

- какие изменения происходят с современными уроками;
- какова их эффективность в решении новых задач;
- как в последнее время понимают цели урока, структуру, содержания и методы обучения;
- как поменялась позиция учителя и учащегося;
- как сделать так, чтобы уроки мотивировали учащихся на дальнейшее изучение конкретных наук;
- урок должен строиться так, чтобы были использованы компьютеры, документ-камеры, интерактивная доска;
- на уроке должен осуществляться индивидуальный подход к каждому ученику;
- урок должен содержать разные виды деятельности;
- комфорт, благоприятная атмосфера, взаимопонимание и помощь - приоритет урока;
- урок должен предполагать сотрудничество.

Сегодня специалисты образовательных учреждений очень часто сталкиваются с ситуацией, когда ребенок не хочет учиться. Дети не умеют самостоятельно работать, не проявляют мотивации. Для большинства учащихся учеба становится тяжелой и скучной обязанностью, в которой они не находят и не видят смысла. У обучающегося падает интерес, теряется стремление получать знания и ухудшаются оценки. Для того чтобы устранить эту проблему в мировой педагогике создаются различные образовательные технологии, которые способствуют повышению мотивации детей на уроке и качества образовательного процесса.

Современные технологии в образовании рассматриваются как средство, с помощью которого может быть реализована новая образовательная парадигма. Тенденции развития образовательных технологий напрямую связаны с гуманизацией образования, способствующей самоактуализации и самореализации личности. Это системы приёмов и методик, объединённых приоритетными общеобразовательными целями, концептуально взаимосвязанными между собой задачами и содержанием, формами и методами организации учебно-воспитательного процесса, где каждая позиция накладывает отпечаток на все другие, что и создает в итоге определенную совокупность условий для развития учащихся. И сегодня мы, будущие педагоги, не можем представить наш урок без различных технологий, которые сделают наше занятие интереснее, краше, насыщеннее и продуктивнее.

Использование большого ассортимента педагогических технологий дает учителям возможность эффективно использовать учебное время и добиваться хороших результатов в обучении детей. В ходе своей педагогической практики мы заметили, что активно применяются следующие педагогические технологии: проблемное обучение; информационно-коммуникационные технологии; личностно-ориентированные технологии; игровые технологии; здоровье сберегающие технологии; тестовые технологии.

Проблемное обучение выступает как одна из важнейших педагогических технологий, которая обеспечивает возникновение мотивационного компонента учебно-познавательной компетенции обучающихся на занятиях. Эта технология привлекает молодых специалистов своей нестандартностью, открывает перед нами большие практические возможности, способствует развитию творчества учеников, преодолевает пассивность детей на занятии, повышает качество знаний по определенной дисциплине. Проблемное обучение зачастую

применяют на этапах объяснения темы, контроля и самостоятельной работы обучающихся. Создание проблемной ситуации на уроке – затруднение, например, урок русской литературы, тема: А. С. Грибоедов «Горе от ума». Проблема: «Вечный спор Молчалиных и Чацких». Главный проблемный вопрос связан со способами достижения жизненной цели – что нравственно, что безнравственно. Появляются различные мнения. В ходе обсуждения проблемы дети успешно приходят к ее решению.

При использовании на занятиях технологии проблемного обучения педагоги реализуют принцип корректировки знаний и их уровневой дифференциации, что дает большие шансы ученикам стремительно продвигаться вперед.

На сегодняшний день в мире, и, в частности, в Казахстане, происходит процесс информатизации общества, то есть люди полным ходом переходят на абсолютно новый качественный уровень развития. Это обусловливается развитием науки и техники, информационных технологий.

Информационные технологии помогают сделать процесс обучения творческим и ориентированным на обучающегося. Главным преимуществом этих технологий, на наш взгляд, является наглядность, так как большая доля информации на уроках усваивается с помощью зрительной памяти, и воздействие на неё очень важно в обучении. ИКТ мы применяли в ходе педагогической практики на уроках русского языка и литературы: создавали презентации по темам, использовали мультимедийное оборудование, демонстрировали видеоуроки.

Использование ИКТ на практике нам позволило сделать уроки более интересными, яркими, увлекательными за счёт богатства мультимедийных возможностей; эффективно решать проблему наглядности обучения; расширить возможности визуализации учебного материала, делая его более понятным и доступным для обучающихся.

Применять ИКТ можно на разных этапах урока: при проверке домашнего задания, при объяснении нового материала; при закреплении, повторении, изучении определенной темы или раздела.

Личностно-ориентированное обучение предполагает использование различных форм, методов организации учебной деятельности. Обучение в сотрудничестве предполагает организацию групп обучающихся, работающих совместно над решением какого-либо вопроса или изучением темы. Эта технология ориентирована на то, чтобы ребенок научился учиться.

Целью личностно-ориентированной технологии являются личностные достижения обучающегося. Владая предметом на личностном уровне, что проявляется в свободном владении научной информацией по предмету, умении выделять субъективный контекст науки, видеть ее ценностно-мировоззренческие выводы, избирать способ изложения материала, который наиболее ценен с педагогической точки зрения, педагоги реализуют личностный подход на всех своих занятиях. При применении данной технологии урок выстраивается так, чтобы общение выстраивалось как двусторонний процесс, при котором все его участники становятся полноправными партнерами.


Одна из популярных и всеми любимых технологий - *игровая*.

Игра - одно из замечательных, интересных явлений в жизни, деятельность, с одной стороны бесполезная, а с другой - необходимая. Игра является весьма серьезной и трудной проблемой. В современной педагогике игра или дидактическая игра используется как самостоятельная технология, которую применяют для освоения определенной темы и раздела учебного предмета.

Игра – мощное средство социализации ребенка, она моделирует ситуации жизни, учит искать выход. Игровая форма занятий создается на уроках при помощи игровых приемов и ситуаций, которые выступают как средство побуждения и стимулирования.

Игра - важнейшее средство воспитания школьников. Игра деятельность спонтанная, непринужденная. Мир игр очень разнообразен. Существуют разные варианты

классификации игр. Каждая игра уникальна, содержит в себе различные функции. Каждый вид игр помогает в развитии ребенка, как здорового человека, так и здоровой личности.



Данная статистика показывает и доказывает использование педагогами вышеперечисленных технологий.

Преподавательская разработка или «технология – построение деятельности педагога, в которой всегда воздействия презентованы в последовательности и целостности, а выполнение подразумевает приобретение превосходного итога и располагает предсказываемый характер» [1, 25]. Превосходство данных технологий заключается не столько в усилении значительности и удельного веса независимой службы учащихся, однако и в нацеленности технологий для формирования созидательного потенциала личности, индивидуализации и дифференциации учебного процесса, в содействии действенному самоконтролю и самооценке итогов обучения [2].

Приоритетом обучения должно стать не освоение учениками определенного багажа знаний, умений и навыков, а умение обучающихся учиться самостоятельно, добывать знания и уметь работать с ними, анализировать, отбирать необходимое, хорошо их запоминать, связывать с имеющимися уже у них знаниями, умениями и навыками.

Быстрое введение инновационных технологий подразумевает условия для подъема качества образовательного хода, познавательной инициативности и учебной мотивации учеников.

Мы пришли к выводу, что данные технологии, эффективно и активно используемые в образовании позволят нам, как будущим учителям, спланировать грамотно, качественно свою работу, которая направлена на достижение цели нынешнего образования – развитие личности ребенка, выявление его творческих возможностей, сохранение физического и психического здоровья детей, и добиться хороших результатов в обучении.

ЛИТЕРАТУРА:

1. Педагогические технологии: вопросы теории и практики внедрения: справочник для студентов / авт.-сост. А. В. Винева; под ред. И. А. Стеценко. – Ростов-на-Дону : Феникс, 2014.
2. <https://infourok.ru/obuchenie-v-sotrudnichestve-metodicheskie-rekomendacii-3191466.html>

ПУТИ СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ ФИНАНСОВОЙ ОТЧЕТНОСТИ НА ПРЕДПРИЯТИЯХ

Сайлаубай С. – магистрантка специальности «Учет и аудит»
Байдыбекова С. К. - к.э.н, ассоциированный профессор
НАО «Жетысуский университет им.И.Жансугурова»

Теоретические и методологические вопросы, обусловленные формированием бухгалтерской отчетности в соответствии с международными стандартами на предприятиях выступают в статье предметом исследования.

В условиях рыночной экономики для обработки учетной экономической информации, а также для проведения комплексного анализа деятельности предприятий необходимым является применение различных информационных программ.

По результатам проведенного анализа в статье определены основные пути совершенствования финансовой отчетности в условиях международных стандартов финансовой отчетности.

Ключевые слова: финансовая отчетность, автоматизация учета, компьютерные программы, рентабельность, финансовое состояние, чистая прибыль, финансовая устойчивость.

Кәсіпорындарда халықаралық стандарттарға сәйкес бухгалтерлік есеп беруді қалыптастыруға байланысты теориялық және әдіснамалық мәселелер мақалада зерттеу тақырыбы болып табылады.

Нарықтық экономика жағдайында есептік экономикалық ақпаратты өңдеу үшін, сондай-ақ кәсіпорындардың қызметіне кешенді талдау жүргізу үшін әртүрлі ақпараттық бағдарламаларды қолдану қажет.

Жүргізілген талдау нәтижелері бойынша бапта қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттары жағдайында қаржылық есептілікті жетілдірудің негізгі жолдары айқындалған.

Тірек сөздер: қаржылық есептілік, бухгалтерлік автоматтандыру, компьютерлік бағдарламалар, рентабельділік, қаржылық жағдай, таза пайда, қаржылық тұрақтылық.

Theoretical and methodological issues caused by the formation of accounting statements in accordance with international standards at enterprises are the subject of research in the article.

In a market economy, it is necessary to use various information programs to process accounting economic information, as well as to conduct a comprehensive analysis of the activities of enterprises.

Based on the results of the analysis, the article identifies the main ways to improve financial reporting in the context of international financial reporting standards

Keywords: financial reporting, accounting automation, computer programs, profitability, financial condition, net profit, financial stability.

В современных условиях хозяйствования для повышения качества и стабильности финансовой отчетности на всех предприятиях используются автоматизированные компьютерные программы.

В настоящее время практически на всех предприятиях ведется автоматизированный бухгалтерский учет. На практике применяют различные компьютерные бухгалтерские программы: 1С: Предприятие -8.3, Алтын, Логос, Лука-про и т.д.

Наиболее распространенной программой является 1С: Предприятие -8.3.

Преимуществом данной программы является то, что все исходные данные, например товары, материалы, основные средства, численность работников и др. заполняются работниками бухгалтерии вручную. Все первичные документы также заполняются вручную, такие как приходный кассовый ордер, расходный кассовый ордер, приходная и расходная накладная, акты на списание материалов и др. Все заполненные документы программа выдает в печатном виде.

Вся финансовая, статистическая и налоговая отчетность программа формирует автоматически на основании введенных данных. Но в том случае если бухгалтер неправильно внес первичные данные, неправильно отражены счета бухгалтерского учета программа автоматически сформирует отчетность но она не будет правильной.

В программе 1С: Предприятие -8.3 отчеты разделены на несколько видов такие как:

- стандартные отчеты;
- регламентированные отчеты.

В стандартных отчетах отражены формирование таких документов как: оборотно-сальдовая ведомость, шахматная ведомость, обороты счета, анализ счета, анализ субконто, оборотно-сальдовая ведомость по счету.

Все виды отчетов в программе формируются автоматически на основании данных которые бухгалтер предприятия заносит систематически после совершения каждой хозяйственной операции. Достаточно только выбрать необходимый период, например, месяц, квартал, год.

Бухгалтерский баланс является одним из основных финансовых отчетов отражающих финансовое состояние предприятия и он также отражается в программе автоматически. В том случае если неправильно занесены первичные данные бухгалтерский баланс автоматически сформируется, но он будет неправильным. В этом случае в программе необходимо занести данные или сделать исправления и снова открыть отчет, тогда отчет будет правильным.

В настоящее время существует множество бухгалтерских компьютерных программ и каждое предприятие использует ту программу которая подходит для его деятельности. Например, в бюджетных организациях применяю в основном программу «Алтын» в котором предусмотрены особенности ведения учета и финансовой отчетности в бюджетных организациях.

Определение путей развития предприятия, строит и показывает основу развития предприятия. Таким образом, формирует финансовое состояние на будущее. В условиях кризиса на данный момент, предприятию необходимо более тщательнее изучить свои возможности, выбрать наиболее оптимальный путь развития для себе. Возможно, добавить в сою структуру, иные услуги, которые бы позволили укрепить финансовое состояние. Для этого необходимо провести анализ финансовой отчетности.

Применение компьютеров позволяет снижать трудоемкость работы бухгалтера, контролировать правильность операций, упрощает учет, расчеты и анализ бухгалтерских документов, ускоряет обработку информации, снижает расходы на оплату труда, уменьшает объем документооборота, позволяет использовать технические носители первичной информации, упрощает расчеты между предприятиями, обеспечивает оперативность и длительность хранения полученной информации.

При выборе программного обеспечения необходимо учитывать влияние ряда факторов: - отраслевых факторов; - факторов, связанных с характером производства; - факторов, связанных со смежными задачами; - факторов, связанных с методическими вариантами решения самих задач бухгалтерского учета, контроля и анализа.

От возврата денежных средств, зависит развитие предприятия, поэтому необходимо провести анализ и контроль по дебиторской задолженности определить:

1. Оборачиваемость дебиторской задолженности, количество раз.
2. Период погашения дебиторской задолженности, дни

3. Доля дебиторской задолженности в общем объеме текущих активов

4. Отношение средней величины дебиторской задолженности к выручке от реализации

Для выполнения производственно-экономической программы с целью увеличения чистой прибыли, предлагаю проделать работу:

Необходимо провести анализ дебиторской задолженности и выявить те временные периоды, когда были допущены просчеты в управлении дебиторами, и приложить усилия по возврату долга. Для поступления дебиторской задолженности необходимо предпринять в отношении должников следующие кардинальные действия:

- При продаже большого количества товаров немедленно выставять счета покупателям с тем, чтобы они получили их не позднее, чем за день до наступления срока платежа;

- При предоставлении кредита требовать залог на сумму не ниже размера дебиторской задолженности по предстоящему платежу;

- Прибегать к помощи учреждений, взыскивающих долги при наличии поручительства;

- Продать долги дебиторов банку, осуществляющему факторинговые операции, или другим организациям на основе договора цессии, если потери предприятия от невозвращенного долга существенно меньше, чем время и средства, которые необходимо потратить на его взыскание;

- Разработать гибкую систему скидок для потребителей;

- Провести реструктуризацию дебиторской задолженности.

- Прогноз отдачи долгов показывает, что следует придерживаться политики увеличения объема производства и реализации. И, в конечном счете, этот прогноз зависит от поступления денежных средств от дебиторов. Необходимо провести анализ по товарно-материальным запасам. Выявить те запасы, которые имеют короткий срок хранения, как по своим качествам, так и по стоимости. Определить по каждому товару рентабельность.

Главной целью функционирования предприятия является получение прибыли. При этом руководство предприятия имеет значительную свободу в регулировании величины финансовых результатов. Так, исходя из принятой финансовой стратегии ТОО имеет возможность увеличивать или уменьшать величину балансовой прибыли за счет выбора способа оценки имущества, порядка его списания, установления срока использования по способу отнесения затрат на себестоимость продукции.

Для улучшения своего положения с прибылью, необходимо увеличить объем товарно-посреднических операций и повысить рентабельность продукции.

На рентабельность продукции сильное влияние оказывает фактор сезонности производства. Следует обратить внимание на изменение политики по реализации товаров, применяя: рекламу, массовые продажи, торговые скидки на продукцию.

Для предприятия рекомендуется определить основные задачи развития, то есть к основным задачам финансового состояния предприятия можно отнести:

- общая оценка финансового состояния и факторов его изменения;

- изучение соответствия между средствами и источниками, рациональность их размещения и эффективности их использования;

- определение ликвидности и финансовой устойчивости предприятия;

- соблюдение финансовой, расчетной и кредитной дисциплины.

- повысит контроль за деятельностью предприятия, в плане обработки данных.

Анализом финансового состояния занимаются не только руководители и соответствующие службы предприятия, но и его учредители, инвесторы - с целью изучения эффективности использования ресурсов; банки - для оценки условий кредитования и определения степени риска; поставщики - для своевременного получения платежей; налоговые инспекции - для выполнения плана поступления средств в бюджет и т.д.

Учитывая перечисленное выше, необходимо более тщательнее относиться к ведению отчетности на предприятии, для этого необходимо применить современные методы ведения всех видов отчетности.

На основании данных финансовой отчетности предприятия осуществляет поиск резервов дальнейшего развития и совершенствования деятельности предприятия, совершенствования деятельности предприятия достижения стабильности фирмы на рынке. Это достигается путем анализа финансового состояния предприятия. Поэтому необходимо выполнять такие требования:

- гарантировать реальность и достоверность данных, которые обеспечиваются документальным обоснованием всех записей, проведением инвентаризации, придерживания правил оценки статей баланса, распределением прибылей и убытков за соответствующие отчетные периоды;

- обеспечивать своевременность получения данных, на основе регламентации сроков сопоставления отчетных данных для оперативного управления хозяйственной и финансовой деятельностью организаций и предприятий.

По результатам проведенного исследования и финансового анализа предлагаем следующие пути повышения экономической эффективности деятельности предприятия

1. *Увеличение выручки от реализации продукции, работ и услуг.* На сумму выручки от реализации продукции влияют различные факторы. Одним из основных путей увеличения выручки является проведение маркетинговой работы, рекламной кампании.
2. *Сокращение затрат на производство и реализацию продукции.* Затраты являются одним из основных экономических показателей оказывающих влияние на финансовые результаты предприятия. Для сокращения затрат на предприятий необходимо отслеживать цены на приобретаемые сырье и материалы; поиск поставщиков у которых можно приобретать продукцию по более низкой цене; систематически проводить контроль за расходованием и списанием материалов; сокращение коммунальных расходов за счет экономии; замена дорогостоящих материалов на более низкие цены при этом чтобы не снизилось качество и др.
3. *Применение более высоких технологий.* В настоящее время на предприятиях необходимо введение более совершенных цифровых технологии; применение различных компьютерных автоматизированных программ по ведению бухгалтерского учета и составления финансовой отчетности.

В условиях рыночных отношений деятельность предприятия и его развитие осуществляется преимущественно за счет самофинансирования, то есть собственного капитала. Лишь при недостаточности собственных финансовых ресурсов привлекаются заемные средства. В этих условиях особое значение приобретает финансовая независимость от внешних заемных источников, хотя обойтись без них практически невозможно. Поэтому необходимо разграничить источники формирования текущих активов финансовой отчетности. Минимальная часть их формируется за счет собственного капитала для обеспечения производственной программы (норматив). Возникающая в отдельные периоды дополнительная потребность в текущих активах сверх минимальной потребности покрывается краткосрочными кредитами банка и коммерческим кредитом, то есть за счет заемных средств.

Необходимо повысить внутренний контроль, в ходе планирования обязательно следует изучить общее отношение, осведомленность и практические действия руководства предприятия по отношению к системе внутреннего контроля. Поскольку благоприятная среда внутреннего контроля является предпосылкой для работоспособной системы внутреннего контроля, оценка контрольной среды в серьезной степени влияет на выбор стратегии. Эффективный внутренний контроль снижает риск. Таким образом,

эффективный внутренний контроль позволяет снизить затраты при производстве и реализации продукции на предприятии. Контроль позволяет снизить риск.

ЛИТЕРАТУРА:

1. Кеулимжаев К.К. Бухгалтерский учет. Учебное пособие. – Алматы: Экономика, 2019.-125с.
2. Сабитова, Г. М. Финансовое состояние предприятия как важнейшая характеристика его деятельности / Г.М. Сабитова // Молодой ученый. — 2019. — №18. — С. 281-284.
3. Файзуллина, А. А. Исследование подходов комплексной оценки финансово-хозяйственной деятельности предприятия / А.А. Файзуллина // Молодой ученый. — 2018. — №19. — С. 537-540.
4. Чернова, В.Э. Анализ хозяйственной деятельности фирмы/ В.Э. Чернова, Т.В. Шмелевич. – СПб.: СПбГТУРП, 2019. – 95 с.
5. Сигидов Ю.И. Бухгалтерская (финансовая) отчетность: Учеб. пос. / Ю.И. Сигидов, А.И. Трубилин, Е.А.Оксанич и др.; Под ред. Ю.И.Сигидова и А.И.Трубилина - М.: НИЦ Инфра-М, 2017. - 129 с.
6. Эллиот, Б. Финансовый учет и отчетность. Учебник для вузов [Текст] = Financial Accounting and reporting / Б. Эллиот, Дж. Эллиот.- New York: Pearson, 2018.-С. 877-880с.

ӘОЖ 9(571) 333.16

<https://doi.org/10.53355/s2855-7718-5382-b>

«ҚЫЗЫЛ ТЕРРОРДЫҢ» ҚҰРБАНЫ БОЛҒАН ОТЫНШЫ ӘЛЖАНОВ ӨМІРІНІҢ БЕЙМӘЛІМ ТҰСТАРЫ

Сантаева К. Т., т.ғ.к., әлеуметтік-гуманитарлық бағыт бойынша білім беру
бағдарламасының қауымдастырылған профессоры (доцент) м.а.

Нусипова Т. Қ., 2 курс магистрі

І.Жансүгіров атындағы Жетісу Университеті КЕ АҚ, Талдықорған қаласы

E-mail: Samgat_aneka@mail.ru

Мақалада 1917 жылғы Қазан төңкерісінен кейін билікті қолға алған большевиктер саясатының құрбанына ұшыраған Отыншы Әлжановтың өмірінің кейбір тұстарына тоқталған. Алаш қозғалысының көрнекті өкілі, Алашорда үкіметінің мүшесі, Жетісудағы Алаш қозғалысының басшыларының бірі, ағартушы-публицист, халық мұғалімі Отыншы Әлжановтың қазақ тарихындағы орны жан-жақты қарастырылады.

Тірек сөздер: алаш, тарих, қызыл террор, большевик, қазақ зиялылары.

В статье рассматриваются некоторые моменты жизни Отыншы Альжанова, ставшего жертвой политики большевиков, захвативших власть после Октябрьской революции 1917 года. Подробно рассматривается место выдающегося представителя движения Алаш, члена правительства Алашорды, одного из руководителей движения Алаш в Жетісу, просветителя-публициста, народного учителя тридцатого Альжанова в казахской истории.

Ключевые слова: алаш, история, красный террор, большевик, казахская интеллигенция.

The article examines some moments of the life of Oтынshy Alzhanov, who became a victim of the policy of the Bolsheviks who seized power after the October Revolution of 1917. The place of an outstanding representative of the Alash movement, a member of the Alash Horde government, one of the leaders of the Alash movement in Zhetysu, an educator-publicist, a folk teacher of the thirtieth Alzhanov in Kazakh history is considered in detail.

Keywords: Alash, history, red terror, Bolshevik, Kazakh intelligentsia.

Біздің мақалада қарастырылатын мәселе, 1917 жылғы Қазан төңкерісінен кейін билікті қолға алған большевиктер «қызыл террорды» қолдану мәселесін күн тәртібіне қойғандығы және сол террорда құрбанға ұшыраған Отыншы Әлжанов туралы. Алаш арысы Ә.Бөкейхановтың сөзімен айтар болсақ «Найзаның ұшымен, айбалтаның жүзімен» орнатылған Кеңес үкіметі алғашқы күннен бастап қазақ даласына жақсылық әкелмеді. Қарумен билікті басып алған олар елде күшпен тәртіп орната бастады. Осылайша Қазақстандағы большевиктік террордың әсері төмендегі жағдайлардан көрінген болатын. 1918 жылы 6 наурызда Қазы Нұрмұхамедұлы, Нұғман Сарыбөпеұлы, тамызда Отыншы Әлжанов өлтірілді. Бұл туралы азалы мақалалар «Қазақ» газетінде жарияланды [1]. Әсіресе О.Әлжановтың қазасы бүкіл қазақ халқын күңіrentкен азалы өлім болды. Бүкіл қазақ даласы аза тұтты. Қазақ тілінде шығып тұрған барлық газет-журналдар арнайы қазанамалар арнады. Ал, Б.Мәметов пен Ы.Жайнақов «Абай» журналында: «...Алаш баласына Отыншының шығыны батады. Орны ойсырайды. Жетісудағы ағайындарға басшысынан, көсемінен айрылғаны жан ауырарлық іс болды. Тағдырға шара бар ма?» деп басқарма атынан азалы сөз жазды [2]. Алаштың асылы, Міржақып Дулатов «Жас азаматта» (1918 жылдың 25 тамызы) Отыншы Әлжановтың азаматтық өр тұлғасы, бітім болмысы туралы былай деді: «...Өткен июль айында мен Отыншының елінде болдым. Сол кезде Отыншы марқұмнан хат келді. Хатында жазған екен: «Мұндағы жұрттың басына қиямет-қайым туды, қатын, бала-шағамды алып кетіңдер, бұл ел қан жылап, қырғынға ұшырап жатқанда мен жан сақтап, бұларды тастап кете алмаймын, өлсем де, тірілсем де бірге көремін» деп. Бірге көрді, ұлты үшін өлімнен қорыққан жоқ. Есіл ер Алаш жолында ғазиз жанын құрбан қылды. Топырағын торқа, жаның жәнатта болсын, аяулы Отыншы! Ұлтың үшін қан жыладың, қамын жедің, қызықты ғұмырың абақтыда, айдауда өтті, сонда да тауың шағылмады. Қамалға шаптың, қанға боялды, қаза таптың, бірақ арманда кеттің. Алаштың көргенін көре алмадым деме, сендей ұл туған ел ешкімнен кем болмас. Хош, бауырым!» [3]. Жүсіпбек Аймауытов пен Қошке Кемеңгеров сияқты қайраткер, қаламгерлер де О.Әлжановтың қоғамдық-әлеуметтік қызметін жоғары бағалап, арнайы мақалалар жазды.

Сондай-ақ Алаш зиялылары Шәуешектен қайтып кеткен соң Отыншы Әлжанов Үріжар төңірегінен Алаш жасағын құрды. Сойыл-шоқпар, қылыш-найза, әр түрлі мылтықпен қаруланған жүз шақты аламан осы елге кәдімгідей қалқан болды. «Қызыл қырандар» Үріжарға үкім жүргізгенде, оларға Отыншы ғана қарсы тұра алды. Амал не, қару-жарағы кемшін, шағын қол көп күшке төтеп бере алмады.

Отыншы «Қызыл қырандардың» қолынан мынандай жағдайда опат болады. Ол Лепсіден Семейге шақырылады. Семейден Шәуешекке баруға тапсырма алып, 30-дай сарбазымен Тарбағатайдың Келдімұрат асуынан күндіз асып келе жатқанда «Қызыл қырандардың» тосқауылына тап болады. Сарбаздарына сенген бе, асығыс па, жасырынбай жүрген. Олардың тастай бекініс шебін бұзып өтеді. «Қырандар» да ізіне өкшелей түсіп қалмайды. Атыса-атыса жазықтықтағы Мұқаншыны бетке алады. Бұлар үш топқа бөлініп алып, 40–50 км бойы атысып қашқан. Ұрымтал жерде қуғыншыларға қайтарма соққы да берген. Балатөбе мен Жайтөбе арасында «Қызыл қырандардың» көрнекті қолбасшыларының бірі оққа ұшады. Отыншы сарбаздардың да қатары сирейді. Алаш зиялыларының «Алашорда» үкіметі құрылысымен 1918 жылы көктемде Шәуешек қаласына сапар жасағаны белгілі. Бұл сапар жөнінде 1990 жылдары баспа беттерінде хабарланды. Бір топ адаммен А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Р.Мәрсеков және Әсет Найманбаевтың бірге түскен суреті жарияланды. Әсет сол сапарда ұлт көсемдері Ахмет, Міржақыптармен біраз күн бірге болды. Оларды да ой мендетіп, ұйқы қашып, шарасыздық шаршатып жүрген кезі екен. Отырыс-мәслихаттарда ән салып, көңілдерін көтерді. Ахмет пен Міржақып Әсет Найманбайұлын төбесіне көтеріп, қашан қайтқанша қастарынан қалдырмайды. 1918 жылы көктемде А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Р. Мәрсеков бастаған тоғыз адам Шығысқа бет алады. Олардың осы өлкеге келуіне Отыншы Әлжанов мұрындық болады. Ол Алаш зиялыларын Шәуешекке дейін ертіп апарып, ақырында оларды Аягөзге дейін ұзатып салады. Алаш көшбасшылары

Шәуешекке не үшін барды? Жедел баруға қандай қажеттілік болды? Не тындырып қайтты? Бұл сапардың мақсаты мен мәнісі — әлі сені бұзылмаған дүние. Р.Нүсіпов «Алаш зиялыларының беймәлім сапары» атты қызықты мақаласында [4] бұл мәселелер туралы мынадай әңгіме өрбіткен: «Ахандар (Ахмет Байтұрсынов) тобының Шәуешекке сапарының басты саласы — «Жетісу майданында» қызылдарға қарсы соғысып жатқан 700 Алаш жасағының мұң-мұқтажы еді. Бұл жасақтардың саны 1500-ге дейін жетеді. Жетісуда соғысып жатқан Алаш полкінің жігіттері Лепсі уезіне қарасты Тарбағатайдың күнгей беткейін мекендеген елдің балалары еді». М.Дулатов «Жас азамат» басылымында: «Өткен январь айында Орынбор съезінің қаулысын қалай орындау жайын кеңесу үшін Алматыда Жетісу облысының съезі болды. Отыншы марқұм сол съезге келген еді. Съезд тарағаннан кейін Отыншының іждаһатымен Түркістан комитетінің бастығы Шкапский арқылы Жетісуда Алаш милициясын құруға қазынадан бес жүз мың сом ақша алып, большевиктен аулақ тұрған Лепсі казначействосына жіберілді. Большевиктер күшейіп, Лепсідегі қазаққа тиген бес жүз мыңды алып қойды, жұртқа ойран сала бастады...», — дейді. Бұл өңірде Алаш көсемдері айдан астам уақыт болады. Олар Жетісудағы Ақтармен тізе қосып соғысып жатқан Алаш полкін азық-түлік, ішіп-жеммен қамтамасыз ету үшін Шәуешектегі қазақ және Шанышевтер бастаған 18 татар байынан көмек сұрайды. Патша үкіметі құлағаннан кейін, соның жұрнағы болып Шәуешекте 18 татар байы қалыпты (оларды Қасымхан Шанышев басқарған). Осы татар байлары қызылдарға қарсы күрескен күштерден көмегін аямаған екен. Патша үкіметінің Шығыстағы қаржысы 18 татар байларының қоржынында болады. Олар Алаш полкіне қаржылық көмек береді. Ахандар тобы қайтарында Зайсанға соғып, ондағы дайындықтағы Алаш полкінде біраз аялдайды. Ә.Бөкейханов Ахаң бастаған топты Қалбатауда тосып алады. Істің мән-жайын ұғысқаннан кейін, кешкілікте төбенің басында Әлихан, Ахмет, Міржақып, Райымжан — төртеуі бір-бір жолдан жалғастырып бір шумак өлең құрастырады. Кешкісін атысушылар Мұқаншыға кіреді. Жанындағы серіктерін құтқарып, алға жібереді де, Шахмарданов деген подполковник екеуі шіркеуге кіріп, мұнарасынан пулеметтен оқ жаудырып, қуғыншының назарын өздеріне аударады. «Қызыл қырандар» түні бойы атысып, шіркеудің маңына жолай алмайды.

Сондай-ақ, «Алашорда» үкіметінің негізін қалаушылардың бірі, белсенді көшбасшы Отыншы Әлжановтың өмір дерегінде: «1917 жылғы ақпаннан Жетісу облысындағы Алаш қозғалысы жетекшісінің бірі болды. Ол Екінші жалпы қазақ съезінде (Орынбор, 1917 жылдың 5–13 желтоқсаны) Жетісуда құрылған Алаш әскерлерінің қолбасшысы болып, большевиктерге қарсы соғысты ...» [5], - делінген.

Ал 1917–1918 жылдары Тарбағатайдың «Қызыл қырандарының» қатыгездігі шектен шығып, тау етегіндегі халыққа зардабы тиіп, қия басқанның көзін жойып, қан қақсатып тұрған. Сондықтан да Тарбағатайдың күнгей беттерінде Алаш жасақтарының бір легі 1918 жылдың басынан құрыла бастайды. Енді алаш сарбаздары атпен сапқа тұрғанда аттың түсіне қарай тұрған (көк аттылар бір қатарға, жирен аттылар бір қатарға). Ал жерде жаяу тұрғанда роталар ру бойынша сапқа тізілген. «Байжігіт» ротасы, «Сыбан» ротасы, «Болатшы» ротасы т.с.с. Алаш полкінде 3 дөңгелекті, атпен сүйретіп жүретін 14 зеңбірек болған. Оларға офицерлер басшылық жасаған. Көшпелі ас-ауқат болған, қазандар дөңгелекті рамаларға орнатылып, атпен тартылып жүреді екен. Жол үстінде ас әзірлене берген. Бағындырған ауылдардың үйлерінде күзет қойып, әр шаңырақта бірнеше сарбаздан тұра береді екен. Алаш полкі соғысты әрдайым сәтті жүргізген. Әсіресе О.Әлжановтың басшылығы тұсында ірі жеңістерге жетіп отырған [6]. Өйткені Жетісу майданында әскери дайындық сауатты жүргізілген. Атпен шауып келе жатып екі жақтағы қарға шаншылып қойылған шыбықтарды қылышпен шапқанда шыбықтар тіп-тік түсуі керек екен. Гранатаның үстіндегі пестонын таспен ұрып, «быж» ете түскенде лақтыру, мылтықты дәл ату, окоп қазу, қорғану тәсілдері — бәрі жаттықтырылады. «Алаш» гимні де үйретіледі. Отыншы бірде Лепсіден Көктұмаға (Бақтыға) келіп, сарбаздардың дайындығын көріп, олардың алдында сөз сөйлейді. Оның мына бір қанатты сөзі сарбаздардың жадында мәңгі

сақталып қалған: «...Көз алдыға елестетіндер! Ресей үкіметі бұрын ақбоз ат сияқты болатын. Сол ақбоз аттан аттың қасқасындай ғана Ақ үкіметі қалды. Қасқа бара-бара төбелге айналады да, жирен ат болады... Ол үкіметтен жеті ата-бабаңның ұрпағына иненің жасуындай жақсылық келмейді. Тек Құдай қайдасың деп аспанға, көкке шыққанда әлемді шарпып, өз-өзінен құлайды». Жалпы О. Әлжанов сипаттар болсақ, ұзын бойлы, арық, қара кісі болған. Ол құралайды көзге атқан қас мерген екен. Жаттығу алаңында нағанмен де, мылтықпен де көкке лақтырған тиындарды атып ұшырады екен.

Алаш қозғалысының көрнекті өкілі, Алашорда үкіметінің мүшесі, Жетісудағы Алаш қозғалысының басшыларының бірі, ағартушы-публицист, халық мұғалімі Отыншы Әлжанов 1873 жылы 12 тамызда бұрынғы Семей облысы, Зайсан уезі, Нарын болысының 16 ауылында ауқатты отбасында туған. Отыншының әкесі Әлжан - әйгілі аға сұлтан Құнанбайдың Найман еліне ұзатылған туған қарындасы Тайбаланың бауырына салып алған баласының бірі. Үлкені - Бақтыбайды (Ізғұтты) Құнанбай жиені ретінде өз қолына алып тәрбиелеп өсірсе, Әлжан Тайбала бәйбішенің тәрбиесінде өседі. Әлжан жалғыз ұлы Отыншыны орысша оқытуға ынталы болып, тоғыз жасар кезінде, 1882 жылы 12 қыркүйекте Зайсан қаласындағы ер балаларға арналған бастауыш орыс-қазақ училищесіне берген. Жас шәкірт аталған училищені 1887 жылы үздік бітіреді. Ұлына орта білім беру ниетімен Әлжан Отыншыны сол жылы Омбы қалалық училищесіне оқуға береді [7].

Сондай-ақ жас дарын осы училищені 1890 жылы ойдағыдай тәмамдап, Омбы мұғалімдер семинариясында оқыған. Сол кезде Омбы қаласында шығып тұрған «Киргизская степная газета» мен «Дала уәлаятының газеті» атты басылымдарда қазақ халқының тұрмыс-тіршілігіне қатысты мақалалар жазып тұрған. Сонымен бірге қазақ даласында мектептер ашып, онда қазақ не қазақ тілін білетін мұғалімдердің сабақ беруін, оқу-ағарту саласының басқа да толғақты мәселелерінен сөз қозғап, баспасөз бетіне көтеруі оның белгілі орыс шығыстанушысы және Патша әкімшілігінің ірі шенеунігі, Семей және Ақмола облыстарының Халық училищелерінің директоры А.Е.Алекторовтың көзіне түсіп, қолдауына ие болған. 1905 жылы 10 мамыр – 3 маусым аралығында Санкт-Петербург қаласында «Шығыс бұратаналарын» оқыту мәселелеріне арналған Ерекше мәжіліске Дала уәлаятындағы қазақ мұғалімдерінің атынан барып, сөз сөйлейді. Мәжіліске II Николай патша мен халық Ағарту министрі Глазов қатысқан. 1907 жылы қыркүйек-қазан айларында Санкт-Петербурда Халық ағарту министрлігі ұйымдастырған жиналыста да Әлжанов бұратана халықтардың оқу-ағарту мәселелері жөніндегі 1906 жылы 31 наурыздағы «Ережеге» қатысты пікірін, сын ескертепелерін баяндап шығады [8]. Осы мәжілістен оралған соң белгілі орыс шығыстанушысы, Семей және Ақмола облыстарындағы Халық училищелерінің директоры А.Е.Алекторовтың жәрдемімен 1907 жылы Көкпекті 2 кластық орыс-қазақ училищесінің меңгерушісі болып тағайындалады. Өскемен, Зайсан уездеріндегі қазақ мектептеріне басшылық жасау міндетін қоса атқарады. Мектеп ісін жолға қоюда көптеген шаралар ұйымдастырып, мектеп ашуға ел байларын жұмылдырады. Көкпектіде ол тек ұстаздықпен айналыспай, істі болған, зәбір-жапа шеккен қазақтардың мұң-мұқтажын жоқтап, оларға нақты көмек қол ұшын берді. Дала өлкесіндегі миссионерлік бағыттағы оқу жүйесінің зардапты әрекеттерін әшкереледі. Осы жылдары ол Қошке Кеменгеровтың апасы Нұржамилаға үйленді [9].

Атап айтқанда, О.Әлжанов Көкпектіде тұрып жатқан қазақтардың жер мен судың түпкілікті иесі бола отырып, оны пайдалануда орыс келімсектері мен саудаға құныққан татар көпестеріне есесі кетіп, теңдік ала алмай отырғанын көріп-білді.

Қазақ жерінен қала үлесіне, әскери жасақтар үлесіне, қазына үлесіне, орман шаруашылығы үлесіне деп кесіп алынған жерлерге қазақ бұқарасының аяқты малы түсіп кетсе иесіне айып салынып, абақтыға жабылып, істі болып жатса, ал тасты, шөлді, қуаң жайылымына жүздеп, мыңдап ала жаздай малын жайған, қазақ жерінің өрісін тарылтып, құтын қашырған орыс алпауыттары мен татар саудагерлеріне ешқандай заң қолданылмады. Осындай шектен шыққан қиянатты көре, біле тұрып Отыншы қол қусырып отыра алмады:

заңға жүгініп әділет сұрап, өтініш-арыздар жазды. Отыншының ақ сөзін арсыздықпен теріс жорыған Патша әкімдері оның өзіне пәле жапты. Оның әділеттілік сұрап, заңға жүгінуін қазақ халқын Патша үкіметіне қарсы үгіттеп, қазақ жеріне орыс келімсектерін қоныстандыру саясатына қарсылық көрсету деп білді [10].

Яғни, Жергілікті шенеуніктерден жапа шеккен қазақтардың мұң-мұқтажын жоқтап, оларға нақты көмек берген О.Әлжановтың әрекетінен қауіптенген Патша әкімшілігі орыс келімсектері мен татар саудагерінің атынан жалалы арыз ұйымдастырады. Асыл азамат 1909 жылы Дала генерал- губернаторының жарлығымен тұтқындалып, 6 қыркүйекте Жетісу облысының Лепсі уезіне жер аударылады.

Қорыта келгенде, өшіккен қызылдар Отыншыны тірідей қолға түсіре алмасын біліп, оны ағаштан өрілген «Құдай үйімен» бірге өртеп жіберуге шешім қабылдайды. Олар таңға жақын шіркеу маңындағы шөп- шаламға от қойып, ол от желмен қарағай шіркеуге тиеді. Осылайша екі боздақ лаулаған отқа оранып, шейіт болады. Ел ішіне Отыншының қазасы төбеден жай түскендей әсер етеді. Өкінішке орай, қысылтаяң кезде туған халқына қорған бола білген, жанын қиған Отыншы Әлжанов тоталитарлық Кеңес үкіметі тарапынан ұзақ жылдар бойы датталып, қараланып келді. Сондықтан да туған халқының бостандығы мен тәуелсіздігі жолындағы қанды майдан соғыста құрбан болған, елінің оқу-ағарту ісіне айтарлықтай із қалдырған, туған халқының әдебиеті, мәдениетіне елеулі үлес қосқан Отыншы Әлжанов есімін ел есіне, ұрпақтар жадында қалдыру бүгінгілердің атқарар борышты істері болса керек.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Мұсағалиева А. Қазақстандағы «қызыл террор»: деректер мен хабарламалар // Қазақ тарихы, 2012, № 3. –25б.
2. Нүсіпов Р. Туған жердегі ақ пен қызыл күрес Отыншы Әлжанов //Қазақ тарихы, 2010, № 2. – 60б.
3. Нүсіпов Р. Алаш қозғалысы жетекшілерінің белгісіз саяхаты //Қазақ тарихы, 2009, № 2. –38б.
4. Нүсіпов Р.Отыншы ерекше тұлға ретінде //Қазақ тарихы,2009, № 5. –79б.
5. Нүсіпов Р. Алаш полкінің тағдыры // Қазақ тарихы, 2010, № 6. –12б.
6. «Қазақ» газеті. /Бас редактор Ә.Нысанбаев.–Алматы:«Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998. – 560 б.
7. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. /Бас редактор А.Нысанбаев, Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» бас редакциясы, 1998. – 48б.
8. Қызыл террор / Қ.Касенов, А.Төреханов, Алматы: Қазақстан, 1994. –80б.
9. Журтбай Тұрсын. Боль моя, гордость моя – Алаш!: –Астана: 2016.-1104стр.
10. М.Қойгелдиев. «Алаш қозғалысы» – Алматы. 2008. – 480 б.

ӘОЖ 811.512.122 (075)

<https://doi.org/10.53355/g6497-7981-6883-q>

«СҰРАНШЫ БАТЫР» ДАСТАНЫ: ОНОМАСТИКАЛЫҚ РЕАЛИЙ СӨЗДЕР, ТҮРЛЕРІ МЕН ҚЫЗМЕТІ

Сарбасова Қ. Б., ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор

І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қаласы

E-mail: bazarbekovna54@mail.ru

Мақалада жыр алыбы Жамбылдың «Сұраншы батыр»дастанында қолданылған ономастикалық реалий сөздер мен түрлері анықталып, стильдік қызметіне талдаулар жасалады. Ономастикалық реалий сөздердің этимологиясы мен географиялық сипаты көрсетіледі.

Тірек сөздер: Ономастикалық реалий сөздер, стильдік қызмет, географиялық сипат.

В статье определены виды и проанализированы стилевые функции ономастических слов-реалиев, использованных в поэме знаменитого поэта-эпика Жамбыла «Сураншы батыр». Автор раскрывает этимологию и географические черты ономастических реалий.

Ключевые слова: ономастические слова-реалии, стилевая функция, географическая черта.

The article defines the types and analyzes the style functions of onomastic words-realia used in the poem of the famous epic Zhambyl "Suranshy Batyr". The author reveals the etymology and geographical features of onomastic realities.

Key words: onomastic words-realities, style function, geographical feature.

Жыр сүлейі Сүйінбай мен жыр алыбы Жамбыл жырлаған Сұраншы кім? Ғалым М.Жолдасбеков: «Сұраншы (1817-1864) ержүрек, қайтпайтын қайсар, зор денелі, даусы жуан, сөзге шешен, ұзын бойлы, сол жақ бетінде шешектен қалған дағы бар, қара шұбар кісі екен. Орыс армиясымен келісіп, Сұраншы мен Сарыбай би бес мың қол жинап, Ұзынағаш түбінде Қанатшаның самсаған қалың қолын талқандап, өз жерін Қоқан қыспағынан азат етеді. Бұл соғыста Сүйінбай Сұраншының сарбаздарына жалынды жырымен дем берген, жауынгер үгітшісі, ұраншысы болған... Сұраншы Қоқан хандығынан Әулиеатаны азат етіп, ұлы жүз батырларының Қоқанға қарсы соғысында Сайрамда 1864 жылдың июлінде ерлікпен қаза тапқан» деген мәлімет береді [1,149 б]. Сүйінбай ақын- Сұраншы батырды көзімен көріп, ерлігіне куә болған жырау. Ал Жамбыл Сұраншы батыр қазасына Жетісу жұрты күңіреніп көңіл айтқанда, жырмен жоқтау айтып, батырдың ерлігін алғаш дәріптеген боз бала еді. Кейіннен қарт Сүйінбай мен жас Жамбыл ел мен жер қорғаны, қалың қол басшысы болған Сұраншы батыр ерлігін паш ететін жырлар шығарған.

Жамбыл Сұраншы батырды жас кезінен бастап, жырға қосып, оған жырдан ескерткіш орнатқанын

«Ескіден есте қалғаннан,

Жасымда айтқан жырлардан

Ескерткіш еді батырға,» - деген жолдардан байқауға болады.

«Сұраншы батыр» дастанында этностық дәстүрдің белгілерімен қатар, кейіпкерлердің психологиялық жай-күйін көрсетуде, эпостық шығармаларда табиғат көріністерін сипаттауда өзгешелік байқалады.

Жамбылдың «Сұраншы батыр» дастанында бейнелеу құралдары молынан кездеседі, ол өз алдына бір зерделеу тақырыбы болса керек-ті. Біз осы жер-су атаулары – ономастикалық бірліктерді және оның ішінде ономастикалық реалий сөздер жайлы сөз қозғамақпыз. Қазіргі таңда реалий сөздер екі бағытта қарастырылып жүр: аудармашылық бағытта және елтанушылық бағытта.

Аудармашылық бағытта «Реалийлер – басқа халыққа жат, бір халыққа ғана, оның өміріне (тұрмысы, мәдениеті, әлеуметтік және тарихи дамуына) ғана тән сөздер (немесе сөз тіркестері); ұлттық және тарихи колориттің иеленушісі болғандықтан, олардың басқа тілдерде дәл атаулары (эквиваленттері) кездеспейді, олай болса, жалпы негізде аударылмайтындығы, ерекше тәсіл талап ететіні түсінікті» деген пікірлерін, біздің ойымызша, басшылыққа алуға болады [2,6 б]. Аударма тіліндегі реалиялар – нақты бір мәдениеттің типтік құбылыс, жағдаяттарын білдіретін сөздер. Бұл сөздердің басқа тілде баламасы болмағандықтан, оны жеткізу, сөз бен сөз тіркестерін табу – аудармашының күзіреттілігіне қалатын жауапты мәселе болмақ. Сонымен, реалиялар шеттілдік мәтінді түсінуге қажетті фондық білімнің компоненті болып табылады.

Елтанушылық бағытта «Бұл ел өмірінің қоғамдық және мәдени оқиғалары, қоғамдық ұйымдары мен мекемелері, салт-дәстүрлері, тұрмыстық заттары, тарихи тұлғаларының есімдері, сондай-ақ, жүйелеуге көнбейтін көптеген жекеленген фактілер» [3,98 б].

«Реалий - белгілі бір ұлттың рухани және материалды мәдениетіне, тарихына, дәстүріне, өміріне қатысты түсініктер» [4,48 б]. Тіл-тілде екінші тіл өкіліне түсініксіз, оның тілінде жоқ әрі аударуға келмейтін сөздер бар. Олар - ана тілі болып саналатын тіл иесіне ғана түсінікті тілдік бірліктер және бұл сөздер тобы ұлттың рухани және материалдық мәдениетін бойында сақтаған сөздер болып табылады. Ғылымдағы атаулары әртүрлі болғанымен, терминдердің (баламасыз лексика, экзотикалық лексика, лакун, варвариздер, этномәдени лексика, алиенизмдер, аударылмайтын «аудармалар», локализм, фондық лексика, культуремена) мән-мағынасы бір арнаға саяды. Зерттеушілер, негізінен, реалий сөз - «баламасыз лексика» терминін қолданады. Біз «реалий сөз» терминін қолдануды жөн санаймыз. Реалий терминінің латын тіліндегі мәні – «заттық», «шынайы». Реалий сөздер дегеніміз – ана тілінің ұлттық нақыш, ұлттық колоритті көрсететін, басқа халыққа түсініксіз, тарихи, рухани, материалдық, әлеуметтік негізде пайда болған сөздер деген ой түйіндейміз.

Зерттеушілер реалийлердің мағынасы мен ерекшеліктеріне қарай төрт топқа бөледі:

I. Заттық ерекшелігіне;

II. Орнының ерекшелігіне (ұлттық және тілдік сипатына қарай);

III. Уақыт ерекшеліктері бойынша (синхрондық және диахрондық аспектіде);

IV. Аудармалық тұрғыда. - [1,50 б.] Мақаланың зерттеу нысанына баланысты реалий сөздердің заттық ерекшеліктеріне қарай топтастырылған түріне тоқталып, тарқаталық. Реалий сөздер заттық ерекшеліктеріне қарай өз ішінен төмендегіше жіктеледі: **географиялық реалийлер** (топонимдер); **этнографиялық реалийлер** (тұрмыс-салт, дәстүр, наным – сенім, әдет – ғұрып, еңбек кәсібіне байланысты атаулар); **қоғамдық-саяси реалийлер** (лауазым, дәреже, партия, саяси қоғамдық қозғалыс, әскери атаулар, әкімшілік-аумақтық атаулар). Географиялық реалийлерді біз ономастикалық реалийлер деп атап, оған топонимдерден басқа антропонимдерді де қосып қарастырған жөн деп есептейміз. Себебі жер-су атаулары мен адам есімдері ұлттық меншік, өзгеріске түсе бермейтін, аударуға келмейтін, мағынасы қосымша түсініктеме арқылы берілетін, өздеріне тән жасалу жолдары мен шығу тарихы бар лексикалық бірліктер. Ономастикалық реалийлер өз мәртебесін жоғалтпай, бір уақытта қазақ тілінің бірнеше лексикалық категорияларына кіре алады. Реалий сөздерді басқа лексикалық бірліктердің басқа кластарынан ажыратудың негізгі өлшемі оның ұлттық және уақытша бояуы болып табылады. Олар морфологияда - жалқы есімдер, ономастикада - топонимдер. Ал географияда географиялық атаулар аталады. Реалий сөздердің ұлттық және тарихи бояуы көркем шығармада анық байқалады.

Жамбыл Жабаевтың «Сұраншы батыр» дастаны **ономастикалық реалийлерге бай**. Дастанда барлығы 47 жер-су атауы қолданылған. Олардың қолданылу жиілігі әртүрлі, мәселен, Алатау -12; Қордай-4; Көктөбе-3; Сарыкемер-2; Күрті-2 қалған атаулар бір-бірден қолданылған. Жалпы шығармаға статистикалық тұрғыдан талдау жасаудың маңызы зор. Жиі қолданылған сөздерді анықтап, бұл сөздердің Жамбыл дастанында жиі қолданылуының себептерін, атқаратын қызметін анықтауға мүмкіндік туады. Ономастикалық бірліктердің дені - реалий сөздер. Себебі көрсетілген ономастикалық атаулар екінші тілге аударылмайды, қазақ тілінің сөзжасам тәсілдері арқылы жасалған, қазақ халқына тән құндылықты көрсетеді. Дастанда тарихи оқиға жырланатындықтан, кейіпкерлер де, жер-су атаулары да тарихи болып келеді. Ономастикалық атаулар мақсатты түрде, тоталитарлық, отаршылдық бағытта өзгертілмесе, өзгеріске түспейтін лексикалық бірлік болып есептеледі. Оған төмендегі шумақтағы ономастикалық реалий сөздер дәлел. Олардың ешқайсысы аударылмайды. Ономастикалық реалийлердің біразы дастанның мына шумақтарында көрініс тапқан:

«Алатаудың аты көп,
Созыла жатқан қарлы жал,
Теріскейі Ұлы жүз,
Күнгеіінде қырғыз бар.
Толып жатқан шоқысы,
Шоқысының аты бар:
Қозбас, Қордай жаясы,
Сонан өрлеп тартылар,-
Суықтөбе, Дегерез,
Ұзынағаш, Көктөбе,
Қарғалының биігі,
Шұбар аттың өрі бар,
Қасқаасау мен Үшқоңыр,
Қызыл күндей елі бар.
Қарағайлы, Құттыбас,
Талғардай биік шоқы бар.
Есік,Түрген,Ақшелек,
Қарқара бар,Асы бар.
Шыңдардың шыңы Хантәңір
Таудың биік басы бар.
Жетісудың желіні

Деген тауы осылар»,-деп, Алатаудың құрамдас бөліктері туралы керемет ақпарат беріледі. Ары қарай ұшары мұз, етегі көкорай шалғын Алатау талай оқиғаның куәгері ретінде таныстырылады. «Алатау» атауы бірде нақты тау атауы, бірде бүкіл бір аймақ атауы, бірде бағытты білдіру үшін қолданылғанын байқауға болады. Соңғы сөзіміздің дәлелі:

«Елі үшін туған ер болса,
Елін бүгін қорғасын
Осыны айтып Сұраншы
Ағын судай тасынып,
Ашулы көзі жалтылдап,
Жайнаған шоқтай шашылып.
Күн де кірді ұяға

Алатаудан асылып». Бұл- Сұраншы батырдың кезекті жорыққа шығар алдындағы сөзі. Дастанда баяндалатын оқиға Алатау өңірінде өтеді. Күн Алатаудан асып көтерілуі де, батуы да заңды.Күн Алатаудан асып батса, көрініс орнын шамалауға болады, яғни батырдың Алатаудың батысында орналасқан Қызылқия деген ауылында айтылған сөз болуы мүмкін...

Дастанда ең жиі қолданылған ономастикалық атау - Алатау, тау атауы. Ономастикалық реалий сөздің шығармадағы қызыметтері- біріншіден, мәтінтүзушілік: дастанда оннан аса қолданылуы.

Екіншіден, атауыштық: атауыштық қызметі нақты бір тау атын білдіруі және атау бірде тау, бірде өлке атауы түрінде беріліп отырады.

Үшіншіден, ақпараттық:

«Жолдасына қосылып
Сұраншы қайтты тауына.
Ақырғы болды соғысы
Хан, манаптай жауына.
Қырымнан шалған қырандай
Келген батыр бабына,
Ақыры келіп о да өлді,

Алатауда көмілді». Орман ханнан намысына тиердей хат алған Сұраншы бейбіт жатқан елінің қамы үшін, Орман ханға жалғыз аттанып, жекпе-жекке шыққан еді.

Арамза хан жеңіле бастаған шақта, нөкерлер ханды құтқармақ болып, Сұраншы батырды қоршап атой салады, батыр әбден титықтап шаршайды, аты Ақтұяқ та болдырады. Осы сәтте артынан көмекке қырық жігіт нөкері келіп жетеді... Осы соғыста алған жарақаттан Орман хан өз ордасында өледі, Сұраншы батыр Алатауында жерленеді. Сұраншы батырдың Алатау бөктерінде, өзі қызғыштай қорыған жеріне жерленгенінен ақпарат алдық.

Төртіншіден, адрестік:

«Қара құрым көп Дулат

Алатау мен Арыстың

Арасында қонысы», - жолдарында шапқыншылыққа ұшыраған Дулат елінің атақонысы жайлы, адрестік мәлімет берілген.

Ендігі кезекте жоғарыда берілген бірнеше ономастикалық реалий сөздердің этимологиясына назар аударалық. Олар да Алатау реалий сөзі сияқты дастанда бірнеше қызмет атқарады.

«Алатау (Алатау) - тау. Басы Хантәңірі тауынан басталып, аяғы Шымкентке дейін созылып жатқан асқар биік, заңғар тау. Түркілер ежелгі заманнан-ақ биік шыңды, басында мәңгілік мұздар мен аппақ қар жататын тауларды Алатау деп атағаны - Кузбас Алатауы, Жоңғар Алатауы, Іле Алатауы, Қырғыз Алатауы, Тяньшань Алатауы атауларынан белгілі. Осы атаулардағы ала сөзінің төркін, қазіргі қазақ тіліндегі «ақ пен көктің аралас келген түсіне (орысша пестрый) қатысты емес, ұлу немесе одан да көнелеу оло тұлғасында айтатындай» (Қойшыбаев, 1985, 42). Бұған қарағанда, Алатау – «ұлы, аса зор, биік тау деген мағынаға ие екені байқалады» [5,55 б].

«...дегер, дегүүр, дигири сөздерінің түбірі дег (дэг) деп білеміз. Оған Текес, Қастек атауларындағы тек сөзі сәйкес келеді. Ал парсы тіліндегі тиг, тег – «тау шыңы», «таудың ұшар басы», тәжік тіліндегі тег, тега – «тау жалы», «тау басы» сөздері де мағыналық әрі тұлғалық жағынан тым жақын. Атаудың екінші сыңарынлағы ес сөзі- түрік, монғол тілдерінде ертеде «су», «өзен» деген сөздер орнына қолданылған көне сөз. Бұл айтылған дәлелдер Дегерес өзенінің географиялық көрінісін дәл көрсетеді. Ал тау аты Дегерес осы өзен атынан аталған» [5,79 б].

«Қордай – асу. Іле Алатауының батыс сілемі. Жетіжал таулары мен Кіндіктас таулары аралығында, Қордай ауданы аумағында орналасқан. Абс. биіктігі 1233 м. Түркі тілдеріндегі екі құрамдастан құратын атау; «тау» мағынасындағы дай (дей, дой, тау, тей, тоу, ту, т.б.) формасынан тұтасқан атау. «Құрдың тау» мағынасын береді (Е.Қойшыбаев). Ал А.Әбдірахмановтың пікірінше, атаудың этимологиясын былай сипаттауға болады: қар//қор//хөр (түркі-монғол сөзі (снег)) + тай, дай (ту. сын есім жас. көне жұрнақ) > қордай. Көне мағынасы: «қарлы» (асу)» [6,360 б].

Хантәңірі (Хан-Тенгри) ай- Тянь-Шанның орталық бөлігіндегі оқтай шаншылған, биіктігі 6995 м биік шың. Бұл ұлы тау Қазақстан Республикасы мен Қырғызстан Республикасы шекарасында [5,190 б].

Ғалымдар атаудың бірінші сыңарындағы «Хан» сөзінің байырғы заманда «тау» мағынасында айтылғанын ал, екінші құрамындағы сөз көне түркі тілінде тангр// тәңрі – «көк, аспан», «құдай» мағыналарын білдіргендігін айтады. Сонда Хантәңірі көне түркілерше - «Аспантау». Аспанмен таласқан, аспан тәңірісі деген мағынаны білдірсе керек-ті.

«Сұраншы батыр» дастанында кездесетін топонимдерді ономастикалық реалий сөздер ретінде қарастырылуының бірнеше себептері бар:

- өзгеұлт өкілдеріне таныс емес, мағынасы баламалы түсініктер арқылы қабылданады;
- ұлттық нақышты білдіретін сөздер;
- халықтың мәдени-әлеуметтік өмірі, тарихынан мәлімет беретін және тілдік құбылыс ретінде тіл ерекшеліктерін танытатын сөздер;
- баламасыз лексика тобына жатады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Жолдасбеков М. Асыл арналар. I том. Зерттеулер. Мақалалар. – Астана: Күлтегін, 2012.
2. Влахов С, Флорин С. Непереводимость в переводе. - М: Международные отношения, 2012.
3. Вайсбурд М.Л. Реалии как элемент страноведения //Русский язык за рубежом №3, 1972.
4. Бреус Е.В. Основы теории и практики перевода с русского языка на английский. -М.: Наука, 1993.
5. Жанұзақ Т. Қазақстан географиялық атаулары. - Алматы: Арыс, 2005.

УДК 821.512.122.0

<https://doi.org/10.53355/q6780-0264-4961-k>

МЫСАЛ ЖАНРЫНДАҒЫ ДИДАКТИКА МЕН ЭСТЕТИКАНЫҢ ӘДЕБИЕТТЕГІ ОРНЫ

Сарсенова Ж., 1 курс магистрі

I. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті

Мысал жанрындағы туындылар көне дәуір кезеңіндегі пайда болған шығармаларда ара тұра мифографиялық және мистикалық сюжеттер орын алатындығын аңғаруға болады. Олар мысал болса, мысал - әріден келе жатқан, эпостың шағын да өткір жанры туралы ой өрбітіледі.

Тірек сөздер: *Мысал, Рабғұзи, Сайф, Федр, Ксанф*

Жанр басни были придуманы давние времена, в которых присутствуют эпос и оно наиболее острый жанр по сравнению с другими произведениями. В аллегорических произведениях присутствуют иногда мифические и мистические сюжеты которые ярко влияют на нравственные воспитание подрастающего поколение.

Ключевые слова: *Басня, Рабгузи, Сайф, Федр, Ксанф*

Fables were invented long ago, in which there are epic and it is the most acute genre compared to other works. In allegorical works there are sometimes mythical and mystical stories that vividly affect the moral education of the younger generation.

Keywords: *Fable, Rabguzi, Sayf, Phaedrux, Xanthus*

Мысал жанрындағы дидактика мен эстетиканың әдебиеттегі орнын айтқанда тарихта екі Эзоп болғандығын айтқан жөн. Біріншісі – біздің дәуірімізге дейінгі VI ғасырда өмір сүрген ежелгі грек сықақшысы, мысал жанрының негізін салушы. Аңыз бойынша ол жас кезінде өзінің усойқы тілінен тартыпты, оның әжуасына ызаланған біреулер оны жартастан лақтырып жібереді де, аяғы сынып, өмір бойы ақсақ болып қалыпты деген дерек те бар. Бұл Эзоп өзі бас терісі келіспеген, кейіп-кеспірден жұрдай, басында билігі жоқ құл болған. Сөйте тұра ол өз заманының қияли данышпаны ретінде халықтың құрметіне бөленеді. Эзоптың атақты мысалдары ежелгі Римнің мысалшысы Федр (б.д.дейінгі I ғасыр) мен көне гректің мысалшысы Бабрийден (б.д. I-II ғасыр) бастап, бергі Лафонтен мен Крыловқа, Абай мен Байтұрсыновқа дейінгі талай мықтылардың өңдеуінен өтіп, бүгінгі күнге жетті.

Ал римдік трагик-әртіс болған екінші Эзоп Клодий (б.д.дейінгі I ғасыр) туралы мәлімет мардымсыз” [1, 11 б.] -дейді де, Эзоптың айтып кеткен мысалдары мен даналық сөздерін, афоризмдерін, қысқа әңгімелерін келтірген. Зерттеушілердің шамалауынша, Эзоптың мысалдар саны – 650 болса, ал қазақ тіліне аударылғандардың саны – 73 екен. Сол шығармаларда қазақтың әфсаналары мен афоризмдік қысқа қайырымды, дидактика

тұрғысында жазылған әңгімелерінің ішінде формасы мен жанрлық жағы ұқсас, тіпті сюжеттік желелері дәл келетін мұралар ара-тұра кездесетінін айта кеткен абзал.

Айталық, шамамен 1320 мен 1436 жылдары өмір сүрген Сайф Сарайидың “Түлстан би-т-турки” (“Түл бағы”) туындысындағы 178 - хикаяттан тұратын дидактикалық сарында жазылған шығармасында және шамамен XIII ғасырда өмір сүрген Насыретдин Рабғұзидің “Рабғұзи киссалары” деген еңбегінде мол кездеседі.

Мысалы, Эзоптың “Өгей шеше” атты мысалында: “Бірде Ксанф қасына Эзопты ертіп, дастарханға шөп-шалам алуға бақшашыға барыпты.

Ксанф өзіне керек көкөністерін таңдап алып, енді ақшасын төлейін деп тұрған кезде бақшашы оған:

- Егер сен маған мынаны түсіндірсең осы алғандарыңның бәрін тегін берер едім: мен қанша баптасам да жерге еккен жемістерімнен гөрі арам шөптер басып шығады, неге бұлай?-депті.

Ксанф бұған жауап бере алмай аңтарылып қалады. Сонда Эзоп:

- Егер екінші рет күйеуге шыққан әйелдің үйде өз балалары және күйеуінің бұрынғы әйелінен қалған балалары да болса, өзінен туған балаларына ол – ана, күйеуінің балаларына - өгей шеше болады. Сонда ол, сеніңше, кімнің баласын жақсы көріп, көбірек тамақтандыра еді? – дейді.

- Әрине, өз баласын, - деп жауап беріпті бақшашы. Міне, жер де сондай. Өзінен туған өсімдіктерге ол ана да, сенің еккендеріңе өгей шеше емес пе? – депті [2, 11 б.] сонда Эзоп.

Рабғұзи мысалындағы төмендегі хикаят сюжеті дәл Эзоптың шығармасындағы мазмұнды қайталамаса да, адамды ойлантар, тәрбиелік жағы басым, сонымен бірге шешендік өнердің үлгісі афоризм тұрғысындағы жазылған, қысқа болса да нұсқа шығарма екендігін көрсетеді.

“Хазірет Лұқпанға қожасы бидай ек деп бұйырады. Бұл кісі арпа екті. Қожасы айтты: “Мен бидай ек десем, арпа егіпсің”. Хазірет Лұқпан айтты: “Олай болса, не үшін жамандық жасап жақсылықтан үміт етесіз?”. Бұл әңгімеден кейін қожасы жаман істен тыйылды [3, 278 б.].

Сайф Сарайидың “Түлстан би-т-турки” (“Түл бағы”) туындысында: “Бір уәзірдің бір біліксіз ұлы бар еді. Оны алып ғалымның қолына береді: “Баламды тәрбиеле, тәрбие алса ақылы кірер”, - деді. Ғалым біраз тәрбиелеп көрді, оған тәрбие қонбады. Сонда ғалым айтты: “Бұл баланы әкесіне апарып салыңдар. Сәлем айтыңдар: “Балаңды қанша тәрбиелесем де, ақылды болатын емес, оның есесіне мен ақымақ болуға айналдым”- деген екен.

Тағы бір әңгімесінде: “Бір кісінің үйіне ұры кірді. Іздеп, алатын ештеңе таппады. Үйден ренжіп шықты. Үй иесінің бір кілемі бар еді, ол кілемнің үстінде жатқан. Ұрының ренжіп бара жатқанын көріп, бос кетпесін деп кілемін оған берді” [4, 278 б.] – деп, келетін қысқа әңгіме Эзопта да жоқ емес.

Мәселен, Эзоптың айтып кеткен деген тағы бір мысалында: “Бір жолы көшеде Эзопқа қала әкімі жолығып қалып, қайда бара жатқанын сұрайды.

- Қайда бара жатқанымды білмеймін! – деп қисық жауап береді Эзоп. Қаланың бастығы ол өзін мазақ қылып тұр деп ойлап, шамданып қалады да, сақшыларды шақыртып, Эзопты түрмеге жабуды бұйырады. Олар қолын қайырып әкете бергенде Эзоп:

- Мен саған айттым ғой! Көшеде кетіп бара жатып түрмеге түсетінімді мен қайдан білейін? – деп ышқына айқайлапты.

Эзоптың тапқырлығына таңқалған әкім оны табанда босаттырып жіберген екен” [5, 11 б.].

Рабғұзидің “Қисса-сул әнбиясындағы” тағы бір қиссасында Лұқман хәкім турасында мынадай хикая бар:

“Лұқман хәкімге патшасы: “Жақсы ет ас, жоғары мәртебелі қонақтар келеді” деген екен. Лұқман хәкім қой сойып, жүрегі мен тілін асып береді. Біраз уақыт өткен соң, патшасы: “Келетін қонақтар нашарлау, жаман ет ассаң да болады” деген екен. Бұл жолы да Лұқман хәкім, қой сойып, жүрегі мен тілін асып береді. Патшасы мұның мәнісін сұрағанда: “Тәтті болмақ та тіл мен жүректен, ащы болмақ та тіл мен жүректен” [6, 278 б.] деп жауап берген екен.

Рабғұзидің аталмыш киссасындағы хикаяға ұқсас, айтар ой мен идеясына ұқсас Эзоптың “Әрі тәтті, әрі ащы” әңгімесі бар. Оқиға желісі төмендегідей келеді: “Бірде Ксанф Эзопқа үйге достары қонаққа келетінін айтып, ең бір дәмді тағамды дайындап қоюды тапсырады.

- Қонақтар келгенде дүниедегі ең мықты тағам дайын тұрады, - дейді Эзоп саспай. Сөйтіп ол базардан тіл сатып әкеліп, қонақтарға қуырып береді. Қонақтар соншалық сүйсініп жей қоймайды.

Дүниедегі ең мықтының түрі осы ма? – деп Ксанф көңілі толмай, ашу шақырады.

- Иә, - депті Эзоп, - дүниеде тілден артық ештеңе жоқ. Тілсіз сен дүниеде ештеңе де істей алмайсың: айтарыңды айта алмайсың, ешкімге бұйыра алмайсың, бере алмайсың, ала алмайсың, мемлекет те құра алмайсың, онда тәртіп орнататын заң да шығара алмайсың, бәрі-бәрі, оның ішінде сенің философияң да бар, тілдің арқасында өмір сүреді, Ксанф!

Эзоптың бұл сөзіне қожасы да, оның қонақтары да ештеңе айта алмапты.

Келесі күні Ксанф тағы да достарын қонаққа шақырып, Эзопты сынау үшін:

- Енді бүгін базардан ең дәмсіз тағам сатып әкел, - деп бұйырыпты. Эзоп тағы да тіл әкеліп, пісіріп беріпті.

- Кеше сен дүниедегі ең дәмді тамақ – тіл демеп пе едің, бүгін енді оны неге ең дәмсізге санап отырсың? – деп мысқылдапты Ксанф.

- Өте дұрыс айтасың, қожайын, - деп жауап беріпті сонда Эзоп бүлк етпестен, дүниеде тілден жаман не бар? Ерегесті де, төбелесті де бастайтын сол, алдау, арбау, қызғаныш, өсекті себетін, айтыс, тартыс, соғысқа апарып, жұртты қыратын да осы тіл емес пе? Міне қазір, Ксанф, сенің өзің де тілдің көмегімен мені сөгіп тұрған жоқпысың... ?” [7, 11 б.] – деп, жауап береді.

Жоғарыдағы мысал жанрының басында тұрған гректің Эзопы мен қазақтың ерте кезеңіндегі Сайф Сарайы, Насыретдин Рабғұзиі өздерінің шығармаларындағы адам бойындағы жаман қылықтары мен сорақылықтарын ащы тілмен түйреп, өздерінің шешендігін ғана емес, асқан дидактикалық-тәрбиелік мағынадағы бағытты қолдайтындығын байқау қиын емес. Осы тұрғыдағы жазылған шығармалардың ішкі мазмұнына мән берсек, ондағы айтылған оқиғалар мен негізгі кейіпкерлері әр деңгейдегі адамдар. Олардың қылығы мен сөздері арқылы шығарманың идеясы мен көркемдігі ашылып, өлеңнен гөрі қарапайым, қысқа прозалық тілмен жазылғандығы басым екендігін байқаймыз.

Академик Зейнолла Қабдолов мифография және ондағы антропоморфизмдегі мысал жанры турасында мынадай пікір ұстанған: “Мысал – эпостық шығармалардың ішіндегі ең қысқа түрі. Әрқашан сатиралық сипатта, көбіне аң, хайуанат, кейде зат туралы жазылады да, сол арқылы адам бойындағы мін, әлеуметтік ортадағы кемшілік, күлкіге, келекеге, мазаққа айналдырылып, сықақпен саналады. Мазмұны бүкпелі болғанымен, идеясыз астарсыз, ашық, тура, тілі мірдің оғындай өткір, шымшыма, шымыр келеді.

Ежелгі Грециядағы аты шулы Эзоп (б.э.б. VIғ.) шығармаларын өз алдына қойғанда, мысал көне дүниеден күні бүгінге дейін көбіне өлеңмен жазылып келеді: Италияда Федр, Францияда Лафонтен, Германияда Геллерт, Англияда Мур, Россияда Крылов, қазақта Абай – бәрі солай жазған. Біздің тұсымыздағы мысалшылардан Сергей Михалков пен Асқар Тоқмағамбетовты бөліп айтуға болады” [8, 300 б.] – дейді.

Бұл пікір жоғарыдағы берілген мысалдардың түр мен формалық жағынан дәл келетін лайықты баға мен әрі теориялық анықтама. Өйткені жоғарыдағы мысалдар әрі қысқа да нұсқа жазылған шығарма. Сонымен бірге, шығарманың өн бойындағы негізгі сарын – сын мен сықаққа, сатираға толы, адам бойындағы міні мен кемшілігі әшкереленген.

Мифография және антропоморфизмнің түп-төркіні ауыз әдебиетіндегі ертегілерде қалыптасса да, оның әбден тәжірибе мен тезден өткен формасы жоғарыдағы Эзоп пен Федр, Бабрий, кейінгі кезеңде өмір сүрген европалық, орыс жазушы-мысалшылар - Лафонтен, Лессинг, Хемницер, Крылов, ежелгі және кейінгі кезеңдегі қазақ әдебиетіндегі Сайф Сарайи мен Рабғұзи, Дулат пен Ыбырай, Абай, Ахмет Байтұрсынов және т.б жазушылар өзінің шығармаларында пайдаланған.

Рас, мысалдың дүниеге келуінен бастап осы жанрдың өзі жақсы-жаман қасиеттерді айыру, ізгілікке ұмтылу, адамгершілік қасиеттерді уағыздау болса, оның сюжеті де, формасы да өзгеріп, дамып отыратыны, өзіндік эволюциялық жайды басынан өткеруі заңды құбылыс.

Қоғам мен заманның өзгеруі мысалдың өзін түрлендіреді. Қоғамның дамуына мысалдың қажеттілігі ауадай қажет десек, оның терең қайшылығын, өмір шындығын, қуат күшімен аса мол мүмкіндігі бар сатира мен ирония арқылы бүкіл адамзатқа ой салатын күшті жанр екендігін әдебиет қайраткерлері мен ойшылдар әлдеқашан дәлелдеген. Мәселен, орыстың ұлы сыншысы В.Г. Белинский бұл жанрды: “Сатираға суғарылған – поэзияның нағыз ерекше жанры” десе, академик З. Қабдолов бұл жанрды “Мысал адамгершілік мұқтаждығын өтеу мақсатында жанр ретінде әдебиет арнасына тоғысты” [9, 300 б.] - дейді.

Мысалдың құрылымы да әрқалай, ол кейде прозалық шағын әңгіме болып жазылады, кейде өлең жолдарымен де өрнектеледі. Прозада көбіне – көп ойдың айқындығы басым болса, өлең немесе поэзия тілімен жазылған шығармада көркем суреттер мол болады. Эзоптың шығармалары кейде өлеңмен, кейде прозалық, қара сөзбен жазылған. Жоғарыда Эзоптың шығармаларының қара сөзбен жазылғанын көрсек, оның бірқатары өлеңмен жазылған формасы да кезігеді. Мысал өлеңдердің поэмалар секілді кіріспеден, оқиға өрбуінен, шиленісуінен және шарықтау шегі мен қорытындыдан тұратын болса, Эзоптың өлең түріндегі жазылған, орыс және қазақ әдебиетіне етене таныс “Қасқыр мен қозы”, “Қарға мен түлкі”, “Түлкі мен жүзім”, “Құмырысқа мен шегіртке” және тағы басқа да мысалдары бар.

Славян-грек-латын мектебінде оқып жүрген тұста, осы мысалдардың бірқатарына кезіккен орыс мысалшысы Иван Крылов, оны орыстың өмір – тұрмысына, ойлау ерекшелігіне, сөз саптауына лайық етіп, кейін осы мысалды жазып шығады. Мұның ішіндегі аса белгілісі - “Қарға мен Түлкі” мысалын Ахмет Байтұрсынов өзінің “Қырық мысал” жинағында қазақтың қарапайым, кәдуілгі халыққа етене жақын сөздерімен, өлең формасындағы шығармасын жазады. Мысалда, ірімшік тістеген қарғаны көріп, оның олжасын алдап әкету үшін түлкі былай деп сайрайды:

“Тамаша қарағанда түрің қандай!
Мынау көз, мынау мойын, мұрын қандай!
Гауһардай қанаттарың жарқырайды,
Келісті қалай біткен және маңдай!

Көркемдік сипатыңнан табылғандай,
Дауысың да болса керек шырын балдай.
Көптен – ақ дауысыңды естісем де,
Болған соң келе алмадым жерім шалғай.

Нұрыңды күн секілді көріп тұрмын,
Шыдамай бойым балқып, еріп тұрмын.
Дауысыңды тым болмаса бір шығаршы,
Естуге құмар болып, ұйып тұрмын”деп [10, 144 б.] мақтайды.

Өлең жолдарына қарап, түлкінің қарғаны келеке етіп тұрғанын көреміз. Әйтпесе, қарғада ондай сұлулықтың ешқандай белгісі де жоқ. Түлкі табиғатында қандай қу болса, ақын оның тілінің сондай майдалығын, әккі, қу екендігін көрсету үшін, желдей есітеді. Ал оның әр сөзінің астарындағы басты мақсат - қарғаның ауызын аштырып, ірімшікті қағып алу болса, қарға түлкінің мазағын шын көріп, имандай сенеді.

“Өтірік мақтанға қарға еріп,
Қарқ етті пәрменінше жағын керіп.
Ірімшік қарқ еткенде жерге түсіп,

Жеп алып, түлкі кетті жортып-желіп» [11,144 б.] -деп, аяқталады. Түлкі мен Қарғаның оқиғасын ақын сатиралық образ жасаудағы бір тәсілі – сарказмді шебер пайдаланған. Өйткені күлкіге ұшырап қаламын – ау деген ойды қаперіне ілмеген ақымақ адамның, құр бос мақтанға желігіп, өзінің аузындағы асынан айырылып қалатын осы типтес категориядағы пенде аз ба? Осы образдағы адамдардың құр кеуделік, бөспелік пен мақтан құмар қасиеттері ерте заманда, өткен заманда, қазіргі заманда да бар болса, осы жиіркенішті әдет пен қасиеттен аулақ, қашық болуды өсиет еткен мысалшылардың туындылары қанша уақыт өтсе де өлмек емес.

Шығармалары мен өмірі аталып өткен, фригиядан шыққан ұсқынсыз күл Эзоп құрастырып жазып кеткен деген мысал жанры грек халқының арасында аса белгілі әдеби мұралардың бірі. Қазіргі әлем әдебиетінде мысал жанрының қалыптасуына Эзоптың енгізген еңбегі айтарлықтай. Ежелгі деректерде ауыз әдебиетіндегі мысал жанрының негізін қалаған да осы Эзоп болса, осы автордың қолынан шыққан болар дейтін жорамал бойынша, жазып кеткен мысалдарының өзі - 426 тарта болса, басқа деректе - 650. Сол мұралардың ішіндегі қазақ әдебиетіндегі ең белгілері “Қасқыр мен қозы”, “Қарға мен Түлкі”, “Бақа мен өгіз”, “Шегіртке мен құмырысқа”, “Қасқыр мен Тырна” т.б шығармалар. Бұлардың ішіндегі кейбір шығармаларды қазақтың белді ақын-жазушылары - Абай Құнанбаев, Ахмет Байтұрсынов, Мәжит Дәулетбаев, Спандияр Көбеев қазақ тіліне тәржімалады.

Кейінірек мысал жанрының қалыптасуына кейбір сөз зергерлері жіті көңіл бөліп, оны басқа да әдеби формалары мен жазылу әдістерін өмірге әкелді. Мәселен, б.д. д I ғасырда өмір сүрген римдік ақындар Федр және б.д.д II ғасырда өмір сүрген Бабрий әлем әдебиетіндегі мысал жанрына өзіндік қолтаңбаларын қалдырды. Осы кәусар бұлақтан шығармаларына шұрайлы сюжеттер мен эпизод жолдарын тапқан, өз тұсында мысал жазған, замандастары ішінде әлем әдебиетіне есімдері белгілі, жаңа тұрғыдағы мысалшылар - Франциядан Лафонтен, Германиядан Лессинг, Ресейден И. Хемницер, А. Измайлов, И. Крылов, А. Пушкин және т.б. шықты.

Антика дәуірінде өмір сүрген авторлардың ішінде мысал жанрының кейбір үлгілерін Гесиодтың “Еңбек пен күндер” шығармасында, сонымен бірге паростық, VII ғасырдың басында өмір сүрген Архилохтың да еңбегінде кездестіреміз. Архилохтың мысалының ішінде, бізге үзінділерімен ғана жеткен “Қыран мен Түлкі” жөніндегі мысалды Эзоптың құрастырған мысалдарында да ұшырасамыз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Сүйіншәлиев Х.ҮІІІ-ХҮІІІ ғасырлардағы қазақ әдебиеті.-А.,1989.263-б.
2. Құнанбаев А. Қалың елім қазағым. Шығ.- Алматы: Жалын, 2005. – 224 б.
3. Қоңыратбаев Т.Көне мәдениет жазбалары.-А.,2011., 196-б.
4. Әбсәлімұлы Т. Бие сауған байырғы жұрт пайдаланған ұлттық тағамдар және этногенездік тек // Ана тілі, - шілденің 20-сы, доңыз жылы.-12 б.; Гиппократ, “ВДИ”. 1947. – №2. – 296 с.; Древнетюркский словарь. – Ленинград: Наука, 1969. – 645 с.; Позднейшие схолии, “ВДИ”. 1947. – №1. – 310 с.; Схолии к комедиям Аристофана, “ВДИ”. 1947. – №2. – 300 с.
5. Геродот. История: Перевод Г.А.Стратановского. – Ленинград: Наука,- 2012. –322 с.
6. Кун Н.А. Ежелгі Греция мифтері мен аңыздары. А., Мектеп. – 1974.
7. Молев Е. Эллины и варвары. – Москва: Центрполиграф, 2013. – 399 с.
8. Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности. М-Л, 1979.С.310.
9. Байпақов К. Қазақстанның ежелгі қалалары. – А,Аруна Ltd, 2005. – 316 б.
10. Машани А. Әл-Фараби және Абай. – т.2. – А,Алатау, 2005. – 352 б.
11. Құнанбаев А. Қалың елім қазағым. Шығ.- Алматы: Жалын, 2005. 144 б.

О МОДУЛЬНОЙ ТЕХНОЛОГИИ ОБУЧЕНИЯ РУССКОМУ ЯЗЫКУ

Сералиева Н. Ж.

Жетысуский университет им. И. Жансугурова, г. Талдыкорга

E-mail: nailya_seralieva@mail.ru

В статье описывается использование технологии модульного обучения при обучении русскому языку на неязыковых факультетах

Ключевые слова: педагогические технологии, модульное обучение, индивидуально-ориентированное обучение, проектирование, результативность.

Мақалада орыс тілін оқытуда модульдік оқыту технологиясын қолдануы қарастырылған.

Тірек сөздер: педагогикалық технологиялар, модульдік оқыту, жеке-бағдарлы оқыту, жобалау, тиімділік.

The article describes the use of modular teaching technology in teaching Russian at non-language faculties.

Key words: pedagogical technologies, modular learning, individually oriented learning, design, efficiency.

Современное образование немыслимо без внедрения новых педагогических технологий, которые, в свою очередь, нуждаются в инструментальных средствах решения организационных, методических и дидактических задач. Одним из перспективных направлений развития образования в наше время становится модульная система обучения, апробированная в ряде учебных заведений Казахстана. «Педагогическая (образовательная) технология – это система функционирования всех компонентов педагогического процесса, построенная на научной основе, запрограммированная во времени и в пространстве и приводящая к намеченным результатам» [1, 6].

Технологический подход к обучению предусматривает точное инструментальное управление учебным процессом и достаточно гарантированное достижение поставленных учебных целей. Технология модульного обучения - одна из технологий, которая, по сути, являясь личностно-ориентированной, позволяет одновременно оптимизировать учебный процесс, обеспечить его целостность в реализации целей обучения, развития познавательной и личностной сферы обучающихся; совместить жесткое управление познавательной деятельностью студента с широкими возможностями для самоуправления.

Модуль состоит из следующих компонентов:

- комплексная цель, в которой заданы качественные характеристики (познавательные и личностные) результата изучения модуля;
- учебный материал;
- программа и рекомендации технологических приемов изучения учебного материала;
- практические занятия по формированию необходимых умений;
- система контроля и оценивания знаний учащихся.

Преимущества педагогической технологии мы видим в следующем:

- отход от экспромтов и переход к предварительному проектированию;
- разработка структуры и содержания учебно-познавательной деятельности студентов;
- объективный контроль качества усвоения студентами материала.

Использование модульной технологии может позволить реализовать:

- индивидуально-ориентированное обучение по отдельному предмету за счет представления полной информации о программе, форме и порядке организации обучения, представления теоретического материала, материалов для самоаттестации, учебных проектных заданий;

- дифференциацию процесса обучения за счет возможности выбора заданий разного уровня, возможности организации самостоятельного продвижения по темам курса успевающим студентам и возврату к запущенному материалу отстающим студентам;

- индивидуальную траекторию продвижения по предметной области за счет возможности выбора уровня и вида представления материала в зависимости от индивидуального развития типов мышления;

- использование форм самостоятельного обучения;

- и другие принципы обучения.

Модульное обучение, в сравнении с другими дидактическими теориями, определяется следующими отличительными особенностями:

- четкой структуризацией содержания обучения, последовательным изложением теоретического материала и обеспечением учебного процесса модульной программой и модулями;

- вариативностью содержания обучения, адаптацией учебного процесса к индивидуальным возможностям и запросам обучающихся;

- обязательной проработкой каждого компонента дидактической системы и наглядному его представлению в модульной программе и модулях;

- удачным сочетанием различных подходов к отбору содержания и организационных процедур восприятия, переработке и представлению этого содержания, выбору форм и методов обучения; вариативности методов и средств обучения.

Эффективность использования модульной технологии обучения студентов складывается из многочисленных компонентов, основными из которых является эффективность процесса обучения и ее результативность.

В основу учебного процесса в технологии модульного обучения положен принцип модульной организации обучения, предполагающий разделение каждой учебной дисциплины на учебные модули, на изучение каждого из которых выделяется примерно 3-9 академических часов (по 50 минут). Так, например, в ходе изучения «Основного курса русского языка» модуль «Стили речи. Научный стиль речи. Лексика, морфология, синтаксис научного стиля речи» рассчитан на 3 часа, модуль «Терминологическая лексика русского языка. Термины: происхождение, способы образования. Термин и общеупотребительное слово: семантика и особенности функционирования» - на 9 часов, модуль «Подстили научного стиля. Собственно научный, учебно-научный, научно-популярный подстили» - на 9 часов, модуль «Жанры учебно-научного подстиля» разработан на 6 часов, модуль «Текст как единица обучения связной речи. Типы текстов. План как форма записи прочитанного текста. Тема, основная мысль текста. Типы текстов» - на 6 часов, модуль «Передача информации содержания текста в виде аннотации, рефератов, тезисов и рецензии» - на 9 часов, модуль «Оформление научной работы» - 3 часа (всего - 45 аудиторных часов).

В зависимости от содержания применяются различные учебные модули, в основу построения которых положены представления относительно психофизиологической модели многоуровневой организации процесса усвоения знаний у обучаемого. Эта модель предполагает, что усвоение учебной информации является сложным процессом формирования в индивидуальном сознании обучаемых новых понятий и умений, протекающим на нескольких уровнях. Выделяются следующие уровни усвоения знаний: понимание, узнавание, воспроизведение, применение, творчество.

Для достижения поставленных целей можно использовать :

– активные семинары в виде дискуссий, «круглых столов», ролевых игр, деловых игр и других игровых форм, имитирующих профессиональные ситуации и предполагающих активное предъявление и использование знаний и умений каждым обучающимся (развивающий тренинг); проблемные семинары с презентациями обучающихся в виде представления ими научных докладов и общих дискуссий по докладам (погружение в учебную среду и развивающий тренинг);

– стандартные тесты по каждому модулю в виде вопросов, охватывающих весь учебный материал модуля с ответами в форме выбора альтернатив.

Исходя из этого, занятия по модулю, как правило, организуются в такой последовательности:

- обзорное обучение (первоначальное знакомство с syllabusом и учебником);
- глоссарное обучение (повторное изучение syllabуса и учебника, погружение в языковую среду);
- развивающий тренинг (выполнение разноуровневых и рубежных заданий, практикумы, ролевые игры, дискуссии, дебаты, ситуативные упражнения);
- контроль знаний (стандартный тест по модулю, составление тезисов, конспектов, написание заметки, репортажа для университетской газеты, резюме, аннотации, рецензии, реферата).

Основные преимущества модульной технологии:

1. Технология модульного обучения, как личностно-ориентированная, позволяет одновременно оптимизировать учебный процесс, обеспечить его целостность в развитии познавательной и личностной сферы учащихся.

2. Цель модульного обучения - содействие развитию самостоятельности обучающихся, их умению работать с учетом индивидуальных способов проработки учебного материала (индивидуализация и дифференциация в обучении).

3. В модульном обучении применяется самооценка, которая приучает студента объективно оценивать свои способности, результаты своего труда. Обучающийся максимальное время работает самостоятельно, учится целенаправленно. Это дает возможность осознать себя в деятельности, учит самоорганизации, самооценке, позволяет каждому студенту видеть уровень усвоения знаний.

4. Применение модульной технологии позволяет сформировать общеучебные компетенции: информационную, коммуникативную, самоорганизацию, самообучение.

В процессе перехода на модульное обучение прежде всего разрабатывается модульная программа, которая состоит из комплексной дидактической цели и совокупности модулей, обеспечивающих достижение этой цели. Для этого учебное содержание структурируется в определённые блоки, выделяются стержневые идеи курса. После этого формируется комплексная дидактическая цель (КДЦ), которая имеет два уровня: уровень усвоения учебного содержания учеником (т.е. ЗНАТЬ) и ориентация на его использование в практике (т.е. УМЕТЬ), а также для изучения учебного материала в будущем. Затем из комплексной дидактической цели (КДЦ) выделяются интегрирующие дидактические цели (ИДЦ) и формируются модули, т.е. каждый модуль имеет свою интегрирующую дидактическую цель. Совокупность решения этих целей обеспечивает достижение комплексной дидактической цели (КДЦ). Однако в модули входят крупные блоки учебного содержания. Поэтому каждая интегрирующая дидактическая цель (ИДЦ) делится на частные дидактические цели (ЧДЦ) и на их основе выделяются учебные элементы (УЭ). Каждой частной дидактической цели соответствует один учебный элемент.

В результате создаётся древо целей: вершина дерева – комплексная цель для модульной программы, средний слой – интегрирующие дидактические цели для построения модулей и нижний слой – частные дидактические цели для построения учебных элементов.

Достоинство модульной технологии в возможном перераспределении учебного времени, выигрыш которого за счет ускоренного прохождения обязательной теоретической части модуля позволяет значительно увеличить объем заданий, дает возможность

углубленно рассмотреть некоторые разделы курса русского языка, провести нестандартные занятия, что сказывается на прочности усвоения знаний и активизации познавательной деятельности учащихся.

Сложностью в применении модульной технологии является отсутствие соответствующего дидактического обеспечения, необходимость подбора, составления заданий разных уровней сложности, изготовление раздаточного материала, тестовых заданий, разработка модулей к отдельным урокам. Это требует больших затрат сил и времени. Положительный результат виден сразу. Работать интереснее, но значительно сложнее. Студенты достигают определенного уровня осознанного отношения к учению, трудолюбия, самодисциплины.

Таким образом, главная специфика технологии модульного обучения заключается в том, что у обучаемых в кратчайшие сроки происходит формирование программного объема знаний (понятий) и выработка определенных коммуникативных и профессиональных умений (алгоритмов профессиональных действий).

ЛИТЕРАТУРА:

1. Селевко Г.К. Энциклопедия образовательных технологий: В 2 т. т.1. – М.: НИИ школьных технологий, 2006.
2. Жанпеисова М.М. Модульная технология обучения как средство развития ученика. – Алматы, 2006.

ӨОЖ 37.013

<https://doi.org/10.53355/z6636-8810-0036-1>

ӨЗІН-ӨЗІ ТАҢУ – ҚОҒАМ ҚАЛЫПТАСУЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ПРОЦЕСІ РЕТІНДЕ

Серікбаева Б. Ж., магистрант 2 курса

Научный руководитель: **Наубаева Х. Т.** д.п.с.н., ассоциированный профессор
Жетысуский университет имени И.Жансугурова, г. Талдыкорган

E-mail: Bagzhana-s@mail.ru

Мақалада өзін-өзі тану пәніне кеңінен анықтама беріліп, оның қоғам қалыптасуының маңызды процесі ретіндегі рөлі қарастырылады. Өзін-өзі тану - жеке тұлғаның мақсатын түсінуге, өз мақсатын түсіну арқылы өзін-өзі анықтауға тырысатын адамның өмір сүру субъектісіне айналу механизмі ретінде баяндалады. Сондай-ақ, «Тұлға» ұғымының анықтамалары ұсынылып, бейімділіктердің жиынтығында осы категорияның түсіндірмесі, әлеуметтік факторлардың әсері және "мен" психоәлеуметтік өзегі қарастырылған. Мектептің оқу-тәрбие процесі шеңберінде өзін-өз танудың рөлі ашылды. Педагогикалық қолдаудың маңызды компоненттері атап өтілді. Ол келесі компоненттерді қамтиды: мақсаты, міндеттері, мазмұны, әдістері, құралдары, ұйымдастырушылық формалары, нәтижесі жас ұрпақтың мамандық таңдауға дайындығын қалыптастыру жүйесін ұйымдастыруға, ынталандыруға және түзетуге ықпал етеді.

Тірек сөздер: өзін-өзі тану пәні, тәрбие, сенім, әдіс, құндылық, қоғам, тұлға, «мен».

В статье дается широкое определение предмета самопознания и рассматривается его роль как важнейшего процесса становления общества. Самопознание как механизм превращения личности в субъекта существования, стремящегося к пониманию цели личности, к самоопределению посредством осознания своего предназначения. Предложены также определения понятия «личность», в совокупности задатков предусмотрена трактовка этой категории, влияние социальных факторов и психосоциальное ядро «я». Раскрыта роль самореализации в рамках учебно-воспитательного процесса школы. Отмечены важнейшие компоненты педагогической поддержки. Она включает в себя

следующие компоненты: цель, задачи, содержание, методы, средства, организационные формы, результат способствует организации, мотивации и коррекции системы формирования готовности подрастающего поколения к выбору профессии.

Ключевые слова: предмет самопознания, воспитание, вера, метод, ценность, общество, личность, «я».

The article gives a broad definition of the subject of self-knowledge and examines its role as the most important process of the formation of society. Self-knowledge as a mechanism for the transformation of a person into a subject of existence, striving to understand the purpose of the individual, to self-determination through awareness of his destiny. Definitions of the concept of "personality" are also proposed, the interpretation of this category, the influence of social factors and the psychosocial core of the "I" are provided in the totality of the makings. The role of self-realization within the educational process of the school is revealed. The most important components of pedagogical support are noted. It includes the following components: purpose, objectives, content, methods, means, organizational forms, the result contributes to the organization, motivation and correction of the system of formation of the readiness of the younger generation to choose a profession.

Key words: subject of self-knowledge, education, faith, method, value, society, personality, "I".

"Адам білімі бір математика мен технологиядан тұрмайды. Керісінше, бұл білімнің бір жағы, бұл тек төменгі білім, адамгершілік - білімнің ең жоғары көлемі. Адамгершілік-бұл адамның ішкі әлемінің даму жағдайы, ар-ожданы, санасы, мінезі. Адамда мораль неғұрлым көп болса, соғұрлым ол адам болады"
В. Белинский

Ұлттық сана, ұлттық тәрбие... Бұл мәселелер қазіргі қоғамымыздың өзектілігіне айналды. Сана мен тәрбиені біз қайдан бастаймыз? Әрине отбасыдан бөлек мектепке, ұстаздардың беріп жатқан білімі мен тәрбиесіне жүгінеміз. Тәрбиенің ішінде рухани-адамгершілік тәрбиеге көңіл бөлетін бірден-бір пән – өзін-өзі тану пәні. Өзін-өзі тану - бұл өзін-өзі терең және тұтас тану, ол адамның физикалық және психикалық табиғатын ғана емес, ең алдымен оның ең жоғары рухани мәнін білу, ақпарат жинақтаудан бұрын жеке тұлғаны өзгерту сапасы маңызды. Осыған байланысты "өзін-өзі тану" пән ретінде әр оқушының жалпы адамзаттық құндылықтарын анықтауға ықпал етеді, балаларды рухани-адамгершілік біліммен таныстыруға көмектесіп, оның ішкі әлемін бай етеді. Аталмыш пән жүрекке арналған білім, ол оқу процесін адамгершілік-рухани мағынамен толықтыруға арналған. "Өзін-өзі тану" пәні арқылы баланың ішкі табиғатын ашу, барлығына жақсылық, гуманизм, махаббат әлеуетін ашу маңызды. Бұл бүкіл әлем өсіруі керек құнарлы дәндер, яғни әмбебап қабілеттер, соның арқасында адам сүйіспеншілікке толы және сүйікті, жанашыр, мейірімді, көпшіл, өзара түсіністік пен толеранттылыққа, мәдени дәстүрлерді құрметтеуге дайын болады. Адамның сөзсіз құндылығын тануды өзектендіруде, өмірге деген сүйіспеншілікті, өзін-өзі бағалауды, тәуелсіз пайымдауды тәрбиелеуге, өзін-өзі жетілдіру қабілетін дамытуға, рухани әлемде және қоршаған өмір жағдайларында бағдарлай білуге, шешім қабылдауға және өз тағдырына жауап беруге дайын болуға ықпал етеді. Өзін-өзі тану пәні жалпыадамзаттық құндылықтарға бастар жол. Адамда екі түрлі тәрбие болады, біреуі – өзгелерден алатын тәрбиесі, екіншісі – өзіне-өзі беретін тәрбиесі.

Қазіргі қоғамда болып жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістер біздің республикамыздың білім беру жүйесін дамытуға жоғары талаптар қояды. Қойылған мақсаттарды шешу үшін еліміздің педагогикалық қоғамдастығының алдына функционалдық даярлық тұжырымдамасынан үйлесімді тұлғаны дамыту тұжырымдамасына көшу міндеті қойылды. Қазақстан Республикасының Білім беру жүйесінің басым бағыттарының қатарына авторы құқықтарды қорғаудағы Жалпы ұлттық қозғалыстың негізін қалаушы болып табылатын арнайы әзірленген бағдарлама негізінде

жүзеге асырылатын рухани-адамгершілік тәрбие енгізілді "Бөбек" қайырымдылық қорының президенті Назарбаева Сара Алпысқызы. [1]

Баланың жанын тәрбиелеу, ішкі сезімін жеткізе білуге баулу маңызды екені белгілі. Себебі сезімсіз, махаббатсыз адамның жүрегі жетім. Қоршаған ортаға, қыбырлаған кез келген тіршілік иесіне деген риясыз сүйіспеншілік сыйлай білу жүректің кеңдігі, рухани байлықтың көрінісі. Н.Ә.Назарбаев «...жаңа жағдайларға байланысты бәрімізді алаңдататын мәселе – білімді, кәсіби даярлығы бар адам тәрбиелеу ғана емес, қоғамдық өмірдің барлық саласында ұлттық және дүниежүзілік құндылықтарды қабылдауға қабілетті, рухани және адамгершілік мүмкіндігі мол тұлға қалыптастыру болып табылады», деп атап көрсетті. Соған байланысты өзін өзі тану пәні әр оқушыға, жеке тұлғаға бағытталған тәрбиесінің көрінісін адам талпыныстары, абыройы, жауапкершілігі, ерік-жігері, жалпы ізгі қасиеттерін басты мәселе етіп қойғанын байқаймыз. Болашағын баласынан, жас жеткіншектерінен көретін халқымыз, елімізге бала жанын жүдетпеудің маңызы зор.

Өзін өзі тану нағыз адам болудың сыры мен қырын үйрететін пән. Нағыз адам болу – Отан алдындағы борышыңды өтеу, адами қарым-қатынасының, қоршаған ортамен үйлесімділігің. Пәннің мақсаты – білім алушының өзін дұрыс түсінуіне, дарындылығы мен қабілеттерін дамытуға, өмірдің мәнін ұғынуға және өмірден өз орнын таба білуге көмектесу. Еліміздің болашақ жас ұрпақтарын жан-жақты дамыту да өзін өзі тану сабақтарының орны ерекше. Сабақта пән мұғалімі әркімнің жан дүниесін тануына, әлемге көз жүгіртіп, мейірімділік жасауға бағыттайды. Сабақты қызықты өткізу түрлі әдіс-тәсілдерді қолданатын мұғалімнің шеберлігіне байланысты.

Тәрбие процесінің жалпы құрылымынан байқағанымыздай, дұрыс ұйымдастырылған тәрбиенің бірінші сатысы- оқушылардың өздерінде қалыптасуы қажет әрекет-қылық нормалары мен ережелерін білу (түсіну). Ең алдымен қандай да сапаны туындатып, орнықтыру үшін, сол сапаның мән-мағынасын жете түсініп алу міндетті. Адамның көзқарастарын, ұғымдарын, наным-сенімдерін кемелдендіруге бағытталған әдістер тұлға санасын қалыптастыру әдістері атамасын алған. Бұл топ әдістері екінші кезеңде іске қосылатын сезім, көңіл-күй толғаныстарын қалыптастыруда аса қажет. Егер оқушы педагогикалық ықпалға бейтараптылық пен немқұрайлылық танытатын болса, тәрбие процесі шабандайды, мақсатқа жете алмайды. Егер оқушы қабылдаған идеясын өзін толғантқан жарқын бейнеге айналдыра алса ғана, оның бойында ізгі де жарқын сезімдер туады. Өткен жылдар оқулықтарында бұл әдістер тобы сендіру әдістері деп аталған, себебі олардың міндеті — тұрақты наным-сенімдер қалыптастыру болған. Оқушы әрекет-қылығына дем беретін оның білімі мен білігі емес, ең алдымен ол көзделген адами сапаның қоғамдық қажеттігі мен өзіне пайдалылығын танып, оны өз нанымы негізінде әрекет-қылыққа айналдыруы, ал бұл сана қалыптасуымен бірге жүретін психикалық құбылыс. Тәрбие мазмұнымен белгіленген іс-әрекетке бала белсенді араласуға дайын болған жағдайда ғана қолданылатын әдіс өз нәтижесін береді. [2]

«Өзіңді өзің танысаң – істің басы» деп Шәкәрім айтқандай өзін өзі тану пәні арқылы балалар өмірде кездесетін түрлі жағдаяттарды шешуге, өз ойын ашық айтуға, пікірін, сезімін, көңіл күйін жеткізе білуге, өз мүмкіндігін жүзеге асыруға, адами қарым-қатынас жасауға, денсаулығын сақтауға, жақсы қасиеттерін ашуға үйренді. Сол себептен бұл пән жеке тұлғаны дамытудың маңызды шарты болып табылады. И. Кант былай деп жазды: "адамның өзі туралы идеясы болуы мүмкін жағдай оны жер бетінде өмір сүретін барлық тіршілік иелерінен шексіз жоғарылатады. Осының арқасында ол жеке тұлға..." [3].

Адамның жеке басының әртүрлі салалардағы дамуы табиғи алғышарттарға сәйкес жетілу ретінде жүруі мүмкін, және қоршаған орта мен адамдардың әсерінен де жүзеге асырылуы мүмкін. Бірақ жеке тұлғаның шынайы дамуы ол - адамның жеке көзқарасы және мақсаттарымен анықталады. Әрине, бұл мақсаттардың адам заңдарына қайшы келмеуі, керісінше қоғамның моральдық және рухани құндылықтарымен байланысы маңызды. Адамның өзіндік даму мақсаттарын қоюы, оларды нақты әлеуметтік-тарихи жағдайларда жүзеге асыру жолдарын түсінуі өзін-өзі танудың жоғары деңгейімен ғана мүмкін болады.

Мысалы, есте сақтау процестерінің нашар дамуына байланысты оқуда қиындықтар туындаған студент мұғалім мен ата-аналарға сенім артып, оқу материалын дұрыс есте сақтау бойынша барлық кеңестерін орындай алады. Осылайша, оның жады сыртқы әсермен дамиды. Егер баланың өзі есте сақтау қабілеті нашар екенін түсінсе, ол тиімді есте сақтау әдістерін игеріп, оларды қолданғысы келсе, онда ол зияткерлік саладағы танымдық процестері мен дамуын басқара алады[4]. Сол себептен өзін өзі тану пәні мәні жағынан, оқушылардың қабылдау, түсіну, білім, білік дағдыларын іштей тұтастырып, оларды еркін қолдана алуға үйретумен ерекшеленеді. Елімізде ғасырлар бойы халқымыздың ұлттық санасынан берік орын алған адамгершілік құндылықтарды, яғни ізгілік қайырымдылық, адалдық қарым-қатынас сияқты қасиеттерді, қоғамдағы болып жатқан өзгерістермен байланыстырып, жеткіншек ұрпақты тәрбиелеудің қайнар бастауы деп қарастыруға болады. Яғни «тәрбиесіз қоғам, қоғамсыз тәрбие өмір сүрмейді» деген заңдылыққа сүйене келе, өскелең ұрпақтың бойына қоғам талабына сай адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруды мақсат еткен тәрбие ғана уақытпен үндесіп, қоғам мен тәрбиенің өзара байланысын түзеді. Өзін өзі тану пәні жалпы адамзаттық құндылықтарға бастар жол. Адамда екі түрлі тәрбие болады, біреуі – өзгелерден алатын тәрбиесі, екіншісі – өзіне-өзі беретін тәрбиесі.

Қорыта айтқанда, әр адам өзін-өзі, өзінің қажеттілігін, өмірдегі және қоғамдағы рөлін толық түсіну нәтижесінде өз мүмкіндіктерін таниды. Адам өз бойындағы мүмкіндіктерін толық пайдаланғанда алдына қойған мақсатына жете алады. Мақсатқа апаратын ізгі жолдарды өздігінен іздестіру жақсы нәтижеге жеткізеді. Адам жағымды қасиеттерін ізгі ниеттерін дамыту барысында өзін – өзі тәрбиелейді. Өз бетімен танып білуге құштарлану, талпыну, іздену адам керкі мен мінезін шынықтырып, шыңдайды. Өмірдегі әртүрлі жағдайлардағы қиындықтарға қарамай мақсатқа жетуге ұмтылдырып, талпындырады. Сондықтан ізденіп, алдымызға қойған мақсатымызға жетейік. «Өзін-өзі тану» пәні баланы өзінің қадірін өзі білуге, өзін сыйлауға, өзін-өзі жетілдіруге, рухани өмірде және қоршаған өмір жағдайларында өзінің бағыт-бағдарының болуына, өз бетінше шешім қабылдай алуына және өз сөзі мен әрекеттері үшін жауапкершілікті сезіне білуге тәрбиелей отырып, осы қоғамда өзіндік «менін» табуға жетелейтін пән.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Назарбаева С.А. «Этика жизни», Алматы, 2001
2. Журнал «Самопознание.kz. № 6,2016
3. Кант И. Сочинения: в 6 т. Т. 1. М., 1963.
4. Әбиев Ж. //Өзін-өзі тану ғылыми-әдістемелік журналдар №2,4, 2010, 2011.

ӘОЖ 821

<https://doi.org/10.53355/p8983-0345-8080-u>

ЖЫРАУЛЫҚ ПОЭЗИЯ: ЗЕРТТЕУЛЕР МЕН ӘДЕБИ КОНЦЕПЦИЯ

Султанғазина А. Д., магистрант

Ғылыми жетекші: Имангазинов М. М., ф.ғ.д., профессор

І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ.

E-mail: sultangazina.alua@mail.ru

Осы мақалада қазақ әдебиетінің дамуы мен қалыптасуында маңызды рөл атқаратын халқымыздың төл поэзиясы – жыраулық өнер, жыраулық поэзияның өкілдері – жыраулар туралы қысқаша мағлұмат беріліп, жыраулық өнердің ХІХ ғасырдан бүгінгі күнге дейінгі зерттелуі туралы айтылады.

Тірек сөздер: *жыр, жырышы, жырау, жыраулық поэзия, эпос, ақын*

В статье дается краткий обзор поэзии нашего народа - жырауского искусства, представителей жырауской поэзии - жырау, играющих важную роль в развитии и становлении казахской литературы, и рассказывается об изучении жырауского искусства с XIX века и по сей день.

Ключевые слова: *жыр, жыршы, жырау, поэзия жырау, эпос, поэт*

The article provides a brief overview of the poetry of our people - Zhyrau art, representatives of Zhyrau poetry - Zhyrau, who play an important role in the development and formation of Kazakh literature, and tells about the study of Zhyrau art since the 19th century and to this day.

Key words: *zhyr, zhyrshy, zhyrau, zhyrau poetry, epic, poet*

Жыраулық поэзия – қазақ әдебиетінің дамуы мен қалыптасуында маңызды рөл атқаратын негізгі халық поэзиясы. Жыраулық поэзия өкілдері – өздері өмір сүрген заманда ел бірлігін сақтап қалуға тырысқан, елдің еңсесін көтеріп, ұран тастауды мақсат тұтқан, ұлағаттылыққа шақыратын ұлы тұлғалар. Жырау – өлең сөзді қару еткен, ақпа-төкпе, табан астынан өлең шығаратын суырыпсалма, халқының қамын ойлайтын, ақыл-парасаты мол, қысылғанда жол табар ақылшы, уақыт, адам, табиғат, батырлық секілді заманының бағыт-бағдарын ой таразысына салып, сынап-салмақтай білетін, болжағаны болатын тапқыр да көреген даналары.

Қазақ фольклорынан бастауын алған ертегі-аңыздар, жұмбақтар, жаңылтпаштар, эпостық жырлар халық ауыз әдебиетінің еншісінде болса, қазақ әдебиетінде елеулі орны бар жыраулар поэзиясы дәл қазақ хандығының құрылған мезгілімен тұспа-тұс келіп, қалыптаса бастады. Жыраулар поэзиясының ерекшелігі – авторлық шығармалардың дүниеге келуі. Мұндай авторлық шығармаларды «жыр» десек, жыр иелерін «жырау» деп атап, сол жыраудың шығармаларын халықтың арасында таратушылар «жыршы» деп әдебиетімізде жеке сипат ала бастаған.

Жыраулар поэзиясының өзіндік дара табиғаты, тақырып жағынан ерекшеліктері бар. Жыраулардың өздері өмір сүрген қоғамда қоғамдық-әлеуметтік тұлғасы ерекше. Олардың қоғамдық рөлі – хандық жүйе кезеңінде ханға, мемлекет билеушілеріне кеңесші болуы, мемлекет істеріне араласуы. Жырау – хан мен халықтың арасындағы дәнекер тұлға.

«Жырау» деген термин өзіміздің «жырлау», «жарламақ», «жыр айту» деген сөздерінен шыққан. Бұл сөздердің түп-төркіні ежелгі «жыр», «жыршы» деген ұғымдармен астасып жатыр. Ш.Уәлиханов кезінде жырдың белгілі бір әуенмен қобыз сүйемелдеуі арқылы орындалып, батырлардың ерлік істерін дәріптеуге құрылатынын айта келіп: «Жыр дегеніміз – рапсодия», «Жырламақ» етістігінің өзі белгілі бір әуенмен жырлау мағынасын білдіреді. Бір жайт: батырдың өмірі мен ерліктеріне қатысты оқиғаның бәрі қара сөзбен баяндалады, жыр поэма қаһарманы мен басты кейіпкерлерді сөйлету қажеттігі туған кезде ғана қолданылады», - деп жазды [1, 35 б.].

«Жыр», «жыршы» ұғымдары әдебиетімізде ертеден-ақ туып, қалыптасқан. Бұл ұғымға өз жанынан өлең шығаратын сан алуан суырып салма ақындар жатқызылған. Қазақтың жыр өлеңінің мазмұнындағы, құрылысындағы айырмашылықтарды көріп, алғаш әңгімелеген кісі – Құрбанғали Халидұлы. Ол жыршы мен ақынның өлеңшілердей емес, өз жанынан өлең шығарып айтатын дарыны, қасиеті бар деп санап: «Ақындардың бір бөлігін «жыршы» дейді. Бұлар ақынмен тең түседі. Шығармаларында айырмашылық бар. Ақын шығармасын «өлең» дейді. Олардың бір жолы төрт немесе одан да көп сөзден тұрады. Ал жыр болса, одан гөрі қисынға құрылған қиыннан қиысқан үш сөзден тұрады. Мысалы, Бұқар жыршының жыры (поэзиясы), Асан атаның мақал сөздері және Абылай хан қайтыс болғандағы Бұқардың көңіл айтуы да жырға жатады».

В.В.Радлов жырды шумаққа бөлінбейтін импровизация, қайғылы жыр жоқтау деп жіктеп, ал жырауды – жыршы, көнені жырлаушы, алдын болжаушы (предсказатель) деп түсіндіреді. Сондай-ақ, қазақ жырының көнелі сипатын әңгімелегенде «Қайсібір жырларда

көне түрік ұйқастарының заңдылық іздері сайрап жатыр, бұны, әсіресе сондағы аллитерация, акростих және ішкі ұйқастар мен көне мәтелдерден айқын аңғаруға болады», - дейді. Сөйтіп, жыр мен жыраудың импровизация тарихында ең көне түр екендігі В.В.Радлов, Ш.Уәлиханов, Ә.Марғұлан, Х.Зарифов, Жирмунский, М.Әуезов, С.Мұқанов, М.Мағауин, Ә.Дербісәлин, З.Ахметов, Н.Келімбетов, Х.Сүйіншәлиев, Р.Бердібаев, Е.Ысмайылов, Е.Тұрсынов, Қ.Айымбетов, Н.С.Смирнованың зерттеулерінде мақұлданған. Әдебиетшілер Ә.Марғұлан, Е.Ысмайылов, З.Ахметов жыраулардың эпикалық жыр тудырудағы рөлін, алдын болжай алатын болжағыш, білгір, көреген қасиеттерін баса көрсетеді.

Қазақ жырауларының сан ғасырлық шығармашылығын, оның дамуын, қалыптасуын, негізінен, үш кезеңге бөліп қарастырамыз. Бірінші кезең XI-XIV ғасырларды қамтиды. Бұл топқа жыраулық дәстүрдің негізін қалаған алғашқы өкілдері – Қорқыт, Аталық (Кетбұға), Сыпыра жырау мен Қодан тайшының бізге жеткен мұраларын жатқызамыз. Екінші кезең XV-XVI ғасырлар аралығы. Жыраулық өнер қалыптасуының бұл кезеңіне Асан қайғы, Қазтуған, Шалкиіз, Доспамбет шығармашылығы кіреді. Үшінші кезең XVII-XVIII ғасырлар. Бұл кезеңде жыраулық дәстүр әбден толысып, кемелденген. Өкілдері: Үмбетей, Жиымбет, Тәтіқара, Ақтамберді, Бұқар жырау.

Жыраулардың өмірін, шығармашылығын зерттеу, оны қағаз бетіне түсіру, олардың шығармашылығын талдап, баға беру ұзақ уақыт аралығын қамтиды. Уақыт сыны олардың шығармашылығына әр түрлі көзқарастар туғызды. Уақыт сынынан туындаған осы көзқарастарды пайымдау арқылы ғана біз жыраулық өнерді тани аламыз. Осы жайында Ә.Дербісәлин: «Сан жүздеген жылдардың ауыр сыны мен салмағынан ақын мен жыраудан жүйріктің жүйрігі ғана оның өзінде болмашы үзіктері мен жеке жолдары, шумақтары ғана шаршап-шалдығып жетті» дейді [2, 77-130 бб.].

Жыраулық өнердің зерттелінуі және жариялануы әдебиетімізде XIX ғасырдың екінші жартысында басталады. Жыраулар поэзиясының жиналып, жариялану және зерттелуін кезеңдерге бөліп қарастыруымызға болады. Олар: XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап, XX ғасырдың басына дейінгі кезең. Бұл кезеңге Ш.Уәлихановтың, В.В.Радловтың жыраулық поэзияға қатысты пікірлерін жинап бастыруы жатады. Осы кезеңде жыраулар мұрасы М.Османовтың «Ноғай уа құмық шығырлары», М.Бекмұхамедовтың «Жақсы үгіт», Ғ.Мұштақтың «Көксілдер», «Шайыр», Қ.Халидұлының «Тауарих хамса», А.Берқалиұғлының «Ақын» секілді құрастырған жинақтары мен еңбектеріне енген. Келесі зерттелу кезеңіне XX ғасырдың басынан 1959 жылға дейінгі аралықта зерттелген мұралар жатады. Одан кейінгі жыраулар поэзиясының зерттелуі 1959 жылғы әдеби мұралар жайлы мәселелер көтерілген конференциядан бүгінгі күнге дейінгі аралықты қамтиды.

Ш.Уәлиханов қазақтан шыққан зерттеуші-ғалым. Ол қазақтың халық поэзиясына ертеден қызығушылық танытады. Жастайынан алғашқы халық ауыз әдебиеті үлгілерін жинап, жазып алып жүрген. Осы орайда «Қазақ әншілері мен жыршыларының Шыңғыстың үйіне жиі келіп жүргендігі де Шоқанның халық поэзиясын қастерлеу сезімінің ерте оянуына елеулі әсер еткен» деген пікірге қосыламыз. Сонымен қатар ол «Ноғайлардың философ данасы Асан қайғы да осы күнге дейін далалықтардың аузынан түспейді» [3, 16-124 бб.] деп Асан қайғының қазақ хандығы құрылған тұста өмір сүргенін, Жәнібек ханның ақылды, дана кеңесшісі болғандығын айтқан. Тіпті, аңызға айналған Асан қайғыға «көшпенділер философы» деп ат берген де осы Ш.Уәлиханов.

Қазақ халқының тілін, тұрмыс-тіршілігін зерттеуші ғалым – В.В.Радлов. Оның «Образцы народной литературы тюркских племен» деген еңбегінде қазақ халқының поэзиясы, халық поэзиясын жасаушы ақын-жыраулар туралы айтылады. В.В.Радлов қазақ халқының фольклорлық және жазба әдебиетіне дейінгі кезеңде туған әдеби шығармаларды «халық шағармашылығы» деп атап, оның қасиеті жайында «халық рухының көрінісі мен жетістігі, сондықтан да ол өте кең таралған және халық арасында үлкен құрметке ие» [4, 10 б.] деп бағалайды.

XX ғасырдың басында жарық көрген алғашқы теориялық зерттеу еңбектерінің бірі – М.Әуезовтің «Әдебиет тарихы». Бұл еңбек 1927 жылы жарық көрген. М.Әуезов осы зерттеу еңбегінің мақсатын кітаптың алғысөзінде былай деп көрсетеді: «Әрбір тарих белгілі жолдағы істің өскенін, гүлденгенін сөз қылады. Әдебиет тарихының міндеті: бір жұрттың тіліндегі ауызша, жазбаша әдебиеттердің ішінен үлгі болған белгілерін бөліп шығару. Ол белгілер сол елдің әдебиет жолындағы жаңа сөзі болуы керек. Әдебиет тарихы белгілі бір дәуірлерді, мезгілдерді бөліп шығарады. Халықтың әдебиеті алғашқы шыққаннан бастап, белгілі бір кезеңге дейін тарихтың ішіне кіру керек. Әр мезгілдің үлгісі қандай, неден туды, басқа өмірмен қандайлық тарихи байланысы бар, сол айтылуы керек».

Осы еңбекте М.Әуезов жазба әдебиетті жыраулық поэзиядан бастайды. Оған дәлел зерттеушінің мына пікірі: «Қазақ елінің жазба әдебиеті алғашқы дәуірінде ел өмірінің осы сияқты қайнар бұлағынан, жуан тамырынан шыққандығын ойласа, бергі заманда шыққан Абай сияқты ақындарды туғызған анайы топырақ, арғы ата-бабаның кім екенін анық ұғамыз. Осы жайды ұғынсақ қазақтың жазба әдебиеті кешегі өткен Абай емес, одан көп арғы жердегі сай мен көп саладан суат алатынын түсінеміз. ... Әрине, бұл жіктің алғашқысына қосатынымыз: Асан қайғы, екінші Бұқар жырау» [5, 5-16-207 бб.].

«Жыраулар поэзиясының құндылығы неде?» деген сұраққа М.Әуезов былай жауап береді: «Бұл дәуірдегі әлеумет тіршілігінің ең шешуші мәселесін әдебиет жүзіне түсіріп, алғашқы рет қалың ел қамын ойлап, күңіренген қария – Асан. Бұл заман сыншысы сөйлесес, шешілмеген жұмбақ, түйіні шатасқан сөздерді ғана сөйлейді, өзі туған заманның белгілерін қарап, келешек заман не айтарын болжайды: сөзінің бәрі терең ой, терең мағынамен сөйленеді. Айтпақ жайларын ашып, ұғымды қылып айтып бермейді. Әдейі көмескілеу жұмбақ қылып айтады. Жыраудың сөзі мақсатсыз айтылмайды. Не айтса да көптің мұңы, көптің жайы туралы, не көпке арналып ақыл, өсиет есебінде айтылады» [6]. М.Әуезовтің осы пікірінде жыраулық өнердің идеялық-көркемдік мәні тереңінен ашылған.

М.Әуезовтің «Әдебиет тарихы» зерттеу еңбегі туралы: «Мен Қобыланды батырлармен, Баян бастаған ақылды сұлулармен табысқанымға қуандым. Билер сөзін естігенде не деген шешен елміз дедім, өзімізді де ірі сезіндім. Ал Асан, Бұқар, Махамбеттер менің бала жүрегімді дірілдетті. ... алдарында еріксіз бас идім. Мұхаң мені олармен де айрылмастай табыстырды» деп Ә.Тәжібаев тиісті баға берді [3, 16-124 бб.].

Жыраулар поэзиясын арнайы зерттеуде М.Әуезовтің «Қобыз сарыны», Қ.Сыдықовтың «Ақын-жыраулар», Е.Ысмайыловтың «Ақындар», Е.Тұрсыновтың «Қазақ ауыз әдебиетін жасаушылардың байырғы өкілдері» деген зерттеулерін, Ә.Дербісәлиннің «Дәстүр және жалғастық» деген монографиясын және «Ерте дәуірдегі қазақ әдебиеті» деген ұжымдық еңбекті атауымызға болады.

М.Мағауин жыраулар поэзиясын зерттеушілердің бірегейі. Ол жыраулар мұрасын арнайы зерттеуді XX ғасырдың 60-жылдарынан бастаған. Алғашында XV-XVIII ғасырларда өмір сүрген жыраулардың аты-жөндерін, өлең-жырларын қарастырып, мақала ретінде жекелей жариялап отырған. Толымды зерттеулер жүргізе отырып 1968 жылы «Қобыз сарыны», 1970 жылы «Алдаспан», 1984 жылы «Бес ғасыр жырлайды» антологиясын жарыққа шығарады.

Көрнекті әдебиет зерттеушісі М.Мағауин өзінің еңбектерінде XV-XVIII ғасырларда өмір сүрген Асан қайғы, Қазтуған, Шалкиіз, Доспамбет, Жиёмбет, Марғасқа, Ақтамберді, Тәтіқара, Үмбетей, Бұқар, Көтеш, Шал ақын сынды ақын-жыраулар шығармашылығын алғашқы болып арнайы қарастырады. Олардың өмірбаяндық деректерін, олардың өздеріне поэзияларына тән ерекшеліктерін, қолданатын көркемдік әдіс-тәсілдерін көрсетеді. «Қобыз сарыны» еңбегінің «Ақын және жыраулар» деп аталатын соңғы тарауында жыраулар творчествосын жыр құрылысы (ұйқас, ырғақ, бунақ, тармақ) тұрғысынан алып, ашып талдайды.

Зерттеуші ғалым Е.Тұрсынов өзінің еңбегінде жырауларды халық ауыз әдебиеті үлгілерін таратушы, оларды жасаушы ретінде алып, сал, сері, жыраулардың шығу тегін, шығармаларындағы типтік ерекшеліктерді қоғамдық, әлеуметтік аспектіде қарастырады.

Ал Қ.Сыдиықов өз еңбегінде жыраулық дәстүрдің жалғасу жолын, оның сол замандағы сипатын, өзіндік ерекшеліктерін зер салып, зерттеген.

Жыраулар мұрасын зерттеуде сүбелі үлес қосқан ғалым – Есмағамбет Ысмайылов. Оның 1956 жылы жарық көрген «Ақындар» деген еңбегінде халықтың рухани, мәдени өмірінде ойып тұрып орын алатын жыраулардың болмысы, олардың синтетикалық өнердің иесі екендігі, олардың бойында бірнеше өнердің қатар тұтасып түйісуі секілді қасиеттері баяндалады. Е.Ысмайылов халық мұрасын таратушы жырауларды бірнеше түрге жіктеп, олардың ортақ белгілері мен ойыrmашылықтарын көрсетеді. Мысалы, жырау, ақын, импровизатор, жыршы, әнші, сал-серілер, өлеңшілер деген ұғымдарға түсініктеме беріп, бұл сөздердің шығу төркінін, мағынасын тереңінен ашып талдайды.

Зәки Ахметов жыраулардың әлеуметтік-қоғамдық қызметін эпостық жырлармен байланыстыра алып қарап: «Жыраулар творчествосының жанрлық ерекшеліктері – олар өз жырларын қазақ халқының көне поэтикалық үлгісі – толғаулар арқылы таратқан. «Жырау» сөзінің көп мағынасы эпостарда ғана сақталып қалған. Мұны эпостық кейіпкерге айналған Сыпыра жырау бейнесінен анық аңғарамыз. Бертін келе бұл ұғым өзгерген, жаңа мағынасында қолданыла бастады», - дейді. Жыраулар импровизация дәстүрінің негізін қалаушылар емес, олар оны жалғастырушылар. Осы жайында Ә.Тәжібаев: «Жырау – сөз жоқ ақын. Ақын болмай жұрт қадірлейтін жырау атану мүмкін емес. Ақындығы күшті жыраулардың жалынды жырлары үнемі жаңғырып, кейінгі ұрпаққа сиқын бұзбай көрікті күйінде жетіп отырады. Ал, жыраулық – ертеден келе жатқан халық поэзиясының үлкен бір дәстүрлі саласы», - деп жыраулық өнерді әдебиетте орны бөлек, жеке дара сала ретінде қарастырады. Ал, Ә.Марғұлан: «Жыраулар эпикалық жырды жасаушылар болуымен қатар, қоғамдық өмірдің барысын, болашақты болжап айтатын жеке профессионалдық топтың да ірі өкілдері» десе, бұл айтылған пікірді ары қарай Ә.Қоңыратбаев былай жалғастырады: «Ертегі, ұсақ салт жырлары жай айтушылардан басталса, эпос профессионал жыраулардың үлесінде болған». Осы аталғандар әдебиетіміздің дамуындағы қайталанбайтын негізгі ерекшеліктердің бірі болып табылады. [1, 38 б.].

Жыраулық өнердегі сөздердің қолданысы, олардың шығу тарихы, мағынасы мен мәні, поэзиялық тілі мен түрлеріне қатысты құнды пікірлер Р.Бердібаев, Р.Сыздықова, С.Қирабаев, Қ.Өмірәлиев, Т.Қоңыров, Б.Хасанов секілді ғалымдардың зерттеу еңбектерінде жолығады.

Қорыта келгенде, қазақ әдебиетінде жыраулық поэзияның алатын орны ерекше. Жыраулар қоғамдық-әлеуметтік мәні зор үлкен, келелі мәселелерді жырласа, сол замандағы ақындар өмірмен қоян-қолтық, бетпе-бет келіп, санқилы тақырыпта өлеңдер шығарып отырған. Көне дәуірлерден бері фольклорлық туындылармен өзектесе, жарыса дамып келген бұл сала халқымыз бастан кешкен тарихи оқиғалардың көркем шежіресі іспеттес ел тұрмысының сан алуан қырларын қамтып, бейнелеуге әр кез елеулі үлес қосып отырған.

Жыраулар поэзиясы – халқымыздың сан ғасырлық өмірін өнер өрнегіне, ақыл, нақыл сөзіне бейнелеп түсірген, өлмес, өшпес мұрамыз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақ әдебиетінің тарихы, III том. – Алматы: Ғылым, 2000
2. Ерте дәуірдегі қазақ әдебиеті. – Алматы, 1983.
3. Уәлиханов Ш. Таңдамалы. – Алматы, 1985.
4. Радлов В.В. Ел қазынасы – ескі сөз. – Алматы, 1994.
5. Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы, 1991.
6. Әуезов М. Әдеби мұра және оны зерттеу. – Алматы, 1961

БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІ ДАЙЫНДАУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ- ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Суюнова Г. Т., «Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы
2 курс магистранты

Ғылыми жетекші: Капенова А. А., п.ғ.к. қауымдастырылған профессор (доцент)
Илияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті., Талдықорған қаласы

E-mail: suyunova-2017@mail.ru

Бұл мақалада болашақ мұғалімдерді дайындаудың психологиялық-педагогикалық негіздері туралы баяндалады. Мұғалімдердің біліктілігін арттыру әрқашан педагогиканың өзекті мәселелерінің бірі болған. Оның бір себебі – ғылым мен техниканың дамуы, экономиканың дамуы мен әлеуметтік қамсыздандыру т.б. Бірақ алдымен психологиялық-педагогикалық тұрғыда қолдау міндетті. Оқыту мен тәрбие берудегі өзгерістерге байланысты жаңа ұрпақ педагогтарын даярлау да үнемі өзгеріп отырады. Оқу-тәрбие процесін басқарудың педагогикалық-психологиялық мәселелерін анықтауда мұғалім мен студенттер арасындағы қарым-қатынасты ұйымдастыру мұғалімнен теориялық білімді талап етеді.

Тірек сөздер: білім, оқу үдерісі, педагогикалық-психологиялық, педагог, маман.

В статье рассмотрены психолого-педагогические основы подготовки будущих учителей. Подготовка учителей всегда была одним из важнейших вопросов педагогики. Одна из причин - развитие науки и техники, экономическое развитие и социальное обеспечение и т. д. Но в первую очередь требуется психологическая и педагогическая поддержка. В связи с изменениями в обучении и воспитании постоянно меняется подготовка учителей нового поколения. Организация взаимоотношений учителя и учеников при определении педагогических и психологических проблем управления учебным процессом требует от учителя теоретических знаний.

Ключевые слова: образование, образовательный процесс, педагогико-психологический, педагог, специалист.

The article discusses the psychological and pedagogical foundations of the training of future teachers. Teacher training has always been one of the most important issues of pedagogy. One of the reasons is the development of science and technology, economic development and social security, etc. But first of all, psychological and pedagogical support is required. Due to changes in education and upbringing, the training of teachers of the new generation is constantly changing. The organization of the teacher-student relationship in determining the pedagogical and psychological problems of educational process management requires theoretical knowledge from the teacher.

Keywords: education, educational process, pedagogy-psychological, teacher, specialist.

Тұңғыш Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев халыққа Жолдауында жастарға ерекше көңіл бөлді. Ол Қазақстанның 2050 жылға дейінгі әлемдегі орнын және бағындырылуы тиіс биіктерді айқындап берді.

Өркениетті елдердің қатарында болу қазіргі жастардың жоғары білімді, мәдениетті маман етіп тәрбиелеуіне тікелей байланысты. Оқу орындарына қойылатын басты талап – жан-жақты білімді, кәсіпқой, қабілетті, іскер маман дайындау. Өскелең ұрпақтың тағдырына сеніп тапсырылған ұстаздық мамандықты дамыту қажеттілігі күннен-күнге артып келеді. Заманауи білім - өмір бойы қызмет етудің негізі. Қазіргі таңда мұғалімдерден заманауи зерттеушілік дағдылар талап етіледі. Демек, мемлекеттік саясаттың талаптарына

жауап беретін педагог кадрларды даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру жүйесін құру қажеттілігі туындады [1].

Өмір бойы білім берудің тетігі – адамның рухани дүниесін байытып, оны жаңа экономикалық және қоғамдық-саяси деңгейге көтеру, ғылыми-техникалық ақпараттар алу, ақыл-ойы мен мәдениетін көтеру. Болашақ мұғалімдердің ерекшелігі – олар тек дәстүрлі оқу-тәрбие үрдісін меңгеруге ғана емес, сонымен қатар кеңірек және жан-жақты – ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалануды қалыптастыру негізінде жаңадан шыққан жаңа тұлға ретінде бағдарланады. Қазіргі оқу орындарында болашақ мамандарды даярлаудың күрделілігі, оқушы тұлғасын бағдарлау және оны жетілдіру жолдары маңызды әлеуметтік-педагогикалық міндеттердің бірі болуы керек.

Бүгінгі таңда білім берудің барлық салаларында оқу үдерісін ақпараттандыруды жетілдіру бойынша педагогика ғылымының даму тенденциялары айқын байқалады. Соңғы жылдары әлемдік қоғамдастықтың өмірінде компьютерлік және телекоммуникациялық технологиялардың рөлі түбегейлі өзгерді.

Бізді әлемді шарпыған жаһандану үдерісі, ғылым мен білім саласындағы бәсекелестік, жаһандық өзгерістер де алаңдатады. Болашақта, әрине, білімді ел ғана кез келген бәсекеге төтеп беріп, аман қалады. Ел болашағы – білімді ұрпақ. Сондықтан білім берудегі жаңа реформаларды жүзеге асыру ұстаздардың ортақ міндеті. Ұстаздық – қасиетті де өте көне кәсіп [3]. Өскелең ұрпақты өмірге дайындау – қоғамдық құрылымның өзгеруіне қарамастан адамзатты бұрыннан толғандырып келген маңызды мәселе. Бұл күрделі сұрақ, өйткені әрбір адам қоғамдағы саяси-әлеуметтік қарым-қатынастар дамып, дүние жүзінде мемлекетаралық интеграция күшейген сайын мұғалімнің рөлі де қиындай түсетіні анық.

Білім беру адами қасиеттерді өзгертуге жетелейтін процесс болғандықтан, ол мұғалім мамандығының кәсіби шеберлігін дамытуға бағытталған. Сондықтан біз «адамды» өмір барысында өзгертін ашық жүйе ретінде қарастыруымыз керек. Ол белгілі бір саланың маманы болғандықтан, «адамға» маман тұрғысынан қарау «біліктілік» ұғымына әкеледі. Біліктілік – білім мен тәжірибені меңгерудегі білім мен құндылықтарды көрсететін жалпы қабілет. Бүгінгі таңда мұғалімдердің біліктілігін арттыру қоғамдық мәселе ретінде қарастыру қажет. Өйткені білімді тереңдету, көбейту, жетілдіру, арттыруды тек адамға ғана емес, қазіргі қоғамға да қажетті іс-әрекет деп қарауымыз керек. Бұл мұғалімнің өз ісіндегі жетістігі туралы ғана емес, оның ауқымын әлдеқайда кеңірек қарастыру қажет.

Ұстаз – бүгінгі шәкірт – ертеңгі қоғамның, елдің тірегінің өмірге дайындайды. Мұғалім мамандығының құндылығы да осында [2].

Мұғалімдердің білім деңгейін ұдайы арттыру – олардың шығармашылық жұмысының басты факторы. Еліміздің білім беру саясатының өзекті мәселелерінің бірі – осы мұғалімдерді жүйелі түрде даярлау болып табылады, өйткені бүгінгі ұстаздар өз шәкірттерін ақпараттандырып қана қоймай, олардың білім, ақпарат, экономика әлеміне енуіне, т.б. Қатты бәсеке. Өскелең ұрпақты оқытудың тиімді ортасын құру көбінесе мұғалім мәселесін зерттеу үшін өзекті болып табылады [2]. Болашақ ұстаздың міндеті – жігерлі, жүрегі жылы, жан-жақты тұлға қалыптастыру. Бүгінгі таңда жас ұрпақтың таланты мен қабілетін аша түсу, шығармашылық ой-өрісін дамыту, өзіне деген сенімін нығайту, бір сөзбен айтқанда, өмір жолын тандауға ынталандыру – ұстаздар қауымының абыройлы міндеті. Педагогикалық жұмыстың шебері болу кездейсоқ емес, ол педагогикалық мамандықта көптеген себептерге байланысты орын алады. Демек, педагогикалық шеберліктің басты шарты – психология мен педагогика ғылымдарын терең білу. Мұғалім оқушыларға өз пәні бойынша білім беріп қана қоймай, соған сәйкес оқушыны оқытып, дамытады. Бұл мұғалімге баланың жас және жеке ерекшеліктерін білуге мүмкіндік береді, соған сәйкес оқушы тәрбиеленіп, тұлға болып қалыптасады [4]. Ол үшін мұғалім баланың жас және жеке ерекшеліктерін білуі керек. Сондықтан келешек ұрпақты оқыту мен тәрбиелеуде кәсіби шеберлігі мен педагогикалық шеберлігі жоғары болуы үшін болашақ ұстаздар арнайы педагогикалық-психологиялық зерттеулер негізінде анықталған ұстаздық

кәсіпке тән біліктер мен дағдыларды меңгеруі қажет. Педагогикалық іс-әрекет өте серпінді жүйе болғандықтан, оның өзіндік ерекше құрылымы бар. Мұғалімдердің біліктілігін арттыру әрқашан педагогиканың өзекті мәселелерінің бірі болған және болып қала береді. Оның бір себебі – ғылым мен техниканың дамуы, экономиканың дамуы мен әлеуметтік қамсыздандыру т.б. Оқыту мен тәрбие берудегі өзгерістерге байланысты жаңа ұрпақ педагогтарын даярлау да үнемі өзгеріп отырады.

Бүгінгі оқушы – ертеңгі маман. Оқу-тәрбие процесін басқарудың педагогикалық-психологиялық мәселелерін анықтауда мұғалім мен студенттер арасындағы қарым-қатынасты ұйымдастыру мұғалімнен теориялық білімді талап етеді. Болашақ маманның кәсіби-педагогикалық функциялары: конструктивті, ұйымдастырушылық, коммуникативті, дамытушылық, ақпараттық, зерттеушілік. Жоғары білімді дайындаған мамандардың білімі жоғары болуы керек. Өйткені, бұл талап салыстырмалы түрде біртұтас білім беру саласы ретінде әрбір мамандық бойынша білім мазмұнын анықтауы керек. Білім берудің кешенді мазмұнын бойына сіңірудегі, оқу-тәрбие үрдісін, педагогикалық процесті ұйымдастырудың заманауи принциптерін жүзеге асырудағы басты міндет, яғни мұғалім мен оқушылардың іс-әрекетінің өзара байланысы мен жүйелілігі. Сондықтан қазіргі жоғары білімнің алдында студенттер мен оқытушылар жұмысының түрлері мен әдістерін жүзеге асыру мәселесі тұр [6]. Бүгінгі таңда елімізде бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеудің маңызды міндеттерін шешуге бағытталған білім беру саласында үлкен серпіліс жасалуда. Мұғалімнің кәсіби қабілеттері оның өзін-өзі дамытуға дайындығына тікелей байланысты. Бұл мәселені әлеуметтік-педагогикалық тұрғыдан қарастыру үшін мұғалімнің субъект ретінде өзіне жүктелген міндеттерді орындауға дайын екендігіне көз жеткізу керек. Әрине, оның кәсіби өсуі көбіне тұлғасына байланысты. Осылайша, тұлғаны дамыту, іскерлік және әдістемелік жетілдіру, кәсіптік және пәндік білімдерін толықтыру компоненттерінде олардың қажеттіліктерін жүзеге асыру мүмкін болады. Мұнда «өз қажеттіліктерінді сезіну» кәсіби қызметтің негізі болып табылады. Өйткені, ол өзінің әлеуметтік әлеуетін қалай дамыту керектігін білгісі келді. «Еліміздің саяси-экономикалық, мәдени-әлеуметтік өміріндегі өзгерістерге сәйкес жоғары оқу орындарына білікті, білікті, бәсекеге қабілетті, ауқымды, жан-жақты дайындалған мамандарды дайындауға, мазмұны мен мазмұнын өзгертуге деген ұмтылысына үлкен жауапкершілік жүктеледі. сипаттамалар. олардың әлеуметтік-экономикалық және рухани дамуы, ал жұмыс сапасына қойылатын талаптардың артуына байланысты өз ісін жетік білетін білікті мамандар қажет» [8].

Кәсіби білімді маманның құзыреттілігі – бұл маманның тұлға ретіндегі қасиеттері мен ішкі психикалық күйлерінің күрделі жүйесі, оның кәсіби қызметі мен қабілеттерін жүзеге асыру. Құзыреттілік – адамның өз біліктілігіне (білімі мен тәжірибесіне) қарай шешім қабылдау немесе белгілі бір білім мен дағдыға сәйкес шешім қабылдау қабілеті. Құзыреттілік – адамның теориялық білімі мен практикалық тәжірибесі, белгілі бір міндеттерді орындауға дайындығы мен қабілеттілігі. Ол жансыз жаттанды білім түрінде емес, жеке тұлғаның танымға, ойлауға және іс-әрекетке қатынасы, белгілі бір мәселелерді ұсына білу және шешу, олардың барысы мен нәтижелерін талдай білу, ұдайы ұтымды түзетулер енгізу әрекетінде көрінеді. Құзыреттілік – оқушының ақпараттық сауаттылығы емес, оның есептерді дұрыс шеше білуі. Болашақ мұғалімнің құзыреттілігін орта кәсіптік білім беру жүйесінде қалыптастыруды қарастыратын болсақ, онда білім, қабілет, дағдының болуы, яғни бір сөзбен айтқанда, маманның педагогикалық қызметке дайындығы туралы айтуға болады. Кәсіби құзыреттілік – мұғалімнің жеке қасиеттері мен оның психологиялық-педагогикалық және теориялық білімінің, кәсіби біліктілігі мен дағдысының, тәжірибесінің жиынтығы. Өз ісінің шебері, жақсы ұстаз, болашақ маман болу үшін өз мамандығына қажетті дағдыларды меңгеріп, әлемдік мәдениетті, өз елінің мәдениетін, қарым-қатынас мәдениетін, тіл мәдениетін, интеграциялық процестер мен әлемдік білім беру кеңістігінен шығуға ұмтылу. Ғылымның және технологияның қазіргі жағдайын бейнелейтін іргелі білім беру болашақ мамандардың тек тәжірибені белсенді қабылдауды ғана емес, сонымен бірге

интеллектуалдық шығармашылық қабілеттілігін анықтайды. Білім берудің осындай түріне қазіргі жоғары оқу орындары бағытталған. Болашақ мамандардың, яғни студенттердің зерттеу біліктерін меңгеру қажеттілігі, бір жағынан, Мемлекеттік стандарттың талаптарымен айқындалады, онда бітірушінің осы кәсіби аспектісі нақты анықталған; екінші жағынан, қазіргі мамандардың кәсіби іс-әрекетімен айқындалады. Мысалы, педагогтардан болашақ мамандарды дайындауда іс-әрекеттің шығармашылық табиғатына сәйкес соның ішінде оны ұйымдастырудың мәселесіне ғылыми тұрғыдан қарауға білім беру үрдісін зерттеу білігін талап етеді. Сондықтан да жоғары оқу орындарының студенттерін зерттеу жұмысы процедурасымен таныстыру керек, оны өткізудің дағдыларын қалыптастыру маңызды. Мысалға, оқыту барысында зерттеушілік білігін қалыптастыру. Ол кафедраның ғылыми-зерттеу жұмысына студенттің қатысуы барысында қалыптасады. Соңғысына студенттерді бағыттары мен кафедра педагогтарының ғылыми жұмысы ерекшеліктері тақырыпшасымен кеңінен таныстыру ықпал етеді, оларды проблемалық топтарға қатыстыру, табысты зерттеу жұмысын жүргізетін оқытушыларға 1-ші курстан бастап «бекіту» ретінде анықтаймыз.

Осы бағыттағы тиімді жұмысты қамтамасыз етудің бірінші шарты ретінде бүкіл кәсіби дайындықтың жүйесін асыру барысындағы зерттеушілік білімдердің тиімді қалыптасу процесінің үздіксіздігі мен тұтастығын ерекше айтамыз. Оған аудиториялық сабақ пен студенттің өзбетінше жұмысы (студенттің оқу-зерттеу жұмысы мен ғылыми-зерттеу жұмысы), аталған біліктерді саналы және шығармашылық меңгерудегі түрлі әдістер мен тәсілдерді пайдаланумен байланысты тәжірибе жатады.

Зерттеу біліктерін қалыптастырудың маңызды шарты ретінде зерттеу іс-әрекетінің мотивациясы болып табылады: қызығушылықтарын қалыптастыру, зерттеу жұмысы қажеттілігін, кәсіби өсу үшін зерттеу біліктер жүйесін меңгерудің маңыздылығын негіздеу. Мысалға, осы жұмыстың бастамасы ретінде 1-ші курстан бастап, «Мамандыққа кіріспе» деп аталатын курс ұйымдастырылады, оның барысында кәсіби іс-әрекеттің ерекшелігі мен шығармашылық сипатын ашуға болады. Практикалық сабақтарда өзін-өзі тану, өзіндік қызығушылықтары мен қабілеттерін талдау, олардың таңдаған кәсіпке сәйкестілігін анықтау үшін жағдайлар жасалынады. Конференцияға рефераттарды дайындау барысында студенттер жаңашыл-зерттеушілердің жетістіктерімен танысады, шартты түрде айтқанда, «өзіне салып көреді» шеберге лайықты кәсіби біліктер мен тұлғалық қасиеттерді дамытады. Оның барысында келесідей зерттеу біліктерін меңгеру қажеттілігін саналы түрде ұғынады, бар тәжірибені талдау, проблеманы тұжырымдау, өз жұмысының нәтижесін жүйелеу сияқты білігі.

Аталған біліктердің қалыптастыру мен зерттеу жұмысына қызығушылықты тудыру шарасына түрлі кәсіби жағдайларды талдау мен диагностикалауды өткізу, жоғары курс студенттерімен орындалатын тапсырмалардың зерттеушілік сипаты және т.б. басқа әдістері жатады. Сонымен қажетті білімдер жүйесі және қалыптасқан зерттеу біліктерімен бірге зерттеу іс-әрекетіне оң көзқарастың болуы болашақ маманның тиімді кәсіби іс-әрекетке дайындығын қалыптастырады.

Екінші шарты жоғары оқу орындарындағы студенттердің кәсіби-тұлғалық мәдениетін қалыптастыру болады. Болашақ маманның кәсіби дайындаудың тиімділігі сонымен бірге жүйелілік-құндылық көзқарасы тұрғысынан қарамақайшылықтардың талдауын жоғары білім берудің қазіргі жүйесінің талдауын талап етеді. Маманның кәсіби-тұлғалық мәдениеті оның іс-әрекетінің бүкіл жүйесін қамту керек. Осыған орай жоғары оқу орындары студенттерінің білімберу мазмұнын қалыптастыруда жүйелілік-құндылықтық көзқарасы өзекті болады. Болашақ маманның мәдениетін қалыптастыру проблемаларын тиімді шешу, оның әлеуметтік қасиеттерін дамыту, оқу-тәрбие және ұйымдастырушылық жұмысты талдау, теориялық және нақты-әлеуметтік зерттеулердің, тұлғалық және мәдениет теориясы нәтижесін жалпылау негізінде анықтаймыз. Мысалы, Ә. Табылдының пікірінше: «Ұлттық мәдениеттің қайнар бастау – оның (ұлттың) рухани азығының асылдық

қасиеттеріне байланысты. Халықтың рухани қуатын арттыратын қозғаушы күш – оның әдебиеті, өнері, әдеби мен эстетикалық болмысы. «Әдеп-мәдениет негізі», «әдет-ғұрып, салт –дәстүрлер – халық мәдениетінің көрсеткіштері» т.б. тақырыптар бойынша оқылатын лекцияларда ұлттық мәдениеттің негіздері, оның бұрынғысы мен қазіргісі және болашағы ғылыми дәлелдемелермен айқын көрсетіледі». Осы анықтамаға сүйене айтатынымыз, мәдениет білімберушілік құндылық ретінде студенттерді дамыту мен тәрбиелеуде тұрмыстың, ойлаудың, сауықтырудың мәдениетінде, қатынасында, қарым-қатынасында, дүниетанымдық мәдениетінде, эстетикалық іс-әрекетінде көрініс береді.

Бұл жерде маңыздысы – болашақ маман тұлғасының мәдениеті қалыптасуының механизмдерін зерттеу мақсатты түрде ұйымдастырылған жоқ, бірақ дамытушылық білім беру мен мәдениеттің аспектілері қаралады. Олардың өзара байланысы мен өзарауысуы қаралады. Осыған орай болашақ маманды дайындау жүйесінде студенттердің үнемі өз кәсіби дәрежесін көтеру қабілетін дамыту шеңберінде жүйелілік-құндылық көзқарасының маңыздылығы оқу-тәрбие процесі барысында анықталады. Осыған байланысты жоғары кәсіби білім беру іс-әрекет ретінде қарастырылады, оның мақсаты – болашақ маманның интеллектуалдық-адамгершілік тұлғасын дамыту, тұлғалық өсуінің қамтамасыз ету ретінде анықтаймыз.

Болашақ маманды дайындаудағы жүйелілік-құндылықтық көзқарасы жүйе ретінде түсініледі, ол жаңа ғасырдың мәдени және гуманистік құндылықтарын есепке алу негізінде құрылады: субъектіліктің, диалогиялықтың, дамытушы бағыттылықтың, кіріктірушіліктің, іргеліліктің, үздіксіздіктің. Сонымен, қазіргі білім беру парадигмасын әлеуметтік-тұлғалық, тұлғаға-бағдарлаушылық, гуманистік білім беру анықталады. Университеттік білім беруде әдетте парадигманың келесі өзгермелі түрлері айтылады мәдени-құндылықтылық парадигмасы, академиялық парадигмасы, кәсіби парадигмасы, технократиялық парадигмасы, гуманистік парадигмасы. Жетекші білімберушілік парадигмасының әсерімен университеттік білім берудің басқа моделдері қалыптасады: а) дәстүрлі немесе классикалық; б) рационалистік.

Мәдени-құндылықтылық парадигмасына сәйкес кәсіби мәдениетті қалыптастырудың басты мақсаты жоғары білім берудің құндылығы ретінде студенттердің әлеуметтік маңызы бар қасиеттерін дамыту болып табылады. Кәсіби білім берудің әлеуметтік-тұлғалық аспектісін іске асырудың негізгі тәсілі ретінде білім берудің проблемалық, сараптамалық, рефлексивтілік, диалогтік оқытудың және тәрбиелеудің, ұжымдық мәдени-шығармашылық іс-әрекеті технологияларын пайдалану деп түсінеміз.

Шығармашылықтың объектісі ретінде маманның бейнелері мен мақсаттары, символдары мен ұғымдары, қылықтары мен қатынастары, құндылықтары мен сенімдері қарастырылады. Болашақ маман шығармашылық ізденіс барысында өзі үшін маңызды жаңалықтар ашады, адамтану мен құрметтеу аумағындағы коммуникативтік мәдениет көрсеткіші ретіндегі гуманистік құндылықтарымен танысады.

Болашақ маманды дайындау жүйесіндегі жүйелілік-құндылықтық көзқарасы маман біліктілігінің жоғары көрінісі және кәсіби құзырлылығы болып табылады. Осы кәсіби-тұлғалық мәдениеті деңгейінде толығынан маманның адами жеке даралығы көрініс беруі мүмкін. Болашақ маманның тұлғалық және кәсіби мәдениеті жүйесіндегі құрылымында басты компоненттері ретінде құрастырушылық, ұйымдастырушылық, коммуникативтік аймақтарын анықтадық. Студенттер іс-әрекетінің құрастырушылық аймағы ұйымдастырушылық іс-әрекетімен нәтиже шығарады, өйткені әрбір кәсіби әрекет соңғы нәтижесінде кешенді ұйымдастырушылық іс ретінде қаралады. Өз кезегінде құрастырушылық және ұйымдастырушылық іс-әрекеттері оқытушының студенттермен дұрыс өзара қатынастарын орната білуінен күрделене түседі. [1, 121 б.].

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. ҚР Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылға арналаған мемлекеттік бағдарламасы
2. С.А. Мусаева «Білімгерлердің ғылыми зерттеу жұмысын ұйымдастыру» Тараз 2002

3. «Ұлағат» журналы 2009 ж
4. Возрастная и педагогическая психология : Хрестоматия сост. И.В. Дубровина , А.М. Прихожан: М , 2005
5. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. – Алматы, 2010. 6 б.
6. Қазақстан Республикасында 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы. – Астана, 2004. - 3-4 бб. 3. Әлмұханова Х.Т.,
7. Бейсебаева П.С.Құзіреттілік –кәсіби маман даярлаудың басты сапасы. - // http://www.rusnauka.com/15_APSN_2011/Pedagogica/2_85259.doc.htm
8. Назарбаев Н. Инновациялар мен оқу-білімді жетілдіру арқылы білім экономикасын - // Л.Н. Гумилев атындағы Евразия ұлттық университетінде оқылған лекция. - Астана, 2006.

ӘОЖ 373.55

<https://doi.org/10.53355/m7421-7098-2364-b>

ХИМИЯ ПӘНІ БОЙЫНША ОҚУШЫЛАРДЫҢ ДАРЫНДЫЛЫҒЫН ДАМУДАҒЫ ПӘНДІК ОЛИМПИАДАЛАРДЫҢ, ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ МАРАФОНДАРДЫҢ, ҒЫЛЫМИ ЖОБАЛАРДЫҢ МАҢЫЗЫ

Сыдыкбаева С. А., Маманова С. А.

І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған, Қазақстан

E-mail: Sandugash78@mail.ru

Мақалада химия пәні бойынша оқушылардың дарындылығын дамытудағы пәндік олимпиадалардың, интеллектуалдық марафондардың, ғылыми зерттеу жұмысының маңыздылығы және ұйымдастыру жолдары көрсетілген.

Тірек сөздер: химия, пәндік олимпиада, интеллектуалдық марафон, ғылыми жоба

В статье отражена значимость и пути организации предметных олимпиад, интеллектуальных марафонов, научно-исследовательской работы по химии в развитии одаренности учащихся.

Ключевые слова: химия, предметная олимпиада, интеллектуальный марафон, научный проект

The article reflects the importance and ways of organizing subject Olympiads, intellectual marathons, research work in chemistry in the development of students' giftedness.

Key words: chemistry, subject olympiad, intellectual marathon, scientific project

«Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасының» басты мақсаты – оқушылардың талдау, синтездеу, әрі логикалық ойлау қабілеттерін дамыту, яғни оқушылардың сабақ бойы ой еңбегімен шұғылдануын қамтамасыз ету, оқушыны ізденуге, өз бетімен қорытынды жасауға үйрету болып отыр. Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастытуға, дамытуға және кәсіби шындауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологиясын енгізу, білім беруді акпараттандыру. Білім – ел қазынасы, халқымыздың білімділігі еліміздің байлығының ең маңызды бөлігі десек, білімнің негізі мектепте, яғни бар ғылымның бастауы – мектеп. «Елдің келешегі бүгінгі жастардың қолында, ал жас ұрпақтың тағдыры – ұстаздың қолында» деп Елбасы бізге үлкен міндет артып отыр. Қазақстан Республикасының зияткерлік әлеуетін дамыту мен сақтау қажеттігі білімді дамытудың концепциясының негізгі мәселесі болып отырғаны белгілі. Сондықтан, жалпы

білім беретін мектептің алдындағы басты міндет әрбір оқушының жас ерекшелігіне, қабілетіне қарай дарындылығын айқындау және дамыту әр түрлі әдістерімен, оның ішінде ғылыми ізденіс қызметімен ұштасу [1].

Ғылыми зерттеу жұмысын орындау барысында өзекті мәселелерді талқылау, оқушылардың танымдық ойлау қабілетін дамыту, өзіндік шығармашылық белсенділіктерін шыңдау мақсатын көздейді. Тақырып сұрақтарына сай пікір алмасу, өз көзқарастарын дәлелдеу, мұғалімдерге оқушылардың тақырыпта қаншалықты аша алғаны, соған орай сенімдері мен түсініктерінің қалыптасқандығын бақылап, тексеріп, бағалап және бағыт-бағдар беріп отыруға мүмкіндік туғызады. Жобаларды қорғауға әзірлену кезінде оқушылар тезистер мен баяндамалар жазып, қосымша әдебиеттерді пайдаланады. Ұсынып отырған сұрақтарға қатысты, ондағы бар негізгі ойларды қамтып, жұмыстың негізгі мақсатына жетуге ұмтылады. Сонымен қатар зерттеу барысында мұғалім проблемалық жағдай туғызып, талқыланып отырған сұрақтарға оқушылардың қызығушылығын оятады, олармен ақылдаса отыра оны талдаудың жоспарын құрады және ұжымдық ізденушілік әрекеттеріне қолайлы жағдай туғызады. Ғылыми-зерттеу жұмысымен оқушы айналыса отырып, теориялық оқу материалдарын практикамен жалғастырады. Сондықтан оқыту процесінде оның маңызы зор. Бұл оқушыларды оқу процесін бақылай білуге жаттықтырады және оқу материалын өмірмен байланыстыра алуға үйретеді. Және де ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуде оқушы материал жинау мақсатында экскурсия жүргізуі мүмкін. Тарихи мұралар, өндіріс орындары, кен орындары сияқты жерлермен таныса отырып жұмысына толық мәлімет жинақтай алады. Ғылыми-зерттеу жұмысы олардың дүниетанымын тереңдетеді және кеңейтеді, белгілі бір пәнге қатысты танымдық қызығушылықтарын тұрақты қалыптастырады. Оқушылардың пәнге бейімділігін ескере отыра, олардың қалаған мамандықтарына сай психологиялық және практикалық дайындығын арттыру және кәсіби бағдарын қалыптастырудың нәтижелі формасы ретінде қолдануға болады, қоғамда өз үлестерін қосады. Ол оқудың жоғары ғылыми деңгейін қамтамасыз етіп, оқушылардың өзіндік білім алуы мен шығармашылық дамуына да ықпал етеді. Кітаппен, анықтама әдебиеттерімен, оқу-әдістемелік нұсқауларымен өз беттерінше жұмыс істеу дағдысын тәрбиелейді, приборлармен қарым-қатынасқа түсу, оларды орнықтыруда өзіндік ақыл-ой еңбегі мен тәжірибелік біліктілікті қалыптастырып, эксперимент жұмыстарын жүргізу тәсілін меңгереді.

Профессор Р.Г. Лембергтің [2] пікірінше, оқушылардың өзіндік зерттеу жұмысын ұйымдастыру мына шарттарға байланысты болмақ:

- оқушының істейтін жұмысының мақсатын айқын түсінуі;
- жұмыстың жемісті аяқталуына, оның алдағы нәтижесіне қызығуы;
- жұмысты оқушылардың өз еркімен, қалауымен орындауы;
- жұмыстың көлемін шамадан тыс асырмай, оның сапасын арттыруға көңіл аудару;
- оқушылардың жұмысын оқу жұмысының басқа түрлерімен дұрыс ұштастыра білу;
- оқушылардың дербестігін арттырып, өзіндік білім алу қабілетін жүйелі түрде

дамыту;

- зерттеу жұмысының мазмұнына күнделікті өмірден алынған материалдарды, хабарларды енгізу;

- оқушыларды табиғат пен қоғам дамуының жалпы заңдылықтарын, сонымен қатар нақты фактілер мен құбылыстарды өздігінен талдап түсінуге үйрету;

- оқушыларды оқу жұмысына шығармашылық тұрғыдан қарауға, уақытта дербес және белсенді әрекет жасауға баулу.

Оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмысын нақты және ұтымды ұйымдастыру үш саты арқылы өткізіледі.

I. Дайындық сатысы, 5-7 сынып, оның міндеті:

1. Баланың қабілетін педагогикалық-психологиялық диагностика арқылы анықтау;
2. Оқытуда белсенді қызмет түрлерін пайдалану.

II. Дамыту сатысы, 8-9 сынып, оның міндеті:

1. әртүрлі ғылым аймағындағы дарындылығын анықтап, олардың шығармашылық қабілетін дамыту;

2. оқушының өзіндік жұмысында білім және білігін жетілдіру, қызығушылығы бар ғылым аймағында білім деңгейі мен эрудициясын көтеру;

3. оқушыларды өзін оқыту және өзін дамыту үрдісіне белсенді араластыру.

Бұл сатыда ғылыми ойлау кезеңдерімен танысады, жоспар, тезис құрып үйренеді. Елдің алдында сөйлеу әдістемесін меңгереді.

Диагностика қорытындысы бойынша, оқушының жеке басының даму процесі туралы қорытынды мінездеме жасалады.

1. Оқушының өмірлік бағыты (қоғамдық, топтық, іскерлік, эгоистік).

2. Оқу түрткісі (жетістікке ұмтылуы, сәтсіздіктен қашу, танымдық өзін-өзі көрсету, жеке аралық қатынас).

3. Жеке бас психологиясының ерекшеіктері.

4. Психологиялық күйі.

5. Зияткерлік даму деңгейі.

6. Жекеленген арнайы бейімділіктері.

III. Ұшінші сатыда «мен» тұжырымдамасы қалыптасады, әр оқушы өз бағыты, өз мақсаты, өз жобасы бойынша жұмыс жасайды.

Оқушылардың ғылыми жобалар бағдарламасы жасалып, ізденіс жұмыстары жүргізіледі. Мектепшілік, қалалық, облыстық, Республикалық, халықаралық жобалар байқауына қатысып өз жобаларын қорғайды.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Құрметті дарынды түлектер, табиғат берген ерекше сыйды қастерлеп, дамыта біліңдер. Кемері толған кемелді ой мен білікті білімдеріңді, өнерлеріңді туған елдің керегіне жаратындар. Келешектің кілті өздеріңде», - деген. Олай болса бүгінгі жас ұрпақты зерттеушілікке баули отырып біз зияткерлік ұлт ретінде қалыптасуына жол ашамыз.

Оқушыларды химия пәні бойынша олимпиадаға дайындау

Мектеп оқушыларын пән бойынша олимпиадаға дайындау бүгінгі білім бәсекелестігі жоғарғы уақытта маңызды мәселелердің бірі болып қала бермек. Олимпиадаға дайындық пән мұғалімінен педагогикалық шеберлікті, пән бойынша терең білімді, оқушымен жұмыс жасауда шыдамдылықты талап етеді. Ол ең алдымен жоспарланған жұмысты жүйелі жүргізуден бастап, оқушымен бірге сол жұмысты жүзеге асыруымен ұштасады. Мұғалім бірінші кезекте олимпиадаға дайындаудың мақсаттары мен міндеттерін айқындай отырып, сол мақсат пен міндетті орындауға бағытталған жұмыс атқаруы тиіс.

Оқушылардың химия пәні бойынша олимпиадаға дайындаудың мақсатына тоқталатын болсақ:

- шығармашылық ойлау қабілеті жоғары дарынды балаларды анықтап, олардың қабілеттерінің дамуына мүмкіндік жасау;

- оқушылардың практикалық дағдылар мен алған білімдерін қалыптан тыс есептерді шығаруда қолдануды жүзеге асыру;

- пән бойынша оқушылардың білім; білік; дағдыларын қалыптастыру;

- Кәсіптік бағдар беруге көмектесу;

- ЖОО-ның бағдарламасын негізге ала отырып; тақырып бойынша тереңдетілген білім беру.

Оқушыларды химия пәні бойынша олимпиадаға дайындаудың міндеттері:

- оқушылардың; теориялық, практикалық, ізденіс іс-әрекеттерін жүзеге асыру;

- білім-білік дағдыларын оқытудың жаңа түрі арқылы тиімді қолдануға дағдыландыру;

- химиядан қиындығы жоғары есептерді шығару барысында оқушылардың өзіндік ой қорыту мен логикалық ойлаудың дамуына бағытталған жүйелі жұмыс жүргізу.

Жоғарыда анықталған мақсат пен міндеттерді негізге ала отырып, олимпиадаға дайындайтын оқушының жас ерекшелігін назарға алу маңызды.

Мектеп оқушыларының жас ерекшеліктеріне сәйкес дамуы бір сатыдан екінші сатыға өтуі барысында жүзеге асырылады. Жас ерекшелігіне сәйкес даму үрдісінде оқушының қабілеттерін мүмкіндігінше айқындау маңызды. Себебі орта буын оқушысы: икемділігі ауқымды болып, өз бетімен әрекет етіп терең білім алуға ұмтылыс жасай алса, жоғарғы сынып оқушысы өзіндік жұмыс дағдысы қалыптасқан. Қойылған мақсатқа жетуде табандылық таныта алып, өзіндік ой қорытуға дайын.

Мектеп оқушыларының жас ерекшелігімен қатар олардың қабілеттері мен икемділіктерін назарға алу да маңызды. Себебі бір оқушы лингвистикалық қабілеті басым болса енді біреулерінің математикаға бейімділігі жоғары болады. Мектеп психологымен бірлесе отырып оқушының бейімділігін, оның зейінін, есте сақтау қабілетін, тіпті темпераментін де анықтау қажет. Себебі әр оқушы жеке тұлға болып табылатындықтан сіз оның мүмкіндіктерін ашу үшін, оның қабілетін ары қарай дамыту үшін ықпал ете алуыңыз қажет. Оқушылар арасында қабілетті оқушы көп болғанмен дарынды оқушы санаулы. Қабілетті оқушы кез-келген пәнді игеріп кете алғанмен, оның логикалық ой шеңбері ауқымды емес. Дарынды оқушы қандай, оның қандай ерекшеліктері бар?

- Олар әр уақытта белсенді, басқаларға қарағанда өз бетімен жұмыс жасай алады, алдына қойған мақсатқа ұмтылып, терең білгісі келеді;
 - Олардың танымдылық қабілеті жоғары;
 - Олар үстірт түсіндіруге қанағаттанбайды;
 - Зерттеу жұмыстарымен айналысуға құмар;
 - Әр уақытта ізденіс үстінде жүреді;
 - Өз қатарластарымен салыстырғанда талдау, топтау жұмыстарын жүзеге асыра алады.
- Оқушылардың жас ерекшеліктері мен дарынды балалардың ерекшеліктерін ескере отырып мұғалім олардың шығармашылық қабілеттерін жүзеге асыру үшін не істеуі керек?
- бұл балаларға қатысты ішкі сезіміңізді өзгертіңіз;
 - оларға әр уақытта өзінің шығармашылық ойын айтуға мүмкіндік беру;
 - «жетістік кілтін» көрсететін жағдаяттар туғызу;
 - шығармашылық сипаттағы тапсырма беріп, бірінші кезекте жетістігін бағалау, жетістіктеріне рейтинг жасау;
 - есеп шығару барысында жіберілген қателерді өзіне анықтауға мүмкіндік беру;
 - оқушыда өзіндік бағалау әрекетін қалыптастыру.

Дарынды балаларды олимпиадаға дайындауда жаттықтырушы белгілі бір принциптерді негізге ала отырып жұмыс жасауы қажет. Себебі бұл принциптер сізді оқушыңызбен бірге жүйелі жұмыс жасауыңызға нұсқаушы бола алады.

1) оқушылардың шығармашылық жұмыстарына олардың химиядан алған білімдеріне сүйене отырып біртіндеп көшу. Игерген білімдерімен байланысы жоқ білімдер тиімсіз және қауіпті. Себебі ол оқушыны күйзеліске әкеледі;

2) қойылған мақсатқа сай емес оқу материалы жетістікке жетуге кедергі жасайды;

3) тақырып бойынша есеп шығаруда оңайынан бастау керек. Олардың ішінде оқушылардың зейіні берілген тақырыптағы оқып үйренілетін заңдылықтардың немесе жаңа ұғымның белгілерін анықтап оның басқа ұғымдармен байланысын тағайындауға тоқталады. Одан кейін біртіндеп қиын есепке көшкен жөн;

4) оқушыны жан-жақты дамыту. Яғни есеп шығару барысында талдаудан топтауға және топтаудан талдауға көшу;

5) оқушыны шығармашылық тұрғыда қалыптастыру үшін онымен бір сарынды жұмыс жасамау. Белгілі тақырыпты өткеннен кейін, сол тақырыпты жүйелеу мақсатында есептеу есептерінен сапалық есептерге, эксперименттік есептерден логикалық есептерге көшу. Проблемалық сұрақтар қойып оны шешудің тәсілдерін үйрету;

6) оқушыларға есепті шығару мен эксперименттік тапсырмаларды сауатты орындауды үйрету. Сауатты орындау – бұл ең алдымен есеп шығарудың ережелері мен принциптерін, тәсілдерін сақтау;

7) әрбір оқушы жеке тұлға болып табылатындықтан, әрқайсысына жеке ықпал ете білу. Оның білім қоры, ойлауының даму деңгейі, қабылдауы және психологиялық ерекшеліктерін ескерту;

Кез – келген істе биіктікке жетуде табандылық, әр уақытта ізденіс, білімді толықтыруды талап етеді. Олимпиадаға дайындалатын оқушы алдына қойған мақсатына жетуде белгілі бір ұстанымды ұстап, жаттықтырушысының ықпалымен жетістікке жетуге ұмтылуы қажет. Олимпиадалардың жиі болуы және кеңірек тарауы оқушылардың жаратылыстану ғылымдарына деген белсенді қызығушылықтарын арттырады. Бұл олимпиаданың қозғаушы күші десек те болады.

Химия пәні бойынша олимпиадалық есептерді шығару үшін оқушылардан нені талап етеді?

Химия заңдарын есеп шығаруда дұрыс қолдана білу; логикалық ойлаудың үшқырлығы; химиялық процестің өзін ғана біліп қоймай, сол құбылыстың моделін елестете білу, басты мәселені жақсы біліп, оны ажырата алу; шыдамдылық пен табандылық; бәсекеге қабілеттілік, қарсыластарымен білім жолында бәсекеге түсуге дайын болу; әр уақытта білімін толықтыру; оқылған материалдың жоспарын құра білу; оқылғанды өз сөзімен, логикалы, жүйелі баяндай білу; оқулықта бар материалды басқа әдебиеттерден алынған деректермен толықтыруға дағдылану.

Оқушыны олимпиадаға дайындау барысында есепті шығару мен эксперименттік тапсырмаларды орындауға қойылатын талаптарды алғашқы күннен үйреткен дұрыс. Олимпиадалық есептерді орындау оқушыдан белгілі бір ережені сақтауды талап етеді. Олимпиадалық есепті тек шығарып қана қоймай, сауатты орындай отырып, өзінің теориялық білімін практикамен ұштастыра алатындығын көрсете алуы қажет. Химия пәні бойынша игерген заңдылықтар мен құбылыстарды пайдаланып, оны есептер шығаруда пайдалана алу химиялық есептерді шығарудың кілті болмақ.

Олимпиадалық есептерді шығаруда оқушы мына алгоритмді есте сақтау керек:

- 1) есептің шартын зейін қоя оқып, оны жалпы түрде ұсыну;
- 2) белгілі шамаларды анықтап, қысқаша берілгенін жазу;
- 3) қажет болған жағдайда есепте берілген процесті сипаттайтын схема, сызба немесе сурет салу;
- 4) болып жатқан процесті сипаттайтын теңдеу немесе теңдеулер жүйесін құру;
- 5) есептің шарты мен салынған сызбаға сүйеніп, теңдеулерді пайдаланып, белгісізді анықтау;
- 6) қажет болған жағдайда алынған формуланы тексеру;
- 7) есептеу жүргізіп, жауабын беру.

Оқушыларды олимпиадаға дайындау барысында, әр түрлі кезеңдерге қатысты өз кітапханаңызда олимпиадалық есептер жинағы сізде, сіздің оқушыңызда болғаны дұрыс.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Государственный общеобязательный стандарт образования Республики Казахстан. Среднее общее образование. Основные положения. Астана, 2006. - С. 72.
2. Лемберг Р.Г. О самостоятельной работе учащихся //Сов.педагогика. -1962 №2 с 15-27
3. Дарынды балаларға арналған мектептер мұғалімдерінің ғылыми – зерттеушілік жұмыстарының тәжірибелері. Астана 2005-б. 91-94.

ТЕРГЕУШІНІҢ СОТ БАҚЫЛАУЫМЕН ІС ЖҮРГІЗУ МӘЖБҮРЛЕУ ШАРАЛАРЫН ҚОЛДАНУ МҮМКІНДІГІНІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Тасыбек М., 6B04201 «Құқықтану» білім беру бағдарламасының 3 курс ЮҚ-314 топ
білімгері

Ғылыми жетекші: Нұрбек Д. Т., оқытушы дәріскер
І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ.

E-mail: rufat.dana@mail.ru

Бұл мақалада тергеушінің сот бақылауымен іс жүргізу, қылмыстық - процестік мәжбүрлеу шаралары және оны қолдану мүмкіндігінің мәселелері қарастырылған. Сондай-ақ тергеушінің іс жүргізуіне қатысты ҚР Конституцияның негізгі ережелері мен қылмыстық-процестік кодексіндегі баптарға талдау жасалынған.

Тірек сөздер: *тергеу, тергеуші, іс жүргізу, күзетпен ұстау, қылмыстық-процестік мәжбүрлеу шаралары.*

В данной статье рассматриваются вопросы процессуального, Уголовно - процессуального принуждения под судебным контролем следователя и возможности его применения. Также проведен анализ основных положений Конституции и статей Уголовно-процессуального кодекса РК, касающихся производства следователем.

Ключевые слова: *расследование,следователь, делопроизводство, содержание под стражей,меры уголовно-процессуального принуждения.*

